ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ

**Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Астана 2025

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2025 жылғы 6 наурыз №1 хаттама)

«Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар» /Әдістемелік ұсынымдар.– Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2025. – 225 бет

Бұл әдістемелік ұсынымдамада сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің жұмысын ұйымдастырудың әдістемелік және ұйымдастырушылық негіздері қарастырылады. Ұсынымдамада сынып жетекшілерінің кәсіби құзыреттілігін арттырып, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын тиімді іске асыруға ықпал етуге бағытталған.

Әдістемелік ұсынымдама сынып жетекшілеріне, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларға, білім беру ұйымдары басшыларына және тәрбие процесін ұйымдастырушы мамандарға әдістемелік көмек ретінде ұсынылады.

© Ы.Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2025

# КІРІСПЕ

Қазіргі таңда әлемдік жаһандану үдерісі, ғылыми-технологиялық даму, ақпараттық қоғамның қалыптасуы, сондай-ақ қоғамның құндылықтық негіздерінің өзгеруі білім беру жүйесіне де елеулі ықпал етіп отыр. Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін жетілдіру, оның ішінде тәрбие жұмысының мазмұнын жаңғырту, білім алушылардың бойына адамгершілік, отансүйгіштік, жауапкершілік, адалдық, еңбекқорлық, шығармашылық сияқты қасиеттерді сіңіру – уақыт талабы.

Осы ретте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» [1] идеясы аясында әзірленген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы Қазақстанның білім беру ұйымдарында тәрбиенің жаңа мазмұнын қалыптастыруда маңызды құжатқа айналды. Бұл бағдарлама құндылықтарға негізделген және құзыреттілікке бағытталған тәрбие жүйесін құру арқылы өскелең ұрпақтың бойында ұлттық мүдде, азаматтық жауапкершілік, әділдік, адалдық, ынтымақтастық, еңбекқорлық пен жасампаздық қасиеттерін дамытуға бағытталған.

Осы бағытта тәрбиенің тиімділігін арттыруда, сынып жетекшілерінің қызметін ұйымдастыру мен үйлестіруде, мектептің оқу-тәрбие процесін жетілдіруде әдістемелік бірлестік жұмысы негізгі рөл атқарады. Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінде мектеп өмірінің маңызды мәселелері шешетін тәжірибе алмасу, сынып жетекшілерінің кәсіби шеберліктерін жетілдіру және білім алушылар тәрбиелеудің заманауи әдіс-тәсілдер мен формаларын енгізу алаңы. Әдістемелік бірлестіктің жұмысы сынып жетекшілерінің біліктілігін көтеріп қана қоймай, тәрбие жұмысының жүйелі және нәтижелі болуына ықпал етеді.

Ұсынылып отырған әдістемелік ұсынымдама сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің жұмысын ұйымдастыруға көмектесу, тәрбие жұмыстарын жоспарлауда бағдар көрсету, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру бойынша нақты әдістемелік ұсынымдар беру мақсатында әзірленді.

Әдістемелік ұсынымдама үш бөлімнен тұрады:

Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің жұмысын ұйымдастырудағы халықаралық және отандық тәжірибе;

Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің жұмысындағы әдістемелік негіздер мен ұйымдастырушылық аспектілер;

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру аясында сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.

Бұл ұсынымдама білім беру ұйымдары басшыларына, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына, сынып жетекшілеріне, сондай-ақ тәрбие процесіне жауапты мамандарға әдістемелік көмек көрсетуге арналған.

# 1 СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕРІ ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІГІНІҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестіктері педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттырудың, тәрбие жұмысын ұйымдастырудың және білім берудегі құндылыққа бағдарланған тәсілді іске асырудың негізгі құралы. Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестік қызметін ұйымдастырудың халықаралық және отандық тәжірибелерін зерттеу, талдау, ұсыныстар беру.

Ресей тәжірибесі.

Ресей мектептерінде тәрбие жұмысын жетілдіруге және тиімділігін арттыруға ықпал ететін сыныпта, мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыруды бағдарламалық-әдістемелік сүйемелдеуді ұйымдастырады. Білім алушыларды тәрбиелеудің бірыңғай, қағидаттық тәсілдерін орындауды қамтамасыз етеді.

Тәрбиені жаңғырту және ұлттық жобасы шеңберінде ұзартылған күн топтарының сынып жетекшілерінің, тәрбиешілерінің жұмысын реттейтін нормативтік-құқықтық база құрылған. Кәсіби құзыреттілікті жетілдіру мақсатында педагогтердің мотивациялық саласын қалыптастыру, озық педагогикалық тәжірибені жалпылау, жүйелеу және тарату, сынып жетекшілерін заманауи тәрбие технологияларымен және жұмыс формалары мен әдістерін білу, сынып ұжымдарында тәрбие іс-шараларын жоспарлауды, ұйымдастыруды және педагогикалық талдауды үйлестіру, педагогикалық ұжым мүшелерінің тәрбие жұмысының нәтижелерін бағалау жұмыстары жүйелі іске асырылады[2].

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі – сынып жетекшілерінің ғылыми-әдістемелік және ұйымдастырушылық жұмысын үйлестіретін тәрбие процесін басқарудың мектепішілік жүйесінің құрылымдық бөлімшесі. Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі барлық деңгейдегі жалпы білім беру мекемелері немесе муниципалды білім беру органдары негізінде ұйымдастырылады[3].

Әдістемелік бірлестіктің жұмысы жалпы білім беру мекемелері жұмыс жоспарын, жоғары тұрған тәрбие процесін басқару органдарының ұсынымдарын көрсететін жоспарлау негізінде ұйымдастырылады және оны мектеп директоры бекітеді. Жұмысты басқаруды мектеп директоры бекіткен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-ұйымдастырушы, аға тәрбиеші, тәжірибелі сынып жетекшісі мектептің ғылыми-әдістемелік, әдістемелік кеңесімен (білім беруді басқару органдарының тәрбие мәселелері жөніндегі мамандары) бірлесіп жүзеге асырады [4].

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі қызметінің мазмұны: Сынып жетекшілерінің, ұзартылған күн топтарының тәрбиешілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру: тәрбие жұмысының жоспарларын, педагогтер қызметінің циклограммаларын, жеке даму бағдарламаларын әзірлеу және бекіту; білім беру мекемесінің тәрбие

жұмысының нәтижелерін талдау; тәрбие процесін әдістемелік сүйемелдеуді әзірлеу; шығармашылық топтардың сынып жетекшілерінің жұмыс тақырыбын анықтау және бекіту; қызметтің барлық бағыттары бойынша тәрбие жұмысын жүргізудің нәтижелілігін анықтау әдістемелерін және құралдарын әзірлеу.

Әдістемелік бірлестік мүшелерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру үшін ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар жасау: атаулы әдістемелік көмек көрсету (топтық және жеке консультациялар, тәлімгерлік, тағылымдамадан өту практикасы). Бағыттар бойынша тәрбие қызметтерін көрсету сапасын талдауды жүзеге асыру: оқыту процесіндегі тәрбиенің жай-күйі; сабақтан тыс уақытта жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруы үшін қосымша кеңістік құру; тәрбие процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету; жалпы білім беретін мекеменің тәрбие жүйесін қалыптастыру; әлеуметтік-профилактикалық жұмысты ұйымдастыру; оқушылардың білім деңгейін бақылау. Озық педагогикалық тәжірибені жүйелеу, жалпылау және насихаттау: әдістемелік көрмелер ұйымдастыру; жұмыстың басым бағыттары бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу; шығармашылық есептерді, шеберлік-сыныптарды, педагогикалық марафондарды дайындау; педагогикалық оқулар; семинарлар ұйымдастырып, өткізіледі[5].

Ресей тәжірибесінде әдістемелік бірлестікте сынып жетекшілерінің әдістемелік жұмысын ұйымдастыру маңызды рөл атқарады. Мемлекеттік құжаттар мен нұсқаулықтар негізінде әзірленген әдістемелік ұсынымдар оқу-тәрбие процесін кешенді түрде үйлестіруге, педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыруға және инновациялық технологияларды енгізуге бағытталған. Әдістемелік бірлестікте сынып жетекшілері өзара тәжірибе алмасып, оқу мен тәрбие саласындағы заманауи әдістерді талқылап, іске асырады. Нәтижесінде, мұндай жүйелі жұмыс мектептерде оқушылардың жан-жақты дамуына, құндылықтарға негізделген тәрбие процесін нығайтуға және білім беру сапасының жоғарылауына ықпал етеді. Ресейдің бұл тәжірибесі Қазақстандағы білім беру жүйесін жетілдіруде үлгі бола алады.

Жапон мемлекеті

Жапонияда мектеп өмірі әрбір білім алушының жеке тұлғасын жақсы дамытуға толық мүмкіндік беретін орта.

Білім алушылардың мәнді, қызықты және толыққанды өмір сүруі үшін барлық жағдай жасалады. Білім алушыларға тәрбие беру мәселесі мектептің оқу мақсаттарының негізгі құрамдас бөлігі ретінде маңызды рөл атқарады.

Әр баланың өсуін ынталандыру және қазір және болашақта өзін-өзі жүзеге асыруға қол жеткізу үшін өзін-өзі оқыту мүмкіндігін дамыту және күнделікті мектеп өмірінде өзін-өзі тану, өзін-өзі таңдау, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі жетілдіру мәселелері алдыңғы орынға қойылады. Негізінен білім алушылардың жеке қабілеттерін дамытуға бағытталған. Тәрбие бағыттары ата-ана тәрбиесімен тығыз байланыстырады[6].

Жапония мектептерінде білім алушының алдындағы кедергілерді өзі жеңіп, шешім шығаруына немесе таңдауына мүмкіндік береді. Мектеп өмірінің барлық тәрбие процесінде оқу процесін қоса алғанда, өзін-өзі бағдарлау

дағдыларын дамыту қажеттілігін басты назарда ұстайды. Бұлар кездесулер, сыныпта, сыныптан тыс бос уақытты ұйымдастыратын іс-шаралар, мектептен кейін, клубтық іс-шаралар, қоғамдық іс-шаралар және т.б.

Ұлыбритания мемлекеті мектептерінде арнайы сынып сағаттарының орнына құндылық сабақтары оқу бағдарламасымен бірге жүзеге асырылады. мектептерде жеке әлеуметтік және адамгершілік тәрбие бағдарламасы жұмыс істейді. Бұл бағдарламаның мақсаты мінез-құлық пен адамгершілікке тәрбиелеу бойынша оқу бағдарламасына негізделе отырып, әр білім алушының адал, шыдамды, көңілді және табанды тұлға ретінде дамуына бағытталған. Жеке тұлғалық даму барысында, нағыз азамат – бұл қоғамның игілігі мен жағдайды жақсартуға белсенді қатысудан басқа, өзіне қамқорлық жасайтын адам ретінде тәрбиеленеді [7].

Ұлыбританияда мұғалімдерге жеке, әлеуметтік және адамгершілік тәрбиесін сыныптағы тәрбие жұмысында басты орынға қоюды талап етеді. Ұлттық оқу бағдарламасында жеке, әлеуметтік және моральдық құндылықтарды дамытуға қатысатын балалар мен ересектерге ашықтық, ынталандыру, сезімталдық және құрмет құндылықтарын атап көрсетеді. Арнайы сынып сағаттарының орнына құндылық сабақтары оқу бағдарламасымен бірге жүзеге асырылады [8].

Түркия мемлекетінде бастауыш сыныпта (Hayat Bilgisi) «Өмірді тану» сабағы аптасына 4 рет пән ретінде өтеді. Сабақ мазмұны балаларға өмірді тануға, қоршаған ортамен таныстыру, мектепте, отбасында, көшеде өзін-өзі ұстауы, қоғамдық ережелер мен әдет-ғұрыптар, мәдениет пен тұлғалық құндылықтарды бойына сіңіруге тәрбиелейді. Түркия мектептеріндегі орта буын 5-8 сыныптарда «Қоғамдық пәндер» (sosyal çalışmalar) пәні білім алушыларды арнайы тәрбиеге баулиды. Пән мазмұнына білім алушылардың қоғамдағы орны, әлеуметтік ортада өзін қалай ұстау керек және қоғамның негізгі ережелері мен талаптарын бойына сіңіретін деректі мысалдар мен әңгімелер, жаттығулар мен тапсырмалар қамтылған. Түркия мектептерінде «Құндылықтар білімі», құндылықтарды оқыту» тәрбие бағдарламасында (Değerler eğitimi) пән ретінде білім алушылардың бойына құндылықтар жүйесін сіңіру мәселесі көтеріледі [9].

«Құндылықтарды оқыту дегеніміз не?» және Құндылықтарды қалай оқыту керек?», Қандай құндылықты береміз? Оның мәні неде? деген сұрақтардың жауабы қарастырылады. Түркияда балалар мен жастарды іскерлік өмірге, сондай-ақ қоғамдық өмірге дайындайтын мектептер білім алушылардың моральдық дамуына ықпал ететін және олардың мінезінің берік қалыптасуын қамтамасыз ететін құндылықтардың берілуіне жауап береді. Балалардың қолданыстағы әлеуметтік және әмбебап құндылықтарды қабылдау және дамыту қабілеті көптеген мектептерде құндылықтарды тәрбиелеу іс-шаралары мен құндылықтарды тәрбиелеу жобаларының мысалдары арқылы жүзеге асырылады[10]. Құндылықтардың ішіндегі ең маңыздысы – бұл құндылықтар зерттеуге болатын ұғымдар. Әлеуметтік құндылықтар алдымен, әрине,

отбасында қалыптасып, зерттеледі. Қоршаған орта құндылықтарды түсіну мен қабылдаудың маңызды факторларының бірі ретінде де белгілі [11].

Отандық тәжірибе

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады[1].

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын: тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың тапсырмасы негізінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Білім беру ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығы негізінде білім беру ұйымдарында тәрбие жүзеге асырылады[12].

Бүгінгі күнде сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмысының жоспарын «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде әзірлеу үшін мынадай бағыттарды қамтылады:

*Мақсат пен міндеттер:*

Бағдарлама құндылықтарын сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысында жүйелі түрде қолдануды қамтамасыз ету;

Білім алушылардың бойында тәуелсіздік, отаншылдық, әділдік, жауапкершілік, бірлік, ынтымақ, заң, тәртіп, еңбекқорлық, жасампаздық , жаңашылдық сынды құндылықтарды қалыптастыруда бірлескен жұмысты үйлестіру.

*Жоспарлау және ұйымдастыру:*

Әдістемелік бірлестіктің жылдық жұмыс жоспарын «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізгі бағыттары бойынша әзірлеу;

Әр айдың құндылығына сәйкес сынып жетекшілерінің тәрбие сағаттары мен сыныптан тыс іс-шараларын жоспарлау.

*Жұмыс формалары:*

Сынып жетекшілеріне арналған әдістемелік семинарлар, тренингтер ұйымдастыру;

Құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысын жүргізуде озық тәжірибелерді тарату;

Тәрбие жұмысы бойынша шығармашылық шеберханалар, дөңгелек үстелдер өткізу.

*Тәрбие сағаттары және сыныптан тыс іс-шаралар:*

«Менің Қазақстаным» әр аптада әнұран айту дәстүрін сақтау;

«Өнегелі 15 минут», «Күй күмбірі», «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» секілді күнделікті тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыруда әдістемелік қолдау көрсету;

Апта сайынғы «Қауіпсіздік сабағы» мазмұнын сынып жетекшілеріне ұсыну.

*Ата-аналармен жұмыс:*

Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту мақсатында «Өнегелі 15 минут» әңгімелесуін насихаттау;

Ашық есік күндері, ата-аналар жиналыстарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мазмұнын түсіндіру;

«Ананың аялы алақаны», «Шын жүректен кітап сыйла!» және т.б. отбасымен бірлескен челленджder өткізу.

*Мониторинг және бағалау:*

Сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысының сапасын зерделеу;

Бағдарлама құндылықтарының білім алушылар бойында қалыптасу деңгейін байқау мақсатында сауалнамалар, әңгімелесулер жүргізу;

Әдістемелік бірлестік отырыстарында әр тоқсан сайын тәрбие жұмысының нәтижелерін талқылау.

*Құжаттамалық қамтамасыз ету:*

Әр сынып жетекшісінің тәрбие жұмысының жоспарын бағдарламаның бағыттарына сәйкестендіру;

Орындалған іс-шаралар бойынша есептер жинақтау;

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жылдық қорытынды есеп дайындау.

Осындай құрылым негізінде әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары әзірленеді.

Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспарының үлгісі
2024-2025 оқу жылы

Мақсаты:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының құндылықтарын сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысында жүйелі түрде қолдану арқылы білім алушылардың бойында азаматтық жауапкершілік, патриотизм, адалдық, әділдік, еңбекқорлық, жаңашылдық қасиеттерін қалыптастыру.

Міндеттері:

Бағдарлама құндылықтарын оқу-тәрбие процесіне интеграциялау;

Сынып жетекшілерінің кәсіби шеберлігін жетілдіру;

Тәрбие жұмысының тиімді әдіс-тәсілдерін енгізу;

Ата-аналармен өзара ынтымақтастық орнату;

Білім алушылардың тұлғалық дамуын бақылау, тәрбие нәтижелерін талдау.

Жұмыс бағыттары:

| № | Іс-шара атауы | Мерзімі |
|---|---|---|
| | I. Ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс | |
| 1 | Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жылдық жұмыс жоспарын бекіту | Қыркүйек |
| 2 | Жаңа оқу жылында тәрбие жұмысын жоспарлау бойынша кеңес өткізу | Қыркүйек |
| 3 | Сынып жетекшілеріне арналған әдістемелік ұсынымдар әзірлеу және тарату | Жыл бойы |
| 4 | Сынып жетекшілеріне арналған семинар-тренинг: «Құндылықтарға негізделген тәрбие беру» | Қазан |
| 5 | Сынып жетекшілерінің портфолиосын жинақтау және талдау | Наурыз |
| | II. Педагогикалық-практикалық жұмыс | |
| 1 | Әр айдың құндылығына сәйкес сынып сағаттары мен іс-шараларды ұйымдастыру | Жыл бойы |
| 2 | «Өнегелі 15 минут», «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», «Күй күмбірі», «Менің Қазақстаным» сияқты күнделікті және апта сайынғы шараларды енгізу | Күнделікті |
| 3 | Сынып сағаты шеңберінде «Қауіпсіздік сабағы» (буллингтің, лудоманияның, нашақорлықтың алдын алу) ұйымдастыру | Ай сайын |
| 4 | Әлеуметтік жобаларды ұйымдастыру (қамқорлық акциялары, экочелленджер, жәрмеңкелер, шығармашылық байқаулар, дебаттар және т.б.) | Жыл бойы |
| 5 | Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған «Шабыт», «Ұшқыр ой алаңы», «Smart bala» жобаларына қатысу | Жыл бойы |
| | III. Ата-аналармен жұмыс | |
| 1 | Ата-аналар жиналыстарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу | Қыркүйек |
| 2 | «Өнегелі 15 минут» ата-аналар арасында насихаттау | Жыл бойы |
| 3 | «Ананың аялы алақаны», «Шын жүректен кітап сыйла» т.б. отбасылық челленджерге ата-аналарды тарту | Ақпан, наурыз, мамыр |
| 4 | Ашық есік күндері, ата-аналар конференцияларын өткізу | Қараша, сәуір |
| | IV. Мониторинг және талдау | |
| 1 | Сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысын бағалау мақсатында сауалнама жүргізу | Желтоқсан, мамыр |
| 2 | Білім алушылардың тәрбие деңгейін анықтау бойынша бақылау | Жыл бойы |
| 3 | Тәрбие жұмысындағы озық тәжірибелерді жинақтап, қорытындылау | Маусым |

Күтілетін нәтиже:

Бағдарлама құндылықтары бойынша жүйелі тәрбие жұмысы жолға қойылады;

Сынып жетекшілерінің кәсіби шеберлігі артады;

Білім алушылардың бойында азаматтық жауапкершілік, патриотизм, еңбекқорлық, адалдық, әділдік, шығармашылық дағдылары қалыптасады;

Ата-аналар мен мектеп арасындағы ынтымақтастық нығаяды.

Қазақстанның білім беру жүйесінде сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестіктері тәрбие жұмысын ұйымдастыруда маңызды рөл атқарады.

Қазақстанда білім беру ұйымдарында сынып жетекшілері бірлестіктері қызметінің негізгі бағыттары:

Білім алушыларда құндылықтарды қалыптастырудың негізі ретінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру;

Ғылыми-әдістемелік қолдау көрсету;

Озық тәжірибелермен бөлісу;

Цифрлық білім беру технологияларын тәрбие процесіне интеграциялау (онлайн-консультациялар, вебинарлар мен семинарлар).

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы арқылы құндылықтарды насихаттау білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілерінің бірлестігі жұмысының негізгі ерекшелігі.

Сынып жетекшілерінің рөлі: Білім алушыларға құндылықтарды сіңіріп, өз ісіне жауапты, әділетті Қазақстанның адал азаматын қалыптастыру.

Әдістемелік бірлестік жұмысының практикалық нысандары:

Сынып жетекшілері арасында тәжірибе алмасу үшін семинарлар, тренингтер, шеберлік сыныптар өткізу.

Тәрбие қызметінің өзекті мәселелері бойынша ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастыру.

Өңірлік және республикалық деңгейде өзара іс-қимыл жасау үшін педагогтердің кәсіби қауымдастықтарын құру.

Ата-аналармен бірлескен жұмыстар (отбасылық тренингтер, ата-аналар клубтары, консультациялық кездесулер) өткізу.

Халықаралық және отандық тәжірибені салыстырмалы талдау

| Критерийлер | Халықаралық тәжірибе | Отандық тәжірибе |
|---|---|---|
| ӘБ жұмыс формасы | Кәсіптік қауымдастықтар (PLC, PDC) | Мектептер жанындағы әдістемелік бірлестіктер |
| Жұмыс әдістері | Зерттеу тәсілі, SMART-бағдарламалар | Тренингтер, шеберлік сыныптары, кураторлық |
| Негізгі бағыт | оқушылардың жеке дамуы, психологиялық-педагогикалық қолдау | құндылықтарды тәрбиелеу, азаматтық тәрбие |
| Құралдар | Қашықтағы платформалар, цифрлық технологиялар | Бетпе-бет ашық семинарлар, дөңгелек үстелдер, желілік байланыс |
| Ата-аналармен байланыс | Серіктестік платформалары арқылы қатысу | Тәлімгерлік отбасылық клубтар, жиналыстар, ата-аналар форумдары |

Қорытынды: сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестіктерінің жұмысын ұйымдастырудың халықаралық және отандық тәжірибесі білім беру стратегияларын үнемі жетілдірудің маңыздылығын көрсетеді. Қазақстанда құндылыққа бағдарланған білім беруге негізделген инновациялық тәсілдерді тиімді интеграциялау мектептердегі әдістемелік жұмыс деңгейін және тәрбие қызметінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

# 2 СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕРІ ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІГІНІҢ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕР МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР

Әдістемелік жұмыс – бұл педагогикалық немесе басқарушылық әрекеттерді қамтамасыз ететін теориялық өнімдер жасалатын кәсіби-педагогикалық қызметтің ажырамас бөлігі. Әдістемелік жұмыстың мақсаты – оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды жақсартуға, озық педагогикалық тәжірибені жинақтауға және енгізуге, педагогтер мен сынып жетекшілеріне теориялық деңгейі мен педагогикалық біліктілігін арттыруға пәрменді көмек көрсету.

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмысында мемлекеттік бағдарламалар, нормативтік құжаттар, стандарттар мен ұсыныстар, олардың сынып жетекшілерінің жұмысында қолданылуы және озық тәжірибелерді талдау, тиімді әдістерді анықтау, тәжірибені жүйелі түрде жинақтау және тарату жұмыстары жүзеге асырылады.

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігіндегі әдістемелік жұмыс «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының әдіснамалық негізіне сәйкес ұйымдастырылады. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасындағы тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық білім алушылардың моральдық таңдауын, мінез-құлқы мен іс-әрекетін айқындайтын түйінді құндылықтар болып табылады. Яғни тәрбиедегі құндылыққа бағдарланған тәсілдеме білім алушылардың дүниетанымын, мінез-құлқын және қоршаған әлемге деген көзқарасын анықтайтын құндылықтар жүйесін қалыптастыруға негізделген.

Білім алушылардың бойында аталған құндылықтарды қалыптастыру құзыреттілік тәсілдемесі арқылы жүзеге асырылады. Бұл білім алушылардың бойындағы құзыреттер жиынтығын құрайды және білім беру ұйымы түлектерінің моделін айқындайды[13]:

| | |
|---|---|
| Ұлттық мүддені ілгерілету | Отанның дамуына үлес қосуға, өз елінің ұлттық мүддесін қорғауға және дамытуға дайын болуы |
| Тиімді қарым-қатынас | Басқалармен тиімді қарым-қатынас орнату, түсіну, командада жұмыс істеу және қақтығыстарды шешу дағдылары арқылы түрлі әлеуметтік ортада инклюзивтілік пен бірлікке ықпал ету, басқалармен ынтымақтастық орнату |
| Қоғамға қызмет ету | Этикалық, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан қолайлы тәжірибелерді қолдана отырып, қоғамның дамуына ерікті үлес қосуға дайын болу |
| Азаматтық парыз | Этикалық мінез-құлық нормаларын, адалдық және заңның үстемдігін сақтау, қоғам талаптарын құрметтеу және ұстану |
| Инновациялық ойлау | Жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылу, кедергілерді еңсеру үшін жаңа дағдыларды игеру және болашақ бастамаларын табысты іске асыруда өз әлеуетін пайдалану табандылық таныту |
| Шығармашылық | Идеялар мен проблемаларды шешуде стандартты емес тиімді әдістер арқылы контекстке сәйкес генерациялау қабілеті |

Тәрбиеде құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдемелері бір-бірін толықтырып, өмірлік сын-қатерлерге төтеп бере алатын және табысты әлеуметтенген жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Мектептегі тәрбие мәселелері бойынша әдістемелік жұмыстың негізгі міндеті құндылықтар негізінде тәрбиені жаңғырту жағдайында кәсіби қызмет жүйесін жобалау мен іске асыруда сынып жетекшісін әдістемелік қолдау көрсету және құндылыққа негізделген тәрбие жұмысының мәселелері бойынша сынып жетекшілерін даярлаудың теориялық, ғылыми-әдістемелік деңгейін арттыру болып табылады.

*Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестік жұмысындағы ұйымдастырушылық аспектілер:*

| | |
|---|---|
| Жоспарлау және үйлестіру | Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын құру, кездесулер мен семинарларды ұйымдастыру, ақпарат алмасу және өзара қолдау жүйесін қалыптастыру |
| Басқару және жетекшілік | Әдістемелік бірлестікті басқару құрылымы, жауапты тұлғалар (жетекші, ұйымдастырушы, сынып жетекшілер) және олардың қызметтері |
| Қарым-қатынас және ынтымақтастық | Сынып жетекшілері арасындағы өзара байланыс, тәжірибе алмасу платформалары, ақпараттық технологияларды пайдалану, форумдар, вебинарлар, семинарлар және т.б. |
| Бағалау және мониторинг | Әдістемелік бірлестіктің жұмысын бағалау критерийлері, тиімділігін өлшеу, нәтижелерді талдау және кері байланыс орнату |
| Кәсіби дамыту | Жаңа білім мен дағдыларды меңгеру, тренингтер мен курстар, кәсіби семинарлар мен шеберлік сыныптары арқылы сынып жетекшілерінің біліктілігін арттыру. |

Бұл аспектілер сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестік жұмысын тиімді ұйымдастыруға және олардың кәсіби қызметін жүйелі түрде жетілдіруге негіз болады[14].

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестік жұмысын ұйымдастыру мектептің тәрбие деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

Сынып жетекшілерінің педагогикалық шеберлігін жетілдіру үшін қажетті жағдайлар жасау, сынып ұжымдарындағы тәрбие процесіне жетекшілік етудің әдістемелік деңгейін арттыру мақсатында білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында құндылықтарға негізделген тәрбие бағытындағы әдістемелік жұмысты ұйымдастыруды ұсынады.

Әдістемелік бірлестіктер мектептегі педагогикалық процесті жетілдіруде және жаңартуда, педагогикалық шеберлікті арттыруда жетекші рөл атқарады. Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінде мектеп өмірінің маңызды мәселелерін шешу, білім алушыларды тәрбиелеуде заманауи әдістемелерді, формаларды, әдістер мен тәсілдерді, құралдарды, жаңа педагогикалық технологияларды игеру мәселелері қарастырылады. Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестіктері ұжымды біріктіруге, мектеп дәстүрлерін сақтауға және дамытуға ықпал етеді, педагогтердің бастамасы мен шығармашылығын ынталандырады, олардың қызметін ғылыми-зерттеу және ізденіс жұмыстарында жандандырады, жұмыстағы кемшіліктерді, қиындықтар мен

шамадан тыс жүктемелерді анықтайды және алдын алады. Әдістемелік бірлестіктің басты мақсаты – тәрбие процесін жетілдіру, оның үнемі өзін-өзі дамыту.

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестіктері қызметінің негізгі міндеттері:

- білім алушыларды тәрбиелеу саласында сынып жетекшілерінің рухани мәдениетін және ғылыми-практикалық дайындығын арттыру;
- білім берудің заманауи тұжырымдамалары мен педагогикалық технологияларды игеру;
- ұжым мен жеке тұлғаны тәрбиелеу практикасының неғұрлым принципті мәселелерін шешу бойынша бірыңғай талаптар мен шараларды әзірлеу;
- сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысының әдістері туралы білімдерін тереңдету, оларды тәрбие жұмысының әдістемесімен қаруландыру және жеке педагогикалық шеберлікті жетілдіруге көмек көрсету;
- педагогика ғылымының ұсынымдары негізінде білім алушыларды тәрбиелеу және жаңа тәжірибе жасау бойынша озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау және тарату.

Әдістемелік бірлестік кемінде үш сынып жетекшісі болған жағдайда құрылады. Бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру бойынша сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестіктері ұйымдастырылады. Әдістемелік бірлестіктер білім алушылардың құндылыққа негізделген тәрбие мәселелерін зерттейді. Сонымен қатар тәрбие құндылықтары бойынша циклдік әдістемелік бірлестіктер құруға болады.

Оқу процесінде білім беру мәселелері, пәндер бойынша білім алушылардың білімін тереңдетуге және кеңейтуге ықпал ететін сабақтан тыс тәрбие жұмысының мазмұны пәндік әдістемелік бірлестіктердің қызмет жүйесінде қарастырылады.

Әрбір әдістемелік бірлестік оқу жылы ішінде кемінде төрт сабақ өткізеді. Әдістемелік бірлестіктердің жұмыс формалары мен әдістері әртүрлі.

Мектептегі әдістемелік орталықта «Сынып жетекшісіне көмектесу үшін» әдістемелік бұрышы құрылуы мүмкін. Мұнда материалдар айына әдістемелік материалдармен толықтырылып отырады.

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестіктері әкімшілікпен бірге тәрбие мен оқыту сапасын арттыру мәселелері бойынша педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ете отырып, тәрбие процесін басқаруға тікелей қосылады. Олардың қызметін директорлардың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары орындайды.

Сынып жетекшілерінің мектеп әдістемелік бірлестіктерінің басшылары болып ең тәжірибелі сынып жетекшілері, шығармашылықпен жұмыс істейтін, зерттеу қызметіне бейім педагогтер тағайындалады[15].

*Әдістемелік бірлестік жекетшісінің міндеттері:*

- Әдістемелік бірлестіктің жұмысын жоспарлау. Әдістемелік бірлестіктің жұмысына қатысу бойынша сынып жетекшілері арасында міндеттерді бөлу;

- әдістемелік бірлестіктің отырыстарын дайындау және өткізу (оқу жылы ішінде кемінде төрт). Әдістемелік бірлестік отырыстарының хаттамаларын жүргізу және ресімдеу, қабылданған шешімдердің орындалуын тексеру;

- ашық сынып сағаттары мен іс-шараларды, шеберлік сыныптар ұйымдастыру;

- сынып жетекшілерінің озық педагогикалық тәжірибесін жинақтау және тарату;

- жұмыстың қорытындысын шығару және олардың негізінде ұсынымдар әзірлеу;

- әдістемелік бірлестіктің жұмысын талдау;

- әдістемелік материалдарды ресімдеу және сақтау;

- әдістемелік жұмысты ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау, сынып жетекшілерінің кәсіби шеберлігін арттыру.

*Жұмыс жоспарының шамамен құрылымы:*

- Оқу жылындағы әдістемелік бірлестіктің жұмысын талдау;
- әдістемелік бірлестіктің міндеттері;
- әдістемелік бірлестіктің отырыстары;
- секция аралық жұмыс және т. б.

*Сынып жетекшісінің бұрышына арналған үлгі рубрикалар*

- Сынып сағатының жоспары;
- сынып жетекшісіне ұсыныстар;
- үздік тәжірибе;
- сынып жетекшісіне көмектесетін әдебиеттер;
- сынып жетекшілерінің кезекті сабағының тақырыбы;
- секция аралық жұмыс және т. б.

*Жұмысты талдаудың үлгі схемасы*

- Әдістемелік бірлестік жұмысының негізгі міндеттерін іске асыру, әдістемелік бірлестік жұмысының тәрбие жұмысының сапасын, білім алушылардың мектептегі тәрбие деңгейін арттыруға әсері;

- сынып жетекшілерінің кәсіби шеберлігі, динамикасы, критерийлері;

- сынып жетекшісінің жалпы теориялық, әдістемелік деңгейін, олардың іскерлік біліктілігін арттыру бойынша әдістемелік бірлестік жұмысының қорытындысы;

- сынып жетекшілеріне оқу жылы ішінде берілген ұсынымдарды енгізу қорытындысы, олардың ізденіс жұмыстарын бағалау;

- әдістемелік бірлестік жұмысында ұздік сынып жетекшілерінің жас сынып жетекшілерімен тәлімгерлік байланысы;

- сынып жетекшілерінің жұмысында жетістіктер, қандай тәжірибе мақұлданды, жалпыланды, әдістемелік бірлестік сынып жетекшілерінің жұмысындағы қандай қиындықтарды атап өтті;

- сыныптардағы тәрбие жұмысының деңгейі, білім алушылардың тәрбие деңгейі қалай зерттеледі;

- әдістемелік бірлестіктің білім алушыларды тәрбиелеудің таңдалған мәселесі бойынша идеяларды іске асыруға қатысуы.

*Білім беру ұйымында сынып жетекшілерінің қызметі қандай?*

Сынып жетекшілерінің қызметі – оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру, сынып ұжымының тәртібі мен мәдениетін қалыптастыру, оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал ету және білім беру ұйымының мақсаттарына жету үшін маңызды міндеттерді атқару болып табылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы Ережені бекіту туралы» № 18 бұйрығының 2-тарауында сынып жетекшісі қызметінің мақсаты мен міндеттері айқын көрсетілген[16]. Ережеде сынып жетекшісінің негізгі қызметі, оқушылардың академиялық және тәрбиелік жетістіктерін қадағалау, тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру, ата-аналармен тұрақты байланыс орнату, мектептің ішкі тәртібі мен ұйымдастырушылық мәселелерін шешуге қатысу, сондай-ақ сынып ұжымының дамуына жағдай жасау міндеттері белгіленген.

Осы Ереженің 3 тарауында сынып жетекшісінің функциялары көрсетілген. Сондай-ақ осы Ережеге сәйкес сынып жетекшілеріне аптасына бір рет сынып сағаттарын өткізу міндеттелген. Бұл сынып жетекшісінің білім алушыларға бағытталған тәрбие құндылықтарын жүйелі түрде жүзеге асыруын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері орындауға міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығында білім беру ұйымдарының сынып жектешілері үшін міндетті құжаттардың тізбесі нақты көрсетілген[17]. Бұл құжаттар сынып жетекшісінің қызметін стандарттау және үйлестіру мақсатында қолданылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 43-бабы[18] және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығына сәйкес сынып сағаттарын өткізу мерзімі мен уақыты мектептің педагогикалық кеңес отырысының шешімімен бекітіледі делінген[19]. Бұл талап сынып жетекшілерінің жұмысын мектептің жалпы ұйымдастырушылық құрылымына сәйкестендіруге және мектептегі оқу-тәрбие процесінің үйлесімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Сынып жетекшісінің қызметі – оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мен үйлестірудің маңызды бөлігі. Олардың жұмысы мемлекет тарапынан бекітілген нормативтік құжаттар мен бұйрықтар негізінде жүзеге асады, бұл өз кезегінде сынып жетекшілерінің кәсіби деңгейін арттырып, мектеп өміріндегі тәртіпті, мәдениетті және тәрбиелік атмосфераны қалыптастыруға ықпал етеді. Мұндай жүйелі реттелген қызмет оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттырып, білім алушылардың жан-жақты дамуына жағдай жасайды, сондай-ақ мектеп қауымдастығының біртұтас ұйымдастырылуына ықпал етеді.

Сынып жетекшілері білім алушылардың азаматтық жауапкершілігін, өзара ынтымақтастығын және шығармашылық әлеуетін дамыту мақсатында түрлі

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында әлеуметтік жобалар мен акцияларды өткізеді. Мұндай жобалар арқылы білім алушылар өздерінің пікірін білдіріп, қоғамдық мәселелерді талқылап, шешім қабылдауға үйренеді.

Спорттық, мәдени, шығармашылық және мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру арқылы сынып жетекшілері білім алушылардың топтық жұмыс дағдыларын, көшбасшылық қасиеттерін және қарым-қатынас қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Бұл іс-шаралар білім алушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, олардың эмоционалдық және әлеуметтік дамуына оң әсер етеді.

Сынып жетекшілері ата-аналар, мұғалімдер және мектеп әкімшілігімен тығыз байланыс орнатып, мектептегі тәрбие жұмысын біртұтас жүйеге айналдыруға көмектеседі. Олар мектептің әлеуметтік-мәдени өмірін байытып, білім алушылардың отбасылық және қоғамдық құндылықтарды меңгеруіне жағдай жасайды.

Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестікте тәрбие іс-шараларын өткізу мен ұйымдастырудың заманауи әдіс-тәсілдерін меңгереді және озық тәжірибелермен бөліседі. Әдістемелік бірлестік жұмысы барысында сынып жетекшілерінің кәсіби деңгейі артып, білім беру ұйымында тәрбие процесінің тиімділігін арттыруға септігін тигізеді.

Сынып жетекшісі өз қызметін ұйымдастыру арқылы білім алушылардың жан-жақты дамуына, шығармашылық пен азаматтық сананың қалыптасуына, және білім беру ұйымының ынтымақтастығын арттыруға зор үлес қосады.

## Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің жұмысын ұйымдастыру туралы Ереже (үлгі)

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігі (бұдан әрі ӘБ) – тәрбие процесін жүйелі және тиімді ұйымдастыруға бағытталған әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, ақпараттық және тәрбиелік жұмыстарды жүзеге асыратын мектептің құрылымдық бөлімі. Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің негізгі мақсаты тәрбие жұмысын жетілдіру және сынып жетекшілерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру болып табылады.

1.2. ӘБ Қазақстан Республикасының Білім саласындағы заңнамалар, мектеп жарғысы және жергілікті нормативтік актілер негізінде әрекет етеді:

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «№ 319 бұйрығымен бекітілген «Білім туралы» Заңы;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» № 18 бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 43-бабы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Білім беру

ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығы.

1.3. ӘБ құрамына 1-11 сыныптардың сынып жетекшілері кіреді.

1.4. ӘБ жұмысына басшылықты бір оқу жылына сайланатын төраға жүзеге асырады.

**Мақсаты:**

Тәжірибе алмасу, инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу және сынып жетекшілерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру арқылы мектептің тәрбие жүйесін жетілдіру.

**Міндеттері:**

- Білім алушылардың бойында ұлттық және адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру;
- Сынып жетекшілерінің кәсіби біліктілігін дамыту;
- Сынып жетекшілеріне әдістемелік қолдау көрсету;
- Заманауи тәрбие технологияларын енгізу;
- Құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысын ұйымдастыру;
- Тәрбие жұмысының сапасын бағалау және талдау

**2. ӘБ құжаттамасы**

2.1. ӘБ отырысының жылдық жұмыс жоспары;

2.2. ӘБ отырыстарының хаттамалары;

2.3. Сынып жетекшілерінің әдістемелік әзірлемелері;

2.4. Озық тәжірибені таратуға арналған материалдар;

2.5. ӘБ жұмысы туралы есептер.

**3. ӘБ мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

3.1. Мектептің тәрбие бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

3.2. Тәрбие жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу;

3.3. Өзінің педагогикалық тәжірибесін жинақтау және ұсыну;

3.4. Өзінің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

3.5. Ата-аналармен, әлеуметтік серіктестермен және жергілікті қоғамдастықпен ынтымақтастық орнату;

3.6. Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлеуге қатысу;

3.7. Өткен оқу жылындағы тәрбие жұмысын талдау.

**4. Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысын ұйымдастыру**

**4.1. Жұмыс мазмұны**

- *Теориялық:* Тәрбие беру теориясы мен әдістемелерін зерделеу, жаңашыл педагогикалық тәжірибелерді талдау;

- *Практикалық:* Ашық сынып сағаттары, тренингтер, әдістемелік семинарлар өткізу;

- *Ақпараттық-талдау:* Тәрбие жұмысын жоспарлау, мониторинг жүргізу және нәтижелерін талдау;

- *Ата-аналармен жұмыс:* Ата-аналар жиналыстарын ұйымдастыру,

консультациялар беру, психологиялық қолдау көрсету;

- *Құқықтық:* Бала құқықтары, қауіпсіздік және тәртіп нормалары бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

**4.2. Жұмыс түрлері**

1. **Әдістемелік отырыстар:**
- Ай сайын/тоқсан сайын ұйымдастырылады.
- Тәрбие жұмысының өзекті мәселелері қарастырылады.
- Ашық сабақтар мен іс-шаралардың талдауы жасалады.

2. **Шеберлік сыныптары және семинарлар:**
- Заманауи тәрбие әдістерін меңгеру.
- Тұлғалық-бағдарлы және құндылыққа негізделген оқыту технологиялары.
- Психологиялық тренингтер, коучингтер.

3. **Озық тәжірибе алмасу:**
- Үздік сынып жетекшілерінің тәжірибесін тарату.
- Инновациялық әдістерді талқылау және енгізу.

4. **Мониторинг және талдау:**
- Оқушылардың тәрбиелік деңгейін анықтау.
- Сынып жетекшілерінің жұмысын бағалау.
- Тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау

**5. Сынып жетекшілерінің құзыреттілігін арттыру**

**5.1. Кәсіби құзыреттілікті дамыту**

- Тәрбие жұмысының инновациялық әдістерін меңгеру;
- Психологиялық-педагогикалық білімін жетілдіру;
- Жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жұмыс жүргізу.

**5.2. Кәсіби қолдау жүйесі**

- Мектепішілік тәлімгерлік (тәжірибелі сынып жетекшілерімен жұмыс);
- Жаңадан келген сынып жетекшілеріне әдістемелік көмек көрсету;
- Құқықтық және психологиялық кеңестер беру.

**6. Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары**

**6.1. Құндылықтарға негізделген тәрбие**

- Тәуелсіздік және Отаншылдық
- Бірлік пен ынтымақ
- Әділдік пен жауапкершілік
- Заң мен тәртіп
- Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік
- Жасампаздық пен жаңашылдық

**6.2. Негізгі іс-шаралар**

- Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтиды;
- Күнделікті және апта сайын атқарылатын іс-шаралар;
- Білім беру мазмұны мен сынып сағаттары арқылы құндылықтарды енгізу;
- Әлеуметтік жобалар мен іс-шаралар арқылы құндылықтарды енгізу

(Жобалар: «Қамқор», «Еңбегі адал -жас өрен», «Шабыт», «Ұшқыо ой алаңы», «Smart bala», «Балалар кітапханасы», «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы», «Алдын алу шаралары»).

**7. Білім алушылардың құндылықтарын қалыптастырудағы сынып жетекшінің рөлі (***Қосымша 1)*

7.1.Сынып жетекшісі – білім алушылардың тұлғалық дамуына ықпал ететін негізгі тұлға. Оның қызметі:

- Құндылықтарға негізделген тәрбие беру.
- Ұжымдық мәдениетті қалыптастыру.
- Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу.
- Мотивация беру және тұлғалық дамуға жағдай жасау.
- Эмоционалдық қолдау көрсету.

7.2. Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмысындағы күтілетін нәтиже:

- Озық тәжірибелерді енгізеді;
- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына сәйкес тәрбие жұмыстарын жетілдіреді;
- Сынып жетекшілеріне әдістемелік қолдау көрсетеді;
- Сынып жетекшілерінің кәсіби біліктілігін дамытады;
- Заманауи әдіс-тәсілдер мен технологияларды пайдаланады.
- Құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысын жетілдіреді;
- Ата-аналармен ынтымақтастықты күшейтеді;
- Тәрбие жұмысының сапасын бағалау мен талдаудың жаңа жүйесін енгізеді;

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі мектептегі тәрбие процесінің тиімділігін арттыратын маңызды құрылымдық бөлім болып табылады. Ұйымдастыру және басқару жұмыстарының дұрыс жүргізілуі білім алушылардың ұлттық және адамзаттық құндылықтарды меңгеруіне, олардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕРІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІГІНІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ (үлгі)

*(____оқу жылына)*

## I. СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕРІНІҢ ӘБ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты:

Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда сынып жетекшілерінің әдістемелік және педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Міндеттер:

1. Білім алушылардың құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмысының формалары мен әдістерін жетілдіру;
2. Ата-аналармен бірлескен іс-әрекет және тәрбие берудің заманауи технологияларын енгізу;

3. Сынып ұжымдарымен жұмыс істеудің әдіс-тәсілдерін зерттеу және қолдану;

4. Сынып жетекшілерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту;

5. Тәжірибе алмасу арқылы озық тәжірибені тарату;

6. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын тиімді іске асырудың инновациялық тәсілдерін жетілдіру.

## ІІ. ӘБ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН БАҒЫТЫ

| | Іс-шаралар | Өткізу формасы | Жауаптылар | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| | **І. Ұйымдастырушылық жұмыс** | | | |
| | ӘБ жұмысын ұйымдастыру отырысы. Бірлестіктің негізгі бағыттарын анықтау | Жиналыс | ӘБ жетекшісі | Қыркүйек |
| 2 | Өткен оқу жылындағы тәрбие жұмысын талдау, ағымдағы оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау | Дөңгелек үстел | ӘБ жетекшісі | Қыркүйек |
| | **ІІ. Әдістемелік жұмыс** | | | |
| 3 | Тәрбие процесіне «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру жолдары | Семинар | ӘБ мүшелері | Қазан |
| 4 | Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру: өзара әрекеттесудің тиімді әдістері. | Коучинг | Сынып жетекшілері | Қараша |
| 5 | Білім алушылардың бойында *(Тәуелсіздік және Отаншылдық, Бірлік пен ынтымақ, Әділдік пен жауапкершілік, Заң мен тәртіп, Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, Жасампаздық пен жаңашылдық)* құндылықтарын тәрбиелеу жолдары | Шеберлік сынып | ӘБ жетекшісі<br>Сынып жетекшілері | Желтоқсан |
| 6 | Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу | Дөңгелек үстел | ӘБ жетекшісі, педагог-психолог, әлеуметтік педагог | Қаңтар |
| 7 | Мектептегі өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру және білім алушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамыту. | Семинар | Сынып жетекшілері | Ақпан |
| 8 | | | | Наурыз |
| | **ІІІ. Озық тәжірибені жалпылау және тарату** | | | |
| 9 | Сынып жетекшілерінің озық тәжірибелері. Үздік сынып жетекшілерінің жұмысы | Ашық алаң | Сынып жетекшілері | Сәуір |
| 10 | ӘБ жұмысының жылдық қорытындысы. Іс-шаралардың нәтижелілігін талдау. | Қорытынды жиналыс | ӘБ жетекшісі | Мамыр |

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестік отырысының Хаттамасы № ___(Үлгі)

Мерзімі: ___________

Өтетін орны: ___________

Қатысқандар: ___________

Күн тәртібі:

Талқыланатын мәселелер: сынып жетекшілерінің әдістемелік әзірлемелері бойынша *(ұсынымдарды, сынып сағаттарын әзірлеуді, іс-шаралар сценарийлерін, ата-аналармен және білім алушылардың жұмыс бағдарламаларын қамтиды)* ұсыныстар және шешімдердің қысқаша мазмұны.

Шешім:

ӘБ жетекшісі: ______________

Хатшы: _____________

# 3 «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ АЯСЫНДА СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕРІ ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІГІНІҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Құрметті педагогтер, сынып жетекшілері!

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру аясында сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмысын ұйымдастыру мәселелерін талқылау – бүгінгі білім беру ұйымының ең өзекті мәселелерінің бірі. Осы тарауда біз сынып жетекшілерінің тәжірибелерін, сынып сағаттарының, әлеуметтік жобалар мен әдістемелік бірлестіктердегі семинарлар, коучинг және тренингтердің үлгілерін ұсынамыз.

Біздің мақсатымыз – «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының сәтті жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін сынып жетекшілерінің кәсіби дамуын қолдап, білім алушылардың жан-жақты тәрбиесін арттыруға бағытталған инновациялық әдістер мен практикалық шешімдерді ұсыну. Осы ұсыныстар арқылы біз мектептердегі тәрбие жұмысының сапасын көтеріп, білім алушылардың рухани, адамгершілік және әлеуметтік құндылықтарға негізделген тәрбиені қамтамасыз етуді көздейміз.

Осы әдістемелік ұсынымдамада сынып жетекшілерімен өзара тәжірибе алмасу, идеялар мен жетістіктерді ортаға салып, орта білім беру ұйымдарында тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруда жаңа белестерге қол жеткізуге ұмтылуымыздың маңыздылығын атап өткіміз келеді. Әдістемелік бірлестіктің жұмысы – бұл тек жоспарлау мен ұйымдастыру ғана емес, сонымен қатар педагогикалық шығармашылық, өзара қолдау және тұрақты дамудың кепілі.

Ұсынылып отырған озық тәжірибелер сынып жетекшілерінің кәсіби қызметін жаңа деңгейге көтеруге, олардың жұмысындағы тиімділікті арттыруға және мектеп қауымдастығының біртұтас дамуына ықпал етуге бағытталған.

***Қарағанды қаласы Мағжан Жұмабаев атындағы гимназиясы Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Жуматаева Акгул Советовна, Куанбаева Айнур Аманжоловнаның тәжірибелерінен***

**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 2024-2025 оқу жылындағы сынып жетекшілер бірлестігінің жылдық жоспары**

**Әдістемелік тақырыбы:**

Гимназияда тәрбие жұмысын «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде құндылықтарға негіздеп ұйымдастыру

**Әдістемелік мақсаты:**

Тәрбие құндылықтарын пәндік білім мазмұнына және сынып сағаттарына кіріктірудің маңызын түсіндіру

Сыныптан тыс әлеуметтік тәжірибелер арқылы құндылықтарды дарытудың әдіс-тәсілдерін меңгерту

| Жұмыс мазмұны | Уақыты | Жауапты | Қаралатын орны |
|---|---|---|---|
| **Тамыз**<br>**Ұйымдастыру жұмыстары** | | | |
| 1. Өзара тәжірибе алмасу бағытында сынып сағаттарына және сабақтарға қатысу<br>2. Білім беру жүйесіндегі «Біртұтас тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылуы<br>3. Сынып сағаттары, сыныптан тыс іс-шаралар мен ата-аналар жиналыстарының өтілуіне талдау жасау<br>5. Әр сынып жетекшілерінің сынып сағаттарында жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану<br>6.Шығармашылық байқауларға, спорттық жарыстарға көбірек қатыстыру жұмыстары<br>7. Психолог кеңесі (пікірін таңдау)<br>8. Жас сынып жетекшілерінің сабақтарына<br>қатысып, көмек көрсету, тәлімгер тағайындау<br>9. Озық тәжірибелі, жаңашыл жетекшілердің іс-тәжірибесін оқып-үйрену<br>10. Бірлестік отырысында сынып жетекшілерінің есебін, тәжірибесін тарату, шығармашылығының есебін тыңдау, бағалау, насихаттау.<br>11. Әр тоқсан соңында сынып жетекшілердің атқарған жұмыстары туралы есебін тыңдау.<br>12. Тоқсанына 1 рет бірлестік отырысын өткізу<br>13. Сынып жетекшілерінің білімін жетілдіру мен көтеруде курстар мен семинарларға қатысу<br>14. Тәрбие жұмысында басшылыққа алынатын НҚА-мен таныстыру<br>15. Республикалық «Мектепке жол» акциясын өткізу жұмысын ұйымдастыру. | Жыл бойы<br><br><br><br><br><br>Үнемі<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Жыл бойы | Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары<br><br>Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшілері<br><br>Сынып жетекшілер<br><br>Тәлімгер<br><br>Әлеуметтік педагог<br><br>Мектеп психологтары | Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы |
| **Қыркүйек айы- ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ** | | | |
| **Сынып жетекшілер бірлестігінің** | Ай ішінде | Тәрбие жұмысы | Сынып |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **бірінші отырысы. №1**<br>**Тақырыбы:«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстыру**<br>1. Өткен оқу жылындағы ӘБ жұмысының қорытындысын талдап, жаңа оқу жылының жылдық жұмысын жоспарлау.<br>2. Білім беру жүйесіндегі «Біртұтас тәрбие бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстыру, тәрбие сағаттарының тиімділігі<br>3. Бағдарлама аясында жүргізілетін жобалар жұмысы<br>4. Сынып жетекшісінің лауазымдық қызметімен таныстыру<br>5. Гимназия жарғысымен және ішкі тәртіп ережесімен таныстыру<br>6. Сынып сағаттарына «Қауіпсіздік сағаттарын» кіріктіру<br>7. Ата-аналармен жұмыс жасауды ұйымдастыру | | жөніндегі орынбасарлары<br><br>Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшілері<br><br>Сынып жетекшілер | жетекшілер бірлестігінің отырысы<br>Педагогикалық кеңес |
| **Қазан айы- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ** | | | |
| 1. Сынып жетекшілерінің өз білімін көтеру бағытында әдістемелік басылымдарға жазылуын ұйымдастыру.<br>2. Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру. Мектепішілік үйірме, клуб және спорттық секциялармен қамтылу деңгейін анықтау. (ақпарат жинау)<br>3. Отбасы мен мектеп арасындағы байланысты қадағалау. «Үштік одақ» жұмысын бақылау<br>4. Білім беру ұйымдарында психологиялық- педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру және әлеуметтік педагог пен психологтың бірлескен жұмыс жоспарының орындалуы<br>5. Сабақтан тыс тәрбиелік жобалардың жұмысының жүзеге асуын бақылау<br>6. Білім алушыларды білім беру ұйымдарындағы тәрбие үдерісін басқаруға тарту | Ай ішінде | Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары<br>Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшілері<br>Сынып жетекшілер | Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы |
| **Қараша айы- ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ** | | | |
| **Сынып жетекшілер бірлестігінің екінші отырысы. №2**<br>**Тақырыбы:** «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» орындалысы. (сынып сағаты, сыныптан тыс іс-шара, пәндік сабақтардан іс-тәжірибе бөлісу) 1. Мектептегі психологиялық қызметтің жұмысы<br>2. Сыныптардағы қыз балалармен және ұл балалармен жұмысты жандандыру.<br>3. 1-5 сыныптарының жағдайын, сынып жетекшінің сыныппен жұмысын бақылау.<br>4. Мектептің отбасымен өзара әрекеттесуі | Ай ішінде | ДТІЖ орынбасарлары<br><br>Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшілері<br><br>Сынып жетекшілер | Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы<br>Педагогикалық кеңес<br><br>ірлестік жетекішілері |
| **Желтоқсан айы- БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ** | | | |
| 1. Зорлық –зомбылықтың алдын алу жұмыстарын бақылау. | Ай ішінде | Тәрбие жұмысы жөніндегі | Сынып жетекшілер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмысын бақылау<br>3. Сынып жетекшілерін қалада, мектепте өткізілетін шаралар, байқаулар, акцияларды өткізу бойынша нұсқаулық-әдістемелік хаттармен, ережелермен, ОАМ нұсқауларымен, тапсырма және бұйрықтарымен таныстыру<br>4. ҚР-ның Мемлекеттік Рәміздерін насихаттау жұмысын бақылау | | орынбасары<br><br>сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшілері | бірлестігінің отырысы |
| **Қаңтар айы- ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ** | | | |
| **Сынып жетекшілер бірлестігінің үшінші отырысы №3**<br>**Тақырыбы: «Жасөспірімдер арасындағы буллинг, кибербуллингтің алдын алу жұмыстары»**<br>1. Сынып жетекшілердің жартыжылдық қорытынды есебін тыңдау<br>2. Шығармашылықпен жұмыс жасайтын сынып жетекшілердің іс-тәжірибесімен бөлісуі<br>3. Кәмелетке толмағандардың суицидтік мінез-құлқының алдын алуда психологиялық педагогикалық сүйемелдеу жұмысы<br>4. Девиантты мінез-құлықты оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу - әлеуметтік педагогикалық проблема | Ай ішінде | Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары<br>Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшілері<br>Мектеп психологтары<br><br>Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары,<br>ӘБ жетекшілері<br>Мектеп психологтары | Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы<br>Педагогикалық кеңес<br><br>ірлестік жетекішілері |
| **Ақпан айы- ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ** | | | |
| 1. Мектепішілік жобалардың, іс-шаралардың, сынып сағаттарының, үйірме және секция жұмыстарының сапасы<br>2. Қиын балалармен жұмысты бақылау<br>3. Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесін мерекелеу бойынша әдістемелік ұсынымдар.<br>4. Құндылыққа негізделген тәрбие айлығын өткізу жоспары. Айлықты өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар<br>5. Ата-аналармен жұмыс. «Даналық» мектебінің жұмысын бақылау | Ай ішінде | Директор жанындағы кеңес<br>Сынып жетекшілер<br>ӘБ жетекшілері | Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы<br>Педагогикалық кеңес |
| **Наурыз айы- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ** | | | |
| **Сынып жетекшілер бірлестігінің төртінші отырысы. №4**<br>**Тақырыбы: «Күнделікті, апта сайын, ай сайын жұмыстарының нәтижесі»**<br>1. Бағдарлама аясында өткізіліп жатқан жобалар жұмысының нәтижесі (жоба жетекшілері)<br>2. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының жұмысы.<br>3. Smirt Time» жобасының жұмыс нәтижесін тыңдау. (педагог-психологтар)<br>4. Сынып жетекшілерінің озық тәжірибелерін байқау және насихаттау бағытында «Жыл сынып жетекшісі» сайысын өткізу. Ережемен таныстыру<br>6. Білім беру ұйымдарында психологиялық- педагогикалық қолдау қызметтін ұйымдастыру және әлеуметтік педагог пен психологтың бірлескен жұмыс | Ай ішінде | Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары<br>Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі<br>Мектеп инспекторы | Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы<br>Педагогикалық кеңес<br><br>Бірлестік жетекішілері |

| | | | |
|---|---|---|---|
| жоспарының орындалуы.(психолог, әлеуметтік педагог)<br>7. Ұлдар мен қыздар кеңесінің жұмысы. | | | |
| **Сәуір айы- ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ** | | | |
| 1. Мәдени орындармен серіктестік. Оқушылардың театр, кинотеатр, мұражайларға баруы.<br>2. Мұражай сабақтарының тиімділігі.<br>3. Сынып жетекшілерінің жыл бойғы жұмысына талдау жасау<br>4. Профилактикалық кеңестің жылдық жұмыс қорытындысы. | Ай ішінде | Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары<br>Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшілері | Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы |
| **Мамыр айы- БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ** | | | |
| 1. Оқушыларға ҰБТ -ға дайындаудағы психологиялық көмектің тиімділігі.<br>2. Соңғы қоңырау мен мектеп бітіру кештерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар<br>3. Тәрбие қызметінің қорытындысын талдау, сынып жетекшілер жұмысындағы проблемалар,<br>Перспективалар. Жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын талқылау.<br>4. «Жыл сынып жетекшісі-2024» рейтингісінің нәтижесін шығару, марапаттау.<br>6. Жазғы демалысты ұйымдастыру, «Бала еңбегін қанау» рейдтерін ұйымдастыру<br>7. Оқушылардың жазғы еңбек практикасын және сауықтыру демалысын ұйымдастыру | Ай ішінде | Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшілері<br><br>Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары<br><br>Педагог-психологтар | Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы<br>Педагогикалық кеңес |

## «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында сынып жетекшілер бірлестігімен өткізілген семинар-тренинг

**Тақырыбы: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жетілдіру жолдары**

**Мақсаты:** Гимназияда 2024-2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру бойынша кәсіби шеберліктерін жетілдіру.

**Міндеттері:**

1. 2024-2025 оқу жылында жүзеге асырылатын тәрбие жұмысының бағдарын түсіндіру.

2. Тәрбие жұмысын құндылықтар негізінде ұйымдастырудың ерекшеліктерін нақтылау.

3. Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен жұмысты жобалау.

4. Қауіпсіздік сағаттарын сынып сағатымен кіріктіруі жоспарлау.

5. Міндеттелген жобаларды іске асыру, жетекшілер тағайындау.

6. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын мониторингілеу жұмыстарын түсіндіру.

**Өткізу әдісі:** Топтық жұмыс

**Барысы:**

**1-бөлім**

**Теориялық бөлім**

Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 маусымдағы № 194 бұйрығын басшылыққа ала отырып 2024-2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған нұсқасымен тәрбие жұмысы іске асырылады.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды.

Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады.

**Мазмұны ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:**

тәуелсіздік және отаншылдық

бірлік және ынтымақ

әділдік және жауапкершілік

заң және тәртіп

еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

жасампаздық және жаңашылдық **құндылықтарға негізделген.**

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

**Бағдарламаның мақсаты:** құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаны іске асыру құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдемелеріне негізделеді. Олар оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың өзара үйлесімді бірлігін қамтамасыз етеді.

Бұл білім алушылардың бойындағы **құзыреттер жиынтығын құрайды және білім беру ұйымы түлектерінің моделін** айқындайды:

ұлттық мүддені ілгерілету;

тиімді қарым-қатынас және басқалармен ынтымақтастық орнату;

қоғамға қызмет ету;

этикалық мінез-құлық нормаларын сақтау;

инновациялық ойлау;

идеялар мен проблемаларды шешуде стандартты емес тиімді әдістер қолдану

**АЙ САЙЫН**:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
Қаңтар – заң және тәртіп айы;
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Құндылықтарды қалыптастырудағы күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

**КҮНДЕЛІКТІ:**

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»
«Өнегелі 15 минут»
«Үнемді тұтыну»
«Күй күмбірі»

**АПТА САЙЫН:**

«Менің Қазақстаным»
Аптаның дәйексөздері
«Қауіпсіздік сабағы»

**АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ**

Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
Буллингтен қорған!
Ойынға салауатты көзқарас;
Өмірге салауатты қадам;
Қоғамдық мүлікті қорға!
Қауіпсіз қоғам.

**ЖОБАЛАР**

Балалар кітапханасы
Қамқор
Еңбегі адал – жас өрен
Шабыт
Ұшқыр ой алаңы
Smart bala жобалары ұсынылады

**2-бөлім**

**Практикалық жұмыс**

1-топ: Құндылықтарға негізделген сабақ жоспарын құру. (математика, биология, химия,қазақ тілі т.б.)

2-топ: Құндылықтарға негізделген сынып сағатының жоспарын құру және қауіпсіздік сабақтарын интеграциялау.

3-топ: Құндылықтарға негіздеген жобалардың үлгілік жылдық жоспарларын құру.

**3-бөлім**

**Іс-тәжірибемен бөлісу**

1-топ: Құндылықтарға негізделген бірнеше сабақтың қысқа мерзімді жоспарларымен бөліседі.

**2-топ:** Құндылықтарға негізделген сынып сағатының қауіпсіздік сабақтармен кіріктірілген үлгісімен бөліседі.

**3-топ:** Мектепішілік жобалар «Балалар кітапханасы», «Қамқор», «Еңбегі адал – жас өрен», «Шабыт», «Ұшқыр ой алаңы», «Smart bala» жобаларыың жоспарымен бөліседі.

**Қорытынды:**

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мақсатына, міндеттеріне және күтілетін нәтижелеріне толық шолу жасалды. Сынып жетекшілер «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының әдіснамалық негіздерімен танысып, құндылықтар жүйесі, құзыреттіліктер туралы түсініктерін кеңейтуе. Тәрбие жұмысын жүзеге асыруда әлеуметтік тәжірибелерді ұйымдастыруды және оларды практикалық іс- әрекетте қолдануды талдай отырып, өө тәжірибелерімен бөлісті.

**Рефлексия**

Оқыту семинары соңында алған мәліметтері мен меңгерген дағдылары туралы рефлексия жүзеге асырылады.

| Білемін | Үйрендім | Білгім келеді |
|---|---|---|
| | | |

***Қарағанда қаласы М. Жұмабаев атындағы гимназияның сынып жетекшісі Караша Гүлнұр Оралбайқызының тәжірибесінен***

## Сынып жетекшілеріне арналған коучинг жоспары

| | |
|---|---|
| **Күні** | Мектеп: «Жұмабаев атындағы гимназиясы» КММ |
| **Сынып жетекшісі** | Караша Г.О. |
| **Тақырыбы** | Буллинг, кибербуллингтің алдын алу |
| **Мақсаты** | Буллингтің не екенін түсіну және оның түрлерін анықтау.<br>Буллингтің салдары мен оның алдын алу жолдарын білу.<br>Буллингке қарсы тұру дағдыларын дамыту.<br>Көшедегі қауіпсіз мінез-құлық қағидаларымен таныстыру |
| **Күтілетін нәтижелер** | Булингтің түрлерін ажырата біледі;<br>Оқиға орын алған жағдайда іс-әрекет реттілігін біледі;<br>Айналаға мейіріммен карауға үйренеді; |
| **Құндылық** | Тәуелсіздік және отаншылдық, Бірлік және ынтымақ. Әділдік және жауапкершілік. Заң жіне тәртіп. Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік. Жасампаздық және жаңашылдық. |
| **Ресурстар** | Интер белсенлді тақта, ватмандар, маркер, карточкалар |
| | |

| **Уақыт** | **Коучтың іс-әрекеті** | **Мұғалімдердің іс-әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|
| **6 минут** | 1-кезең. Ұйымдастыру кезеңі<br>Топқа бөлу<br>Жағымды ахуал тудыру<br>Коучтің тақырыбын мақсатын түсіндіру<br>Топ ережесі таныстырылады.<br>Құндылықтарды дарыту:<br>Бірлік және ынтымақ; Әділдік және жауапкершілік<br>✓ Бір-бірінің пікірін тыңдау<br>✓ Бірін-бірі сыйлау<br>✓ Берілген тапсырманы нақты орындау<br>✓ Бірігіп белсенді жұмыс жасау<br>✓ Бәсекелестікке қабылетті болу | Мақал-мәтелдерді құрастыру арқылы топқа бөлінеді<br>«Шын ниетпен» деп бір-біріне тілек айтады<br> | Мақал-мәтелдер жазылған қима қағаз |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **7минут** | Миға шабуыл Бейнеролик көрсету<br><br>Бейнероликты көргенде қандай ой түйдіңіздер?<br><br>Құндылықтарға дарыту<br>әділдік және жауапкершілік; заң және жауапкершілік<br>✓ Ойларымен шынайы бөліседі<br>✓ Әр істеген іс-әрекеттің артында салдары бар екенін біледі<br>✓ Бір-бірінің пікірін тыңдайды<br>✓ Әр адамның мойнында жауапкершіліктің бар екенін біледі | Бейнеролик көреді<br>Ой бөліседі<br>Пікірлерін білдіреді<br> | https://www.youtube.com/watch?v=VBYeW5JtLWw |
| **7 минут** | **Ойын**<br>**«Сен жалғыз емессің!»** Мұғалімдерге түрлі жағдаяттар жазылған карточкалар таратылады әр сынып жетекші өз жағдайын оқып, қалай әрекет ететінін айтады.<br>Коуч қорытынды жасап, буллингтен қорғанудың дұрыс жолдарын талқылайды.<br>Құндылықтарға дарыту<br>Бірлік және ынтымақ;<br>Жаңашылдық және жасампаздық<br>✓ Жағадаяттардан шығу жолдарын үйренеді<br>✓ Бірігіп ақылдаса отырып жұмыс істеу | Карточка таңдап пікірлерімен бөліседі<br> | Карточкалар |
| **20 минут** | **Бейнеролик көрсетеді**<br>**Топтық тапсырма**<br>**1-топ Булинг**<br>**2-топ Кибербуллинг**<br>Тапсырмалар:<br>Анықтау белгілері<br>Алдын алу шаралары<br>Болдырмау<br>Салдары<br><br>Құндылықтарға дарыту:<br>Бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік,<br>заң жіне тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік,<br>✓ Ынтымақтаса отырып жұмыс жасайды<br>✓ Бір-бірінің пікірін тыңдау<br>✓ Бірін-бірі сыйлау<br>✓ Ойларын шынай жеткізе білу | Бейнеролик көреді<br>Қатысушылар ватманға ойларын жазады<br><br>Класстер сызады<br>Сурет салады<br> | https://www.youtube.com/watch?v=rO0uamX2bDY<br><br>Ватман, маркер, түрлі-түсті, қарандаштар, қалам, стикерлер |
| **5минут** | **Қорытынды:**<br>«Буллингке қарсы 5 ереже» жазылған карточкалар тарату:<br>1. Қорықпа, үнсіз қалма!<br>2. Сен жалғыз емессің – көмек сұра!<br>3. Өзгелерді қорға!<br>4. Интернетте абай бол!<br>5. Қарсы тұр, бірақ агрессиясыз!<br>**Рефлексия** | Қатысушылар пікірлерімен бөліседі | Карточкалар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Қажетті білімді толық меңгердім бе?<br>Қандай дағдыларды қалыптастырдым? |  | |

***Қарағанда қаласы М.Жұмабаев атындағы гимназиясының педагог-ұйымдастырушысы Казтаева Ардакты Темиргалиевна тәжірибесінен***

**Сынып жетекшілер бірлестігімен өткізілген дөңгелек үстел**

**Тақырыбы:** Мектептегі «Үштік одақ» жұмысының сапалы жүргізілуіндегі сынып жетекшілердің рөлі

**Мақсаты:** Отбасы, мектеп және оқушы арасындағы ынтымақты әрекеттестіктің маңыздылығын талқылау.

**Жұмыс барысы:**

**1. Кіріспе**

Модератор: Ата-аналармен жұмыс ата-аналардың педагогикалық білімінің, біліктілігінің деңгейін көтеру, педагогтердің ата-аналарға отбасылық тәрбиеде баланы дұрыс тәрбиелеуде қажетті жағдай тудыру үшін көмек көрсетуге баланың даму процесінде мұғалім мен ата-аналардың қарым-қатынасын көрсететін педагог жұмысының күрделі де маңызды бөлігі. Іс-әрекеттің түрлеріне жоспар құрылады, іс-әрекеттің түрлеріне сәйкес кеңес, нұсқау, есеп беру, жылжымалы папка дайындау, күнделіктер жазу, отбасылық газет шығару және ата-аналарды оқу тәрбие жұмыстарына тартудың жолдары қарастырылады, дербес әрекет етуге дағдыланып, теориялық білімдерін тәжірибеде қолдануға жаттығып, өмірлік дағдылары қалыптасады. Осы мақсатта бүгінгі семинарда мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақты жұмысты қалай қалыптастырамыз деген тақырыпта жұмыс жасаймыз. Олай болса аудиторияны топтарға бөлейік.

**2. Негізгі бөлім**

**Талқылауға арналған тақырыптар:**

1. «Оқушы - отбасы – мектеп» үштік одағының маңызы.

2. Мұғалімдер ата-анамен жұмыста кездесетін негізгі проблемаларды анықтау.

3. Ата-аналар білім беру процесіне қалай белсенді қатыса алады.

4. Ата-аналармен жұмыс істеудің қандай формалары ең тиімді.

**Топтық жұмыс.**

**Топтар үшін тапсырма №1**

1. «Ата-анларды педагогикалық қолдау» орталығының сабақтарын өткізудегі жетістіктер мен қиыншылықтар.

2. «Даналық» мектебінің іс-шараларына ата-аналарды тартудағы жетістіктер мен қиыншылықтар.

**Ата-аналармен байланыс картасын жасау.**

**Тапсырма №2**

Мақсаты: Ата-аналар мен мектеп арасындағы байланыс деңгейін анықтау және жақсарту жолдарын іздеу.

*Тапсырмалар үлгісі:*

Ата-аналардан өз баласының оқу үлгерімі, тәртібі және мектептегі қатысуы туралы ақпарат алу үшін қолдануға болатын сұрақтар тізімі.

*1. Оқу үлгерімі туралы сұрақтар:*

- Баланың мектептегі оқу үлгерімі туралы не ойлайсыз? Оны қалай бағалайсыз?
- Балаңыздың оқу тапсырмаларын орындау кезінде қандай қиындықтар туындайды?
- Ол сабаққа дайындалу кезінде қандай әдістер қолданады? Өзіне көмектесу керек пе?
- Баланың сабақтағы қатысуы мен белсенділігі қандай деңгейде? Сабаққа жиі қатыса ма?
- Қандай пәндерде қиындықтар туындайды? Бұл пәндерде қалай көмек көрсетуге болады?
- Оқу бағдарламасы бойынша балаңыз қандай жетістіктерге жетті?

*2. Тәртібі туралы сұрақтар:*

- Балаңыздың тәртібі мектепте қалай? Мұғалімдермен қарым-қатынасында қандайерекшеліктер байқалады?
- Мектептегі тәртіп мәселелері туралы жиі хабарламалар аласыз ба?
- Балаңыздың мектептегі мінез-құлқына қандай жағдайлар әсер етуі мүмкін деп ойлайсыз?
- Оның мектептегі мінез-құлқы өзгере ме? Қандай жағдайларда өзгерістер байқалады?
- Баланың өзін-өзі ұстауы мен әлеуметтік қарым-қатынас қабілеттері қандай? Жолдастарымен жақсы тіл табыса ма?

*3. Мектептегі қатысуы туралы сұрақтар:*

- Балаңыз мектепке келіп кетуі туралы қалай ойлайды? Сабақтарға қатысуға деген қызығушылығы бар ма?
- Қандай мектептік іс-шараларға қатысады? Олардың ішінде баланың қатысуына қандай әсер ететін факторлар бар?
- Баланың мектептегі қосымша қызметтерге (кружоктар, үйірмелер) қатысуы қаншалықты белсенді?
- Оқушының мектептегі әлеуметтік өміріне ата-аналардың қатысуы қалай? Белсенді түрде араласасыз ба?
- Балаңыздың мектептегі күнделікті өмірінде ата-ананың қатысуының қандай рөлі бар деп ойлайсыз?

*4. Мектеп пен отбасы арасындағы байланысты бақылау:*

- Мектеп пен отбасы арасындағы байланыс сізге қаншалықты ыңғайлы және түсінікті?
- Мектеп мұғалімдері мен сіздің қарым-қатынасыңыз қаншалықты тиімді?

- Мектептің баланың оқу үлгерімі мен тәртібі туралы мәліметтерді жиі береді ме? Бұл ақпарат сіз үшін қаншалықты пайдалы?
- Мектеп тарапынан баланы қолдау үшін қандай қосымша шаралар қажет деп ойлайсыз?

*5. Болашаққа бағытталған сұрақтар:*

- Балаңыздың мектепте жетістіктері мен қиындықтарына қатысты қандай жоспарларыңыз бар?
- Болашақта балаңыздың оқуын және мінез-құлқын жақсарту үшін мектеп пен отбасы арасындағы байланыс қалай болуы керек деп ойлайсыз?
- Балаңыздың оқу жолындағы мақсаттары мен армандарын қолдау үшін қандай қадамдар жасауды жоспарлайсыз?

Бұл сұрақтар ата-аналарға өз балаларының оқу үдерісі мен тәртібіне толыққанды көзқарас беруге көмектеседі және мектеппен бірлесіп жұмысты жетілдіруге мүмкіндік тудырады.

Сынып жетекшілеріне ата-аналармен байланыс жасау тәсілдерін талқылау үшін арнайы карта немесе форманы толтыруды ұсынамын (мысалы, телефон арқылы, электрондық пошта, кездесулер және т.б.)

Ата-аналар мен мұғалімдер арасындағы тиімді байланыс жасау тәсілдерін талқылау үшін арнайы «Байланыс жасау картасы» төменде көрсетілген. Бұл карта қатысушыларға мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты жақсарту үшін қажетті құралдар мен тәсілдер ұсынуға бағытталған.

**Ата-аналар мен мұғалімдер арасындағы байланыс жасау картасы**

| **Кезеңдер** | **Тәсілдер** | **Мақсат** | **Құралдар мен әдістер** |
|---|---|---|---|
| **1. Қарапайым ақпарат алмасу** | - Телефон қоңыраулары | Балаға қатысты маңызды ақпаратты жылдам жеткізу | - Телефон, мектептің байланыс нөмірлері |
| | - Электрондық пошта немесе смс хабарламалар | Баланың оқу үлгерімі мен мінез-құлқы туралы мәліметтерді бөлісу | - Э-пошта, SMS қызметтері |
| | - Мектептің әлеуметтік желідегі беті | Қазіргі оқу жағдайы мен мектеп жаңалықтарын ақпараттандыру | - Әлеуметтік желі, мектептің ресми сайты |
| **2. Жеке кеңес беру** | - Кездесу (жеке немесе топтық) | Баланың жеке мәселелері мен жетістіктерін талқылау | - Бөлмелер, мектеп кеңес беру жүйесі |
| | - Мектепте ата-аналармен жеке сұхбат өткізу | Оқушының оқу барысындағы қиындықтарын талқылау | - Жеке кеңестер (күні мен уақытын алдын ала белгілеу) |
| **3. Жиналыстар мен іс-шаралар** | - Ата-аналар жиналыстары | Білім беру мәселелерін топта талқылау | - Жиналыстар, мәжіліс залдары |
| | - Семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру | Ата-аналарға педагогикалық білім беру және дағдыларды қалыптастыру | - Семинарлар, арнайы тренингтер |
| | - Мектеп өміріне ата-аналардың қатысуы | Ата-аналарды мектептік іс-шараларға тарту | - Мектептің іс-шаралары мен фестивальдері |
| **4. Белсенді қатысу және ынтымақтастық** | - Қатысушы ата-аналар клубын құру | Мектеп пен отбасы арасындағы байланыс деңгейін арттыру | - Мектептің ата-аналар клубы, онлайн топтар |
| | - Үнемі кері байланыс арқылы жақсартулар енгізу | Мектептің жұмысын үнемі талдау және жақсарту | - Кері байланыс, сауалнамалар, анкеталар |
| **5. Оқу үдерісіне** | - Қосымша сабақтар | Баланың оқу белсенділігіне ата- | - Жұмыс топтары, қосымша |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **қатысу** | мен оқыту үдерісіне ата-аналарды тарту | аналардың әсерін арттыру | сабақтар, пәндер бойынша қолдау |
| | - Үй тапсырмаларын бірге орындау (қажет болған жағдайда) | Оқушының білім алуға деген ынтасын көтеру | - Оқу жоспары, үй тапсырмалары |

Талқылау кезінде қолданылатын сұрақтар:

1. Ата-аналар мен мұғалімдер арасында қандай байланыс түрлері ең тиімді деп ойлайсыз?
2. Балаңыздың оқу үлгерімі мен мінез-құлқына қатысты ақпаратты қалай жиі аласыз?
3. Мектеппен байланыс жасаған кезде қандай қиындықтарға тап болдыңыз?
4. Мектеп пен отбасы арасындағы қарым-қатынасты жақсарту үшін қандай ұсыныстар айтасыз?
5. Мектеп пен отбасы арасында байланыс жасайтын әдістерді әртүрлі жағдайларда қолдану тәсілдері қандай болуы керек?

Қорытынды: Бұл картаны пайдалану арқылы ата-аналар мен мұғалімдер бір-бірімен тұрақты байланыс орнатып, баланың оқу және тәрбие үдерісіне белсенді қатыса алады. Мұндай байланыс мектеп пен отбасы арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты нығайтып, баланың білім алуын және тұлғалық дамуын қамтамасыз етеді.

Ата-аналармен өткізген кездесулердің, жазылған хаттардың, телефон қоңырауларының және басқа да байланыс түрлерінің жазбаларын жүйелі түрде сақтап отыру үшін **«Байланыс журналы»** жасалуы өте маңызды. Бұл журнал мектеп пен ата-аналар арасындағы тұрақты байланыс деңгейін бақылап, қандай мәселелердің талқыланғанын және қабылданған шешімдерді нақтылауға мүмкіндік береді.

Мұғалімдер ата-аналармен өзара байланыс жасауда жұмыстың тиімділігіне қарай ұсыныстар енгізеді.

Жұмыс нәтижесі: Бұл жұмыс ата-аналар мен мұғалімдердің өзара қарым-қатынасын тиімді қадағалауға және қажет болған жағдайда оны жақсартуға мүмкіндік береді.

**«Үштік одақ» жұмысының бақылау журналын жүргізу.**

**Тапсырма №3**

**Мақсаты:** Ата-аналар мен мектеп арасындағы қарым-қатынас динамикасын бақылау және талдау.

**Бақылау журналының форматы**

| № | Күні | Ата-ананың аты-жөні | Байланыс түрі (кездесу, хат, телефон, электронды хат, басқа) | Байланыстың мазмұны (қысқаша сипаттама) | Қабылданған шаралар мен шешімдер | Қосымша ескертпелер |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | Телефон қоңырауы | Оқушының оқу үлгерімі мен мінез-құлқы туралы ақпарат берілді. | Оқу үлгерімін жақсарту үшін қосымша сабақтар ұйымдастыру туралы ұсыныс жасалды. | Келесі айда қайта байланысу қажет. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | | | Жеке кездесу | Балаға қатысты тәртіп мәселелері талқыланды. | Мектепке қайта келіп, тәртіп мәселелерін талқылау үшін келесі аптада кездесу белгіленді. | Ата-аналар жиналысы жайлы ақпарат берілді. |
| 3 | | | Электронды хат | Балаға арналған қосымша үй тапсырмалары мен тапсырмаларды қосымша орындау мәселелері. | Мектеп сайтына қажетті тапсырмаларды орналастыру. | Электронды хатта ата-аналардың сұрақтары жауапсыз қалмауы үшін хабарласу керек. |
| 4 | | | Телефон қоңырауы | Оқушының сабаққа қатысуы туралы сұрау. | Сабаққа кешікпей келуін сұрау және оқу барысындағы қиындықтар туралы айту. | Қосымша кеңестер алу үшін кездесуге шақыру. |
| 5 | | | Жеке кездесу | Бала үшін оқу әдістемелері туралы түсіндірме берілді. | Келесі айда балаға арналған арнайы оқыту әдістерін әзірлеу. | Үй тапсырмаларын орындау режимін түзету туралы ұсыныс берілді. |

Журналдың толтырылу ережелері**:**

1. **Күні**: Байланыстың жүзеге асқан күнін белгілеу.
2. **Ата-ананың аты-жөні**: Кездескен ата-ананың толық аты-жөні.
3. **Байланыс түрі**: Байланыстың түрін көрсету (телефон қоңырауы, жазбаша хат, жеке кездесу, электронды хат, т.б.).
4. **Байланыстың мазмұны**: Ата-анамен сөйлесудің немесе хат алмасудың қысқаша мазмұны, мәселе, сұрақтар мен ұсыныстар.
5. **Қабылданған шаралар мен шешімдер**: Байланыс нәтижесінде қабылданған шаралар мен ұсыныстар.
6. **Қосымша ескертпелер**: Алдағы уақытта жасалатын жұмыстар немесе ескертулер.

Қорытынды**:** Бұл журналдың көмегімен мұғалімдер ата-аналармен жүргізілген барлық байланыстарды жүйелі түрде бақылап, қай мәселелерді шешуге болатынын, қандай шешімдер қабылданғанын көре алады. Сонымен қатар, ата-аналармен үздіксіз байланыс орнату және балалардың оқу үлгерімін жақсартуға қажетті шараларды ұйымдастыру үшін тиімді құрал болып табылады.

**Нұсқаулық:**

- Әр мұғалім ата-аналармен өткізген кездесулердің, жазылған хаттардың, телефон қоңырауларының және басқа да байланыс түрлерінің жазбаларын жүйелі түрде журналға енгізеді.

- Журналда әрбір қатысушының (мұғалім, ата-ана, оқушы) қатысу деңгейі, негізгі мәселелер және олардың шешілу жолдары көрсетіледі.

- Бұл журналды жүргізу арқылы мектеп пен отбасы арасындағы байланысты бақылап, қажетті түзетулер енгізуге мүмкіндік туады.

*Жұмыс нәтижесі:* Бұл әдіс мектеп пен отбасы арасындағы тұрақты байланыс пен бақылауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ «Үштік одақтың» нәтижелерін жүйелі түрде бақылауға көмектеседі.

**Топтардың ұсыныстары:**

1. Барлық қатысушылардың пікір білдіруіне мүмкіндік беріңіз.

2. Пікір алмасуға сенімділік пен ашықтық атмосферасын құрыңыз.

3. Талқылау барысында негізгі идеяларды жазу үшін флипчарт немесе тақта қолданыңыз.

4. Нақты аргументтермен дәлелдеңіз.

**Қорытынды бөлім**

*Модератордың қорытынды сөзі*

Қорыта айтқанда отбасында барлығы жақсы болған жағдайда балалар жақсы жетістіктерге жетіп, өзінің даму деңгейіне көтеріле алады.Отбасы мен педагогикалық ынтымақтастық баланың қанағаттану деңгейі мен тәрбиешінің жұмысының сапасын арттырады. Өзара сапалы қарым-қатынас, өзара сыйластық, әлемге деген түсіністік көзқарас және оның тиімділік ықпалына ұзақ уақыт бойы сезіну, бір-біріне серіктестік барлық қатысушыларға жағымды әсер ететіндей болуы тиіс, сонда ғана тәрбие мен білім беру өз нәтижесіне жетеді.

***Жамбыл облысы Меркі ауданы Мұхтар Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Анисова Назгүл Төлендіқызының тәжірибесінен***

## «Сынып жетекшісінің тайм-менеджментін тиімді ұйымдастыру жолдары»

**Мақсаты:**

Сынып жетекшілеріне уақытты тиімді басқару дағдыларын үйрету, оларды сабақ беруде және сыныпты басқаруда уақытты ұтымды пайдалану тәсілдерімен таныстыру.

**Күтілетін нәтиже**: Сынып жетекшілердің күнделікті жұмысына арналған басқару дағдыларын негізгі уақытын үнемдеу.

**Қатысушылар:**

1-11 сынып жетекшілері, әдістеме бірлестік жетекшілер

1. Семинардың ашылуы

2.Ұйымдастыру кезеңі: Амандасу, семинардың мақсаты мен жоспарын таныстыру.

Қатысушылардың танысуы. Әрқайсысының «**Тайм-менеджмент сіз үшін не білдіреді?»** деген сұраққа қысқаша жауап беруі. Тренингке кіріспе: **«Команда таңдау»** әдісі бойынша тақтаға команда аттарын белгілейтін үш сөз тізбектеліп жазылады: Білімді жетекші», «Дарынды жетекші», «Жаңашыл жетекші». Қатысушы мұғалімдер кезек-кезек орындарынан тұрып, өздері қалаған команданың астына өз есімдерін жазады. Оларға команда құрамы бес адамнан аспауы керек екені ескертіледі.

Бейне-ролик **https://youtu.be/8QcB_M-o5YU?si=BSKNank9JsfQm5qa**

*Ой қозғау сұрақтары:*

1. Бейне-роликте көрсетілген баланың жай-күйін қалай сипаттайсыздар?

2. Балаға үйде, мектепте сапалы көңіл бөлу қажет деп санайсыз ба?

3. Балаға ересектердің әрдайым дөрекі, ренжулі әрі шаршаңқы жүргені қандай әсер береді? Өз пікірлеріңізді қоссаңыздар?

«Тайм-менеджмент дегеніміз не?» деген тақырыпта қысқаша түсінік беру.

Сынып жетекшісінің күнделікті жұмысына арналған негізгі уақытты басқару дағдыларын атап өту.

**II. Негізгі бөлім: Тайм-менеджменттің негіздері**

Тайм-менеджменттің принциптері

Маңызды және шұғыл жұмыстарды айыра білу, мақсаттар қою және жоспарлау.



**Пирамида принципі:** ең басты тапсырмаларды алдыңғы орынға қою.

Уақытты бөлу және басымдықтарды дұрыс анықтау.

Сынып жетекшілердің тайм менеджментін дұрыс ұйымдастырудың тиімді тұстары:

1. Біртұтас тәрбие бағдарламасы ұсынған тиімді материалдарды қолдану мүмкіндіктерін білу.

2. Коллаборативті орта құру. (сынып жетекшілер арасында шығармашыл орта жасау).

3. Интернет ресурстарын тиімді пайдалану (тик-ток,инстаграм,фейсбук және т.б.).

4. Оқушыларды ізденіс пен сенімділікке баулу.

**Күнделікті жоспар құрудың әдістері:**

- Апталық және айлық жоспарларды тиімді пайдалану.

SMART мақсат қою әдісі (Specific, Measurable, Achievable, Relevant, Time-bound).

- Практикалық жаттығу: қатысушыларға апталық жоспар жасау тапсырмасы.

- Сабаққа дайындық және уақытты басқару
- Сабақтың құрылымы және уақытты дұрыс бөлу.
- Оқушылардың жұмыс уақытын тиімді ұйымдастыру.
- Сабаққа қажетті материалдар мен ресурстарды алдын ала дайындау.

**III. Тайм-менеджмент құралдары**

Оқушылармен, ата-аналармен байланыс үшін тиімді қолдануға болатын құралдар.

Практикалық жаттығулар қолдана отырып, жоспар жасау тақырыптық дебат немесе пікірталас.

«Тайм-менеджментті дұрыс ұйымдастыру деген не?» тақырыбында пікірталас жүргізеді.

Әр топтың өз пікірін қорғауы, уақытты тиімді пайдалану бойынша ұсыныстар айтуы.

**IV. Психологиялық аспектілер және уақыты үнемдеу дағдылары**

- Психологиялық кедергілер

- Уақытты үнемдеуге кедергі келтіретін факторлар.
- Кешігу, созылу, мақсатсыз әрекеттердің себептері.
- Психологиялық кедергілермен күрес әдістері.
- Уақытты үнемдеу әдістері

Өзін-өзі бақылау және уақытының бағасын білу.

Сізге көмек көрсететін адамдармен және ресурстармен дұрыс қарым-қатынас жасау.

Сынып жетекшісінің күнделікті жоспарлау парағын құру үшін келесі бөлімдерді қосуға болады:

**Сынып жетекшісінің күнделікті жоспарлау парағы**

**Күні:** __________________

**Сынып:** __________________

**Күн тәртібі:**

1. **Таңғы жаттығу:**
   Мектепке келу уақыты: ________________________________________
   Оқушыларды қабылдау: _______________________________________
   Мектеп ережелері мен тәртіп туралы ескерту: _____________________
   Жалпы жағдайды тексеру: ______________________________________
2. **Сабақтарды ұйымдастыру:**
   Сабақ басталуы және аяқталуы: _________________________________
   Оқушылардың белсенділігін бақылау: ___________________________
   Қажетті материалдарды тексеру: ________________________________
3. **Қосымша тапсырмалар/іс-шаралар:**
   Әлеуметтік іс-шаралар, сынып сағаттары: ________________________
   Оқушылармен жеке әңгімелер: __________________________________
4. **Күні бойы бақылау:**
   Оқушылардың тәртібі, денсаулығы: ____________________________
   Сабақтың барысында көңіл-күйін бақылау: _______________________
   Сабақтан кейінгі жұмыстары: __________________________________
5. **Кешкі қорытындылау:**
   Қайталану қажет мәселелер: __________________________________
   Оқушылардың жетістіктері мен қиындықтары: _____________________
   Ата-аналармен байланыс жасау (қажет болса): ____________________
   Келесі күнге дайындық: ______________________________________

**Жоспарланған іс-шаралар мен тапсырмалар:**

- ______________________________________________________________

**Қажетті құжаттар/материалдар:**

- ______________________________________________________________

Бұл жоспарда сынып жетекшісінің күнделікті жұмысын тиімді ұйымдастыруға қажетті барлық элементтер қамтылған.

**V. Қорытынды**

**Рефлексия:** Қатысушылар семинар барысында алған негізгі ойлары мен ұсыныстарын бөліседі.

«Тайм-менеджмент ұйымдастыруда қандай өзгерістер болады?» деген сұраққа жауап беру. Педагогтер күнделікті жоспарының сызбасын жасап ұсынады.

Сұрақ-жауап сессиясы

Қатысушылардың сұрақтары мен пікірлері.

Мазалаған сұрақтарға жауап беру.

Семинарды қорытындылау

***Абай облысы білім басқармасы Семей қаласы білім бөлімі № 19 жалпы орта білім беретін мектебінің директоры Жунусова Айсылу Ахмеджановна, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Жамалбаева Жулдыз Тлеубековна, Рымбекова Шынар Рымбековнаның тәжірибелерінен***

**«Біртұтас тәрбие: білім мен ұлттық тәлім» тақырыбындағы сынып жетекшілеріне арналған семинар әзірлемесі**

Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы, келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу кезек күттірмейтін іс. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізінде жасалған жоспарға сәйкес мектебімізде жұмыстар жүргізілуде және семинар ұйымдастырылды.

«Біртұтас тәрбие: білім мен ұлттық тәлім» тақырыбындағы семинардың мақсаты – «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру барысында педагогтерге тиімді әдіс-тәсілдерді ұсыну және тәжірибе алмасу.

Семинарда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұны аясында мектепте жүргізіліп жатқан жұмыстар көрсетілді. Мектептегі «Шаңырақ» клубы, «Даналық мектебі», «Шабыт» және «Контраст» театрлары, «Ұлттық мәдениет» көрмесі, «Күзгі асар» жәрмеңкесі және мектеп оқушыларымен жүргізілетін сыныптан тыс іс-шаралардың озық үлгілерімен бөлістік. Бүгінгі таңда барлық ұстаздар оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру мақсатында «Күй күмбірі», «Үнемді тұтыну», «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», «Өнегелі 15 минут» сынды шараларын күнделікті өткізеді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын кешенді іске асыру мақсатында мектебімізде ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы бойынша бірнеше іс-шаралар ұйымдастырылуда. Мектебіміздегі «Шаңырақ» клубы мүшелері «Шеберлер» бекетіне саяхат ұйымдастырды. «Шабыт» жобасы аясында «Ұлттық мәдениет» көрмесі өткізілді. Көрмеде оқушылардың қолдарынан шыққан бұйымдар мен «Киіз басу өнері - Көшпенділер мұрасы» шеберлік сағаты және қамшы таспасын өруден шеберлік сағаты өткізілді.

Мектеп театры «Шабыт» жобасының маңызды бөлігі болып табылады. Семинарға қатысушылар назарына мектебіміздегі «Шабыт» және «Контраст»

театр үйірмелерінің «Бала Қазыбек бидің елшілігі» және «Дай, пять» қойылымдары ұсынылды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Бердібек Соқпақбаев – балалар әдебиетінің бәйтерегі» әдеби кеші өтті.

Мұғалімдердің оқушылардың отбасыларымен тығыз қарым-қатынас жасауы және ата-аналарды мектеп өміріне тарту қажеттілігін қалыптастыру үшін «Сынып жетекші мен ата-аналар арасындағы өзара қарым-қатынас орнатудың тиімді әдістері» тақырыбындағы семинар – практикум өткізілді.

«Біртұтас тәрбие: білім мен ұлттық тәлім» тақырыбындағы семинарда өткізілген іс-шаралардың бірнеше әзірлемесін ұсынамыз.

**«Шабыт» жобасы аясында мектептегі**
**«Шабыт» үйірмесінің әзірлемесі**

| | |
|---|---|
| **Қойылымның тақырыбы:** | Бала Қазыбек бидің елшілігі |
| **Мақсаты мен міндеттері:** | «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жас ұрпақтың бойына Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыруда үлес қосу; шешендік өнердің ғасырлар бойы халық сынынан екшеліп өткен құнды мұра екендігін таныту;<br>- тапқырлық пен парасаттылық қабілеттерін арттыру;<br>- шешендік өнерге, сахна мәдениетіне баулу;<br>- адал, саналы, жасампаз азаматты қалыптастыру;<br>- үлкендердің өсиетін тыңдауға тәрбиелеу |
| **Күтілетін нәтиже** | Қазақ тарихының төрінен орын алған, қаншама ғасыр өтсе де, өскелең ұрпағына өшпес із қалдырған би-шешендердің өнегелі сөздерінен тағылым алады |
| **Түрі** | Сахналық қойылым |
| **Көрнекілігі** | Киіз үй, іші жабдықталған |
| **Қойылымның өту барысы** | |

*Құрманғазы күйі қосылып тұрады. Сахнаға әжесі мен немересі шығады.*

**Немересі:** Әже, сіз Қазыбек би туралы білесіз бе? Ол кім?



**Әжесі:**Құлыным-ау! Сен Қазыбек би атаңды білмейсің бе? Е,е, балам, ұлан-байтақ жерімізді анталаған жаулардан қызғыш құстай қорғап, ат үстінде арыстандай арпалысып өткен асыл бабаларымызды, олардың ерлігін білмеу ұят. Ұшқан құстың қанаты талатын қазақтың байтақ даласын ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен, аталы сөзбен қорғап қалған ардақты бабаларымыз-ай! Білмесең, тыңда балам. *(сахна сыртына шығып кетеді)*

***Бейнежазба көрсетіледі. Көрініспен жалғасады***

**Көрініс «Бала Қазыбек би мен Қонтажы хан»**

Сахна. Киіз үйдің іші. Ақырын музыка ойнап тұрады. Киіз үйдің төрінде қалмақтың көсемі Қонтажы, әйелі, екі уәзірі отырады. Есіктің алдында күзетші тұрады. Қонтажының ауылына Тайкелтір би мен бала Қазыбек келеді.

**Тайкелтір би:**Ассалаумағалейкум

**Күзетші :**Тоқта, кімсіңдер?

**Тайкелтір би:** Қазақ елінің елшісіміз, ханға жолықсақ деп едік, - дейді

**Күзетші кіріп ханға хабарлайды.**

- Хан ием, қазақ елінің елшілері келді, кездесу сұрайды,- дейді.

**Қонтажы хан:** Қазақ халқы бізді қамап келіп жатыр, тайға мінгізіп бір баланы да жіберіпті. Абылайдың бізді келеке қылғаны ғой! Менің ойым мынау: келекеге келген қылып, осылардың кісілерін қырып тастап, аттарын жылқыға қоса салсақ қайтеді? – депті.

**Барлық қалмақ билері** «дұрыс айтасыз, дұрыс айтасыз» деп шу ете түсіпті.

**Сонда ханым тұрып:**Хан ием, бұныңыз дұрыс болмас. Қазақ деген қабырғалы қалың ел ғой. «Елшіге елім жоқ» деген. Жат елдің елшісі келгенде, хандық қасиетінді сақтап, сөзін тыңдау керек. Сен жүз кісіні өлтіріп жайлана алмассың, жүз атты жылқыға қосып бай бола алмассың. Тай дегенің тұлпар болып жүрмесін, бала дегенің сұңқар болып жүрмесін, байқау керек, — деген екен.

**Хан:** Олай болса, шақырыңдар қазақтарды. Өзіме өзі, сөзіме сөзі сай келетін адамы болса оны көрейін, сай келмейтін болса жазасын осы арада берейін, — депті.

***Екі қазақ кіріп иіліп сәлем береді.***

**Қоңтажы хан:** Иә, қазақтар! Неменеге келдіңдер? Айтарларыңды айтыңдар да, үйлеріңе қайтыңдар!

**Қазыбек бала:**Ел ебелек емес, ер көбелек емес, дат! – деді.

**Сонда хан:** Өй, өзің жөніңді айтшы, атың кім ? – депті

**Қазыбек:** Атым-Қазыбек, әкем- Келдібек, Халқым- қазақ, руым- Қаракесек, — депті.

**Қоңтажының билері:** Өй,мына қазақ қайтеді-ей!

- Саңқылдап тұр ғой мына қазақ!

**Қоңтажы хан:** Дауысың қаздың дауысындай қаңқылдап тұр екен, ал датыңды айтшы!



**Сонда Қазыбек:** Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз, ешбір дұшпанға басындырмаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз.

Досымызды сақтай білген елміз, дәмі, тұзын ақтай білген елміз,асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз.

Сен қалмақ болсаң, біз қазақ, қарпысқалы келгенбіз, сен темір болсаң, біз көмір, еріткелі келгенбіз, сен темір болсаң, біз көмір, еріткелі келгенбіз,

қазақ, қалмақ баласы табысқалы келгенбіз; танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға келмесең шабысқалы келгенбіз; сен Қабылан болсаң, мен арыстан, алысқалы келгенбіз; жаңа үйреткен жас тұлпар жарысқалы келгенбіз; берсең жөндеп бітіміңді айт, бермесең дірілдемей жөніңді айт,

не тұрысатын жеріңді айт! — депті.

Сонда Қоңтажы не дерін білмей сасып қалыпты.

**Тайкелтір би:**Алдияр,тақсыр! Алдыңа келдік! Берсең алдық,бермесең қалдық!Сөзді өзіңе салдық!

**Хан:**Олай болса, кешке шейін бір жауап қайырармын, жауап қайтпай қалатын күн болса, ат-тонның амандығында елді тапқан да теріс болмас.

Алыстан келген елшілер ғой, ашулары бойында тұр екен, қонақ үйіне алып барып, бір жерден күтімге алыңдар.

**Ханым:**Ойпырм-ай,мына қазақтың қара баласы қалай сайрайды.Өзі өжет екен,-дейді **Барлық билері жиылып, ханның қасына келіп:**

1.-Уа,тақсыр,мұныңыз не? Мына қазақты неге басындырасыз? - депті

2.- Бір жұдырықтай баладан қарасуға түсіп, осынша дірілдеп кеткеніңіз не? – деді.

**Сонда Қонтажы тұрып:**Сендер білген жоқсыңдар. Сөзді өңменімен сұғып айтқан кезде, екі иығынан екі аю аузынан от шашып "тыпыр" етші, "көрейін" деп тұрды. Мінеки, мен содан қатты сескендім. Сендерге көрінбегенмен маған көрінді. Менің енді бұған қайтарып айтар сөзім жоқ, мал мен жанын есептеп алдына салып берейік, Шақырыңдар қазақтарды!— деді.

***Сахнаға бала Қазыбек пен Тайкелтір би шығады.***

**Қоңтажы хан:**Қазыбек, сен жаңа үйретілген жас тұлпар екенсің,сенің айтқан әр сөзіңе менің буыным шыдамай, сіресіп тұра алмадым, сондықтан саған екі белгі беремін! Біреуі- сенің дауысың қаздың дауысындай қаңқылдап шығады екен, сондықтан сенің атың бұдан кейін Қаз дауысты Қазыбек болсын. Екіншісі – қос тоғыз жүлде байладым, бұдан былай біздің елден сен қос сыбағалы бол,-депті Қазыбектің арқасынан қағып. **Билеріне қарап:**



— Ал,енді жүрелік, барып қазақтардың сыбағасын беріп,шығарып салайық,-***деп барлығы сахнадан шығып кетеді.***

*Құрманғазы күйі ойналып, сахнаға тағы әжесі мен немересі шығады.*

**Немересі:**Әже, Қазыбек би шешен әрі батыр болған екен ғой. Мен де Қазыбек би атамдай ел жүгін көтеретін тілге шешен, адал, білімді азамат болып өсемін!

**Әжесі:**Айналайын, құлыным! Өркенің өссін! Өткенімізді білетін, бүгінімізді түсінетін, ертеңімізге сеніммен қарайтын азамат болыңдар! Сендер бақытты ұрпақсыңдар! Жақсылыққа жақын жүріп, үлкендерге құрмет, кішіге ізетті болуға талпынған жөн.

**Немересі:**Ұқтым, әже. Жүріңіз саябаққа барып, Қазыбек би атамның басына гүл шоқтарын қойып қайтайық.

**Әжесі:**Жүре ғой, құлыным. *(сахна сыртына шығып кетеді)*

# «Бердібек Соқпақбаев – балалар әдебиетінің  бәйтерегі» әдеби кеші

| | |
|---|---|
| **Тақырыбы** | Бердібек Соқпақбаев –балалар әдебиетінің  бәйтерегі |
| **Әдеби кештің мақсаты мен міндеттері** | «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Бір ел - бір кітап» акциясын қолдау;<br>Балалардың кітап оқу мәдениетін дамыту, оқушылардың ұлттық әдебиетке деген қызығушылығын арттыру, жазушы шығармаларын насихаттау ;<br>- Оқуды жандандыру жөніндегі бағдарламаны дамыту, сауаттылық пен оқу мәдениетін қолдау,<br>- Рухани мұраны сақтау, ана тіліне деген қамқорлықты күшейту,<br>- Жастарға адамгершілік және патриоттық тәрбие беру; |
| **Күтілетін нәтиже** | «Бір ел-бір кітап» акциясында оқуға ұсынылған кітаптармен және қаламгердің өмір жолымен танысады; |
| **Түрі** | Әдеби кеш |
| **Көрнекілігі** | Интербелсенді тақта, кітап көрмесі, жазушы портреті |

**Әдеби кеш барысы**

**Кіріспе бөлім**

Мектеп кітапханашысы «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Бір ел-бір кітап» акциясының мақсаты мен міндеттерін, атқарылып жатқан іс-шаралар барысымен таныстырады.

**Негізгі бөлім**

1-жүргізуші: Құрметті қонақтар, оқырмандар!  «Бердібек Соқпақбаев - балалар әдебиетінің бәйтерегі» атты әдеби кешімізге қош келдіңіздер!

Балалар әдебиетінің бәйтерегі, қазақ әдебиетіне  өзгеше өрнек , ғажайып сыр-сипат алып келген көрнекті жазушы Бердібек Ыдырысұлы Соқпақбаев атамызға 100 жыл! Қаламгердің мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде тойлануда .

( Осы жерде видео көрсетіледі)

2-жүргізуші: Жазып та көрдім мен өлең ,<br>
Жазып та көрдім қарасөз,<br>
Ерте ме, кеш пе мен де өлем

Өлмейді тек дана сөз, - деп жыр жазып, шығармашылығын өлең жазумен бастаған  қаламгер проза жанрында өшпес із қалдырды.

1-жүргізуші :Иә, оның «Менің атым - Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Өлгендер қайтып келмейді» шығармаларын білмейтін адам жоқ шығар. Ал оның өмір жолынан не білеміз ?  (Осы жерде өмірбаянын  айтатын оқушылар шығады)



2-жүргізуші:Алыстан арбалап материал тасымайтын, архивтің шаңын жұтпайтын,тек өзі жайлы жазатын жазушының бірі- Бердібек атамыз еді. Қаламгер өзі өмір сүрген заманның шынайы келбетін суреттеді. Сондай шығармаларының бірі - «Балалық шаққа саяхат» повесі еді.

( Осы жерде «Балалық шаққа саяхат » туралы айтады )

1-жүргізуші:Кез-келген қаламгер өзі өмір сүрген кезеңіндегі оқиғаларды өз шығармаларына арқау етеді. Бердібек Ыдырысұлының өмірі Ұлы Отан соғысымен тұспа-тұс келді. Сондықтан өз шығармаларында осы ұлы нәубетті де  жазып кеткен еді. Келесі сөз «Ана жүрегі » жайлы .

( Осы  жерде  «Ана жүрегі» монологы оқылады)

2-жүргізуші:Жазушының жүгі қашан да ауыр. Әсіресе, балалар тақырыбына жазу – қиынның қиыны. Дегенмен осы тақырыпта еркін қалам сілтеп, артына өлмес мұра қалдырған бірден бір жазушы – Бердібек Соқпақбаев. Есімі ерек жазушыны балалар әдебиетінің атасы деп атайды. Мұның бір дәлелі – қалың оқырманның сүйікті шығармасына айналып кеткен «Менің атым – Қожа» повесі.



(Осы  жерде «Менің атым-Қожа» жайлы айтылады)

1-жүргізуші:Иә, жарты ғасыр уақыт өтсе де, үлкен- кішінің сүйікті шығармасына айналған шығармада  кішкентай Қожаның мектеп жасындағы бастан кешкен әр түрлі қызықты оқиғалары жайлы баяндалады. Ол қанша бұзықтық жасаса да, жақсы адам болуға талпынысы бар. Өзінің жасаған бұзықтығының бәрі әкесіз өскендігінен деп ойлайды. Қожа өзінің мінезін, тәртібін өзгертуге тырысады.( Осы  жерде «Менің атым Қожадан »үзінді қойылады)

2-жүргізуші:Өзіндік үнімен, суреткерлік қолтаңбасымен сөз өнерінде өз орнын иемденген жазушы, қазақ балалар әдебиетінің классигі – Бердібек Соқпақбаев. Жазушы қаламынан туған түрлі жанрдағы шығармалар қазақ әдебиетінің дамуына үлкен үлесін қосты. Шығармашылық жолы өлең жазумен басталғанымен қаламгердің суреткерлік қарымы прозада танылды. Ол адам мінезінің қайталанбас психологиялық өсуі мен өзгеруін, характерлер дамуын барынша қайшылықта көрсете білді.

1-жүргізуші: Өзімен үзеңгілес қаламгерлер, артынан ерген  шәкірттері  жазушының мінезі,болмысы,

өнері жайлы көп естеліктер айтады.

( Осы жерде жазушы жайлы сөздері айтылады)

2-жүргізуші:Бердібек атамыздың көзін көрмесек те, қазіргі технологиялық мүмкіндіктердің арқасында қаламгердің өз дауысы жазылған таспаны тамашалап көрейік.

1-жүргізуші:Балаларға арнап шығарма жазу ,сол арқылы кішкентай оқырманның құрметіне бөлену, жүрегіне жол табу үлкен таланттылықты қажет етеді. Солардың ішіндегі шоқтығы биік, бірегей таланттардың бірі - Бердібек Соқпақбаев дедік. Ендеше, бар саналы ғұмырын балаларға арнап шығармалар жазуға арнаған қаламгерге біз неге өлең арнамасқа.

( Осы жерде «Бердібек атамызға арнау» оқылады)

2- жүргізуші:Міне, құрметті оқырмандар, осымен «Балалар әдебиетінің бәйтерегі» атанған Бердібек Ыдырысұлы Соқпақбаевтың шығармашылығына арналған әдеби кешіміз аяқталды. Әрине, аз уақыттың ішінде мол мәліметті қамтысақ та, жазушы жайлы, оның шығармалары, кейіпкерлері жайлы білгенімізден білмейтініміз көп деуге болады.

1-жүргізуші: Сондықтан да «Бір ел – бір кітап» акциясы бойынша Бердібек атамыздың шығармаларын оқып, оны дәріптеу біздің борышымыз.

2-жүргізуші: Кешімізді « Менің атым - Қожа» фильмінде шырқалған Нұргиса Тілендиевтің «Туған Ел» әнімен аяқтасақ. Бәріміз қосылып бірге айтайық!

| | **Қорытынды бөлім** |
|---|---|

# «Сынып жетекші мен ата-аналар арасындағы өзара қарым-қатынас орнатудың тиімді әдістері»

## Семинар - практикум

| **Тақырыбы:** | **Сынып жетекші мен ата-аналар арасындағы өзара қарым-қатынас орнатудың тиімді әдістері** |
|---|---|
| Мақсаты: | Мұғалімдерде оқушылардың отбасыларымен тығыз қарым-қатынас жасауы және ата-аналарды мектеп өміріне тарту қажеттілігін қалыптастыру үшін жағдай жасау. |
| Міндеттері: | 1) мектеп пен отбасының өзара іс-қимылының мақсаттары, міндеттері мен негізгі бағыттары туралы түсінік қалыптастыру;<br>2) ата-аналармен жұмыстың белсенді нысандарын пайдалану дағдыларын пысықтау;<br>3) мұғалімдердің психологиялық-педагогикалық мәдениетін арттыру. |
| Құрал-жабдықтар | мультимедиялық презентация, бейнеролик, таратпа қағаздар. |
| **Күтілетін нәтиже** | ата-аналармен байланыс нығаяды, мұғалімдердің психологиялық-педагогикалық мәдениеті артады. |
| **Уақыт** | **Семинар-практикум барысы** |
| **Кіріспе бөлім** | |
| 5 мин | Аудиториямен танысу. «Көзінен таны» әдісі, «Қимылды қайтала» карталары, топтарды ұйымдастыру |
| 2 мин | «Ассоциация» жаттығуы. Әрбір топ өзінің ассоциациясын ақылдасып жазады.<br>1-ассоциация – «Өсімдіктер» (Егер ата-аналар өсімдік болса, олар ...)<br>2-ассоциация – «Жануарлар» (Егер ата-аналар жануар болса, олар...)<br>3-ассоциация – «Транспорт-көлік» (Егер ата аналар көлік болса, олар...)<br>Қорытынды: Барлық ата-аналар әр түрлі. Олармен тіл табысу, нәтижелі жұмыс істеу – мұғалімнің міндеті. |
| 1 мин | Бейнеролик «Ата-ана болу – ол...» |
| 2 мин | Тақырып пен проблемамен танысу. Сауалнама нәтижесі.<br>Жетекші: Құрметті әріптестер!Біз балалардың дамуының қай жағын қарастырмасақ та, оның әр түрлі жас кезеңдеріндегі тиімділігінде басты рөлді отбасы ойнайтыны әрдайым белгілі болады, сондықтан ата-аналар негізгі тәрбиешілер, ал сынып жетекшісінің міндеті оларға көмектесу және кеңес беру. |
| **Негізгі бөлім** | |
| 15 мин | Жетекші: Мұғалім өз қалауына қарамастан барлық ата-аналармен қарым-қатынас жасауға мәжбүр. Ол кез-келген ата-анамен тиісті байланыс орнатуы керек. Психологтар мұғалімге тап болатын ата-аналардың бірнеше түрін анықтайды<br>**Топтар арасындағы «Сәлеметсіз бе!» жаттығуы**<br>Әрбір қатысушыға карта беріледі. Ол картада жазылған эмоцияны ешкімге көрсетпей, сәйкес «Сәлеметсіз бе!» деп айту керек. Қарсы топ ол қандай эмоция екенін анықтайды.<br>Қорытынды: әңгімеге шақырылған ата анамен алғашқы эмоция алдағы диалогқа арқау болады, сондықтан мұғалім өзінің эмоциясын бақылауы керек. |

**Топтармен жұмыс**

| | |
|---|---|
| 5 мин<br><br>Жетекші-топтар | **І тапсырма:**<br>Ұсынылған сипаттамаға сүйене отырып, ата-ананың түрін графикалық түрде бейнелеңіз. Өз суретіңізді елестетіп көріңіз.<br>Ата-аналардың түрлері.<br>Оң көзқарастағы.<br>Одақтастар.<br>Манипуляторлар.<br>Шығармашылық.<br>Бейтарап<br>Деструктивті.<br><br>**ІІ тапсырма:**<br>«Ата–ана – мұғалім» жүйесінде түсінбеушіліктің қандай себептері бар екенін қарастырыңыз. Бұл мәселені мұғалімнің және ата-ананың көзімен қараңыз. |
| 7 мин | **Жетекші тәжірибесінен. Ұсыныстар мен тиімді ақпараттар**<br>1. Жиналысқа позитивті анонс жасап шақыру<br>2. Шағын фуршет дайындау.<br>3. Сыныптағы проблемаларды анықтау, бірлесіп шешу жолдарын ұсыну.<br>4. Сынып өмірінен ролик көрсету.<br>5. Позитивті әдіс-тәсілдер қолдану<br>6. Деструктивті көзқарастағы ата аналарды анықтау, олармен алдын ала хабарласу, негативтің алдын алу.<br>7. Пән мұғалімдерінен алдын ала ақпараттар жинау, олармен консилиум өткізу уақытын белгілеу.<br>8. Сынып жетекші жеке оқушы ата анасымен кездесу уақытын бекіту.<br>9. Жиналыста жеке оқушы кемшілігін айтпау.<br>10. Алғашқы жиналыста бірлескен жұмыс жоспарын жасау.<br>11. «Сынып жетекші – ата-ана» қарым-қатынасының ережесін жасап, бекіту.<br>12. «Эмоциялық шиеленісті төмендетудің әдістері мен тәсілдері» жадынамасын ұсыну.<br>**«Өзіңіздің балалық шағыңызды есіңізден шығармаңыз!»**<br>Ата-аналарға өзін жасөспірім сияқты сезінуге, оның рөліне кіруге, не ойлайтынын, не сезінетінін елестетуге шақырылады. Осы мақсатта ата-аналар балалары болуы мүмкін жағдайлардың шешімін іздейді (жағдайды мұғалім немесе ата-аналардың өздері ұсына алады).<br>Қолданылатын формалар мен әдістерді талқылау. |
| **Кері байланыс** | |
| 3 мин | **«Еркін микрофон»** |

***Астана қаласы әкімдігінің №72 мектеп-лицейі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Копбаева Жанар Ордагуловнаның тәжірибесінен***

## Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 2024-2025 оқу жылына арналған сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жылдық жұмыс жоспары

**Сынып жетекшілерінің әдістемелік мәселесі:**

Сынып жетекшілерінің тәрбие міндеттерін тиімді жүзеге асырудағы теориялық, интеллектуалдық, ұйымдастырушылық-педагогикалық және әдістемелік шеберліктерін жетілдіру арқылы кәсіби құзыреттілігін арттыру.

**Мақсаты:**

Сынып жетекшілерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, заманауи озық технологияларды меңгерту, заман талаптарына сай әдіс-тәсілдермен қамтамасыз ету және тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыру.

**Сынып жетекшілер ӘБ міндеттері:**

- тәрбиенің педагогикалық және психологиялық негіздеріне сүйене отырып, сынып жетекшілердің теориялық, ғылыми-әдістемелік, практикалық білім деңгейін көтеру;
- тәрбие жұмысының пәрменділігін көтеруге және жетілдіруге бағытталған мектепте, сыныпта жүргізілетін тәрбие жұмысын жетектеуші әдістемелік бағдарламалар ұйымдастыру;
- бірізділік және жүйелелік принципін қамтамасыз ету және орындау;
- сынып жетекшілердің жұмысын үйлестіруші нормативтік – құқықтық базамен таныстыру;
- педагогтердің кәсіби құзыреттілігін көтеру;
- озық іс-тәжірибелерді анықтау, жинақтау және тарату;
- сынып жетекшілерді заманауи озық технологиялармен қаруландыру және заман талаптарына сай әдіс-тәсілдерді меңгерту;
- сынып ұжымымен және жекелеген оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмысын үйлестіру;
- бірлестік мүшелерінің жұмысын бағалау және мектеп әкімшілігі алдында сынып жетекшілерін марапаттауға ұсыныстар беру.

**Күтілген нәтиже:**

- сынып жетекшілердің теориялық, ғылыми-әдістемелік, практикалық білім деңгейі көтеріледі;
- сыныпта жүргізілетін тәрбие жұмыстарына әдістемелік бағдарламалар әзірленеді;
- бірізділік және жүйелелік принципін ұстанады;
- нормативтік-құқықтық базаны біледі, қолданады;
- педагогтердің кәсіби құзыреттілігі көтеріледі;
- озық іс-тәжірибелерді жинақтайды және таратады;
- заманауи озық технологиялар мен және заманауи әдіс-тәсілдерді қолданады;
- сынып ұжымымен және жекелеген оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмысын үйлестіреді;
- Сынып жетекшілерінің жұмысын бағалайды.

**2024-2025 оқу жылына сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспары**

| № | Іс-шаралар аталуы | Орындалу мерзімі | Орындалуына жауапты | Аяқталу формасы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Сыныптағы тәрбие жұмысын жобалау және жоспарлау. Ағымдағы жылғы жұмыс жоспарын зерделеу және бекіту; Шығармашылық топ мүшелерін анықтау, олардың жұмыс жоспарын саралау және бекіту. Тәрбие жоспарларын бекіту. | Тамыз Қыркүйек | Әдістемелік бірлестік жетекшілері | Хаттама |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 | Дөңгелек үстел: «Отбасы балалардың рухани-адамгершілік және әлеуметтік денсаулығын нығайту факторы ретінде» Ашық есік күндерін жоспарлау. | Қазан | Әдістемелік бірлестік жетекшілері | Хаттама |
| 3 | «Қазіргі сынып жетекшісінің педагогикалық шеберлігі» тақырыбында мектеп сынып жетекшілеріне семинар | Қараша | Әдістемелік бірлестік жетекшілері | Хаттама |
| 4 | Конференция: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында өткізіліп жатқан әлеуметтік жобалардың талдауы: жоспарлануы, өткізілуі, нәтижелілігі. | Желтоқсан | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары<br><br>Әдістемелік бірлестік жетекшілері | Хаттама |
| 5 | «Кәмелетке толмағандардың суицидтік мінез – құлқының алдын алуда психологиялық педагогикалық сүйемелдеу жолдары» оқыту семинары | Қаңтар | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары<br><br>Мобильді топ мүшелері | Хаттама |
| 6 | Сауалнама: ата-аналардан, оқушылардан, сынып жетекшілерден | Ақпан | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары<br><br>Сынып жетекшілері | Аналитикалық анықтама |
| 7 | Сынып жетекшілер апталықтары | Наурыз | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары<br><br>Әдістемелік бірлестік жетекшілері | Анықтама |
| 8 | «Ең үздік сынып жетекші» конкурсын өткізу | Сәуір | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары<br><br>Әдістемелік бірлестік жетекшілері | Хаттама |
| 9 | Мектептің 2024-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысын талдау. 2025-2026 оқу жылына тәрбие жұмысын жоспарлау. | Мамыр | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары<br><br>Әдістемелік бірлестік жетекшілері | Аналитикалық анықтама |

## 2024-2025 оқу жылындағы сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің отырыстары

| **Мерзімі** | **Жұмыс түрі** | **Тақырыбы** | **Жауаптылар** | **Нәтижесі** |
|---|---|---|---|---|
| №1 отырыс<br>Тамыз<br>Қыркүйек | Әдістемелік шеберлік сабақ | 1. Әдістемелік-нұсқау хатпен танысу.<br>2. Мектептің біртұтас тәрбие жоспарын саралау.<br>**Мақсаты:**<br>Тәрбие үдерісін нормативтік-әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары<br><br>Әдістемелік бірлестік жетекшілері | ӘБ отырыстарының хаттамасын ресімдеу. Алынған ақпаратты жұмыста қолдану. Мұғалімдерге ұсыныстар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | ету.<br>**Талқылауға арналған сұрақтар**:<br>1. 2024-2025 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нормативтік құжаттарды зерделеу.<br>2. Бағдарламаға енгізілген жаңашылдықтар мен өзгерістер.<br>3. Сыныптағы жобалау қызметі және тәрбие жұмысын жоспарлау<br>4. 2024/2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту. | Сынып жетекшілері | |
| №2 әдістемелік отырыс қараша | Семинар-практикум | 1. Сынып жетекшінің функционалдық қызметі.<br>2. «Ата- аналармен тиімді байланыс: мектеп-отбасы ынтымақтастығы»<br>3. «Заманауи тәрбие әдістері: тиімді тәжірибелер»<br>**Мақсаты:** Тәрбие процесін жетілдіру үшін жаңашыл идеялар мен тәжірибелерді ұсыну<br>**Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>- Мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықтың пайдасы неде?<br>- Тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру үшін қандай инновациялық әдістерді енгізуге болады?<br>- Топтық жұмыстар мен ойын тәсілдерін тәрбиелік мақсатта қалай қолдану керек? | Әдістемелік бірлестік жетекшілері | Хаттама<br><br>Алынған ақпаратты жұмыста қолдану |
| №3 әдістемелік кеңес қаңтар | Әдістемелік шеберлік сабақ | 1. Сынып жетекшілер жұмысының бірінші жартыжылдық есептері.<br>2. «Әлеуметтік жобалардың тәрбиелік мәні:оқушылардың дамуындағы рөлі» тақырыбында шебер сабақ<br>Мақсаты: Сынып жетекшілердің жұмыс рейтингін қорытындылау<br>**Талқылауға арналған сұрақтар**:<br>1. Сынып жетекшілердің тәрбие жұмысының тиімділігін, оқушылардың дамуындағы жетістіктері | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары<br><br>Әдістемелік бірлестік жетекшілері<br><br>Сынып жетекшілері | Әдістемелік бірлестік отырыстарының хаттамасын ресімдеу |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | және проблемаларды анықтау, шешу жолдарын қарастыру.<br>2. Тәрбие жұмысындағы әлеуметтік жобаларды іске асырудың маңызын түсіндіру. | | |
| №4 әдістемелік кеңес наурыз | Семинар-тренинг | 1. «Педагогтердің эмоционалды интеллекті: оқушылармен қарым-қатынасты жақсарту»<br>2. «Білім беру мен тәрбиенің интеграциясы: пәндер аралық байланыс»<br>**Мақсаты**: Оқушылардың эмоцияларын түсіну және оларға қолдау көрсету арқылы эмпатиялық қарым-қатынасты дамыту мен тәрбие құндылықтарының пәндерге кіріктірілуі<br>**Талқылау сұрақтары:**<br>1. Оқушылар арасындағы жанжалдарды шешу және оларға дұрыс жауап беру тәсілдерін үйрету.<br>2. Тәрбие құндылықтарын пәндерге қалай кіріктіруге болады?<br>3. Әр пән бойынша тәрбиелік аспектілерді қалай анықтап, енгізуге болады? | Бірлестік жетекшілері | Әдістемелік бірлестік отырыстарының хаттамасын ресімдеу |
| №5 әдістемелік кеңес мамыр | Дөңгелек үстел | 1. «Біртұтас тәрбие жобасын іске асырудағы тиімді әдістер мен тәжірибелер» қиындықтар, шешімдер<br>2. Мектептің 2024 - 2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысын талдау. 2025-2026 оқу жылына тәрбие жұмысын жоспарлау | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары<br><br>Әдістемелік бірлестік жетекшілері<br><br>Сынып жетекшілері | Әдістемелік бірлестік отырыстарының хаттамасын ресімдеу<br><br>Талдама есептер, жоспар құру |

***Астана қаласы әкімдігінің №72 мектеп-лицейі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Аманова Айгуль Айтжанқызының тәжірибесінен***

## Тренинг тақырыбы: «Ата-аналармен тиімді байланыс: мектеп-отбасы ынтымақтастығы»

**Кіріспе**

**Мақсаты:**

Бүгінгі тренингтің мақсаты – ата-аналармен байланыс орнатудың тиімді әдістерін меңгеру. Бұл тек ата-аналармен сөйлесуді ғана емес, олардың

балаларының оқуы мен тәртібі туралы нақты ақпарат алуды да қамтиды. Бүгін біз сіздермен жаңа құралдар мен әдістерді талқылаймыз, және әрқайсыңыздың мектепте қандай қиындықтарға тап болатыныңызды түсінуге тырысамыз. Сонымен қатар тренингті өтудегі басты міндетіміз: Ата-аналарды тәрбие-үдерісіне тең құқылы және тең дәрежеде жауапты серіктес ретінде қосу. Өйткені, біз: мұғалімдер мен ата-аналар бір ортақ істі тең дәрежеде атқарамыз: біз балалардан лайықты, жауапты, шығармашыл, бастамашыл, сауатты азаматтарды тәрбиелейміз.

**Тренинг барысы:**

Қайырлы күн, құрметті әріптестер!

Мен өз сөзімді белгілі кеңестік жаңашыл педагог Василий Александрович Сухомлинскийдің «Мұғалімдер ата-аналармен, ортақ күш-жігермен ғана балаларға үлкен адамдық бақыт сыйлай алады» деген сөзінен бастағым келеді.

Құрметті әріптестер! Әрбір сынып жетекшісі үшін ата–аналармен қарым-қатынас сөзсіз және әрқашан да жұмыстың оңай емес бөлігі болып табылады. Сыныптар әртүрлі, ал олардағы балалар да, ата-аналар да әртүрлі.

Осы ретте бір сұрақ туындайды: «Сыныптағы жұмыс ата-аналармен ынтымақтастық пен өзара түсіністік жағдайында өтуін қалай қамтамасыз етуге болады?».

**Кіріспе жаттығу**

Ең алдымен ата-ана, бала және сынып жетекшісінің арасындағы байланысты адыгейлік үш аяқты үстелді мысал ретінде қарастыра отырып талқылайық.



Адыгейлік үш аяқты үстел сияқты біз де педагогикалық үстел құруымыз керек. Үшбұрыш, мыналардан тұрады мұғалім, ата-ана және оқушы, бұл үшбұрыштың басты шыңы, әрине, бала, оның міндеті жаңа нәрселерді үйрену арқылы өзін-өзі тану (мен не істей аламын). Ал үлкендердің міндеті – оған осы өте қиын істе көмектесу.

**Ойланайық.** Бір аяғы сынып қалса, бұл үстелге не болады? Құлайды!

Осы жерден **қорытынды**: баланың «екінші үйі» – мектепте жақсы өмір сүруі және жұмыс істеуі үшін біз күш-жігерімізді біріктіруіміз керек. Сынып жетекшісінің бұл реттегі міндеті – ата-аналарға тәрбие мәселелерінде көмекші және кеңесші болу, ұжымда балалар мен ата-аналарды құру олардың өмірін толтыратын қайталанбас аура, жақсылық пен өзара көмек атмосферасын құру.

Сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері менімен келіседі деп ойлаймын, сынып жетекшісі бұл өзара әрекеттестіктің шешуші тұлғасы екені сөзсіз.

Тренингтің мақсаты ең алдымен ата-аналармен қарым қатынас орнатудың тиімді әдістерін меңгеру болғандықтан, ең алдымен сіздер өз тәжірибелеріңізбен бөліссеңіздер.

**Қатысушылардың тәжірибесін сұрау:**

- «Қазір өзіңіз басқаратын сыныптағы ата-аналармен байланысты қандай

жиілікте және қандай құралдар арқылы орнатасыз? Қандай қиындықтарға тап болдыңыз?»

Мұғалімдерге не айту керек?:

Кері байланыстың маңызы?:

«Ата-аналармен тиімді байланыс орнатқанда, тек проблемаларды айту емес, баланың жетістіктерін де бөлісу өте маңызды. Егер баланың оқу үлгерімі нашарлап жатса, оны ата-аналарға қалай түсіндіруге болады? Біз оларды кінәлап, айыптамай, конструктивті түрде сөйлеуіміз керек.»

**Эмпатия туралы айту:**

«Қиын ситуацияларда ата-аналардың жағдайын түсіну керек. Олар да бала үшін алаңдайды. Біз ата-анамен сөйлескенде олардың эмоцияларына мән беріп, позитивті әрі түсіністікпен жауап беруіміз қажет. Эмпатия — осы жағдайда маңызды.»

**Рөлдік ойын:**

«Қазір мен сіздерге екі түрлі сценарий ұсынамын. Бірінші сценарий: Баланың оқу үлгерімі нашарлап кетеді, бірақ ата-аналар бұл мәселеге қарсы тұрады. Екінші сценарий: Баланың тәртібі нашарлап, ата-анасы баланың мінез-құлқын ақтауға тырысады. Осы сценарийлер бойынша жұпта жұмыс істеп, өз ойларыңызды бөлісіңіздер.»

**Ата-аналармен қиын жағдайларды шешуге кеңестер**

**Қиын жағдайларды басқару:**

«Мұғалімдер ата-аналармен күрделі әңгімелер жүргізуге дайын болуы керек. Баланың тәртібі немесе үлгерімі төмендеген кезде мұғалім ата-анамен қалай сөйлесуі керек? Мұнда басты назарда баланың қызығушылықтары болуы тиіс. Мұндай жағдайда ата-ананы кінәламай, бірге шешім табу керек.»

**Конструктивті диалог:**

«Қиын сұрақтарға дұрыс жауап беру үшін, біз ата-аналармен конструктивті диалог құруды үйренуіміз керек. Баланың үлгерімі төмендеп кеткен болса, оған нақты дәлелдермен және ұқыпты тілмен түсініктеме беріңіз. Мысалы: «Менің байқағаным, соңғы айда сіздің балаңыз сабақты жиі түсінбей қалған сияқты. Сіздер үйде көмек көрсетіп жатырсыздар ма?» деген сияқты ашық сұрақтар қойыңыз.»

**Топтық жұмыс:**

«Енді сіздерге екі сценарий ұсынғым келеді. Бірінші сценарий – баланың тәртібі нашарлауы, екіншісі — оқу үлгерімінің төмендеуі. Әр топ бір сценарий бойынша шешімдер ұсынады. Қалай сөйлесесіздер? Қандай әрекеттер қолданасыздар?»

**Әдіс-тәсіл түрлері:**

*Креативті жиналыс*

Ата-аналармен қарым қатынас жасауда пассивті түрдегі ата-аналар жиналысының орнына автивті түрдегі жиналыстар өткізу. Әр қайсыларыңыз өздеріңіздің фантазияларыңызға қарай, жиналыста ата-ананың балаға деген

көңіл бөлуінің балаға қалай әсер ететіндігін түсіндіру. Креативті кездесулер жасау.

**Ата-анаға хат**

Балалардан ата-анасына хат жазуларын сұрап, жиналыста ата-аналарға табыстау. Бұл бала мен ата-ана арасындағы байланысты одан әрі күшейте түседі.

*Мотивация мен ынталандыру әдістерін қолдануға кеңестер беру*

*Кеңес:*

«Баланың оқуына деген қызығушылығын арттыру үшін оны жағымды түрде ынталандырыңыз. Мысалы, жақсы нәтиже көрсеткенде мақтап, жетістіктерін атап өту, оқуға қызықты жобалар немесе тақырыптар ұсыну арқылы оны шабыттандыруға болады.»

**Не үшін маңызды:**

Мотивация – оқу процесін жеңілдететін маңызды фактор. Баланың өзіне деген сенімін арттыру, оны жақсы нәтижелерге жетелейтін күшті құрал болады.

**Тәжірибе жұмысы**

Мұғалімнің йод, су, аскорбин қышқылын пайдалану арқылы, ата-аналарға олардың баласына деген көңіл бөлуінің қалай әсер ететіндігін көрсету. Бұл практика барысында таза стакандағы суды бала деп алып, оның жаман жаққа, бұрыс жолға түсуіне әсер ететін факторларды айта отырып суға йод қосу. Сәйкесінше түсі өзгерген су бұл баланың бұрыс жолға түсуіне әсер еткен факторлар болып саналады, яғни жолдастарының пікірі, әлеуметтік желілер секілді. Ал баланы дұрыс жолға қайта келтіру, оны жақсы азамат етіп тәрбиелеу ата-ананың мақсаты болғандықтан, жаңағы боялған суға аскорбин қышқылын қосу арқылы реакция жүргіземіз. Реакция нәтижесінде судың түсі баяғы қалпына келеді. Яғни бұл реакцияны былай түсіндіруге болады: ата-ананың балаға жеткілікті көңіл бөлуі, мейірім тағы да басқа жақсы факторлардың балаға әсер етуі.

**Қорытынды және жоспар (15 минут)**

**Мақсаты:** Тренингтің нәтижелерін қорытындылап, қатысушылардың жоспарлары мен болашақта қандай өзгерістер енгізетінін анықтау.

**Рефлексия:**

Қатысушылар тренингтен алған білімдері мен әсерлерін бөліседі.

**Жаңа мәліметтер:** Тренинг соңында әр қатысушы өз сыныбында ата-аналармен тиімді жұмыс істеуге арналған жоспар құрады.

**Қорытынды сөз:**

Тренингтің негізгі идеясын қайталап, қатысушыларға ата-аналармен байланыстың мектептің дамуына қалай әсер ететінін және әр мұғалімнің осы салада өз үлесін қосуының маңыздылығын түсіндіру.

***Жетісу облысы Қызыларық орта мектебінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бейсенбаева Жанар Сейтқызының тәжірибесінен***

**Идея:** «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған «*Sana* серпіні» мектепішілік газеті.

**Авторы:** Жетісу облысы, Көксу ауданы, Мұсабек ауылы, «Мектеп жанындағы шағын орталығы бар Қызыларық орта мектебі» КММ-нің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бейсенбаева Жанар Сейтқызы.

«*Sana* серпіні» мектепішілік газеті "Біртұтас тәрбие" бағдарламасын жүзеге асыруда таптырмас құрал. Ол оқушылар мен ата-аналарды біріктіріп, тәрбиенің ортақ мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді. Газет оқу-тәрбие процесінің бірізділігін қамтамасыз етіп, ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.

**Мақсаты:**

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасындағы ай құндылықтарын шығармашылық арқылы мектептің тәрбие процесіне енгізу, медиасауаттылыққа тәрбиелеу арқылы қабілеттерінің дамуына мүмкіндік жасау, мектеп қауымдастығын біріктіру, мектеп өмірінің айнасы болу.

**Міндеттері:**

Ақпараттандыру, шығармашылықты қолдау, жауапкершілік пен көшбасшылықты дамыту, құндылықтарды насихаттау, таланттарды анықтау.

**Тиімділігі:**

Мектепішілік газет «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізгі идеяларын оқушылар мен ата-аналарға жүйелі түрде жеткізетін тиімді құрал болып табылады. Газет арқылы тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттерін, ай құндылықтарына сәйкес іс-шаралардың барысын, оқушылардың жетістіктерін көрсету мүмкін болады.

Газет оқушылардың тұлғалық дамуына ықпал етіп, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ұлттық және рухани құндылықтарға баулуға бағытталған.

**Өзектілігі:**

Қазіргі таңда білім алушыларды ұлттық және мәдени құндылықтарға негіздеп тәрбиелеу маңызды. Мектепішілік газет осындай тәрбиелік бағдарламаның ажырамас бөлігі бола отырып, білім алушыларды елжанды, саналы азамат етіп тәрбиелеуге бағытталған.

**Практикалық маңызы:**

Газетке материал дайындау барысында оқушылардың аналитикалық ойлау, шығармашылық қабілеттері дамиды. Олар өз жетістіктерін көрсетуге және қоғамға пайдасын тигізуге мүмкіндік алады.

Газет арқылы ата-аналар мектеп өміріндегі жаңалықтардан хабардар болып, тәрбие үдерісіне белсенді қатыса алады.

Бағдарламаның ай құндылықтары газет арқылы оқушылардың санасына терең сіңіріледі.

**Ұйымдастыру қадамдары:**

1. Жоспарлау:

- Басылымның айдарлары бағдарламадағы ай құндылығына сәйкес, тәрбие үштағанының идеологемалары мен тәрбие парадигмасын жаңғырту жоспарындағы тақырыптардан алынады. (мысалы: желтоқсан айында тәрбие үштағанының идеологемаларындағы тақырып «құқықтық мәдениет пен медиасауаттылық» болса, тәрбие парадигмасын жаңғыртуда «Лудомания», «Нашақорлық» тақырыптары қамтылады)

Газеттің әр санында оқушылардың жетістіктері мен өміріндегі маңызды оқиғаларды бөліседі.

2. Редакциялық алқаны құру:

- Өзін-өзі басқару ұйымының «Ақпарат» фракциясының мүшелері, мұғалімдер.
- Жауапты редакторды тағайындау.

3. Материал жинау:

- Оқушылар мен мұғалімдерден мақалалар, суреттер, креативті шығармашылық жұмыстарды жинау. Әдістері: ватсап, эл. почта, қағаз жүзінде.

4. Дизайн және безендіру:

Газет мазмұнын тартымды және түсінікті етіп дайындау. Визуал мен бірізділікті сақтау.

5. Тарату және насихаттау:

- Әлеуметтік желілер мен цифрлық платформаларды қосу (онлайн форматта жариялау).

«*Sana* серпіні» мектепішілік газеті оқушылардың шығармашылығын шыңдаумен қатар, ұлттық құндылықтарды түсіндіру мен насихаттауда таптырмас құрал. Ол мектеп өмірінің маңызды оқиғаларын бейнелеп қана қоймай, мектеп қауымдастығын тәрбие процесінде біріктіретін маңызды алаңға айнала алады.

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ МЕКТЕПІШІЛІК ГАЗЕТІ

# Sana

СЕРПІНІ

…2025 оқу жылынан бастап шығады

№2, 04 жел…оқсан https://www.instagram.com/qyzylaryq_school

*«Қағидамыз – әділдік,*
*тірегіміз – жауапкершілік,*
*мақсатымыз - өрлеу»*
***Қ.Тоқаев***

## Құндылық: бірлік және ынтымақ

**//Идеология: құқықтық мәдениет пен медиасауаттылық// Парадигма: лудомания, нашақорлық**

*Құқықтық мәдениет* – азаматтың қоғам алдындағы борышын саналы түрде орындаудың қажетті шарты, ол артта қалған көзқарастарды, адамдардың девиантты мінез-құлқын жеңуге, адамға озбырлық пен зорлық-зомбылық көрсету жағдайларын болдырмауға көмектеседі. Азаматтардың ғылыми негізделген құқықтық өкілдіктері құқықтық тәртіпті нығайтудың алғышарты болып табылады, онсыз демократиялық мемлекет құру мүмкін емес.

*Медиасауаттылық* – бейнелерді (образдарды), дыбыстарды және хабарламаларды алу, талдап- сараптау және бағалау қабілеті, сонымен қатар медиа әлемде жеке мақсаттарда дұрыс байланыс орнату қабілеті.

### ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ



**«Менің құқығым – менің міндетім»**

Әрбір адамның өмірде өз құқығы бар және оларды білу – қоғамда толыққанды өмір сүрудің басты кепілі. Бірақ құқықтар міндеттермен тығыз байланысты екенін ұмытпаған жөн. Оқушыларға құқықтары мен міндеттерін түсіндіру олардың саналы азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Баланың құқықтары туралы» заңында оқушылардың құқықтары нақты көрсетілген.

Құқықтар мен міндеттер өзара тығыз байланысты. Егер әрбір оқушы өз міндетін орындамаса, құқықтардың жүзеге асырылуы қиындайды. Мысалы, білім алу құқығы барлық оқушыларға берілгенімен, оқу міндетін орындамаса, олар бұл мүмкіндікті дұрыс пайдалана алмайды.

Әр оқушы өз құқықтары мен міндеттерін жақсы түсінгенде ғана саналы, жауапкершілікті азамат болып өседі. Қоғамдағы тепе-теңдік құқықтар мен міндеттерді сақтау арқылы ғана қалыптасады. Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері туралы тереңірек білуі олардың өмірде өз орнын табуына және қоғамға пайдасын тигізуіне жол ашады. Сондықтан «Менің құқығым – менің міндетім» ұстанымы әрбір оқушының өмірлік қағидасына айналуы керек.

«Құқық» фракциясының жетекшісі
Е.Арчин, 9-сынып

---

### ҚҰҚЫҚ ТЕРМИНІНЕ ҚАТЫСТЫ

# ЖҰМБАҚТАР

**Жұмбақтардың жауабын газеттің келесі санында жариялаймыз!**



1.Қоғамда тәртіп сақтайды,
Әркімнің ісін бақтайды.
Әділдікті жақтайды,
Бұл қандай заңдар? (....... )

2. Теңдік пен бостандық, Барлығына
ортақ қазыналық. Адамды қорғап
тұрады,
Оны тап, ойланшы? (..................... )

3. Кінәлі болсаң жазалайды,
Әділетсіздікті азайтады.
Қоғамдағы тәртіпті,
Қай ұғым анықтайды?
(.....................)



Жұмбақ авторлар





**Бұл сурет туралы кім не біледі?**

Бірнеше жыл бұрын мына сурет әлеуметтік желіде жаппай таралды. Суретте Сириялық жетім қыздың әке-шешесінің мәйітінің арасында жатқаны бейнеленген. Көптеген қолданушы бұл оқиғамен бөлісті.






Ал, мына сурет оқиғаның жалғасы. Бұл сурет қойылымдық сурет. Оны Сауд Арабиясының фотографы түсірген. Жобаның мақсаты – ата- анаға деген махаббатты көрсету. Жұмысының қайғылы оқиғамен байланысты тарап кететініне фотографтың өзі таң қалды. Ол суреттің Сирияға еш қатысы жоқ екенін айтып жүр. Алайда **фейк** жаңалықтар телевизия арқылы да таралады.

ФЕЙК ЖАҢАЛЫҚТАРДЫ ҚАЛАЙ АНЫҚТАУҒА БОЛАДЫ?

ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ

Фейк жаңалықтарды ажырату қазіргі ақпараттық заманда өте маңызды. Міне, жалған ақпаратты тануға көмектесетін бірнеше әдіс:

1. **Дереккөзді тексеріңіз.**



Жаңалық қай веб-сайтта немесе платформада жарияланған? Белгілі, сенімді ақпарат көздерінен алынған ба?

Егер ақпарат күмәнді сайтта жарияланса немесе дереккөз мүлдем көрсетілмесе, оның шындыққа жанасуы екіталай.

*Жалғасы келесі бетте...*

**2. Авторы туралы ақпарат іздеңіз.**

Жаңалықты жазған автордың аты белгілі ме?

Егер автор туралы мәлімет жоқ немесе ол жалған есім сияқты көрінсе, бұл күмән тудырады.

**3. Тақырыбы мен мазмұнына назар аударыңыз.**

Жаңалық тым сенсациялы немесе эмоция тудыратын болса (мысалы, "Сен шошып кетесің!" деген сияқты), ол фейк болуы мүмкін.

Мазмұны тым біржақты ма? Шынайы жаңалықтар әдетте бейтарап және дәлелдерге негізделеді.

**4. Деректерді растаңыз.**

Басқа сенімді ақпарат көздерінен осы жаңалық туралы мәлімет іздеңіз. Егер бір ғана сайт немесе әлеуметтік желіде ғана жарияланған болса, бұл оның фейк болуы мүмкін екенін көрсетеді.

**5. Күдікті сілтемелер мен дизайнға назар аударыңыз.**

Сайттың дизайны кәсіби ме? URL мекенжайы (мысалы, "gov.kz" орнына "gov.kz.com") дұрыс жазылған ба?

Күмәнді, жарнамамен толы сайттар көбіне жалған жаңалықтарды таратады.

**6. Фотосуреттер мен видеоны тексеріңіз**.

Суреттер мен видеолар басқа контексте қолданылған болуы мүмкін. Оларды Google Reverse Image Search сияқты құралдар арқылы тексеруге болады.

**7. Фактчек платформаларын қолданыңыз.**

Қазақстандағы Factcheck.kz немесе халықаралық Snopes.com сияқты сайттар жалған ақпаратты анықтауға көмектеседі.

**8. Эмоцияға берілмеңіз.**

Фейк жаңалықтар көбіне қорқыныш, ашу немесе қуаныш сезімдерін тудыруға бағытталған. Сабыр сақтап, жаңалықтың рас-өтірігін

салқынқандылықпен бағалаңыз.

Егер жаңалық күмән туғызса, оны басқалармен бөліспес бұрын жоғарыда аталған қадамдарды орындағаныңыз дұрыс.

*6-сынып жетекшісі, ағылшын пәнінің мұғалімі А.Баранбаева*

# Құмар ойыны — тәуелділік туындатататын желі

Лудомания, немесе ойын құмарлық, гэмблинг (лат.тілінен Homo ludens – ойнаушы адам) – «субъекттің өмірінде басым рөл ойнайтын, әлеуметтік, кәсіби, материалдық және отбасылық құндылықтардың төмендеуіне әкелетін патологиялық ойын құмарлық». Аурулардың халықаралық классификациясы бойынша лудомания аурулар тізіміне енгізілді.

Олардың адамды қызықтыратын бір тұсы бар. Бұл ақшаға, түрлі жиһаз, малға деген құштарлық. Қарапайым түрде бай болудың "оңай" жолы. Қазақстанда орта есеппен 350 мың адам құмар ойынның құрбанына айналса, орташа қарызы 10 млн теңгеден асады. Басқа салада үлкен прогресс жасамағанымен еліміздегі осындай бизнес біршама деңгейге жетті. 2022 жылдың 1 тоқсанында құмар ойынды ұйымдастыратын, мүлік тігу бойынша көрсетілетін қызметтер көлемі 138,8 млрд теңгені құрады.

## НЕ СЕБЕПТІ АДАМДАР ТӘУЕЛДІЛІККЕ ҰШЫРАЙДЫ?

Бірінші және ең көп таралған мәселе: отбасыдағы мәселе. Ол тікелей жүріп, тұруымызға, дұрыс өмір салтын жүргізуімізге әсерін тигізеді. Егер де үй ішінде тыныштық орнамаса, іштегі ызаны басып тастау үшін ойындарға көңіл бөліп, уақыт өткізетін болады.

Екінші, әрі бірінші мәселеден туындайтын қиыншылық: қаржылық, моральді қиындықтар. Еліміздегі қаржылық сауаттылықтың төмендігінен халықтың көп бөлігі әлі күнге дейін тәуекелге баруға дайын.

Үшінші мәселе: қанағатсыздық. Яғни, өмірден түңілу, бар дүниені бағалай алмау. Қазіргі заманда ақша табудың сенімді, әрі көп капиталды қажет етпейтін түрлері көп. Алайда, оны білмеген қауым әлі күнге дейін дұрыс емес ортада жүр.

Лудоманияға шалдыққан адамдарға қалай көмек бере аламыз?

Еліміздегі әр адам тыныш, уайымсыз өмір сүруге лайықты. Сондықтан, қиын тағдырға тап болғандарға көмектесу маңызды.

Республикадағы жағдайды өзгерту үшін салмақты түрде профилактика жүргізбен жөн. Бұл алдын-алу шараларының бірі болып табылады. Лудоманияға шалдыққан адамдардың ең әлсіз жері — ойлау қабілетінен айырылғаны. Сәйкесінше, психологтармен жұмыс көмегін көрсете алады.

Ақша бірде бар, бірде жоқ. Ол жоқ кезде адамның ең үлкен көмекшісі- оның білімі. Ойынға емес, оқуға уақыт бөліңіздер!

***11 «А» сынып жетекшісі Р.Борамбаева***

## Нашақорлық пен лудомания - ғасыр дерті

**Наркотик не друг...**

Наркотик не друг и не выход для нас,
Он — только обман и дорога в забвенье.
Жизнь дорога, она в каждый час Дарит любовь, свет и спасенье

*А.Асылбекқызы, 7-сынып*

**Давайте беречь здоровье!**

За деньги всегда Многое можно купить.
Смешную игрушку, Планшет и коньки.
Скоростной самокат, Или даже щенка.
Но только здоровье Купить невозможно!
Здоровье бесценно, Оно нам по жизни
Всегда пригодится. Поэтому, друг,
Всегда относись
К нему бережливо!

*5-сынып оқушысы, Абілхан Қамбар*

**Ойынқұмар болмайықшы ағайын!**

Ойынқұмар болмайықшы ағайын! Табайықшы бұл өмірдің орайын. Абайда айтты емеспе талай рет,
Құртты емеспе өмірлерін талайдың.

Талайлар төмендеді, жерде жатты, Менінде көкейімді тесті қатты.
Құмармен көтерілмес ешбір адам,
Кейбіреулер күнәға қатты батты!

*8 «а» сынып оқушысы, Кенжеғазы Нұраят*

**Say No to Drugs**

## Есірткіге «жоқ» деңіз

Choose the light, let hope arise,
Don't let the darkness cloud your skies.
Say no to drugs, stand up tall,
Your life is worth it, you can have it all.

Hold to the dreams that guide your way,
A brighter tomorrow begins today.
Stay strong, stay free, and never forget,
Your life is a treasure, don’t live with regret.

*Зайып Балжан, 6-сынып*

## СЫР - СҰҚБАТ

***Мектептің педагог-психологы Н.Куренкеевамен сұхбат***



**Алуа:** Сәлеметсіз бе! Бүгін біз сізбен жасөспірімдер арасында нашақорлықтың алдын алу тақырыбында сөйлескіміз келеді. Алдымен, жалпы нашақорлықтың жасөспірімдер арасында таралу себептері туралы айтып өтсеңіз.

**Психолог:** Сәлеметсіз бе! Бұл өте маңызды тақырып. Нашақорлықтың жасөспірімдер арасында таралуының бірнеше себебі бар. Біріншіден, бұл – жасөспірімдердің еліктеуге бейімділігі. Олар достарынан, интернеттен немесе әлеуметтік желілерден көргендерін қайталауға тырысады. Екіншіден, ішкі жан күйзелісі, отбасындағы немесе мектептегі қиындықтар сияқты факторлар да есірткіге әуестенуге итермелейді. Үшіншіден, дұрыс ақпараттың жетіспеушілігі. Жасөспірімдер кейде есірткінің зияны туралы жеткілікті білмейді.

**Алуа:** Жасөспірімдерге бұл тәуелділіктің алдын алу үшін қандай шаралар қолдануға болады?

**Психолог:** Алдын алу шаралары бірнеше деңгейде жүргізілуі тиіс:

1. Ақпараттандыру: Мектептерде нашақорлықтың зияны туралы ашық әңгімелер өткізіп, арнайы тренингтер ұйымдастыру маңызды. Балаларға нашақорлықтың денсаулыққа, психикаға және болашаққа қалай әсер ететінін түсіндіру керек.
2. Дағдыларды дамыту: Жасөспірімдерге қысымға қарсы тұру, шешім қабылдау және қиындықтарды жеңу сияқты өмірлік маңызды дағдыларды үйрету қажет
3. Отбасылық қолдау: Ата-аналар балаларымен тығыз қарым-қатынаста болуы керек. Бала өзін тыңдайтын, қолдайтын ортада өссе, ол қауіпті ортадан аулақ болады.
4. Психологиялық көмек: Егер бала күйзеліске ұшыраса немесе өзін жалғыз сезінсе, оған мектеп психологы немесе маман көмек көрсете алады.

**Алуа:** Мектепте психолог ретінде нашақорлықтың алдын алуда қандай іс-шаралар жүргізесіз?

**Психолог:** Біздің мектепте оқушылар арасында арнайы профилактикалық жұмыстар жүргізіледі. Мысалы, есірткінің зияны туралы сынып сағаттары өткізіледі. Сонымен қатар, әр оқушымен жеке жұмыс жасаймыз, олардың ішкі мәселелерін тыңдаймыз. Егер оқушының жүріс-тұрысында өзгеріс байқасақ, оның себебін анықтап, ата-анасымен бірге шешім қабылдаймыз.

**Алуа:** Ал ата-аналарға қандай кеңес бересіз?

**Психолог:** Ата-аналарға ең маңызды кеңес – балаларымен үнемі ашық және сенімді қарым-қатынаста болу. Баланың қызығушылықтарын, достарын білу маңызды. Сонымен қатар, ата-аналар өздері де нашақорлықтың зияны туралы ақпаратты біліп, балаларға үлгі болуы тиіс.

**Алуа:** Көп рақмет, өте маңызды ақпаратпен бөлістіңіз. Сіздің жұмысыңызға табыс тілейміз!

**Психолог:** Сізге де рақмет! Жасөспірімдердің қауіпсіз болашағы үшін бәріміз бірге жұмыс істеуіміз керек.

***Сұхбат алушы: 9-сынып оқушысы Тұраш Алуа***




Комикс авторы: Абайдолла Нұржайна,   9-сынып




Коллаж авторы: Нұрланбекұлы Бүркіт, 8 «Ә» сынып

ҚАРАША:«ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК» ҚҰНДЫЛЫҒЫ



# ҚАРАША АЙЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Мектеп бойынша қараша айында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыруда **«Үздік»** деп танылғандар:



**«Үздік оқушы»** - 10-сынып оқушысы Мырзахмет Куаныш, **өзін-өзі басқару ұйымының «Әрекет уақыты» Республикалық балалар құрылтайының қатысушысы**, химия пәндерінен ауыл олимпиадасы, биология пәнінен аудандық пән олимпиадасының жеңімпазы, мектеп президенті, «Мобилографтар» ұйымының жетекшісі.

**«Үздік сынып»** - 8 «ә», сынып жетекшісі – Иланова Айнагуль Болатовна

**«Үздік инста-парақша»** - 6-сынып, сынып жетекшісі – Боранбаева Айгерім Куанышбайқызы

«ҮЗДІКТЕРДІ» ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!


- МЕНШІК ИЕСІ: ҚЫЗЫЛАРЫҚ ОМ

Sana СЕРПІНІ

Бас редактор: Ж.Бейсенбаева
Редакция мекен- жайы: Тоққожанов көшесі, №1, телефон:877114309 92,

Редакция мүшелері: «Ақпарат» фракциясы , осы шығарымның таралымы: 15

@-mail:sanaserpini

## СЫНЫП САҒАТТАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ

***Астана қаласы әкімдігінің №72 мектеп-лицейі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Копбаева Жанар Ордагуловна және математика пәні мұғалімі, сынып жетекші Молдахметова Каламкас Беймбетовнаның тәжірибесінен***

| | | |
|---|---|---|
| **Сынып сағаты** | №1 | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып жетекші:** | | |
| **Сынып:** | Қатысқаны: | Қатыспағаны: |
| **Сынып сағатының тақырыбы:** | 1 қыркүйек -Білім күні.<br>**«Менің Отаным Қазақстан»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*<br>**№ 1-САБАҚ:**<br>«Төтенше нөмірлер» | |
| **Сынып сағатының мақсаты:** | Оқушыларды елін сүюге, Отанға деген мақтаныш сезімін арттыруға, еліміздің тәуелсіздігінің паш ететін түрлі тарихи оқиғаларды зерделей отырып, егемен елімізге қамқор болу, мемлекетімізді одан әрі нығайту, еліміздің ертеңі жастардың қолында екенін ұғындыру. | |
| **Қауіпсіздік сабағының мақсаты:** | Оқушыларға төтенше жағдайлар қызметі не үшін арналғанын және олардың жұмыс істеу тәртібімен таныстыру. | |
| **Қауіпсіздік сабағының міндеті:** | 1. Оқушыларды жедел қызмет түрлерімен таныстыру, балаларға өрт қауіпсіздігі ережелерін, жол жүру ережелерін сақтаудың маңыздылығын және өз денсаулығын сақтау жайлы түсіндіру.<br>2. Зейінін, есте сақтауын, ойлауын дамытуға ықпал ету.<br>3. Оқушыларды өмірлік қиын жағдайда үлкендермен қарым-қатынас жасау қажеттілігіне тәрбиелеу; төтенше жағдайларда баланың мінез-құлқының қауіпсіз үлгісін қалыптастыру | |
| **Құндылықтарды дарыту:** | ***ОТАНШЫЛДЫҚ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК*:** Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну; | |
| **Апта дәйексөзі:** | ***Білім – қымбат қазына, қанағат түпта азына (Мұзафар Әлімбаев)*** | |

**Сынып сағатының барысы:**

| **Сынып сағатының уақыты \ кезеңі** | **Сынып жетекшінің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары** |
|---|---|---|---|
| **Сынып сағатының басы**<br>*10 мин* | • Оқушылармен амандасу<br>• Тақырыпты хабарлау<br>• Мақсатпен таныстыру. | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Сөзжұмбақ шешу.**<br><br>1. Қазақстанның жергілікті халқы қай тілде сөйлейді (қазақ, казахский, Kazakh)<br>2. Қазақстанның Елордасы (Астана, Астана, Astana)<br>3. Қазақстан қай құрылықта орналасқан? (Еуразия, Евразия, Euroasia)<br>4. Қазақ халқының дәстүрлі ойыны?(асық, асык, asyk)<br>5. Қазақстанның рухани астанасы (Түркістан, Туркистан, Turkistan)<br>6. Қазақстанның ұлттық валютасы (теңге, тенге, tenge)<br>7. Қазақстанның көршілес мемлекет (Қытай, Китай, China)<br>8. Әр азаматтың туып-өскен жері қалай аталады? (Отан, Родина, Motherland) | Сұрақтарға жауап береді<br><br>Бірлесіп жұмыс жасайды<br><br>Кері байланыс жасайды<br><br>Оқушылар бірлесіп жұмыс жасайды | Тақырып тық суреттер<br><br>Қосымша материал дар<br><br>Стикерлер<br><br>Презентация |
| **Сынып сағатының ортасы**<br>*20 мин* | **Топпен жұмыс**<br>**1-топ:** «*Еркін микрофон*» әдісі (Егер мен әкім болсам....)<br>**2-топ:** «*Спираль*» әдісі (Отан туралы мақал-мәтелдер)<br>**Сергіту сәті**<br>https://imektep.kz/kz/game - memory_cards-722-тен сергіту сәті.<br>**«Ойлан, тап!» ойыны, топпен жұмыс беріледі.**<br><br>**«Ұлттық ойындар» :**<br>1. Қазақтың ұлттық ойындарының логикалық ойлау мен математикалық ойлануды дамытуға негізделген (Тоғызқұмалақ)<br>2. Бұл ойынды қыз-жігіттер екі топқа бөлініп, бір-бірінің қолынан ұстап, адамның атын атап шақырады, шақырған адам топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады (Айгөлек)<br>3. Бұл ойынды жазда көгалды алаңда, спорт залында өткізуге болады. Ойыншылар қос қолдап ұстап тартады. Тартысқа түскен екі топ бірін-бірі тартып, жердегі орталық сызықтан бұрын сүйретіп өткізіп әкету керек | Оқушылар ойын ойнайды<br><br>Оқушылар сұрақтарды тыңдап, ұлттық ойындар атауларын атайды | Қима суреттер, кескіндемелер<br><br>Постерлер<br><br>Қима тапсырмалар<br><br>Ұлттық ойындар бейнеленген суреттер |

<table>
<tr><td></td><td>(Арқан тартыс)<br>4. Қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойыны. Иірген кезде төрт түрлі қалыпта түседі: алшы, тәйке, бүк, шік (Асық ойыны)</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Қауіпсізді к сабағы<br>10 мин</td><td>Сабақ барысы<br>1. Кіріспе (2 минут)<br>Педагог сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлайды.<br>Төтенше жағдайлар қызметінің маңыздылығын талқылаңыз.<br>2. Негізгі бөлім(6 минут)<br>Ұғымдарды түсіндіру:<br>Жедел қызметшақырған кезде диспетчерге не айту керек? Мекенжайды, нысанды, жағдайды көрсету, қажет болған жағдайда фамилияңызды және телефон нөміріңізді көрсету қажет.<br>Төтенше жағдайлар қызметінің негізгі түрлерінің иллюстрацияларын көрсетіңіз. Төтенше жағдай туралы хабарлау неліктен маңызды? Оқушыларға жалған қоңырау ойыншық емес екенін, оның салдары өте ауыр болатынын түсіндіру. Сақтық шараларының қарапайым мысалдарын келтіріңіз. Қазақстанда кез келген ұялы байланыс операторының пайдалы жедел қызмет нөмірлері мен қала нөмірлері тегін беріледі:<br>«Есте сақта!»
<table>
<tr><td>Өрт күзеті</td><td>101</td></tr>
<tr><td>Полиция</td><td>102</td></tr>
<tr><td>Жедел жәрдем</td><td>103</td></tr>
<tr><td>Төтенше газ қызметі</td><td>104,112</td></tr>
<tr><td>Бірыңғай құтқару қызметі</td><td>112</td></tr>
<tr><td>«111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған.<br>- «111» нөмірі – 24/7 байланыста<br>- «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды</td><td>111</td></tr>
</table></td><td>Тақырыптық термин сөздерді дәптерлеріне түсіреді, оның ұғымын біледі.<br><br>Сілтеме бойынша видеороликпен танысып, өз ойларымен бөліседі.<br><br>Оқушылар шұғыл қызмет номерлерімен танысып, дәптерлеріне түсіреді</td><td>Тақырып бойынша иллюстрациялар, жедел телефондар туралы еске салғыштары бар үлестірмелі материалдар, рольдік ойындарға арналған телефон аппараттарының түрлерінің макеттері<br><br>Пайдалы сілтеме:<br>https://www.youtube.com/watch?v=fyfkEuHSiIc&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=5</td></tr>
<tr><td>Сынып сағатының соңы<br>5 мин</td><td>«Оқушы үні» әдісі арқылы кері байланыс<br><br>«Болашақта қандай үлес қосамын?»<br><br>– Балалар, мен сіздерге кішігірім ұшақтар таратамын, ал сіздер сол ұшаққа өз арман-тілектеріңізді, болашақта қандай мамандық иесі</td><td>Оқушылар сабақтан алған әсерлері мен білімдерін қорытындылайды.</td><td>Стикер</td></tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| | болғыңыз келетін туралы өз ойларыңызды жазыңыздар.<br><br>– Біз – тәуелсіз қазақ елінің ең жас жеткіншектеріміз. Сондықтан өз жерімізді, өз елімізді, әкелеріміз бен аталарымыз сияқты қадірлеуге, сүюге, қорғауға тиісті екенімізді естен шығармайық дегім келеді. | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Сынып сағаты** | №2 | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып жетекші:** | | |
| **Сынып:** | Қатысқаны: | Қатыспағаны: |
| **Сынып сағатының тақырыбы:** | **«Отбасындағы сыйластық»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*<br>**№ 2-САБАҚ:**<br>«Мектептегі қауіпсіздік ережелері» | |
| **Сынып сағатының мақсаты:** | Оқушыларға отбасындағы сыйластықтың маңыздылығын түсіндіру, құрмет, мейірімділік және жауапкершілік сияқты құндылықтарды дамыту. | |
| **Қауіпсіздік сабағының мақсаты:** | Мектептегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. | |
| **Қауіпсіздік сабағының міндеті:** | 1. Күнделікті өмір мектепте балаларды қандай қауіптер күтіп тұрғанын айтыңыз.<br>2. Қауіпті және қауіпсіз жағдайларды талқылау.<br>3. Жағдаяттарды жылдам басқаруға және ұтымды шешім қабылдауғаүйрету | |
| **Құндылықтарды дарыту:** | ***БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ***: бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу; | |
| **Апта дәйексөзі:** | ***Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!*** | |
| **Сынып сағатының барысы:** | | |

| **Сынып сағаты ның уақыты \ кезеңі** | **Сынып жетекшінің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары** |
|---|---|---|---|
| **Сынып сағаты ның басы**<br>*10 мин* | 1. Мұғалім оқушылармен амандасады, жылы атмосфера қалыптастырады.<br>2. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстырады: «Бүгін біз отбасындағы сыйластықтың маңыздылығы туралы әңгімелесеміз». | Тыңдайды, қызығушылық танытады. | Презентация слайдтары немесе тақта, отбасы туралы суреттер. Қосымша материалдар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Сынып сағаты ның ортасы**<br>*20 мин* | 1.Мұғалім оқушыларға отбасындағы сыйластықтың маңыздылығы туралы түсінік береді:<br>**Отбасы мүшелерін құрметтеу:**<br>- Әр адамның пікірі мен сезімін бағалау.<br>- Үлкендерге құрмет көрсету: амандасу, көмек сұрағанда сыпайы болу.<br>- Кішілерге қамқорлық көрсету, олардың жетістіктерін мақтау. **Бір-біріне көмектесу және қолдау көрсету:**<br>- Үй жұмысына көмектесу: бөлмені жинау, дастарқан дайындау.  - Біреудің қиналған сәтінде эмоционалды қолдау білдіру.<br>- Отбасылық мерекелер мен дәстүрлерге қатысу.<br>**Шыншылдық пен жауапкершілік:**<br>- Өз әрекеттеріне жауап беру, сөзінде тұру.<br>- Қателігін мойындау және кешірім сұрау.<br>- Уақытылы көмектесу, тапсырмаларды орындау.<br>2. **Тапсырма:** Мұғалім оқушыларға сұрақ қояды:<br>«Сіз отбасыңызда қалай сыйластық көрсетесіз?»<br>3. Оқушыларға мысал келтіреді: отбасылық әңгімелер, көмектесу, құшақтау.<br>**Шағын топтық жұмыс (10 минут):**<br>Оқушыларды 3-4 адамнан шағын топтарға бөлу.<br>Әр топтық тапсырма:<br>«Сыйластық ағашы» постер жасау (әр жапыраққа сыйластыққа **қатысты сөздер жазу**<br><br>**Отбасындағы сыйластық туралы жағдаяттарды шешу.**<br>**Жағдаят 1**<br>Сипаттама:<br>Анаң сенен үй шаруасына көмектесуін өтінді, бірақ сен ойнап жүрген адамдарға маған бермедің. Анаң ренжіп, өзі бәрін жасады.<br>**Шешу жолы:**<br>Анамыздың еңбегін құрметтеу үшін ойыннан үзіліс жасап, оның сөзін орындау. Уақытты дұрыс бөліп ойын, міндеттерінді | Сұрақтар ға жауап береді<br><br>Сөздерді айтып, ой бөліседі. Сабақтың негізгі идеясын есте сақтайды.<br><br>Бірлесіп жұмыс жасайды<br><br>Әр топ өз жұмысын таныстырды<br><br>Оқушылар жағдаяттар бойынша өз | Құндылықтарға қатысты ұран жазылған карточкалар, отбасы туралы иллюстрациялар<br><br>Қима тапсырмалар<br><br>Түрлі – түсті қаламдар<br><br>Жағдаяттар жазылған қима қағаздар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | орындаған соңды жалғастыру.<br>Болашақта анаңмен көмектесу уақытын алдын ала келісіп алу.<br>**Жағдаят 2**<br>Сипаттама:<br>Нағашың туған күніңе сыйлық әкелді, бірақ ол саған ұнамады. Сен оны айтып, нағашыңның көңілін түсірдің.<br>**Шешу жолы:**<br>Сыйлық – нағашыңның саған деген ықылас екенін түсіну.<br>«Сіз маған сыйлық әкелгеніңізге үлкен рақмет!» деп шынайы алғыс айту.<br>**Жағдаят 3**<br>Сипаттама:<br>Сенің сенің жаңа кітабыңды алыпсыз, оның кейбір беттерін жыртып алды. Бұл сенің ашуыңды тудырды, ал сіңлің кінәсін түсінбейді.<br>**Шешу жолы:**<br>Сіңліге ашуланбауға тырысып, сабырлы түрде: «Біреудің затын дұрыссыз алуға болмайды» деп түсіндіру.<br>Жыртылған кітапты өңдеуді бірге жасау. Бұл екеуіңнің арандағы қарым-қатынасты нығайтады.<br>Сіңліңе келесі жолы рет сұраудың маңыздылығын айтып, оған жақсы үлгі болады.<br>**Әңгіме-дебат**<br>Сұрақ: «Отбасындағы сыйластықты қалай қайтарады?» | пікірлерін айтады<br><br>Оқушыларды ң өз пікірлерін айтып, пікірлерімен бөліседі | |
| **Қауіпсіз дік сабағы**<br>10 мин | Сабақ барысы<br>1. Кіріспе (2 минут).<br>2. Педагог сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлайды. Жаңа тақырыпты түсіндіру.<br>2. Негізгі бөлім (6 минут) Мектептегі мінез-құлықтың негізгі ережелерін түсіндіру: «Оқушыларға арналған ішкі ережелер» туралы айтып беріңіз. Неліктен мінез-құлық ережелерін сақтау керек?<br>3. Жағдайларды талдау.<br>1. Асханадағы өзін-өзі ұстау.<br>2. Үзіліс кезіндегі мінез-құлық.<br>3. Дене шынықтыру сабағында өзін-өзі ұстау. | Тақырыптық термин сөздерді дәптерлеріне түсіреді, оның ұғымын біледі.<br><br>Сілтеме бойынша видеороликпе н танысып, өз ойларымен | Пайдалы сілтеме:<br><br>**https://youtu.be/5eB2t9e7guA?si=xhXOEaxX2u3KTXvl**<br><br>Тақырып |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Оқушылар мінез-құлық ережесі жайлы өз ойларын білдіреді.<br>«Есте сақта!»
<table>
<tr><td>Өрт күзеті</td><td>101</td></tr>
<tr><td>Полиция</td><td>102</td></tr>
<tr><td>Жедел жәрдем</td><td>103</td></tr>
<tr><td>Төтенше газ қызметі</td><td>104, 112</td></tr>
<tr><td>Бірыңғай құтқару қызметі</td><td>112</td></tr>
<tr><td>«111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған.<br><br>- «111» нөмірі – 24/7 байланыста<br>- «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды<br>- «111» нөмірі – тәулік бойы ІІД және өңірлердің жедел топтарымен байланыста.</td><td>111</td></tr>
</table>
3. Қорытынды (2 минут)<br>Сабақты қорытындылау.<br>Есіңізде болсын, мектепте қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау арқылы сіз өзіңізді ғана емес, сонымен қатар құрбыларыңызды да қорғайсыз!</td>
<td>бөліседі.<br><br>Оқушылар шұғыл қызмет номерлерімен танысып, дәптерлеріне түсіреді<br><br>Оқушылар ролдік ойындар ойнайды</td>
<td>бойынша иллюстрациялар, тәртіп ережелері жазылған үлестірмелі материалдар, проектор, компьютер</td>
</tr>
<tr>
<td>Сынып сағатының соңы<br>5 мин</td>
<td>Мұғалім сыйластықтың маңыздылығын қорытындылайды.<br>«Сыйластық туралы бір ауыз сөз» әдісі: оқушылардан сыйластыққа байланысты бір сөз айтуын сұрайды.<br>Оқушыларға «Отбасымның сыйластығын сақтаймын» атты шағын эссе жазу немесе сурет салу тапсырмасы беріледі.<br>Белсенді қатысқандарды мақтап, алғыс білдіреді.</td>
<td>Оқушылар сабақтан алған әсерлері мен білімдерін қорытындылайды.</td>
<td>Стикер</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr><td>Сынып сағаты</td><td colspan="2">№3</td></tr>
<tr><td>Күні:</td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td>Сынып жетекші:</td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td>Сынып:</td><td>Қатысқаны:</td><td>Қатыспағаны:</td></tr>
<tr><td>Сынып сағатының тақырыбы:</td><td colspan="2">«Буллингтен қорған!»<br>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)<br>№ 3-САБАҚ:<br>«Үйге қауіпсіз оралу: қолайсыз ауа- райында не істек керек?</td></tr>
<tr><td>Сынып сағатының мақсаты:</td><td colspan="2">Оқушыларға буллингтің (қорқыту мен мазақтаудың) зияны туралы түсінік беру.<br>Достық қарым-қатынасты нығайтып, мектептегі қауіпсіз ортаны қалыптастыру.</td></tr>
<tr><td>Қауіпсіздік сабағының мақсаты:</td><td colspan="2">Оқушыларды ауа райы құбылыстарымен таныстыру және найзағай, көктайғақ, бұрқасын кезінде қауіпсіз әрекет ету дағдыларын дамыту, ауа райы және оның негізгі көрсеткіштері туралы білімдерін бекіту.</td></tr>
<tr><td>Қауіпсіздік</td><td colspan="2">1. Берілген тұрғылықты жеріне тән ауа райы құбылыстарының</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| **сабағының міндеті:** | терминологиясыменжәне сипаттамасымен танысу.<br>2. Найзағай, көктайғақ, бұрқасын кезінде қауіпсіздік ережелерін білу.<br>3. Табысты әлеуметтік бейімделу үшін қауіпсіз тұлға түрін дамыту. |
| **Құндылықтарды дарыту:** | ***БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ:***<br>басқалармен жағымды қарым-қатынас орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосу. |
| **Апта дәйексөзі:** | ***Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға! (Абай)*** |
| **Сынып сағатының барысы:** | |

| **Сынып сағатының уақыты \ кезеңі** | **Сынып жетекшінің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар \ сабақтың техникалы қ құрал - жабдықтар ы** |
|---|---|---|---|
| **Сынып сағатының басы**<br>*10 мин* | Оқушылармен амандасу.<br>• Сабақтың мақсаты мен тақырыбын түсіндіру.<br>• «Достық пен түсіністік – біздің ұранымыз!» деген ұранды атап өту.<br>1. Буллинг дегеніміз<br><br>Буллингтің анықтамасы: қорқыту, мазақтау немесе қысым көрсету әрекеттері. | Сұрақтар ға жауап береді<br><br>Тақырып бойынша өз ойларымен бөліседі | Тірек сөздер, фото суреттер тақтаға ілінеді |
| **Қауіпсіздік сабағының міндеті:** | 1.Оқушыларды жедел қызмет түрлерімен таныстыру, балаларға өрт қауіпсіздігі ережелерін, жол жүру ережелерін сақтаудың маңыздылығын және өз денсаулығын сақтау жайлы түсіндіру.<br>2.Зейінін, есте сақтауын, ойлауын дамытуға ықпал ету.<br>3.Оқушыларды өмірлік қиын жағдайда үлкендермен қарым-қатынас жасау қажеттілігіне тәрбиелеу; төтенше жағдайларда баланың мінез-құлқының қауіпсіз үлгісін қалыптастыру. |
| **Құндылықтарды дарыту:** | ***БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ:*** бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу; |
| **Апта дәйексөзі:** | ***Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі*** |

**Сынып сағатының барысы:**

| **Сынып сағатының уақыты \ кезеңі** | **Сынып жетекшінің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары** |
|---|---|---|---|
| **Сынып сағатының басы**<br>*10 мин* | - Оқушылармен амандасу.<br>- Сабақтың мақсаты мен тақырыбын хабарлау.<br>- «Достық – басты қару» деген ұранмен сабақты бастау | - Тыңдайды.<br>- Сабаққа назар аударады. | Буллинг туралы қысқа бейнеролик. Карточкалар мен рөлдік ойын материалдары |
| **Сынып сағатының ортасы**<br>*20 мин* | **Буллингтің анықтамасы:** Буллинг – бұл бір адамның екінші адамға немесе топтастырылған әдейі, қайталанатын қысым көрсетуі, мазақтауы, қорқытуы.<br>**- Буллингтің түрлері:**<br>1. **Физикалық буллинг:** ұрып-соғу, итеру, ашық сындыру, агрессия көрсету.<br>2. **Сөздік бұллинг:** мазақтау, қорлау, қорқыту, балағат сөздер айту.<br>3. Әлеуметтік желіде, хабарламаларда, ойын платформаларында қысым көрсету, қорлау немесе қауіпті ақпарат тарату **.**<br>4. **Әлеуметтік буллинг:** адамды топтан шеттету, оның беделін түсіру, жалған ақпаратты тарату.<br>**- Бұллингтің салдары:**<br><br>**- Психологиялық:** өзін-өзі бағалаудың басқару, мазасыздық, депрессия. | - Тыңдайды, өз ойларын дәптерге жазады.<br><br>- Белсенді арнайы сұрақтарға жауап береді. | Тақырыптық презентация<br><br>Қима суреттер, кескіндемелер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | - **Физикалық:** денсаулыққа әсер ететін стресс, қадағалаудың қалпына келуі.<br>- **Әлеуметтік:** жалғыздық, басқалардан оқшаулану. - **Буллингтен қорғау жолдары:**<br>1. Қорықпай, сенімді адамға айту (ата-, мұғалім, мектеп психологы).<br>2. Агрессорға жауап бермеу, оның әрекетін элементеу.<br>3. Достық қарым-қатынасты нығайту және өзара қолдау көрсету.<br>4. Мектептегі және интернеттегі этика ережелерін сақтау.<br><br>**«Жолтаңбаларының мақсаты» ЖЖЕ№3**<br><br>Жолда жүру ережелеріне арналған сынып сағатымызды Шөмішбай Сариевтің мына өлең жолдарымен бастаймыз.<br><br>Арманға алдан күткен асығамыз,<br>Біз қалай толқын атпай басылармыз.<br>Жол жүру ережесін жақсы біліп,<br>Сақтықта тұра алатын жас ұланбыз.<br>Бүгінде қалада да үлкен көшелер және онда жүйткіген автокөліктер көбеюде. Көше кеңейген сайын ерсілі-қарсылы жаяу жүргіншілер мен жүргізушілердің де көбейетіні даусыз. Соңғы жылдары еліміздің қай жерінде болмасын автокөліктердің барлық түрлері еселеп артып келеді. Мұның өзі машина жүргізушілер мен жаяулардың, әсіресе мектеп оқушыларының жол ережесін неғұрлым жете біліп, қатаң сақтауын қажет етеді. Көшенің тәртібін үйде ата-ана ескертсе, көше қиылысында күзет қызметкерлері мен бағдаршам қадағалайды.<br><br>Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын, шешуін тауып көріңдерші.<br><br>Аяғы жоқ жүрмейді, | - Қорғану жолдары туралы пікір алмасады.<br><br>Жұмбақты | Қима тапсырмалар<br><br>Жолда жүру ережелері бейнеленген суреттер, презентация |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Аузы жоқ сөйлейді. (Бағдаршам)<br><br>Бағдаршам – өмірімізді апаттан сақтандыратын жалғыз көмекшіміз.Оның сырын біліп, тілін алу баршамыздың міндетіміз. Бағдаршам-жол элементтерінің ішіндегі ең ерте қолданыла бастағаны. Қазір бағдаршамның жасы жүзден асып кетті. Оның кескін келбеті де құрылысы да әлденеше рет жаңарды. Бағдаршамның жаяулар және автомашиналар жүрулеріне арналған түрлері болады. Олардың айырмашылықтары көздерінде: адамдарға арналған бағдаршамның екі көзі болады, қызыл да – тоқтайды, жасыл да – жүреді. Ал, жүргізушілерге арналған бағдаршамның 3 көзі болады: қызыл да – тоқтайды, сары да – әзірленеді, жасыл да – жүреді.<br><br>Жол белгілері 4 топқа бөлінеді:<br>-Ескерту, тыйым салушы бұлар - қызыл түс<br>-Сілтеуші, рұқсат беруші белгілер – көк түс<br>Бағдаршам ойыны.<br>Қызыл көтерген де-тұр, сары –күт, жасыл-жүр.<br>Бағдаршамның сұрақтарына жауап беріп көрелік.<br>1. Жаяу адамға қай жермен жүруге болмайды?<br>2 .Қала көшесінде келе жатқанда қандай жермен жүру керек?<br>3. Көше тәртібін не басқарады?<br>4. Жолдың қай жағымен жүру керек?<br>5. Бағдаршамның әр түсі нені хабарлайды?<br>Мұғалім: Енді бағдаршамның жұмбақтары бар екен, соны шешіп көрейік..<br>1. Сом дене, табаны бар сонша тісті,<br>Бір өзі бітіреді сонша істі. (Трактор)<br>2. Кеудесінде жаны жоқ,<br>Тамырында жаны жоқ, | шешеді және бағдаршам туралы мағлұмат тыңдайды<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Бағдаршамның сұрақтарына жауап береді<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Бағдаршамның жұмбақтарын шешеді | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Май жейді,<br>Су ішеді.<br>(Машина)<br>3. Дыз-дыз етіп жүрегі,<br>Сымнан ұстап жүреді.<br>Өзіне адам мінеді,<br>Ол не, кім біледі?<br>(Троллейбус)<br>4. Ала таяқ ұстаған<br>Жол тәртібін нұсқаған<br>Өміріңді күзеткен<br>Ысқырығы күшті адам.<br>(Полиция қызметкері)<br>5.Көзін ашып жұмады,<br>Бағыт сілтеп тұрады.<br>(Бағдаршам)<br>Келесі ойнайтын ойынымыз «Жанатын бағдаршам»<br>Бағдаршам қызыл көзін көрсеткенде орындарыңнан қозғалмай тұрасыңдар. Сары көзін көрсеткенде қолдарыңды шапалақтайсыңдар. Жасыл көзі жанғанда орындарыңда тұрып жүресіңдер. | | |
| **Қауіпсіздік сабағы**<br>10 мин | 1. Кіріспе (2 минут)<br>Педагог сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлайды.<br>Төтенше жағдайлар қызметінің маңыздылығын талқылаңыз.<br>2. Негізгі бөлім (6 минут)<br>Ұғымдарды түсіндіру:<br>Жедел қызмет шақырған кезде диспетчерге не айту керек? Мекенжайды, нысанды, жағдайды көрсету, қажет болған жағдайда фамилияңызды және телефон нөміріңізді көрсету қажет.<br>Төтенше жағдайлар қызметінің негізгі түрлерінің иллюстрацияларын көрсетіңіз.<br>Төтенше жағдай туралы хабарлау неліктен маңызды?<br>Оқушыларға жалған қоңырау ойыншық емес екенін, оның салдары өте ауыр болатынын түсіндіру.<br>Сақтық шараларының қарапайым мысалдарын келтіріңіз.<br>Қазақстанда кез келген ұялы байланыс операторының пайдалы жедел қызмет | Тақырыптық термин сөздерді дәптерлеріне түсіреді, оның ұғымын біледі.<br><br>Сілтеме бойынша видеороликпен танысып, өз ойларымен бөліседі.<br><br>Оқушылар шұғыл қызмет номерлеріме н танысып, дәптерлеріне | Шұғыл қызмет нөмірлері бар карточкалар<br><br>Пайдалы сілтемелер:<br><br>https://www.youtube.com/watch?v=fyfkEuHSiIc&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=5 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | нөмірлері мен қала нөмірлері тегін беріледі:<br>Өрт күзеті: 101<br>Полиция: 102<br>Жедел жәрдем: 103<br>Төтенше газ қызметі: 104,112<br>Бірыңғай құтқару қызметі: 112<br>«111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған.<br>- «111» нөмірі – 24/7 байланыста<br>- «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды 111<br>- «111» нөмірі – тәулік бойы ІІД және өңірлердің жедел топтарымен байланыста.<br>**Қорытынды (2 минут).**<br>**Ережелерді қайталау**<br>Жедел телефон нөмірлері мен олардың мағыналарын қарастырыңыз.<br>Жедел жәрдем нөмірлері бар парақшаны таратыңыз. | түсіреді | |
| **Сынып сағатының соңы**<br>*5 мин* | «Буллинг — бұл күрделі мәселе, оны шешу біздің қолымызда. Біз бір-бірімізге қолдау көрсету, құрметпен қарасақ, қауіпсіз және достық орта орнатуға аламыз».<br>**Сұрақ-жауап:**<br>• Бұллингтің қандай түрлері бар?<br>• Құрбан болған адамға қалай көмектесуге болады?<br>• Сіз бұллингке қалай қарсы тұра аласыз?<br>**Оқушыларға тапсырма:**<br>«Сыныптастарым үшін не істей аламын?» тақырыпта бір сөйлем жазыңыз. | Оқушылар сабақтан алған әсерлері мен білімдерін қорытындылайды. | Стикер |

| | | |
|---|---|---|
| **Сынып сағаты** | №12 | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып жетекші:** | | |
| **Сынып:** | Қатысқаны: | Қатыспағаны: |

| | |
|---|---|
| **Сынып сағатының тақырыбы:** | **«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*<br>**№ 12-САБАҚ**<br>«Мектептегі қауіпсіздік ережелері»<br>**Топта** |
| **Сынып сағатының мақсаты:** | Суды, тамақты және энергияны үнемдеудің маңыздылығын түсіндіру. Оқушылардың қоршаған ортаға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру және сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту. Табиғатты қорғауға, ұқыптылыққа және үнемшілдікке тәрбиелеу. |
| **Қауіпсіздік сабағының мақсаты:** | Мектептегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. |
| **Қауіпсіздік сабағының міндеті:** | -Күнделікті өмір мектепте балаларды қандай қауіптер күтіп тұрғанын айтыңыз.<br>-Қауіпті және қауіпсіз жағдайларды талқылау.<br>-Жағдаяттарды жылдам басқаруға және ұтымды шешім қабылдауға үйрету. |
| **Құндылықтарды дарыту:** | ***ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК:*** берілген ортақ іс үшін ұжым алдындағы жауапкершілікті түсіну; |
| **Апта дәйексөзі:** | ***Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!*** |

**Сынып сағатының барысы:**

| **Сынып сағатының уақыты \ кезеңі** | **Сынып жетекшінің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары** |
|---|---|---|---|
| **Сынып сағатының басы**<br>*10 мин* | Сәлемдесу, оқушылардың көңіл-күйін сұрау. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстыру.<br>Ой қозғау сұрақтары:<br>• Күніне қанша рет су пайдаланасың?<br>• Тамақты қоқысқа тастаған кезің болды ма?<br>• Үйде жарықты не үшін үнемдейсің? | Оқушылар мұғаліммен амандасып, мағлұматты тыңдайды. | Белсенді тақта, А3 формат, маркерлер |
| **Сынып сағатының ортасы**<br>*20 мин* | • **Су** – өмірдің негізі. Су тек адам үшін ғана емес, барлық тіршілік үшін маңызды. Су ресурстарын үнемдеу үшін суды ысыру, су ыдыстарын тазарту үшін көп су қолданбау, құбырларды уақытында өңдеу, жаңа сияқты суын жинап пайдалану іс-шаралар қажет. | Бейнеролик көреді, талқылайды. | белсенді тақта, бейнеролик https://youtu.be/yQLsRxdxQVQ?si=tVuLVJT8iIglOq31 |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>


<br>
• Тамақ — қоршаған ортаға әсер ететін тағы бір маңызды ресурс. Тамақты үнемдеу — азық-түлік өнімдерін азайту, артық тағам дайындамау, тамақ өнімдерін дұрыс сақтау арқылы ресурстарды азайтуға көмектеседі. Сондай-ақ, табиғи өнімдерді тұтыну арқылы экологияға зиян келтірмейміз.<br>


<br>
• Энергия — күнделікті өмірімізде пайдаланатын энергияны тиімді пайдалану маңызды. Энергияны үнемдеудің жолдары — электр құрылғыларын қосулы қалдырмау, энергияны үнемдейтін шамдар мен құрылғыларды пайдалану, электр энергиясын тұтыну.<br>


<br>
Бейнеролик: суды, энергияны және тамақты үнемдеудің маңыздылығы туралы.<br>
«Қиын жағдайды шеш» жағдаяттық тапсырма<br>
Оқушылар жұптасып, төмендегі жағдайларды талқылайды және шешу жолдарын ұсынады:<br>
1. Асханада досың тамағын жемей, қоқысқа тастамақ. Не істейсің?<br>
2. Үйде краннан су тамшылап тұр, бірақ ешкім мән бермейді. Не істер едің?<br>
3. Кешке үйде барлық шамдар жанып тұр, бірақ бөлмеде ешкім жоқ. Не
</td>
<td>Топпен жұмыс жасап, судың, тамақтың, энергияның маңыздылығын ашып, ереже құрастырады.<br><br>Оқушылар жағдаяттар бойынша өз ойларымен бөліседі</td>
<td>Тақырыптық презентация<br><br>Жағдаяттар жазылған қима қағаздар</td>
</tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| | істеу керек?<br><br>**11 ҚАРАША – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ КҮНІ**<br>Топтық жұмыс (маңыздылығын ашып, ереже құрастыру):<br>- Суды үнемдеу: Кранды жабу әдеті.Су сүзгіштерін қолдану.<br>-Тамақты үнемдеу:<br>- Тамақ қалдықтарын қайта өңдеу. Жоспарланған түрде тамақ сатып алу.<br>- Энергияны үнемдеу:<br>Энергия үнемдейтін шамдарды қолдану.<br>**Топтық жұмыс** :<br>• Оқушылар 3 топқа бөлінген, әр топ «Суды үнемдеу», «Тамақты үнемдеу», «Энергияны үнемдеу» тақырыптарын зерттеп, әр топ өз ұсыныстарын ортаға салады.<br>• **Мультимедиялық презентация** :<br>• Оқушылар «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» тақырыбына сәйкес презентация жасап, өздері сақтауға сақтау әдістерін қолданады.<br>• **Кесте толтыру** :<br>• Оқушылар су, тамақ және энергияны үнемдеу үшін үйде қандай әдістерді қолданатындарын және оларды қалай жақсартуға болатынын жазатын кесте толтырады. | Топпен зерттеу жұмыстарын жүргізеді<br><br>Оқушылар презентация жасайды<br><br>Оқушылар кесте толтырады | Компютер немесе гаджеттері |
| **Қауіпсіздік сабағы**<br>10 мин | **Сабақ барысы**<br>**Кіріспе (2 минут)**<br>Педагог сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлайды.<br>Жаңа тақырыпты түсіндіру.<br>**Негізгі бөлім (6 минут)**<br>Мектептегі мінез-құлықтың негізгі | Тақырып бойынша мағлұматтар алады, өз ойларын білдіреді. | Суреттер мен бейнелер.<br><br>https://youtu.be/sb6wy5WkKcs?si=eDPexZ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ережелерін түсіндіру: «Оқушыларға арналған ішкі ережелер» туралы айтып беріңіз.<br>Неліктен мінез-құлық ережелерін сақтау керек?<br>Жағдайларды талдау.<br>Асханадағы өзін-өзі ұстау.<br>Үзіліс кезіндегі мінез-құлық.<br>Дене шынықтыру сабағында өзін-өзі ұстау. Оқушылар мінез-құлық ережесі жайлы өз ойларын білдіреді.<br>**Қорытынды (2 минут)** Сабақты қорытындылау.<br>Есіңізде болсын, мектепте қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау арқылы сіз өзіңізді ғана емес, сонымен қатар құрбыларыңызды да қорғайсыз! | <br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Қорытынды жасайды | WNZedi9Avk |
| **Сынып сағатының соңы**<br>*5 мин* | **«Келісемін – Келіспеймін» рефлексиясы**<br>Мұғалім төмендегі пікірлерді оқиды, оқушылар келіссе – қол көтереді, келіспесе – түсіндіреді.<br>• «Суды ысырап ету – қалыпты жағдай.»<br>• «Тамақты қоқысқа тастаған дұрыс емес.»<br>• «Электр энергиясын үнемдеу қоршаған ортаға пайдалы.»<br>**2. «Үнемділік келісімі»**<br>Оқушылар өз өмірінде қандай ресурсты қалай үнемдеуге уәде беретінін шағын қағаздарға жазып, сынып тақтасына жапсырады.<br>**3. Мұғалімнің қорытынды сөзі**<br>*«Табиғат бізге сыйлаған байлық шексіз емес. Әрбіріміз суға, тамаққа, энергияға жауапкершілікпен қарасақ, үлкен өзгеріс жасай аламыз. Күнделікті әдетімізді өзгерту арқылы қоршаған ортаға қамқорлық жасайық!* | Оқушылар сабақтан алған әсерлері мен білімдерін қорытындылайды. | Скер |

| | | |
|---|---|---|
| **Сынып сағаты** | №13 | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып  жетекші:** | | |
| **Сынып:** | Қатысқаны: | Қатыспағаны: |
| **Сынып сағатының тақырыбы:** | **«Қамқор» жобасы**<br>«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы | |

| | |
|---|---|
| | *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*<br>**№ 13-САБАҚ**<br>«Үйге қауіпсіз оралу: қолайсыз ауа- райында не істек керек? |
| **Сынып сағатының мақсаты:** | Оқушылардың табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін дамыту, экологиялық мәдениетін арттыру.Табиғатты қорғаудың маңыздылығын түсінду. Экологиялық шараларға белсенді қатысуға үндеу. Табиғатты қорғауға арналған нақты іс-шараларды ұйымдастыру. |
| **Қауіпсіздік сабағының мақсаты:** | Оқушыларды ауа райы құбылыстарымен таныстыру және найзағай, көктайғақ, бұрқасын кезінде қауіпсіз әрекет ету дағдыларын дамыту, ауа райы және оның негізгі көрсеткіштері туралы білімдерін бекіту. |
| **Қауіпсіздік сабағының міндеті:** | 1. Берілген тұрғылықты жеріне тән ауа райы құбылыстарының терминологиясыменжәне сипаттамасымен танысу.<br>2. Найзағай, көктайғақ, бұрқасын кезінде қауіпсіздік ережелерін білу.<br>3. Табысты әлеуметтік бейімделу үшін қауіпсіз тұлға түрін дамыту |
| **Құндылықтарды дарыту:** | ***БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ:*** бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу; |
| **Апта дәйексөзі:** | ***Бірлігі күшті ел озады*** |

**Сынып сағатының барысы:**

| **Сынып сағатының уақыты \ кезеңі** | **Сынып жетекшінің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары** |
|---|---|---|---|
| **Сынып сағатының басы**<br>*10 мин* | Сәлемдесу, оқушылардың көңіл-күйін сұрау.<br>Сабақтың мақсатын таныстыру.<br>Оқушыларға сұрақтар қойып, сабақтың тақырыбына бағыт беру:<br>• Сендер табиғатқа қалай қамқорлық жасайсыңдар?<br>• Табиғатты қорғаудың маңыздылығы туралы не білесіңдер? | Тақырып бойынша өз ойларымен бөліседі | Тірек сөздер, фото суреттер тақтаға ілінеді |
| **Сынып сағатының ортасы**<br>*20 мин* | **Табиғатты қорғаудың маңыздылығы**<br>• Табиғат – адамның өмір сүру ортасы. Біз ауамен тыныстап, суды ішеміз, табиғаттан азық-түлік пен қажетті ресурстар аламыз. Сондықтан оны қорғау – әр адамның міндеті.<br>• Экологияны қорғаудың негізгі жолдары:<br>- Ағаш отырғызу. | Сұрақтар ға жауап береді | Суреттер<br><br>Мақал-мәтелдердің параққа шығарылған нұсқасы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | - Қоқысты қайта өңдеу.<br>- Табиғатты ластамау (пластик, химиялық қалдықтар).<br>- Электр энергиясы мен суды үнемдеу.<br>**Табиғатты қорғаудағы ұрандар мен ережелер:**<br>• «Табиғатты қорғау – болашақты сақтау!»<br>• «Қоршаған ортаны таза ұстау әрқайсымыздың міндетіміз!»<br>• Табиғи ресурстарды үнемдеудің қарапайым жолдары: жарықты қажетсіз жақпау, су ағынын бақылау, қайта өңделетін материалдарды қолдану.<br>**Постер жасау үлгісі**<br>**Мақсаты:** оқушыларды табиғатты қорғау тақырыбында шығармашылық ойлауға баулу.<br>**Тапсырма:** «Табиғатты қалай қорғауға болады?» тақырыбында постер жасау.<br>1. **Мұғалімнің нұсқаулығы:**<br>- Әр топ табиғатты қорғау жолдары туралы ойларын постерге бейнелейді.<br>- Постерге суреттер, экологиялық ұрандар мен ережелер қосу керек.<br>- Қалдықтарды қайта өңдеудің кезеңдерін көрсетіңіз: мысалы, пластик бөтелкелерді қайта өңдеу және оларды күнделікті өмірде пайдалану.<br>2. **Үлгі:**<br>***Жазба:***<br>Ұраны: «Бүгінгі қамқорлық – ертеңгі таза әлем!»<br>Мазмұны:<br>▪ Табиғаттың суреті (орман, өзен, жануарлар).<br>▪ «Ағаш отырғызу» деген әрекет суреті.<br>▪ «Қоқысты сұрыптау» суреті: пластик, қағаз, әйнек деп бөлу.<br>▪ Қоршаған ортаға пайдасын түсіндіру.<br>**Қалдықтарды сұрыптау әрекетін көрсету әдістері**<br>1. **Мұғалімнің түсіндірмесі:**<br>Қалдықтарды сұрыптау – экологияны қорғаудың негізгі | Постер дайындайды, тәжірибеде қатысады.<br><br>Бірлесіп жұмыс жасайды | Интерактивті тақта |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жолдарының бірі. Біз қалдықтарды дұрыс сұрыптасақ, олардың көбісін қайта өңдеп, табиғи ресурстарды үнемдей аламыз.<br>Қалдықтарды үшке бөлу:<br>1. **Қайта өңделетін қалдықтар:** қағаз, пластик, әйнек, металл.<br>2. **Органикалық қалдықтар:** тамақ қалдықтары, өсімдік қалдықтары (шірінді жасауға жарайды).<br>3. **Қайта өңделмейтін қалдықтар:** медициналық қоқыс, химиялық қалдықтар.<br>4. **Іс-әрекет әдісі:**<br>**Тәжірибе көрсету:**<br>▪ Әр оқушының алдына түрлі қалдықтар (қағаз, пластик бөтелке, банан қабығы, әйнек бөтелке) қойылады.<br>▪ Оқушылар қоқысты үш санат бойынша сұрыптайды.<br>▪ Мұғалім олардың дұрыс сұрыптауына көмек көрсетеді.<br>**Қолданылатын контейнерлер:**<br>▪ Пластик – сары түсті контейнер.<br>▪ Қағаз – көк түсті контейнер.<br>▪ Шыны – жасыл түсті контейнер.<br>▪ Органикалық қалдықтар – қоңыр түсті контейнер.<br>2. **Қосымша ойын:**<br>«Сұрыпта да, дұрыс тап!» ойыны: Мұғалім қоқыстарды көрсетеді, ал оқушылар оларды қай контейнерге салу керектігін айтады.<br>3. **Бейнеролик көрсету:**<br>ілдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу туралы қысқа бейнематериал ұсыну. | Қалдықтарды сұрыптау бойынша мұғалімнің түсіндірмесін тыңдайды, пікір білдіреді | Тақырыптық презентация |
| **Қауіпсіздік сабағы**<br>10 мин | Кіріспе (2 минут) Сабақтың тақырыбын хабарлау.<br>2. Оқушыларға сұрақ қою: «Қолайсыз ауа-райы кезінде қандай жағдайларға тап болуыңыз мүмкін?»<br>3. Сабақтың мақсаты мен маңыздылығын түсіндіру.<br><br>Негізгі бөлім (6 минут) **1. Қолайсыз ауа-райының түрлері және қауіптер:**<br>- **Найзағай:** Жақын жерде найзағай ойнағанда ағаштың астында немесе ашық | Тыңдайды, мұғалімнің сұрақтарына жауап береді. Қауіпсіздік шараларын талқылай | Бейнематериал немесе қысқа ролик.<br><br>https://www.youtube.com/watch?v=Ke3ICTXRCqA&ab_channel=ElordaAqparat |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | алаңда тұру қауіпті екенін түсіндіру. Металл заттарды ұстамау керектігін айту.<br>- **Бұрқасын:** Жел мен қардың араласуы кезінде жолда адаспау үшін ғимараттарға жақын жүру және баспана іздеу.<br>- **Көктайғақ:** Төменгі жылдамдықпен жүру, тайғанау қаупін азайту үшін аяқ киімнің табанына арнайы жапсырма қолдану.<br>**2. Негізгі ережелер:**<br>- Телефонды әрдайым зарядтап жүру.<br>- Үйден шығарда ауа райын тексеру.<br>- Жолда құлаққапты шешіп, айналаға мұқият қарау. Қорытынды бөлім (2 минут)<br><br>**1. Қауіпсіздік ережелерін қайталау:**<br>- «Қолайсыз ауа-райында өзіңді қалай қорғай аласың?» сұрағына жауап алу.<br>**2. Тапсырма:**<br>- Әр оқушы бүгінгі сабақтан үйренген 1 ережені айтады.<br>**3. Қорытындылау:**<br>- «Ауа-райына дайындық – қауіпсіздік кепілі!» деген ұранмен аяқтау | ды<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Қауіпсізді к ережелері н қайталайд ы, өз ойларыме н бөліседі. | Тақтаға жазылған қауіпсіздік ережелері |
| **Сынып сағатының соңы**<br>*5 мин* | **1. Рефлексия: «Көп нүкте» әдісі**<br>Оқушылар «Мен табиғатқа қамқорлық жасау үшін...» деген сөйлемді аяқтап жазады. Мысалы:<br>• Мен табиғатқа қамқорлық жасау үшін қоқысты бөлектеп жинаймын.<br>• Мен табиғатқа қамқорлық жасау үшін су үнемдеймін.<br>**2. Кері байланыс: «Бір тілек»**<br>**3. Мұғалімнің қорытынды сөзі:**<br>*«Табиғат бізге көп нәрсені береді, ал біз оны қорғап, сақтап, болашақ ұрпаққа мұра етуіміз керек. Әрбір адам өз іс-әрекетімен табиғатқа қамқорлық жасай алады. Сондықтан осы күннен бастап табиғатты қорғау жолында әрқайсымыз өз үлесімізді қосайық!»* | Оқ ушылар табиғатты қорғауға қатысты бір тілек жазады. Олар оны сыныпқа оқып береді немесе тақтаға іледі. | Стикер лер, А3 қағаздар,түрлі түсті қаламдар |

| | | |
|---|---|---|
| **Сынып сағаты** | №14 | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып жетекші:** | | |
| **Сынып:** | Қатысқаны: | Қатыспағаны: |
| **Сынып сағатының тақырыбы:** | **«Буллингтен қорған!»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*<br>**№ 14-САБАҚ**<br>«Қақтығыс жағдайындағы қарапайым қадамдар | |
| **Сынып сағатының мақсаты:** | Оқушыларға буллингтің зияны туралы түсінік беру.<br>Қақтығыс жағдайында қауіпсіз және дұрыс әрекет ету жолдарын үйрету.<br>Өз-өзін қорғау мен эмоцияларды бақылау қабілетін дамыту. | |
| **Қауіпсіздік сабағының мақсаты:** | Оқушыларды қақтығыс кезіндегі қарым-қатынас негіздерімен таныстыру | |
| **Қауіпсіздік сабағының міндеті:** | 1. Өз көзқарасын білдіру қабілетін дамыту.<br>2. Адамгершілік қасиеттерді дамыту: адамдарға төзімділік, мейірімділік, жанашырлық құндылықты үйрету.<br>3. Оқушылардың өзара сыйластық, өзін-өзі бағалауды дамыту. | |
| **Құндылықтарды дарыту:** | ***БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ:*** сенімді қарым-қатынас орнату және сыныпта жағымды ахуалды сақтай білу; | |
| **Апта дәйексөзі:** | ***Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді*** | |

**Сынып сағатының барысы:**

| **Сынып сағатының уақыты \ кезеңі** | **Сынып жетекшінің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары** |
|---|---|---|---|
| **Сынып сағатының басы**<br>*10 мин* | 1. Сәлемдесу, сабақтың тақырыбы мен мақсатын түсіндіру.<br>2. «Буллинг деген не?» деген сұрақты талқылау.<br>3. Буллингтің анықтамасын беру: физикалық, сөздік және кибербуллингтің түрлері.<br>4. Буллингтің адамға тигізетін зиянын қысқаша түсіндіру. | Тыңдайды, сұрақтарға жауап береді. Өз тәжірибесімен бөліседі. | презентация |
| **Сынып сағатының ортасы**<br>*20 мин* | **Мұғалім:** (бейнероликтен кейінгі жетелеуші сұрақтар) Бұл бейнеролик не туралы? https://www.youtube.com/ watch?v=l5OsvTnwLN4 Видео көресету. Видеодан кейінгі сұрақтар: Буллинг қандай жағдайларға әкеліп тіреуі мүмкін? Біреу сені қорқытып, қорлап жүрген жағдайда не істеу керек? Егер сен | Тыңдайды, бейнематериалды талдайды, сұрақтарға жауап береді. Рөлдік ойындарға | Бейнематериал, карточкалар. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | өзің біреуді қорлап жүрген болсаң ше? Неліктен адамдар бір-бірін қорлап, қиянат жасайды?<br>Буллинг онлайн немесе телефон арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Олардың қатарына реніштi хабарламалар мен суреттер, зұлым мінеп-сынаулар жіберу жатады. Бұлардың барлығы кибербуллинг деп аталады.<br>Буллинг (bullying) – ағылшын тілінен аударғанда, қорлау, кудалау, мазалаудегенді білдіреді. Адамүйде, мектепте, автобуста немесе интернетте, жалпы айтатын болсақ, кезкелген жерде буллингке ұшырауы мүмкін. Бұл кез келген адамның басында болатын жағдай. Бірақ есіңде болсын, ешкімнің сені ренжітуге немесе өзің жайлы жаман ойлауға мәжбүрлеуге құқығы жоқ.<br>**Слайд таныстырылымы**<br>Буллинг қандай жағдайларға әкеліп тіреуі мүмкін? Біреу саған күш көрсетпей, қорлап, қорқытқан да сенің жаныңа батады. Осындай жағдайға тап болған адам түрлі жағдайларды басынан кешіруі мүмкін? /оқушылар ойы тыңдалады/<br>Буллинг әр түрлі мағынаны білдіруі мүмкін. Ол: адамды мазақтау, қорлау, соқтығысу • оның ақшасын не басқа заттарын тартып алу, оларды бүлдіру сол жайында өсек тарату • оны елемеу немесе жекелету • ренжітетін, жаман әзіл айтып, басқа адамдардың алдында ыңғайсыз жағдайға қою Бағыттау сұрақтары<br>• ұрып-соғу, тепкілеу, итеру немесе басқаша зақым келтіру • қоқан-лоқы көрсету немесе қорқыту<br><br>Біреу сені қорқытып, қорлап жүрген жағдайда не істеу керек? • Батыл болуға үйрен<br><br>Батыл болу деген агрессия танытпай, өзіңді қорғай білу. Сен өз ойыңды дөрекі және ызалы сөздерсіз білдіруге үйрене аласың. Кейде біреумен келіспеген жағдайда өзіңді шын мәнінде қалай сезінетініңді жеткізу қиын. Дегенмен сен батылдыққа | қатысады.<br><br>**Ауызша мадақтау**<br>Жарайсың!<br>Керемет шешім!<br>Ойлы шешім!<br>Мұндай ойлы пікірлерді ешқашан естімеппін<br><br> | Презентация<br><br>Пайдалы сілтемелер<br><br>https://youtu.be/RCA_wFW-mSo?si=DXWSuNziKmMzDjaq |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | үйрене аласың | | |
| **Қауіпсіздік сабағы**<br>10 мин | **Сабақ барысы**<br>1. **Кіріспе (2 минут)**<br>2. **Негізгі бөлім (6 минут)**<br>**Қақтығыс жағдайындағы қарапайым қадамдар:**<br>- **Тыныштық сақтау:** Эмоцияны бақылау.<br>- **Қарсыласпау:** Буллердің әрекетіне жауап қайтармау.<br>- **Көмек сұрау:** Сенімді ересек адамға хабарлау.<br>- **Достардың қолдауы:** Достық топ құру және бір-бірін қолдау.<br>**2. Талқылау:** «Сіз буллингтің куәсі болған жағдайда не істер едіңіз?» деген сұрақты ортаға салу.<br>**3. Рөлдік ойын:** Екі топқа тапсырма беру:<br>- Бір топ буллинг жағдайын сахналайды.<br>- Екінші топ қауіпсіздік шараларын қолдану арқылы оны тоқтату жолдарын көрсетеді.<br>**Қақтығыс жағдайындағы қарапайым қадамдар:**<br>- Қақтығысты ушықтырмай, сабырлы болу.<br>- Өзіңе сенімді болу және көмек сұрау.<br>- Мектептегі сенімді адамдарға (мұғалім, психолог) жүгіну.<br>**Практикалық жаттығу:** Әр оқушыға карточка таратылады, онда қақтығыс жағдайлары сипатталған. Олар өз ойларын айтып, қандай қадам жасау керектігін талқылайды. | Тақырыптық термин сөздерді дәптерлеріне түсіреді, оның ұғымын біледі.<br><br>Сілтеме бойынша видеороликпен танысып, өз ойларымен бөліседі.<br><br>Оқушылар шұғыл қызмет номерлерімен танысып, дәптерлеріне түсіреді<br><br>Оқушылар ролдік ойындар ойнайды | Шұғыл қызмет нөмірлері бар карточкалар<br><br>https://youtu.be/RCA_wFW-mSo?si=KDrq73ETmvPJat6H |
| **Сынып сағатының соңы**<br>*5 мин* | **1. Рефлексия:**<br>- Сұрақ: «Буллингсіз орта құру үшін біз не істей аламыз?»<br>- Әр оқушыдан бір-екі пікір тыңдау.<br>**2. Қорытындылау:**<br>- Буллингке қарсы күрестің маңызды ережелерін бекіту.<br>- Сабақ «Буллингке жол жоқ!» ұранымен аяқталады. | Өз ойларын бөліседі, рефлексия жасайды. | Тақтаға жазылған ұран. |

| | | |
|---|---|---|
| **Сынып сағаты** | №15 | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып жетекші:** | | |
| **Сынып:** | Қатысқаны: | Қатыспағаны: |
| **Сынып сағатының тақырыбы:** | ***«Тәуелсіздік*** **– теңдесі жоқ байлығым»/**<br>«Қосымша секциялары бар бағдаршам белгілері» ЖЖЕ №4<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*<br>**№ 15-САБАҚ**<br>«Әлеуметтік желілер: негізгі қауіпсіздік ережелері» | |
| **Сынып сағатының мақсаты:** | **Еліміздің тәуелсіздік шежіресінен түсінік беру, тәуелсіздік алып жеткен жетістіктермен таныстыру** | |
| **Қауіпсіздік сабағының мақсаты:** | Оқушыларды әлеуметтік желідегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. | |
| **Қауіпсіздік сабағының міндеті:** | 1. Мақсаты бойынша ақпараттық қоғамда мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.<br>2. Интернеттегі балалардың мінез-құлық нормалары мен ережелерін әзірлеу.<br>3. Оқушылардың ой-өрісін кеңейту. | |
| **Құндылықтарды дарыту:** | ***ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ:*** Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсету;<br>Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, ұлттық мерекелерге құрмет көрсету; | |
| **Апта дәйексөзі:** | ***Бірлік болмай тірлік болмас*** | |

**Сынып сағатының барысы:**

| **Сынып сағатының уақыты \ кезеңі** | **Сынып жетекшінің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары** |
|---|---|---|---|
| **Сынып сағатының басы**<br>*10 мин* | 1. Сәлемдесу, тақырыпты таныстыру.<br>2. Тәуелсіздік ұғымының маңызын қысқаша түсіндіру.<br>3. Сұрақ қою: «Тәуелсіздік дегенде қандай сөздер ойыңызға келеді?» | Тыңдайды, жауап береді. Өз ойларын ортаға салады. | Рәміздер бейнеленген суреттер |
| **Сынып сағатының ортасы**<br>*20 мин* | Сонау XVII-ші ғасыр басында жоңғарлар Қазақ халқын «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға» ұрындырды. Олар қазақтарды атамекенінен қуып, тоздырып жіберді. | Тыңдайды, өз ойларын ортаға салады. | Презентация, бейнематериал. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 1723-ші жылдар Қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды» деп аталып кетті.<br>1916-шы жылы ұлт-азаттық көтеріліс, одан 1917-ші жылы Ақпан, Қазан төңкерісіне ұласты.<br>Одан кейін 1931-33-ші жылдары елімізде ашаршылық болды. Ата-бабаларымыз бас ауған жаққа кетті. Сол кезде кезде кеткен қазақтар осы күні туған жеріне оралуда.<br>1937-38-ші жылдар жаппай жазалау болды. Бұл жылдары біздің Қазақ зиялылары, арыстарымыз қудаланды. А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, Ш. Құдайбердиев асылдарымыз арада 50 жыл өткенде ақталып, қазір шығармаларын оқып жатырмыз.<br>1941-45-ші жылдары тұтқиылдан неміс фашистері тыныш елімізге соғыс ашты. «Ер есіміс-ел есінде» демекші қазір біздің ауылымызда жеті ардагеріміз бар. Бұл аталарымыз болашақ сендердің өмірлерің үшін соғысқа барды. Бейбіт өмірді алып берді.<br>1954-56-шы жылдар тың игеру жұмысы жүргізіліп миллиард пұт астық алынды. Қазақстанның аты әлемге әйгіленді.<br>1986-шы жылы желтоқсан оқиғасы болды. Бұл оқиға Алматы жастарының ереуілі болды. Жастар ел басшысы Қазақ ұлтынан болудыталап етті. Жас өмірін тәуелсіздік үшін өмірін қиып кеткен аға-апаларымыз: Л. Асанова, Қ. Рысқұлбеков, Е. Сыпатаев т.б. жазықсыз сотталып қыршын өлді. Арада бес жыл өткенде қыршын өлген жастарға Алаңында ескерткіш орнатты.<br>Енді 1991-ші жылы Қазақ елінде тәуелсіздік таңы атты. Қазақ елі егемен ел болды. Бұл күн талай-талай қилы заманды басынан кешіріп келген Қазақ халқы үшін ақ жарылқаған күн еді.<br>Ән. «Әнұран». | <br><br>Оқушылар хронологиялық кесте құрып, негізгі даталарды жазады<br><br>Топпен бірлесе жұмыс жасайды | https://www.youtube.com/watch?v=CkFXNfBdXt4&ab_channel=%D0%91%D0%B0%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%83%D1%8B%D1%88%D1%81%D1%8B%D0%BD%D1%8B%D0%BF%D2%B1%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%B7%D1%8B |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктері:**<br>- Экономикалық, мәдени және спорттық табыстар.<br>2. **Топтық жұмыс:**<br>- Әр топқа тапсырма: «Тәуелсіз Қазақстанның 5 жетістігін атаңыз және олардың маңызын түсіндіріңіз.»<br>3. Қысқаша бейнеролик көрсету.<br><br>Бағдаршамның дөңгелек сигналдарының мынадай мәні бар:<br>1) жасыл сигнал жүруге рұқсат етеді;<br>2) жасыл жыпылықтаған сигнал жүруге рұқсат етеді және оның қолданылу уақыты өтіп барады және тыйым салатын сигнал іске қосылатындығын хабарлайды (жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерді жасыл сигналдың жануына дейін уақыт туралы секундпен хабар беретін сандық табло қолданылады);<br>3) сары сигнал осы бөлімнің 37-тармағында көзделгеннен басқа жағдайларда жүруге тыйым салады және сигналдардың ауысқалы тұрғанын ескертеді;<br>4) сары жыпылықтаған сигнал бағдаршаммен реттелмейтін көше қиылысының немесе жаяу жүргінші өтпесінің бар екенін хабарлайды, қауіптен сақтандырады;<br>5) қызыл, оның ішінде жыпылықтайтын сигнал, жүруге тыйым салады. Қызыл және сары сигналдардың қосыла жануы жүруге тыйым салады және жасыл сигнал жанғалы тұрғаны хабар береді.<br>Қызыл, сары және жасыл түсті бағыттаушы түрінде орындалған бағдаршам сигналы тиісті түстердегі дөңгелек сигналмен бірдей мағыналас, бірақ олардың күші бағыттаушы көрсеткен бағытқа (бағыттарға) ғана қолданылады. Бұл ретте солға бұрылуға рұқсат беретін бағыттаушы, егер бұған тиісті жол белгісімен тыйым салынбаса, | Бейнеролик көріп, пікір айтады<br><br>Оқушылар жолда жүру ережелерімен танысады<br><br>Оқушылар | Тақырыптық презентация<br><br>ЖЖЕ бейнеленген суреттер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | кері бұрылуға да рұқсат етеді.<br>Сілтеме. Қызыл және сары бағыттаушылардың орнына осы мағынада қара контурлы бағыттаушылар кескінделген дөңгелек қызыл және сары сигналдар пайдаланылуы мүмкін.<br>Қосымша секциясы бар жасыл бағыттаушы да осындай мәнге ие болады. Қосылмай тұрған қосымша секцияның сигналы осы секциямен реттелетін бағыттағы жүріске тыйым салынғанын білдіреді.<br>Егер бағдаршамның негізгі жасыл сигналына қара контурлы бағыттаушы (бағыттаушылар) салынған болса, онда ол жүргізушіге бағдаршамның қосымша секциясын және қосымша секцияның сигналына қарағанда өзге де рұқсат етілген жүру бағыттарын хабарлайды.<br>Егер бағдаршам сигналы жаяу жүргіншінің (велосипедтің) кескіні түрінде орындалса, онда күші тек жаяу жүргіншіге, (велосипедшілерге) ғана қолданылады. Бұл ретте жасыл сигнал жаяу жүргіншінің (велосипедшінің) жүруіне рұқсат береді, ал қызыл тыйым салады.<br>2. Мысалдармен көрсету: бағдаршамдағы қосымша секцияларды қолдану жағдайлары.<br>3. Топтық жұмыс: «Берілген бағдаршамдағы қозғалыс ретін анықтаңыз». | қосымша берілген мәліметтер бойынша пікір айтады<br><br>Оқушылар мысалдарды талқылап, топпен жұмыс жасайды | Мысалдар бейнеленген қима қағаздар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Қауіпсіздік сабағы**<br>10 мин | **Сабақ барысы**<br>**1. Кіріспе (2 минут)**<br>2. **Негізгі бөлім(6 минут)**<br>**Қауіпсіздік ережелері:**<br>- Жеке ақпаратты бөліспеу.<br>- Бейтаныс адамдармен хат-хабар алмау.<br>- Құпия сөздерді қорғау.<br>2. Практикалық тапсырма: берілген жағдаяттардан қауіптерді анықтап, шешу жолдарын ұсыну.<br>1. Әлеуметтік желілерді пайдаланудың негізгі ережелері:<br>2. 1-ереже. Мінез-құлық ережесі. Бейтаныс сайттарға өтпеу керектігін түсіндіріңіз. Әлеуметтік желілердегі дұрысжәне бұрыс мінез-құлық иллюстрацияларын көрсету.<br>3. 2-ереже. Жазбалардағы лайк санын тексермеңіз. Оқушыларды керек емес, таныс емес адамдардың парақшаларына кірмеуге және оларға лайк баспауға үйретіңіз.<br>4. 3-ереже. Әлеуметтік желілерде өткізу уақытына шектеу қойыңыз. Компьютерде ұзақ отыру денсаулыққа зиян.<br>5. 4-ереже. Бейтаныс адамдарды қоспаңыз. Қауіпсіз болып көрінбесе де, жеке деректерді интернетте жарияламау керектігін түсіндіріңіз. | Оқушылар қауіпсіздік еределерімен танысады, негізгілерін дәптерге жазады<br><br>Оқушылар практикалық тапсырмалар орындайды | Пайдалы сілтемелер<br>https://youtu.be/u3PvSbPiNvo?si=J6iE23IP6HvGXMN0 |
| **Сынып сағатының соңы**<br>*5 мин* | 1. Сабақтан алған негізгі ойды сұрау.<br>2. «Қауіпсіз интернет – сенің құқығың!» ұранымен сабақты аяқтау. | Өз пікірлерін білдіреді, ұранды қайталайды. | Қағаз қиындылары |

| | | |
|---|---|---|
| **Сынып сағаты** | №16 | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып жетекші:** | | |
| **Сынып:** | Қатысқаны: | Қатыспағаны: |
| **Сынып сағатының тақырыбы:** | **«Жаңа жылдық тарту»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*<br>**№ 16- САБАҚ**<br>«Қауіпті сынақтар (Челленждер) | |
| **Сынып сағатының мақсаты:** | Жаңа жылдық тартудың мәнін түсіндіру және бір-біріне жақсы сөздер мен сыйлықтар дайындау маңызын айту. | |
| **Қауіпсіздік сабағының мақсаты:** | Оқушыларды қауіпті хоббимен таныстыру. | |

| | |
|---|---|
| **Қауіпсіздік сабағының міндеті:** | 1. Жасөспірімдердің өмірі мен денсаулығына қауіпті хоббидің салдарын көрсету.<br>2. Дұрыс нұсқауларды қалыптастырыңыз.<br>3. Ой-өрісін, логикасын дамыту, алған ақпараты бойынша қорытындыжасау, қоғамда өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастыру. |
| **Құндылықтарды дарыту:** | ***БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ:*** сенімді қарым-қатынас орнату және сыныпта жағымды ахуалды сақтай білу; |
| **Апта дәйексөзі:** | ***Ынтымақ – бұзылмайтын қорған*** |

**Сынып сағатының барысы:**

| **Сынып сағатының уақыты \ кезеңі** | **Сынып жетекшінің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары** |
|---|---|---|---|
| **Сынып сағатының басы**<br>*10 мин* | 1. Сәлемдесу, мерекелік атмосфера орнату.<br>2. Сұрақ қою: «Жаңа жыл дегенде ойыңызға не келеді?» | Тыңдайды, сұрақтарға жауап береді. Жаңа жыл туралы өз ойларымен бөліседі. | Презентация, Жаңа жылға арналған суреттер |
| **Сынып сағатының ортасы**<br>*20 мин* | **1. Жаңа жылдық дәстүрлер:**<br>- Әлемдегі және Қазақстандағы жаңа жылды қарсы алу дәстүрлерін қысқаша баяндау.<br>Жаңа жылды қарсы алу – әлемнің әртүрлі елдерінде ерекше тойланатын дәстүр. Әр елдің өзіне тән жаңа жылдық салт-дәстүрлері мен ғұрыптары бар.<br>**Әлемдегі жаңа жылды қарсы алу дәстүрлері:**<br>**Испания** – жаңа жыл түнінде адам басына 12 шырша жемісін қойып, әрбір соққан қоңыраумен бірге бір жемісті жеу дәстүрі бар. Бұл дәстүр 12 айдың әр айында сәттілік әкеледі деп сенеді.<br>**Жапония** – жаңа жылды қарсы алу кезінде көптеген адамдар мейрамға қарай үйін тазалайды. Жаңа жыл қарсаңында жапондықтар жаңа жылдық тағамдар, соның ішінде “осечи-рёри” деп аталатын дәстүрлі тағамдарды дайындайды. Сонымен қатар, жаңа жылды отбасы мүшелерімен бірге қарсы алу маңызды.<br>**Шотландия** – "Хогмани" деп аталатын жаңа жылды қарсы алу мейрамы кең тараған. Бұл күні адамдар бір-біріне бірінші қадам жасаған адамға сәттілік әкеледі деп сенеді. | Тыңдайды, талқылайды, топта жұмыс істейді.<br><br>Оқушылар басқа елдердің жаңа жылды қарсы алу дәстүрлерімен танысады, пікір айтады | Қағаз, маркерлер, бояулар, сәндік заттар<br><br>Интерактивті тақта Немесе гаджет |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Әдетте, жаңа жылды біреудің үйіне бірінші қадам жасау арқылы қарсы алады.<br>**Бразилия** – жаңа жылды қарсы алу үшін адамдар ақ киім киіп, теңізге гүлдер мен жандармдар лақтырған. Бұл дәстүр жаңа жылда бақыт пен тыныштық әкеледі деген сеніммен орындалады.<br>**Қазақстандағы жаңа жылды қарсы алу дәстүрлері:**<br>Қазақстанда жаңа жылды қарсы алу көптеген жылдар бойы қалыптасқан дәстүрлермен өтеді. Бұл мереке ұлттық мәнге ие әрі кең көлемде тойланады.<br>**Жаңа жылдық дастарқан** – үйде үлкен дастарқан жайылып, дәстүрлі тағамдар ұсынылады. Ол ыстық көже, ет, палау және ұлттық тәттілер болуы мүмкін.<br>**Шырша отырғызу** – Қазақстанда жаңа жылға дейін шырша әкеліп, оны безендіру, оған ойыншықтар ілу дәстүрі бар. Бұл шыршаға ұмытылмас естеліктер сыйлайды.<br>**Аяз ата мен Ақша қар** – балалар Аяз ата мен Ақша қардан сыйлықтар алуды асыға күтеді. Жаңа жылда түрлі ойындар, конкурстар мен ертегілер өткізіледі.<br>**Мерекелік концерттер мен іс-шаралар** – жаңа жыл қарсаңында көптеген қала мен ауылдарда концерттер, театрландырылған қойылымдар, алаңдарда мерекелік шаралар ұйымдастырылады.<br>Қазақстандағы жаңа жылды қарсы алу дәстүрі – отбасы мен жақындармен бірге ерекше көңіл-күй мен үмітпен өткізілетін уақыт болып табылады.<br><br>**2. Топтық жұмыс:**<br>- Әр топқа тапсырма: «Жаңа жылдық тілектер құрастыру». Әр топ өз сыйлық идеясын және тілегін ұсынады.<br>**Тапсырма 1: Жаңа жылдық тілектер құрастыру**<br>**Мақсаты:** Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін және жылы лебіз айту дағдыларын дамыту.<br>**Тапсырма:** Әр топқа қағаз беріледі. Топ мүшелері бірлесіп, мынадай тапсырманы орындайды:<br>Жаңа жылға арналған тілектер жазып, оларды әдемі етіп безендіріңіз.<br>Тілектер әртүрлі болуы керек | Оқушылар өз отбасыларындағы дәстүрлері туралы айтады<br><br>Оқушылар | Тақырыптық презентация<br><br>Жаңа жылды қарсы алу дәстүрлері бейнеленген суреттер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | (достарға, ата-анаға, ұстаздарға, табиғатқа арналады).<br>**Қорытынды:** Әр топ өз тілектерін таныстырады және сыныптастары арасында пікірталас ұйымдастырады.<br>**Тапсырма 2: Жаңа жылдық сыйлық идеясы**<br>**Мақсаты:** Оқушылардың шығармашылық және практикалық ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Тапсырма:** Әр топқа тапсырма беріледі:<br>Өз сыйлық идеяларын ойлап табу және оларды сыныпқа таныстыру.<br>Сыйлық жасау үшін қолданылатын материалдар мен оны кімге арнауға болатынын сипаттау.<br>**Қорытынды:** Әр топ өз идеяларын таныстырып, басқа топтардың пікірін тыңдайды.<br>**Тапсырма 3: Жаңа жылдық сурет салу**<br>**Мақсаты:** Оқушылардың көркемдік қабілеттерін дамыту.<br>**Тапсырма:** Әр топ өз тобының атынан «Жаңа жылдық бақытты сәт» тақырыбында сурет салады.<br>Суретте Жаңа жылға байланысты мейірімділік пен жақсылық көрсету қажет.<br>Әр топ суретті түсіндіріп, оның идеясы мен мағынасын айтып береді.<br>**Қорытынды:** Суреттер сыныпта көрмеге қойылады | топтық тапсырмалар ды орындайды<br><br>Өздерінің шығармашыл ық жұмыстарын жасайды.<br><br>Оқушылар өз қолдарымен қысқа сыйлық немесе құттықтау хат дайындайды | |
| **Қауіпсіздік сабағы**<br>10 мин | **Сабақ барысы**<br>1. **Кіріспе (2 минут)**<br>Сұрақ қою: «Әлеуметтік желідегі челленждер туралы не білесіздер?»<br>Оқушыларға қауіпті челленджер не әкелетінін түсіндіріңіз.<br>2. **Негізгі бөлім(6 минут)**<br>Қауіпті челленджер: балаға құрбан болмауға қалай көмектесуге болады. Үнемі ата-аналар балаларына интернетте құрдастары ұсынатын әртүрлі қауіпті сынақтар туралы алмасады: аяқ тіректерін ауыстыру, биіктіктен секіру немесе біреуді тұншықтыру, үйден қашу. | Тыңдайды, сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады. | Интерактивті тақта. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Мұндай жағдайларда балаларды дұрыс жауап беруге үйрету маңызды. Жасөспірімдер барлық уақытта ерекшеленіп, назар аударғысы келді, өз күштерін сынап көреді. Алайда бүгінде бұл үшін қауіпті әдістер қолданылады. Өйткені, әсер бірнеше құрдастарына емес, үлкен, кейде миллиондаған аудиторияға, лайк пен жазылымдарға ие болу керек. Белгілі бір челленджердің қауіптілігі туралы ескерту маңызды. Жасөспіріммен сөйлесуді сіз бұрын естіген челленджер туралы және осындай сынақтардың қайғылы салдары туралы айтудан бастауға болады.<br>1. **Қауіпті челленжер туралы ақпарат:**<br>- Мұғалім әлеуметтік желілердегі қауіпті челленждердің мысалдарын түсіндіреді (мысалы, денсаулыққа зиян келтіретін немесе өмірге қауіп төндіретін челленждер).<br>**2. Қауіпсіздік ережелері:**<br>- Таныс емес челленждерге қатыспау.<br>- Қауіпсіздігі күмәнді әрекеттерді талқыламай орындамау.<br>- Бейтаныс адамдардан келген челленждер туралы сенімді адамдарға хабарлау.<br>**3. Практикалық жаттығу:**<br>- Оқушылардан қауіпті челленждерді қалай тануға болатыны туралы өз ойларын сұрау.<br><br>*«Есте сақта!»*<br>*«111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересек*<br>*көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық,*<br>*құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлік*<br>*қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде х*<br>*үшін ашылған.*<br>*- «111» нөмірі – 24/7 байланыста*<br>*- «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды*<br>*- «111» нөмірі – тәулік бойы ІІД және өңірлердің жедел топт*<br>*байланыста.* | Оқушылар қауіпсіздік ережелерін дәптерге жазады<br><br>Оқушылар практикалық жаттығу орындайды | Пайдалы сілтеме: https://youtu.be/u3PvSbPiNvo?si=36ozjVm193HiTD3E<br><br>Әлеуметтік желі түрлері көрсетілген иллюстрациялар, қауіпсіздік ережелері жазылған жадынама. |
| **Сынып сағатының соңы**<br>*5 мин* | Мұғалім жаңа жылға арналған сабақты қорытындылап, оқушыларды мереке мен жақсылыққа, ізгілікке, ортақ еңбекке шақырады.<br><br>«Жаңа жыл – жаңа мүмкіндіктер мен жетістіктердің уақыты! Әрқайсымыздың | Оқушылар сабақтан алған әсерлері мен білімдерін қорытындылайды. | Стикерлер, түрлі түсті қаламдар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жаңа жылдағы жолымыз жарқын болсын!» деп сабақты аяқтайды.<br><br>**Рефлексия: «Жаңа жылдық тілек»**<br><br>Оқушыларға жаңа жылда өз армандары мен тілектерін жазып, сыныптастарына арнап бір тілек айту ұсынылады.<br><br>Оқушылар тілек жазылған қағазды мұғалімге немесе сынып жетекшісіне тапсырып, жаңа жылда баршаға жақсылық, бақыт тілеу арқылы сабақты қорытындылайды.<br><br>Егер мүмкіндік болса, оқушылар тілек жазылған карточкаларды талқылап, қандай құндылықтар маңызды екендігін бөліседі. | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Сынып сағаты** | №17 | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып жетекші:** | | |
| **Сынып:** | Қатысқаны: | Қатыспағаны: |
| **Сынып сағатының тақырыбы:** | **«Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*<br>№ 17-САБАҚ<br>**«Көшедегі қауіпті заттардан қалай аулақ болуға болады?»** | |
| **Сынып сағатының мақсаты:** | Сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізетін әсерін түсіндіру.<br>Оқушыларды адалдық, жауапкершілік, әділдік сияқты құндылықтарға баулу.<br>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі оқушылардың рөлін анықтау. | |
| **Қауіпсіздік сабағының мақсаты:** | Оқушыларды көшеде қауіпсіздікті сақтауережелерімен таныстыру. | |
| **Қауіпсіздік сабағының міндеті:** | 1. Оқушылардың қауіпті заттармен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.<br>2. Өз өміріне деген қамқорлықпен карауды тәрбиелеу.<br>3. Оқушылардың ой-өрісін кеңейту, шығармашылық қабілеттерін дамыту. | |
| **Құндылықтарды дарыту:** | ***ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП***: тәртіп пен әділдік, нормалар мен ережелерді сақтау қажеттілігін түсіну; | |
| **Апта дәйексөзі:** | ***Талап бар жерде тәртіп бар*** | |
| **Сынып сағатының барысы:** | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Сынып сағатының уақыты ** | **Сынып жетекшінің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар \\ сабақтың техникалық** |

| кезеңі | | | **құрал - жабдықтары** |
|---|---|---|---|
| **Сынып сағатының басы** *10 мин* | ҚР Мемлекеттік Әнұраны орындалады<br><br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br><br>**Мұғалім: Сәлемдесу:**<br>Армысыздар, қымбатты оқушылар! Сіздерді көргеніме қуаныштымын!<br>Барлықтарыңыздың жүздеріңізден күлімсіреу көрініп тұр! Керемет!<br>Бүгінгі сынып сағатымыз сыбайлас жемқорлық тақырыбина арналған. Сыбайлас жемқорлық жергілікті проблема болудан қалып,ұлт шегінен тысқары құбылысқа айналғаны, оның қоғамды және барлық елдердің экономикасын қамтып отырғаны белгілі. Мектебімізде Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды насихаттайтын,тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға жәрдемдесетін және қатысатан «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылған. Клуб сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім; сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық; мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізу бағытында жұмыстарды атқаруда. | **Оқушылар әнұран орындайды**<br><br>Оқушылар жұдырық түйістіру арқылы бір біріне достық ықыластарын білдіреді.<br><br>Тақырып бойынша өз ойларымен бөліседі | Тірек сөздер, фото суреттер тақтаға ілінеді |
| **Сынып сағатының ортасы** *20 мин* | **«Сыбайлас жемқорлық» деген не?**<br>«Сыбайлас-жемқорлық» деген түсінік – «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін шыққан. Рим құқығында «corrumpire» түсінік болған, ол «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген.<br>**Сыбайлас жемқорлықтың шығу тарихына тоқтала кетйік:** жемқорлық б.з.б. IV-III-мыңжылдықтарда Алдыңғы Азияда Шумерліктерде, Б.з..б. III-II мыңжылдықтарда Мысыр, Өзен аралығы, Үндістан, Қытай, Иудей халықтарында пара алу түсінігі болған. Карфаген, Рим империясы, Византия, Осман империясы секілді өз заманы-ның құдіретті мемлекеттерінің ыдырап, жойылып кетуінің ең басты себептері-нің бірі осы сыбайлас жемқорлық.<br>Өкінішке орай, барлық әлем елдері сияқты «Сыбайлас жемқорлық» Қазақстан Республикасында айналып өткен жоқ. Қылмыстың бұл түрінің біздің қоғамымыздың да барлық саласына тамыр жайып кеткені жасырын емес. Ең қауіптісі, ол білім беру, медицина сияқты | Сыбайлас жемқорлық туралы түсінікті дәптерлеріне жазады | Қима суреттер, кескіндемелер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ізгілікті діттеген салалардан бастап құқық қорғау органдарына дейін бой көрсетіп жүр.<br>Республикамызда сыбайлас жемқорлықты реттейтін бірқатар нормативтік құқықтық актілер қабылданған.<br>ҚР 37 мемлекет қабылдаған конвенцияға қосыла отырып, 1998 жылы 2 шілдеде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң қабылдады. Қазақстанда сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік – құқықтық актілерде қабылданды оларға «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдары жатады.<br>Сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін жазаның түрі мен мөлшері жасалған қылмыстық әрекеттің қауіптілік деңгейі мен келтірілген залалына байланысты болады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 15-тарауында Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқықтық бұзушылықтар үшін әртүрлі жазалар қарастырылған.<br>**Топтық жұмыс:**<br>1. «Жемқорлықсыз қоғам» постері<br>Оқушылар топқа бөлініп, жемқорлықсыз қоғам құру жолдары туралы постер дайындайды.<br>Сұрақ-жауап:<br>Жемқорлықтан қалай аулақ болуға болады?<br>Адал болу үшін қандай қасиеттер қажет? | Қабылданған заңдардың хронологиялық кестесін салады<br><br>Топтық жұмысқа белсене қатысады | Қима тапсырмалар<br><br>Түрлі – түсті қаламдар |
| **Қауіпсіздік сабағы**<br>10 мин | Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.<br>Қызығушылықты ояту:<br>Сұрақ: «Сіздер көшеде жатқан белгісіз заттарды кездестіргенде не істейсіздер?»<br>Негізгі бөлім<br>Жаңа тақырыпты түсіндіру :<br><br>Көшедегі қауіпті заттар дегеніміз не?<br><br>Белгісіз пакеттер, сөмкелер, қораптар.<br><br>Құрамында жарылғыш, улы заттар немесе қауіпті химиялық заттар болуы мүмкін заттар.<br><br>**Көшедегі қауіпті заттарды анықтау белгілері:** | Күдікті заттарды анықтау белгілерін дәптерлеріне түсіреді | Пайдалы сілтемелер<br><br>https://youtu.be/CIucCpDxhZA?si=sY5gwqjGKQNeGZvl |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 1. Күдікті иіс немесе сұйықтықтың ағуы.<br>2. Затқа бекітілген сымдар немесе батареялар.<br>3. Тасталған немесе ұмытылған көрінетін заттар.<br>Күдікті заттардан аулақ болу ережелері:<br>1. Затқа жақындамау және қол тигізбеу.<br>2. Айналадағы адамдарға қауіпті зат туралы ескерту.<br>3. 102 (полиция) немесе 112 (төтенше жағдайлар қызметіне) дереу хабарлау.<br>4. Қауіпсіз қашықтыққа кетіп, басқаларға бұл аумаққа жақындамауды түсіндіру.<br>5. Құзырлы органдардың нұсқауларын күту.<br>Топтық жұмыс :<br>Тапсырма:<br>Оқушыларды 3 топқа бөлу.<br>Әр топқа жағдай беріледі (мысалы, көшеде күдікті сөмке табылды).<br>Тапсырма:<br>Көрсетілген жағдайды талдап, қандай қадамдар жасау керектігін жоспарлау.<br><br>3. Көрнекілік арқылы түсіндіру (5 минут): Қауіпті заттардың суреттері мен бейнематериалдарды көрсету.<br><br>Әр мысалды талқылау: қауіптілігін анықтау және қалай әрекет ету керектігін анықтау.<br>Қорытынды<br>Қайталау:<br><br>Мұғалім сабақтың негізгі тұжырымдарын қайталайды:<br><br>Көшеде қауіпті заттарды анықтау және аулақ болу ережелері.<br>Отбасымен бірге көшеде қауіпті заттардан сақтану ережелерін талқылау. | Сілтеме бойынша видеороликпен танысып, өз ойларымен бөліседі.<br><br><br><br>Оқушылар шұғыл қызмет номерлеріме н дәптерлеріне түсіреді | <br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Шұғыл қызмет нөмірлері бар карточкалар |
| **Сынып сағатының соңы**<br>*5 мин* | **Мұғалім:** Оқушылар біз бүгін сіздермен қоғамдасғы өте өзекті екі тақырыппен таныстық, ой бөлісіп, пікір алмастық. Бүгінгі сынып сағатынан алған білімдеріңіз өмірлік азық болады деп тілеймін . | Барлығы бүгінгі сабақта алған әсерлерімен бөліседі. | Бүгінгі сабаққа белсенді қатысқан оқушыларға алғыс білдіріп, мадақтау. |

| | | |
|---|---|---|
| **Сынып сағаты** | №18 | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып жетекші:** | | |
| **Сынып:** | Қатысқаны: | Қатыспағаны: |
| **Сынып сағатының тақырыбы:** | **«Буллингтен қорған!»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*<br>**№ 18- САБАҚ**<br>«Қауіпсіз ашық ойын алаңының ережелері» | |
| **Сынып сағатының мақсаты:** | Оқушыларға буллингтің түрлерін, оның салдарын түсіндіру.<br>Буллингтің алдын алу жолдарын көрсету.<br>Құрдастарымен сыйластық пен эмпатияны дамыту. | |
| **Қауіпсіздік сабағының мақсаты:** | Оқушыларды көшеде қауіпсіз ережелерімен таныстыру. | |
| **Қауіпсіздік сабағының міндеті:** | Өз өміріне деген қамқорлықпен карауды тәрбиелеу | |
| **Құндылықтарды дарыту:** | ***БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ*: бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу;** | |
| **Апта дәйексөзі:** | ***Тәртіп – тәрбие бастауы*** | |
| **Сынып сағатының барысы:** | | |

| **Сынып сағатының уақыты \ кезеңі** | **Сынып жетекшінің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары** |
|---|---|---|---|
| **Сынып сағатының басы**<br>*10 мин* | Сәлемдесу, оқушылардың көңіл-күйін анықтау (эмодзи арқылы немесе «бүгінгі көңіл-күйіңді бір сөзбен сипатта» тәсілі).<br>Сабақтың мақсатын түсіндіру: «Біз буллинг туралы сөйлесіп, одан қалай қорғану керектігін үйренеміз». | Тақырып бойынша өз ойларымен бөліседі | Тақырып тық суреттер |
| **Сынып сағатының ортасы**<br>*20 мин* | **Ой қозғау: «Буллинг деген не?»**<br>• Оқушылардан сұрау: «Буллинг дегенді қалай түсінесіңдер?».<br>• Олардың жауаптарын тыңдап, буллингтің анықтамасын нақтылау:<br><br>*Буллинг – адамның қорқыту, мазақ ету, кемсіту, немесе психологиялық/физикалық қысым көрсетуі.*<br>• Презентация арқылы буллинг түрлерін түсіндіру:<br>- **Физикалық буллинг:** ұрып-соғу, итеру.<br>- **Сөздік буллинг:** мазақ ету, балағаттау.<br>- **Әлеуметтік буллинг:** сыртқа тебу, | Сұрақтар ға жауап береді | Буллинг туралы бейнебаян<br><br>https://youtu.be/rUGU2mJnTxs?si=3dsWZqA9_iUazf-e |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | топтан оқшаулау.<br>- **Кибербуллинг:** интернет немесе әлеуметтік желі арқылы қорқыту.<br>**Талқылау: «Буллингтің салдары»**<br>• Қысқа бейнеролик көрсету (мәселен, буллингтің салдары туралы қысқа мультфильм немесе сахналық көрініс).<br>• Оқушылардан сұрау: «Бұл оқиға кейіпкеріне не сезіндіңдер?» немесе «Егер сендер осындай жағдайға тап болсаңдар, не істер едіңдер?».<br>• Қорытынды: буллингтің адам психологиясына, денсаулығына және қарым-қатынасына кері әсері бар екендігін түсіндіру.<br>**Шешім жолдары: «Қалай қорғанамыз?»**<br>• **Кейстермен жұмыс:**<br>Балаларға буллингке қатысты нақты жағдайларды беріп, олардан шешім табуын сұраңыз. Мысалы:<br>- Біреу сыныпта біреуді мазақ етіп жатыр. Сен не істейсің?<br>- Саған интернетте бейтаныс адам қорқыту хабарламасын жіберді. Қалай жауап бересің?<br>• **3 қадам ережесі:**<br>1. **Бірінші қадам:** Буллинг жасаушыға өзіңді сенімді түрде тоқтатуды айту (Мысалы, «Маған бұл ұнамайды!»).<br>2. **Екінші қадам:** Ата-ана, мұғалім немесе сенімді адамға хабарлау.<br>3. **Үшінші қадам:** Өз сезімдеріңді жақын адамдарыңмен бөлісу және көмек сұрау.<br>**1-жағдаят**<br>**Ситуация:** Мектепте бір оқушы сыныптастарын күлкіге айналдырып, олардың сыртқы келбетіне немесе киіміне қатысты мазақтайды.<br>**Шешім:**<br>• **Қорғанушы:**<br>- Сабырлы түрде мазақтаушыға «Маған мұндай сөздер ұнамайды» деп айтыңыз.<br>- Егер мазақтаушы тоқтамаса, бұл туралы сынып жетекшісіне немесе ата-анаға хабарлаңыз.<br>• **Көмек көрсетуші:**<br>- Құрдасыңызға жақындап, «Бұл дұрыс емес» екенін айтып, оны қолдаңыз. | Бірлесіп жұмыс жасайды<br><br>Кейстерді шешеді<br>Өз ойларымен бөліседі<br><br>Оқушылар жағдаяттарды оқы,,шешу жолдарымен бөліседі | Кейстер жазылған үлестірме қағаздар<br><br>Жағдаяттар жазылған қима қағаздар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | - Мазақтаушыға сыпайы түрде тоқтауын сұраңыз.<br>• **Қорытынды:** Балалар бір-бірін түсініп, сыйлауы маңызды. Мазақтау ешқашан дұрыс шешім емес екенін айту.<br>**2-жағдаят**<br>**Ситуация:** Әлеуметтік желіде бір оқушыға қатысты жағымсыз пікірлер жазылған. Оның суретін мазақтап, түрлі қолайсыз комментарийлер қалдырады.<br>**Шешім:**<br>• **Қорғанушы:**<br>- Хабарламаны елемеңіз және мазақтаушыға жауап қайтармаңыз.<br>- Әлеуметтік желінің модераторына шағым жасап, буллинг жасаушының аккаунтын бұғаттаңыз.<br>- Бұл туралы ата-анаңызға немесе мұғалімге айтыңыз.<br>• **Көмек көрсетуші:**<br>- Буллинг құрбысын қолдап, оған түсіністікпен қараңыз.<br>- Басқаларға жағымсыз пікір жазбауын сыпайы түрде айтыңыз.<br>• **Қорытынды:** Интернетте біреуді қорлау – заңға қайшы әрекет. Әркім өз сөздері үшін жауап беруі тиіс.<br>**3-жағдаят**<br>**Ситуация:** Бір топ оқушы жаңа келген сыныптасты сыртқа тебеді, оны ешқандай ойынға немесе іс-шараға қатыстырмайды.<br>**Шешім:**<br>• **Қорғанушы:**<br>- Өзіңізді ұжымға қосу үшін белсенді әрекет жасаңыз: ортақ қызығушылық табуға тырысыңыз.<br>- Мұғалімге немесе сынып жетекшісіне жағдайды айтып беріңіз.<br>• **Көмек көрсетуші:**<br>- Жаңа сыныптасты ойынға немесе әңгімеге қосу үшін бастама жасаңыз.<br>- Басқаларға оны топқа қосуға шақырыңыз.<br>• **Қорытынды:** Сыныпта барлығы өзін жайлы сезінуі үшін оқушылар бір-бірін қолдауы тиіс.<br>**4-жағдаят**<br>**Ситуация:** Дене шынықтыру сабағында бір оқушы әлсіз ойын көрсеткені үшін | Оқушылар жағдаяттар бойынша өз пікірлерімен бөліседі | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | сыныптастары оны мазақтайды.<br>**Шешім:**<br>• **Қорғанушы:**<br>- Елемеуге тырысыңыз және өзіңізге сенімді болыңыз.<br>- «Әркімнің өз қабілеті бар» деген пікірмен мазақтаушыларға жауап беріңіз.<br>• **Көмек көрсетуші:**<br>- Мазақталып жатқан оқушыны қолдаңыз: «Бұл тек ойын, бәрі жақсы!» деп айтыңыз.<br>- Сыныптастарыңызға «Мазақтаудың орнына қолдау көрсетейік» деп ескертіңіз.<br>• **Қорытынды:**<br>Әр оқушы өзін қолдау тапқан ортада жақсы дамиды. Түсіністік – басты кілт. | Оқушылар жағдаяттард ы шешуде пікір айтады | |
| **Қауіпсізді к сабағы**<br>10 мин | **Мұғалім:** сабақ тақырыбын, мақсатын хабарлайды. Жаңа тақырыпты түсіндіреді.<br>**Негізгі бөлім:** Көшедегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру<br>1. Қайда бара жатқаныңызды, кіммен және қашан қайтатыныңызды атаанаңызға үнемі ескертіп отырыңыз. Бұл өте маңызды, қауіп төнген жағдайда сізге көмектесе алады!<br>2. Қараңғыда көшеде жалғыз жүрмеңіз. Бұл жағдай туындаса, тек жарықтандырылған жерлерге барыңыз. Егер сіздің жолыңыз қараңғы және тар аллеялардан өтсе, ата-анаңызға қоңырау шалыңыз және олардан сізбен кездесуін сұраңыз.<br>3. Телефоннан қатты музыка тыңдау арқылы өзіне назар аудармау, т.б.<br>4. Пәтер кілттерін мойынға іліп қоюға болмайды және оны шалбардың белдігіне ілуге болмайды.<br>5. Ешқашан, ешбір жағдайда, қоғамдық орында ұрыспаңыз.<br>6. Көшеде адамдар сізге келіп, көшені қалай табуға болатынын сұраса, сіз оған қалай жетуге болатынын түсіндіре аласыз, бірақ ешбір жағдайда оларды шығарып салмаңыз.<br>3. **Қорытынды:** Балаларға жедел жәрдем нөмірлерін тарату.<br>4. Ережелерді қайталау: Осы тақырыпты талқылау ұнады ма? Бұл | Тақырыптық термин сөздерді дәптерлеріне түсіреді, оның ұғымын біледі.<br><br>Сілтеме бойынша видеороликп ен танысып, өз ойларымен бөліседі.<br><br>Оқушылар шұғыл қызмет номерлеріме н танысып, дәптерлеріне түсіреді | Пайдалы сілтемелер<br><br>**https://youtu.be/8rz3wsHhc0Y?si=ALrIO4TDLS2QGM3m**<br><br>Шұғыл қызмет нөмірлері бар карточкалар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | туралы ата-анаңызға айтасыз ба? «Көшеде қауіпсіз ережесі» бойынша кеңестері бар парақшаны тарату. | | |
| **Сынып сағатының соңы**<br>*5 мин* | Сабақ соңында мына сұрақтарға жауап алу:<br>• «Буллингтен қалай қорғануға болады?»<br>• «Бүгін сабақтан қандай маңызды ой түйдіңдер?».<br>Әр оқушыдан өз сезімін 1 сөзбен сипаттауын сұрау.<br>**Рефлексия: «Жақсылық шеңбері» (10 минут)**<br>Осы арқылы балалардың бір-біріне деген жылы қарым-қатынасын нығайту. | Оқушылар шеңберге тұрады. Әр оқушы қасында тұрған адамға жылы сөз немесе комплимент айтады | Стикерлер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сынып сағаты** | №19 | | | |
| **Күні:** | | | | |
| **Сынып жетекші:** | | | | |
| **Сынып:** | Қатысқаны: | | Қатыспағаны: | |
| **Сынып сағатының тақырыбы:** | **«Заң және Тәртіп» құндылығы**<br>**«Реттеушінің белгілері» ЖЖЕ №5**<br>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)<br>**№ 19- САБАҚ**<br>«Денсаулықты сақтайтын әдеттер» | | | |
| **Сынып сағатының мақсаты:** | Оқушыларға жол қозғалысын реттеушінің белгілері туралы түсінік беру.<br>Жол қозғалысы ережелерін сақтаудың маңыздылығын түсіндіру.<br>Жолдағы қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру. | | | |
| **Қауіпсіздік сабағының мақсаты:** | Салауатты өмір салтының пайдасы туралы және денсаулықты күтуді үйрету. | | | |
| **Қауіпсіздік сабағының міндеті:** | 1) Дұрыс тамақтану принциптерін дамыту;<br>2) Қандай тағамдық қоспалардың зиянды екенін анықтау;<br>3) Балаларды топпен жұмыс істеуге үйрету. | | | |
| **Құндылықтарды дарыту:** | ***ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП*: қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу.** | | | |
| **Апта дәйексөзі:** | ***Әділет жолы- адал жол*** | | | |
| **Сынып сағатының барысы:** | | | | |
| **Сынып сағатының уақыты \ кезеңі** | **Сынып жетекшінің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары** | |
| **Сынып сағатының басы**<br>*10 мин* | Оқушылармен амандасу, оларды көңілді шеңберге жинау.<br>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын | | Тақырып бойынша өз | Тірек сөздер, фото |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | түсіндіру: «Бүгін біз жол қозғалысындағы маңызды тұлға – реттеуші және оның белгілері туралы білетін боламыз». | ойларымен бөліседі | суреттер тақтаға ілінеді |
| **Сынып сағатының ортасы**<br>*20 мин* | **Ой қозғау (5 минут)**<br>• Сұрақ: «Кім реттеушінің кім екенін және оның міндеті қандай екенін біледі?»<br>• Оқушылардың жауаптарын тыңдау.<br>Реттеушінің белгілерін түсіндіру – бұл жол қозғалысын дұрыс ұйымдастырудың маңызды бөлімі. Оқушыларға реттеушінің негізгі міндеттері мен белгілері туралы жан-жақты ақпарат беру үшін төмендегідей мазмұнды қоса аласыз:<br>**1. Реттеуші деген кім?**<br>Реттеуші – бұл жол қозғалысын қолмен немесе арнайы құралдармен басқаратын маман. Ол көбінесе:<br>• Бағдаршам істемей қалған Жағдайда;<br>• Жолда жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқанда;<br>• Төтенше жағдайлар орын алғанда (мысалы, апат немесе үлкен шаралар кезінде);<br>• Бағдаршам рұқсатынсыз жол өткелдерін қауіпсіз ету үшін қызмет етеді.<br>**Реттеуші қандай құралдарды пайдаланады?**<br>• **Арнайы жезл (таяқша):** Қозғалысты басқаруға арналған басты құрал. Ол жаяу жүргіншілер мен жүргізушілерге сигналдар беру үшін қолданылады.<br>• **Сыбызғы (свисток):** Жолдағы назарды аудару немесе белгілі бір нұсқау беру үшін қолданылады.<br>• **Арнайы форма:** Реттеушіні алыстан тану үшін оның арнайы киімі немесе белгісі болады (жол полициясының формасы немесе жарқырауық жейде).<br>**2. Реттеушінің қол сигналдары**<br>Реттеуші қолдарын белгілі бір | Сұрақтарға жауап береді, өз ойларымен бөліседі<br><br>Тақырып бойынша негізгі ұғымдарды, ережелерді дәптерлеріне жазады | Қима суреттер, кескіндемелер<br><br>Презентация<br><br>Қима тапсырмалар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бағытта ұстап, жол қозғалысын реттейді.<br>Негізгі үш сигналды түсіндіру:<br>1. **Қолдары екі жаққа созылған немесе төмен түсірілген:**<br>- Реттеушінің алдынан және артынан өтпейді.<br>- Тек оның екі жағы бойынша қозғалыс рұқсат етіледі.<br>- **Мысал:** Егер реттеуші қолдарын екі жаққа созып тұрса, сіз жаяу жүргінші ретінде оның алдынан өтпеуіңіз керек.<br>2. **Қолдарын жоғары көтерген:**<br>- Бұл сигнал барлық қозғалысты тоқтатуды білдіреді.<br>- Барлық жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер бір орында тұрып күтуі тиіс.<br>- **Мысал:** Егер сіз жолдан өтіп бара жатсаңыз, тоқтауыңыз керек және жаңа сигналды күтуіңіз қажет.<br>3. **Қолдың бір жаққа созылуы:**<br>- Қол көрсетілген бағыттағы көліктер мен жаяу жүргіншілер үшін қозғалысқа рұқсат беріледі.<br>- Қалған бағыттардағылар күтуі керек.<br>- **Мысал:** Егер реттеуші қолын сол жаққа созса, тек сол жаққа қарай қозғалыс рұқсат.<br>**Қосымша түсінік:**<br>• Егер реттеуші қолындағы жезлды жоғары көтеріп, дыбыс шығарса, бұл назар аудару сигналы. Мұндай жағдайда бәрі мұқият тыңдауы тиіс.<br>• Барлық қозғалыстар реттеушінің бұйрықтарына сәйкес жүруі керек. Егер бағдаршам мен реттеушінің белгісі бір-біріне қайшы келсе, **реттеушінің сигналы негізгі** болып табылады.<br>**3. Реттеуші сигналы мен бағдаршамның айырмашылығы**<br>• Бағдаршам механикалық құрал болса, реттеуші – жағдайға икемделген адам.<br>• Бағдаршам белгілі бір ретпен жұмыс істейді, ал реттеуші жолдың нақты сәтіне байланысты әрекет етеді.<br>• Реттеуші белгілері әрдайым басымдыққа ие.<br>**4. Реттеуші белгілерін игеру не үшін маңызды?**<br>• **Жолдағы қауіпсіздік үшін:** | Мысалдар бойынша пікір білдіреді | Түрлі – түсті қаламдар<br><br>Презентация<br><br>Мысалдар жазылған қима қағаздар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Әсіресе үлкен қалаларда және қиын жағдайларда реттеушінің жұмысын түсіну – жол апаттарының алдын алудың бірден-бір жолы.<br>• **Балалар мен жасөспірімдердің өмірін қорғау үшін:**<br>Оқушылар реттеуші белгілерін білсе, мектеп жолдарында қауіпсіз жүре алады.<br>• **Ережені сақтау мәдениетін қалыптастыру үшін:** Жол ережелерін білу – қоғамдық тәртіп пен сыйластықтың маңызды көрсеткіші.<br>**5. Мысалдар арқылы түсіндіру:**<br>Оқушыларға нақты жағдайларды елестету арқылы реттеушінің әрекеттерін түсіндіріңіз:<br>**Мысал 1:**<br>• Сіз жол қиылысында көлікпен келе жатырсыз. Бағдаршам істемейді, бірақ реттеуші қолдарын жоғары көтеріп, барлық қозғалысты тоқтатып тұр. Бұл кезде сіз күтуіңіз керек, өйткені ол алдымен басқа бағыттағы көліктерге жол береді.<br>**Мысал 2:**<br>• Сіз жаяу жүргіншісіз және реттеуші қолдарын екі жаққа созып тұр. Оның алдыңғы және артқы жағына қарай өтуге тыйым салынады. Бұл жағдайда оның белгісі бойынша қозғалысқа рұқсат берілгенше күту қажет.<br>**6. Реттеушінің белгілерін есте сақтаудың тиімді тәсілдері:**<br>• **Плакаттар мен суреттер:**<br>Реттеушінің әр белгісін сурет арқылы жаттап алыңыз.<br>• **Ойындар:** Реттеуші рөлінде болып, сигналдарды көрсетуге тырысыңыз.<br>• **Ережелерді талқылау:**<br>Реттеушінің белгілері туралы қысқа викторина өткізіңіз.<br>**Ойын: «Реттеушінің рөлінде»**<br>• Оқушыларды топқа бөліңіз.<br>• Әр топ кезекпен реттеушінің рөлінде болып, қол сигналдарын көрсетеді. Қалғандары «жүргізуші» немесе «жаяу жүргінші» болып әрекет | Оқушылар мысалдарды талдайды | Презентация |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | етеді.<br>• Жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер реттеушінің сигналдарына сай қозғалу керек.<br>**Мысалы:**<br>1. Бір оқушы реттеуші ретінде қолдарын жоғары көтерсе, барлығы тоқтайды.<br>2. Егер қолдарын екі жаққа созса, тек жаяу жүргіншілер белгіленген бағыт бойынша қозғалады.<br>**5. Кейс сұрақтар**<br>• **Сұрақ 1:** Сен жол қиылысында келе жатырсың. Бағдаршам істемей тұр, бірақ реттеуші қолдарын екі жаққа созды. Сен не істейсің?<br>**Жауап:** Тоқтаймын және реттеушінің алдынан немесе артынан өтпеймін.<br>• **Сұрақ 2:** Сенің автобусың бағдаршамға жақындап келеді, бірақ реттеуші қолын жоғары көтерді. Сенің әрекетің?<br>**Жауап:** Барлық қозғалыс тоқтағанын ескере отырып, автобуста күтемін.<br>• **Сұрақ 3:** Сен жаяу жүргінші ретінде жолдан өтпекшісің, ал реттеуші қолдарын тек бір жаққа созды. Не істеу керек?<br>**Жауап:** Жол қозғалысының реттелуін күтемін, себебі бұл белгі бойынша маған қозғалу рұқсат етілмейді.<br>**6. Шығармашылық тапсырма: «Қауіпсіз жол» постері**<br>• Оқушыларға жол қозғалысындағы қауіпсіздік ережелеріне қатысты сурет салу немесе постер дайындауды тапсырыңыз.<br>• Тақырыптар:<br>- «Реттеушінің маңызды рөлі»<br>1. «Жолда қауіпсіздік – баршаға ортақ!» | Оқушылар ролдік ойындар ойнайды<br><br>Оқушылар кейстерді талқылайды<br><br>«Қауіпсіз жол» постерін салады | Кейстер жазылған үлестірме қағаздар |
| **Қауіпсіздік сабағы**<br>10 мин | Сабақтың тақырыбы мен мақсатын қысқаша таныстыру:<br>*«Бүгін біз денсаулығымызды сақтауға көмектесетін пайдалы әдеттер туралы сөйлесеміз.»*<br>**Ой қозғау (2 минут)**<br>• Сұрақ: *«Сіздер қандай пайдалы* | Тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді | Пайдалы сілтемелер<br><br>**https://youtu.b** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | *әдеттерді білесіздер? Өз денсаулығыңызды қалай күтесіздер?»*<br>• Оқушылардың жауаптарын тыңдау.<br>• Түсінік беру: Денсаулық – адамның ең құнды байлығы. Денсаулықты сақтау үшін біз күнделікті дұрыс әдеттерді орындауымыз қажет.<br>**Денсаулықты сақтайтын негізгі әдеттер (5 минут)**<br>**Тақтада немесе плакатта көрсету:**<br>1. **Дұрыс тамақтану:**<br>- Күнделікті көкөністер мен жемістер жеу.<br>- Қант пен зиянды тағамдарды азайту.<br>- Таңғы ас ішуді ұмытпау.<br>2. **Физикалық белсенділік:**<br>- Күніне кем дегенде 30 минут қозғалу.<br>- Серуендеу, спортпен шұғылдану.<br>3. **Гигиенаны сақтау:**<br>- Қолды жиі жуып, тісті тазалау.<br>- Уақытылы жуыну және таза киім кию.<br>4. **Ұйқының маңыздылығы:**<br>- Балалар үшін 8-10 сағаттық ұйқы қажет.<br>- Ұйқы алдында телефон немесе теледидар қарамау.<br>5. **Күйзелістен аулақ болу:**<br>- Қиын жағдайларда тыныштық сақтау.<br>- Жақын адамдармен сөйлесіп, өз ойыңмен бөлісу.<br>**4. Қорытынды: Шағын ойын немесе сұрақ-жауап (2 минут)**<br>**Ойын: «Пайдалы – зиянды»**<br>• Мұғалім денсаулыққа қатысты әртүрлі әдеттерді атайды, ал оқушылар «пайдалы» немесе «зиянды» деп жауап береді.<br>• Мысалдар:<br>1. Таңғы ас ішпеу – зиянды.<br>2. Түнде 8 сағат ұйықтау – пайдалы.<br>3. Тәтті газдалған сусын ішу – зиянды.<br>4. Күн сайын серуендеу – | Сілтеме бойынша видеороликпен танысып, өз ойларымен бөліседі.<br><br>«Пайдалы – зиянды» ойынын ойнайды | **e/sXN8vhXzEz8?si=7VaajyE795TeOBHw**<br><br>**https://youtu.be/jWklhxwlxmA?si=_DmuSwzqczi5dhkh**<br><br>Шұғыл қызмет нөмірлері бар карточкалар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | пайдалы. | | |
| **Сынып сағатының соңы**<br>*4 мин* | Сұрақтар арқылы сабақты қорытындылау:<br>- «Бүгін не білдіңдер?»<br>- «Реттеушінің қандай белгілері ең маңызды деп ойлайсыңдар?»<br>«Жолда өзіңді қауіпсіз сезіну үшін не істеу керек?»<br>Барлық оқушылардан 1-2 пікір тыңдау. | Оқушылар пікір білдіреді | Стикер лер |

| | | |
|---|---|---|
| **Сынып сағаты** | №20 | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып жетекші:** | | |
| **Сынып:** | Қатысқаны: | Қатыспағаны: |
| **Сынып сағатының тақырыбы:** | «4 ақпан - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні»<br>**«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*<br>**№ 20-САБАҚ**<br>«Бейтаныс адамның шақыруынан қалай сенімді және қауіпсіз бас тартуға болады?» | |
| **Сынып сағатының мақсаты:** | 1. Оқушыларға интернетте қауіпсіздікті сақтау туралы түсінік беру.<br>2. Интернеттегі қауіпті жағдайларды тану және олардан қорғану жолдарын үйрету.<br>3. Сандық сауаттылықты арттыру арқылы жеке деректерді қорғау қабілетін дамыту. | |
| **Қауіпсіздік сабағының мақсаты:** | Балаларды бейтаныс адамдар әртүрлі амалдар арқылы алдауға немесе қауіпсіз мінез-құлық негіздеріне үйрету. | |
| **Қауіпсіздік сабағының міндеті:** | 1. Балаларды бейтаныс адамдармен қарым-қатынас ережелерімен таныстыру.<br>2. Балаларды бейтаныс адамдарға сенбеуге үйрету.<br>3. Көшеде бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасауда әртүрлі айлатәсілдерді қолдана білу дағдыларын дамыту. | |
| **Құндылықтарды дарыту:** | ***ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК*** : өз әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру; басқаға көмектесуге, мейірімділік танытуға дайын болу; | |
| **Апта дәйексөзі:** | ***Жасампаздық – бәрімізге өнеге*** | |
| **Сынып сағатының барысы:** | | |

| **Сынып сағатының уақыты \ кезеңі** | **Сынып жетекшінің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары** |
|---|---|---|---|
| **Сынып сағатының басы**<br>*10 мин* | Сәлемдесу, оқушыларды топтарға бөлу.<br>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.<br>Кіріспе сұрақтар:<br>• «Интернетте қауіпсіз болу | Тақырып бойынша өз ойларымен бөліседі | Тақырып тық суреттер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | дегенді қалай түсінесіңдер?»<br>• «Сіздер интернетте қандай қауіптерге тап болдыңыздар?» | | |
| **Сынып сағатының ортасы**<br>*20 мин* | Цифрлық қауіпсіздік – бұл интернетте және сандық құрылғыларда қауіпсіз әрекет ету үшін жасалатын шаралар жиынтығы. Интернет бізге білім алуға, байланыс орнатуға, және жаңа мүмкіндіктер табуға жағдай жасайды. Алайда, ол кейбір қауіптерді де тудырады.<br><br>**1. Интернеттегі негізгі қауіптер:**<br>**Кибербуллинг (Cyberbullying):**<br>Бұл – интернет арқылы адамның намысына тию, қорлау немесе қысым көрсету.<br>Мысалы: әлеуметтік желілерде қоқан-лоқы хабарламалар жазу, жалған мәлімет тарату.<br>**Қорғану жолдары:**<br>• Бейтаныс адамдармен әлеуметтік желіде достаспау.<br>• Қоқан-лоқыға жауап бермеу және оны ата-ана немесе мұғалімге хабарлау.<br>**Алаяқтық (Fraud):**<br>Бейтаныс адамдар жалған ақпарат таратып, сіздің ақпаратыңызды ұрлауы мүмкін.<br>**Мысалы:** «Сыйлық ұтып алдыңыз» деп сілтеме жіберу немесе сізден ақша сұрау.<br>**Қорғану жолдары:**<br>Сілтемелерді басар алдында олардың рас екенін тексеру.<br>Жеке ақпаратты (мекенжай, телефон, банк деректері) ешкімге бермеу.<br>**Фишинг (Phishing):**<br>Бұл – құпия деректеріңізді (құпиясөздер, банк картасының деректері) алдау арқылы ұрлауға бағытталған алаяқтық.<br>**Қорғану жолдары:**<br>Банк немесе басқа ұйымдардан келген күмәнді хаттарға сенбеу. | Сұрақтар ға жауап береді<br><br>Тақырыптық терминдерді дәптерлеріне жазады | Презентация<br><br>Презентация<br><br>Тақырыптық терминдер жазылған қима қағаздар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Тек ресми сайттарды қолдану.<br>**Зиянды бағдарламалар (Malware):**<br>Бұл – компьютер немесе телефонға орнатылған, сізге зиян тигізетін бағдарлама.<br><br>**Қорғану жолдары:**<br>Антивирус орнату.<br>Бейтаныс қосымшаларды жүктемеу.<br>**2. Интернетте қауіпсіздік ережелері:**<br>1. **Жеке ақпаратты қорғау:**<br>Толық аты-жөніңізді, мекенжайыңызды, телефон нөміріңізді жарияламаңыз.<br>Әлеуметтік желілердегі ақпараттарыңыздың құпиялығын тексеріңіз.<br>2. **Құпиясөзді күрделі ету:**<br>Құпиясөздер күрделі және оңай болжанбайтын болуы керек.<br>Оларды басқа адамдармен бөліспеңіз.<br>3. **Сілтемелер мен хабарламаларды тексеру:**<br>Бейтаныс адамдардан келген сілтемелерге сенбеңіз.<br>Тек сенімді көздерден ақпарат алыңыз.<br>4. **Этиканы сақтау:**<br>Интернетте өзгелердің құқығын сыйлаңыз.<br>Бұрмалаушы немесе жалған ақпарат таратпаңыз.<br>5. **Уақытты басқару:**<br>Интернетте шамадан тыс уақыт өткізбеңіз.<br>Күн тәртібін сақтаңыз.<br>**3. Жағдаят мысалы:**<br>Сізге біреу хабарлама жіберіп: «Мен сенің досыңмын. Маған көмек керек. Маған ақша жібер», - деді. Не істейсіз?<br>**Талқылау:**<br>Алдымен, ол адамның шын дос екеніне көз жеткізіңіз.<br>Оның нақты не үшін ақша сұрап отырғанын сұраңыз.<br>**Ата-анаңызға немесе мұғаліміңізге хабарлаңыз. 3. Топтық жұмыс** | Бірлесіп жұмыс жасайды<br><br>Жағдаяттар бойынша өз шешімдерімен бөліседі | Презентация<br><br>Жағдаяттар жазылған қима қағаздар |

<table>
<tr><td></td><td>Тапсырма: Оқушыларға жағдайларды талдау үшін топтарға бөліңіз. Әр топқа түрлі жағдаят беріңіз:<br>1-Топ: «Сізге бейтаныс адам жеке ақпараттарыңызды сұрады.»<br>2-Топ: «Әлеуметтік желіде достарыңыз сізді мазақтайтын сурет жариялады.»<br>3-Топ: «Сіз сыйлық ұтып алдыңыз деген хабарлама алдыңыз.»</td><td>Әр топ өз шешімдерін ұсынады және сынып болып талқылайды.</td><td>Тапсырмалар жазылған үлестірме қағаздар</td></tr>
<tr><td>Қауіпсіздік сабағы<br>10 мин</td><td>Кіріспе (2 минут)<br>Негізгі бөлім(6 минут)<br>Мұғалім: сіздердің сеніміңізге кіру үшін бейтаныс адамдар әртүрлі айла-амалдарды қолдана алатынын есте ұстаңыздар. Әрқашан сақ болыңыздар және бейтаныс адамдарменжүрмеңіздер. «Бейтаныс» ашық ойыны (3 минут)<br>Ойын ережесін түсіндір. - Бір бала «бейтаныс» ролінде, қалғандары «балалар» ролінде ойнайды. - «Бейтаныс» әр «балаға» жақындап, трюктердің бірін қолдана отырып, бірдеңе ұсынады (мысалы, «Кәмпит керек пе?», «Менің күшігімді табуға көмектес»). - «Балалар» дұрыс жауап беруі керек. «Жоқ» деп айтып, «қауіпсіз жерге» барыңыз(жерге таспамен немесе бормен белгіленген). - Ойын бірнеше рет қайталанады, сонда барлық балалар әртүрлі рольдерді ойнауға үлгереді. 2. Қорытынды (2 минутқа дейін)<br>- Сабақты қорытындылау. Бейтаныс адаммен өзіңді қалай ұстау керек? Есіңізде болсын, бейтаныс адам сізді алдамақ болса, ересектерге міндетті түрде хабарлау керек!</td><td>Тақырыптық термин сөздерді дәптерлеріне түсіреді, оның ұғымын біледі.<br><br>Сілтеме бойынша видеороликпен танысып, өз ойларымен бөліседі.<br><br>Оқушылар ролдік ойындар ойнайды</td><td>Сабақ тақырыбы бойынша мысалдарды көрсету үшін суреттер мен бейнелер.<br><br>Пайдалы сілтемелер<br>https://youtu.be/JkUvKopOdlI?si=dHZVdurLkPHpvsvS<br><br>https://youtu.be/JkUvKopOdlI?si=6xOrr3vYENhTPJmj</td></tr>
<tr><td>Сынып сағатының соңы<br>5 мин</td><td>- Оқушылар өздерінің цифрлық әлемде қауіпсіз болу үшін қандай ережелерді қолданатынын айтады.<br>- Мұғалім сабақты қорытындылап, оқушылардың жауапкершілігін атап өтеді: «Интернет – білім мен байланыс орнатуға керемет құрал. Бірақ оны ақылмен, қауіпсіздік ережелерін сақтай</td><td>Оқушылар кері байланыс береді, сұрақтарға жауап береді</td><td>Стикерлер</td></tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| | *отырып қолдану маңызды. Бүгінгі сабақта үйренгендеріңізді өмірде міндетті түрде қолданыңыздар!»* | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Сынып сағаты** | №21 | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып жетекші:** | | |
| **Сынып:** | Қатысқаны: | Қатыспағаны: |
| **Сынып сағатының тақырыбы:** | «Буллингтен қорған!»<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*<br>№ 21-САБАҚ<br>«Төтенше нөмірлер» | |
| **Сынып сағатының мақсаты:** | 1. Буллингтің түрлерін, себептерін және салдарын түсіндіру.<br>2. Буллинг жағдайларында қорғану және көмек сұрау жолдарын үйрету.<br>3. Қоғамдағы сыйластық, мейірімділік және бір-біріне қолдау көрсету құндылықтарын қалыптастыру. | |
| **Қауіпсіздік сабағының мақсаты:** | Оқушыларды төтенше жағдайлардағы ережелерімен таныстыру. | |
| **Қауіпсіздік сабағының міндеті:** | 1. Оқушылардың мамандандырылған қызметтерге көмек сұрай білуін дамыту.<br>2. Қандай жағдайларда шұғыл қызметтерге қоңырау шалу керектігін түсіндіріңіз.<br>3. Оқушыларды шұғыл қызмет операторына ақпаратты дұрыс және анық жеткізуге үйрету. | |
| **Құндылықтарды дарыту:** | ***ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК:*** берілген ортақ іс үшін ұжым алдындағы жауапкершілікті түсіну;<br>басқаға көмектесуге, мейірімділік танытуға дайын болу; | |
| **Апта дәйексөзі:** | ***Шығармашыл бала – ойлы бала*** | |
| **Сынып сағатының барысы:** | | |

| **Сынып сағатының уақыты \ кезеңі** | **Сынып жетекшінің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары** |
|---|---|---|---|
| **Сынып сағатының басы**<br>*10 мин* | Оқушылармен сәлемдесу.<br>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын түсіндіру.<br>Кіріспе сұрақтар:<br>• «Буллинг дегенді қалай түсінесіңдер?»<br>• «Буллингке тап болған жағдайларың болды ма? Қалай әрекет еттіңдер?» | Тақырып бойынша өз ойларымен бөліседі | Тақырыптық суреттер |
| **Сынып сағатының ортасы** | **Мұғалімнің түсіндірмесі:**<br>**«Буллинг дегеніміз не және одан қалай қорғануға болады?»** | Сұрақтарға жауап | Қима суреттер, кескіндемелер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *20 мин* | Буллинг – бұл адамның жеке басына қысым көрсету, қорлау, қоқан-лоқы жасау немесе мазақтау әрекеттері. Ол мектепте, әлеуметтік желіде немесе күнделікті өмірде орын алуы мүмкін.<br>**1. Буллингтің түрлері:**<br>1. **Физикалық буллинг:**<br>- Басқа адамға дене арқылы зиян келтіру (итеру, соғу, ұру).<br>2. **Вербалды буллинг:**<br>- Қорлау, мазақтау, адамның намысына тиетін сөздер айту.<br>3. **Кибербуллинг:**<br>-Интернет арқылы адамның ар-намысына тиетін әрекеттер жасау (жалған ақпарат тарату, мазақтайтын суреттер мен хабарламалар жазу).<br>4. **Әлеуметтік буллинг:**<br>- Адамды қоғамнан шеттету, оған қарсы топ құру.<br>**2. Буллингтің себептері:**<br>• Жеке басының мәселелері (өзін төмен бағалау, агрессия).<br>• Қоғамдық қысым және қате тәрбие.<br>• Құрбылар арасында танымал болуға тырысу.<br>**3. Буллингтің салдары:**<br>• Өз-өзіне сенімсіздік, қорқыныш, жалғыздық сезімі.<br>• Сабағына үлгермеу, психологиялық жарақат алу.<br>• Ауыр жағдайда, денсаулығына зиян келу немесе қауіпті әрекеттерге бару.<br>**4. Буллингтен қорғану стратегиялары:**<br>1. **Өзіңді қорғау:**<br>-Сізді мазақтап жатқан жағдайда сабырлы болыңыз, эмоцияңызды көрсетпеңіз.<br>-Адамдармен тікелей, батыл және сыпайы сөйлесіңіз.<br>2. **Көмек сұрау:**<br>-Ата-анаңызға, мұғалімге немесе сенімді досыңызға жағдайды түсіндіріңіз.<br>-Кибербуллинг жағдайында дәлелдерді (скриншот) сақтап, арнайы органдарға хабарласыңыз. | береді<br><br>Оқушылар тақырыпты қ терминдер ді дәптерлері не жазады<br><br>Оқушылар буллингтің салдары бойынша пікір білдіреді | Презентация |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 3. **Достық қолдау көрсету:**<br>-Буллингке ұшыраған адамға көмектесіңіз, оны жалғыз қалдырмаңыз.<br>- Топтық қолдау көрсетіп, буллингті тоқтату жолдарын іздеңіз.<br>**5. Жағдаят мысалы:**<br>•«Сыныптағы бір оқушыны мазақтап, оны ойындарға қоспай жатыр. Сен оның досысың. Не істейсің?»<br>**Талқылау:**<br>-Мазаққа қарсы шығып, өзіңнің досыңа қолдау көрсету.<br>- Оқиға туралы сынып жетекшісіне хабарлау<br>**3. Топтық жұмыс**<br>**Тапсырма:**<br>Оқушыларды 3 топқа бөліңіз. Әр топқа жағдаят ұсыныңыз және оны қалай шешуге болатынын сұраңыз:<br>1. Топ: «Әлеуметтік желіде сыныптастың суретін мазақтап жариялап жатыр. Сенің реакцияң қандай?»<br>2. Топ: «Сыныптағы бір бала үнемі саған дөрекі сөйлейді және басқалардың алдында сені мазақтайды. Не істейсің?»<br>3. Топ: «Достарыңның бірі әлсіз оқушыны мазақтайды, сен оны байқап қалдың. Қалай әрекет етесің?»<br>**Топтық талқылау:**<br>•Әр топ өз шешімдерін ұсынады.<br>•Мұғалім әр топтың ұсыныстарын талқылап, дұрыс шешімдерге бағыт береді. | Бірлесіп жұмыс жасайды<br><br>Оқушылар топтарымен білесе жұмыс жасайды | Жағдаяттар жазылған қима қағаздар<br><br>Постерлер<br>Қима тапсырмалар<br><br>Түрлі – түсті қаламдар |
| **Қауіпсіздік сабағы**<br>10 мин | Кіріспе (2 минутқа дейін): Суреттерден құтқару қызметінің түрін анықта, құтқару қызметінің нөмірлерін айт.<br>   <br>Ортақ құтқару қызметінің нөмірін айт. Кез келген қауіпті жағдайдан құтқаратын ортақ телефон нөмірі – 112. | Тақырыптық термин сөздерді дәптерлеріне түсіреді, оның ұғымын біледі.<br><br>Сілтеме | Жедел қызмет нөмірлері туралы жадынамалары бар үлестірме материалдар<br><br>**Пайдалы сілтемелер**<br><br>https://youtu.be/XN1hCSucuqQ?si=AlWhq3 |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Бұл нөмірге хабарласу арқылы барлық қауіпті жағдай бойынша көмек ала аласыз. Төтенше жағдай кезінде бастысы, сабыр сақтап, диспетчерге, болған жағдайды дұрыстап түсінікті жеткізу қажет.<br><br>«Есте сақта!»
<table>
<tr><td>Өрт күзеті</td><td>101</td></tr>
<tr><td>Полиция</td><td>102</td></tr>
<tr><td>Жедел жәрдем</td><td>103</td></tr>
<tr><td>Төтенше газ қызметі</td><td>104,112</td></tr>
<tr><td>Бірыңғай құтқару қызметі</td><td>112</td></tr>
<tr><td>«111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған.<br><br>- «111» нөмірі – 24/7 байланыста<br>- «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды</td><td>111</td></tr>
</table>
</td>
<td>бойынша видеоролик пен танысып, өз ойларымен бөліседі.<br><br>Оқушылар шұғыл қызмет номерлерімен танысып, дәптерлеріне түсіреді</td>
<td>kKQlEG_nzr<br><br>https://youtu.be/ylMqQnk_eq4?si=obSRq20OlQAT48Gn<br><br>Шұғыл қызмет нөмірлері бар карточкалар</td>
</tr>
<tr>
<td>Сынып сағатының соңы<br>5 мин</td>
<td>Сабақ барысында үйренген буллингтен қорғану стратегияларын қайталайды.<br>- Сұрақ: «Бүгінгі сабақта алған білімді болашақта қалай қолданасыңдар?»<br>- Мұғалімнің қорытынды сөзі:<br>«Буллинг – қауіпті құбылыс, бірақ оны тоқтату өз қолымызда. Бір-бірімізді құрметтеп, қолдап, мейірімді болсақ, буллингті азайта аламыз. Әрқашан өзіңе және өзгелерге көмек сұраудан қорықпа!»</td>
<td>Оқушылар шеңберге тұрады. Әр оқушы қасында тұрған адамға жылы сөз немесе комплимент айтады</td>
<td>Стикерлер</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| **Сынып сағаты** | №22 | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып жетекші:** | | |
| **Сынып:** | Қатысқаны: | Қатыспағаны: |
| **Сынып сағатының тақырыбы:** | Қауіпсіз қоғам / «Жол белгілері және олардың мақсаты» ЖЖЕ №6<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*<br>№ 22-САБАҚ<br>«Мектептегі қауіпсіздік ережелері» | |
| **Сынып сағатының мақсаты:** | Оқушыларды жол қозғалысы қауіпсіздігі және жол белгілерімен таныстыру.<br>Жол белгілерінің маңызы мен мақсаттарын түсіндіру.<br>Оқушыларды жол ережелерін сақтау мен қауіпсіз қоғам құруға үйрету. | |
| **Қауіпсіздік сабағының мақсаты:** | Мектептегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. | |
| **Қауіпсіздік сабағының** | 1. Күнделікті өмір мектепте балаларды қандай қауіптер күтіп тұрғанын айтыңыз. | |

| | |
|---|---|
| **міндеті:** | 2. Қауіпті және қауіпсіз жағдайларды талқылау.<br>3. Жағдаяттарды жылдам басқаруға және ұтымды шешім қабылдауғаүйрету. |
| **Құндылықтарды дарыту:** | ***ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК:*** өз әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру;<br>әдеп нормасына сәйкес өзінің және басқалардың іс әрекеттерін талдау; |
| **Апта дәйексөзі:** | ***Өнерлі бала - өрге жүзер*** |

**Сынып сағатының барысы:**

| **Сынып сағатының уақыты \ кезеңі** | **Сынып жетекшінің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары** |
|---|---|---|---|
| **Сынып сағатының басы**<br>*10 мин* | Оқушылармен сәлемдесу, топтарға бөлу.<br>Сабақтың мақсатын және тақырыбын түсіндіру:<br>*«Бүгін біз жол белгілері мен олардың мақсаттары туралы сөз қозғаймыз. Жол белгілерін білу – жолдағы қауіпсіздік үшін маңызды!»*<br>Кіріспе сұрақ:<br>«Жол қозғалысында қандай белгілерді білесіңдер?»<br>«Жол белгілері не үшін қажет?» | Тақырып бойынша өз ойларымен бөліседі | Тақырыптық суреттер |
| **Сынып сағатының ортасы**<br>*20 мин* | **«Жол белгілері және олардың мақсаты»**<br>Жол белгілері – жол қозғалысының тәртібін реттейтін, жолдағы қауіпсіздікті қамтамасыз ететін арнайы белгі. Әрбір жол белгісі ерекше мақсатты көздейді және оның түсінілуі жол қозғалысының қауіпсіз әрі дұрыс болуын қамтамасыз етеді. Жол белгілері үш топқа бөлінеді:<br>**1. Ескерту белгілері**<br>Бұл белгілер жол қозғалысындағы қауіпті жағдайлар туралы ескерту үшін қойылады.<br>**Мысалдары: Құрылыс жұмыстары** – жолда құрылыс жұмыстары жүріп жатқанын көрсетеді, бұл жағдай көлік жүргізушілерін сақ болуға шақырады.<br>**Тар жол** – жолдың тар екенін ескертетін белгі, көлік жүргізушілерін абай болуға үндейді.<br>**Құдық** – жолда құдық бар екенін көрсетеді, бұл қауіпті білдіреді.<br>**2. Тыйым салу белгілері**<br>Бұл белгілер жол қозғалысына қатысты белгілі бір әрекеттерді шектеу немесе тыйым салу үшін қолданылады.<br>**Мысалдары:** | Мұғалімнің түсіндірмесін тыңдайды.<br><br>Сұрақтар ға жауап береді<br><br>Оқушылар бірлесіп жұмыс жасайды<br><br>Оқушылар мысалдар бойынша пікір білдіреді | Презентация<br><br>ЖЖЕ белгілері<br><br>Презентация<br><br>Мысалдар жазылған қима қағаздар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Жылдамдықты шектеу** – көлік жылдамдығын белгілі бір шектен асырмауды талап етеді.<br>**Кіруге тыйым салу** – бұл белгі белгілі бір аумаққа көлікпен кіруге болмайтынын білдіреді.<br>**Тұруға тыйым салу** – көлікті тоқтатуға болмайтын аймақты көрсетеді.<br>**3. Нұсқау белгілері**<br>Бұл белгілер жолда қандай да бір әрекет жасау керектігін көрсетеді.<br>**Мысалдары:**<br>**Оңға бұрылу** – көлік жүргізушісіне тек оңға бұрылу керек екенін көрсетеді.<br>**Жаяу жүргіншілерге арналған жол** – жаяу жүргіншілер үшін арнайы жол бар екенін білдіреді.<br>**Қозғалыс бағытын көрсету** – бағытты өзгерту керектігін көрсетеді.<br>**4. Ақпараттық белгілер**<br>Жол туралы қосымша ақпаратты жеткізу.<br>**Мысалдары:**<br>**Қала шекарасы** – қала шекарасына жақындап келе жатқаныңызды білдіреді.<br>**Қоғамдық көлік аялдамасы** – автобустар мен басқа да қоғамдық көліктердің аялдама орнын көрсетеді.<br>**Жол белгілерінің маңызы:**<br>Жол белгілері тек жүргізушілер үшін емес, жаяу жүргіншілер үшін де маңызды. Олар адамдарды жолда сақ болуға, ережелерді сақтауға және дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі. Жол белгілері қоғамдағы тәртіпті сақтап, қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.<br><br>**3. Топтық жұмыс**<br>**Тапсырма:** Оқушыларды топтарға бөліңіз. Әр топқа бір жол белгісінің суреті мен сипаттамасын беріңіз. Топтар сол белгінің мақсатын түсіндіреді және қандай жағдайда қолданылатынын талқылайды.<br>**Топтардың талқылауы:**<br>1. Топ: «Құрылыс жұмыстары» белгісі – оның мақсаты, қандай жағдайда қолданылатыны.<br>2. Топ: «Тұруға тыйым салу» белгісі – бұл белгінің қандай жағдайларда маңызды екендігі.<br>3. Топ: «Жаяу жүргіншілерге арналған | Нұсқаулық белгілерін дәптерлеріне жазады<br><br>Топтық жұмыстар арқылы жол белгілерін топтастырады, мысал келтіреді.<br><br>Топтар өздерінің шешімдерін ұсынады, мұғалім қателерді түзетеді және | Нұсқаулық белгілері жазылған суреттер<br><br>Әр топ тапсырмасы жазылған қима қағаздар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жол» белгісі – жаяу жүргіншілер үшін қаншалықты маңызды екендігі.<br>4. Топ: «Құдық» белгісі – жолдағы қауіпті жағдайды ескерту үшін қандай рөл атқаратыны. | қосымша түсініктеме береді | |
| **Қауіпсіздік сабағы**<br>10 ин | 1.Кіріспе (2 минут)<br>Мұғалім: сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлайды. Жаңа тақырыпты түсіндіру.<br>2. Негізгі бөлім(6 минут) Мектептегі мінез-құлықтың негізгі ережелерін түсіндіру: «Оқушыларға арналған ішкі ережелер» туралы айтып беріңіз. Неліктен мінез-құлық ережелерін сақтау керек?<br>3. Жағдайларды талдау.<br>1. Асханадағы өзін-өзі ұстау.<br>2. Үзіліс кезіндегі мінез-құлық.<br>3. Дене шынықтыру сабағында өзін-өзі ұстау.<br>Оқушылар мінез-құлық ережесі жайлы өз ойларын білдіреді.<br>4. Қорытынды (2 минут) Сабақты қорытындылау. Есіңізде болсын, мектепте қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау арқылы сіз өзіңізді ғана емес, сонымен қатар құрбыларыңызды да қорғайсыз! | Негізгі ережелерді дәптерге жазады | Тақырып бойынша иллюстрациялар, тәртіп ережелері жазылған үлестірмелі материалдар, проектор, компьютер.<br><br>https://rutube.ru/video/f81bf8700cf40c803564352844797225/?r=plemwd |
| **Сынып сағатының соңы**<br>*5 мин* | Сабақтың қорытындысы ретінде мұғалім:<br>*«Жол белгілері – біздің қауіпсіздігіміз үшін өте маңызды. Жол қозғалысында ережелерді сақтау арқылы біз өзімізді және өзгелерді қорғап, қауіпсіз қоғам құра аламыз. Әрбір белгі белгілі бір мақсатты көздейді және ол ережелерді сақтау арқылы біздің өмірімізді жеңілдетеді.»*<br>Қорытынды сұрақ:<br>«Қандай жол белгілері сіздерге ең маңызды болып көрінеді?»<br>«Жол қозғалысы ережелерін сақтау сіздер үшін қандай маңызға ие?» | Өз ойларын бөліседі, рефлексия жасайды. | Стикерлер |

| | | |
|---|---|---|
| **Сынып сағаты** | №23 | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып жетекші:** | | |
| **Сынып:** | Қатысқаны: | Қатыспағаны: |
| **Сынып** | «Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» | |

| | |
|---|---|
| **сағатының тақырыбы:** | *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*<br>№ 23-САБАҚ<br>«Үйге қауіпсіз оралу: қолайсыз ауа- райында не істек керек? |
| **Сынып сағатының мақсаты:** | Құқықтық тәртіп пен әлеуметтік жауапкершіліктің маңыздылығын түсіндіру.<br>Оқушыларға құқықтар мен міндеттерді түсіндіру арқылы қоғамда жауапкершілік сезімін қалыптастыру.<br>Құқықтық тәртіпке бағыну және әлеуметтік жауапкершілікті қабылдау дағдыларын дамыту. |
| **Қауіпсіздік сабағының мақсаты:** | Оқушыларды ауа райы құбылыстарымен таныстыру және найзағай, көктайғақ, бұрқасын кезінде қауіпсіз әрекет ету дағдыларын дамыту, ауа райы және оның негізгі көрсеткіштері туралы білімдерін бекіту. |
| **Қауіпсіздік сабағының міндеті:** | 1. Берілген тұрғылықты жеріне тән ауа райы құбылыстарының терминологиясымен және сипаттамасымен танысу.<br>2. Найзағай, көктайғақ, бұрқасын кезінде қауіпсіздік ережелерін білу.<br>3. Табысты әлеуметтік бейімделу үшін қауіпсіз тұлға түрін дамыту. |
| **Құндылықтарды дарыту:** | ***ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП*: қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу. |
| **Апта дәйексөзі:** | ***Жаңашылдық – заман талабы*** |

**Сынып сағатының барысы:**

| **Сынып сағатының уақыты \ кезеңі** | **Сынып жетекшінің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары** |
|---|---|---|---|
| **Сынып сағатының басы**<br>*10 мин* | Оқушылармен сәлемдесу, сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын түсіндіру.<br>Кіріспе сұрақ:<br>• «Құқықтық тәртіп дегенде сіздер не түсінесіздер?»<br>• «Әлеуметтік жауапкершілік дегеніміз не?» | Тақырып бойынша өз ойларымен бөліседі | Тірек сөздер, фото суреттер тақтаға ілінеді |
| **Сынып сағатының ортасы**<br>*20 мин* | **«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік»**<br>**Құқықтық тәртіп дегеніміз не?**<br>Құқықтық тәртіп – бұл адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін және қоғамдағы тәртіпті сақтауға бағытталған ережелер мен заңдар жүйесі. Бұл тәртіпті сақтау арқылы адамдар өз құқықтары мен бостандықтарын қорғап, міндеттерін орындап, қоғамдағы әділеттілікті қамтамасыз етеді.<br>**Әлеуметтік жауапкершілік дегеніміз не?**<br>Әлеуметтік жауапкершілік – әр адамның өз іс-әрекеттерінің қоғамға тигізетін әсерін түсіну және ол үшін жауап | Мұғалімнің түсіндірмесін тыңдайды, сұрақтарға жауап береді.<br><br>Бірлесіп жұмыс жасайды | Тақырыптық презентация |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | беру қабілеті. Бұл өз құқықтарын ғана емес, қоғамның игілігі үшін міндеттерін де орындауды талап етеді.<br>**Құқықтық тәртіптің маңызы:**<br>Құқықтық тәртіпті сақтау қоғамның қауіпсіздігін, тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Құқықтардың сақталуы адамдар арасындағы әділетті қарым-қатынасты орнатып, қоғамдық тыныштықты сақтауға ықпал етеді.<br>**Әлеуметтік жауапкершіліктің маңызы:**<br>Әлеуметтік жауапкершілік қоғамда ынтымақтастықты, құрметті және әрбір адамның қоғамға қосатын үлесін қамтамасыз етеді. Ол өз іс-әрекеттерінді ғана емес, басқалардың құқықтарын да ескеру арқылы қоғамдық тәртіпті сақтауға негіз болады.<br>**Құқықтар мен міндеттер:**<br>Құқықтар – әр адамның заң бойынша алған құқығы (жеке өмір, білім алу, пікір білдіру және т.б.).<br>Міндеттер – өз құқықтарын пайдалану арқылы орындауы тиіс міндеттер (қоғамдық тәртіпті сақтау, салық төлеу, ережелерді орындау).<br>**Топтық жұмыс**<br>**Тапсырма:** Оқушыларды топтарға бөліп, әр топқа бір жағдаят береді. Топтар жағдаятты талқылап, оны қалай шешу керектігін айтады.<br>**Жағдаяттар:**<br>1. Топ 1: «Сіз жолда келе жатырсыз, ал жаяу жүргіншіге арналған жолда көлік тұрғанын көрдіңіз. Не істейсіз?»<br>2. Топ 2: «Сіз сыныпта өз пікіріңізді білдіргенде, бір оқушы сізге қол көтерді. Қалай әрекет етесіз?»<br>3. Топ 3: «Қоғамдық орында бір адам заңсыз әрекет жасады, полиция келмей тұр. Не істейсіз?»<br>Топтар өз шешімдерін ұсынады, мұғалім қателерді түзетіп, дұрыс шешімдерді талқылайды. | Бірлесіп жұмыс жасайды.<br><br>Жағдаяттарды талқылып, пікірлерімен бөліседі. | Жағдаяттық тапсырмалар, тест сұрақтары. |
| **Қауіпсіздік сабағы**<br>10 мин | **Ұйымдастыру кезеңі (2 минут)**<br>• Сабақтың мақсатын түсіндіру: «Қолайсыз ауа-райы кезінде қауіпсіздік | Сілтеме бойынша видеороликп | Презентация: «Қолайсыз ауа-райында қауіпсіздік |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Сынып сағатының ортасы**<br>*20 мин* | **Буллинг деген не?**<br>Буллинг — бұл біреуді жүйелі түрде қорлау, құдалау немесе қысым көрсету. Бұл физикалық, эмоционалдық немесе кибербуллинг түрінде болуы мүмкін.<br>**Бұллингтің негізгі түрлері:**<br>• **Физикалық бұллинг:** Соққы беру, өзгерту сындыру, біреуге физикалық зиян келтіру.<br>• **Вербалды бұллинг:** Қорлау, мазақ ету, балағаттау.<br>• **Кибербуллинг:** Әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде қорлау немесе бопсалау.<br>**Бұллингтің салдары:**<br>• Құрбан болған адамда сенімсіздік, үрей сезімі, депрессия пайда болуы мүмкін.<br>• Қоғамда сенімсіз орта қалыптасады.<br>**Бұллингтің алдын алу жолдары:**<br>• Құрдастарыңа құрмет көрсету және олардың сезімдерін ескеру.<br>• Егер бұллинг жағдайына куәлік, ересектерге хабарлау. | Сұрақтар ға жауап береді<br><br>Бірлесіп жұмыс жасайды<br><br>Топтық жұмыстың нәтижесі:<br>Әр топ өз шешімдерін ұсынады.<br>Мұғалімдерді талдап, дұрыс басқаруға назар | Тақырыптық презентация<br><br>Тақырыптық суреттер<br><br>Топтық тапсырмалар жазылған қима қағаздар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | • өз құқықтарын қорғауды үйрену.<br>Топтық жұмыс (15 минут)<br>**Тапсырма:**<br>Оқушыларды 3 топқа бөліп, әр топқа жағдаяттарды беріңіз:<br>Топ 1: «Сыныпта бір оқушыны үнемі мазақтап, оның киімі мен сөйлеген сөзіне күлді. бұл жағдай қалай тоқтатылады?»<br>Топ 2: «Достарыңызбен чатта біреуді кибербуллингке ұшыратқан куәгер болдыңыз. істейсіз?»<br>Топ 3: «Сіз бұллинг құрбаны болдыңыз, бірақ сізге ешкім көмектеспеді. әрекетіңіз қандай болады?» | аударады.<br><br>Ойларынмен бөліседі | |
| **Қауіпсізді к сабағы**<br>10 мин | Сабақ барысы<br>Кіріспе (2 минуты)<br>Негізгі бөлім(6 минут)<br>Зерттеу жұмысын өткізу.<br>Сынып топтарға бөлінеді. Зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Әр топта денсаулыққа зиян келтіретін өнімдер жайлы зерттеу жұмысын жүргізген оқушылар өздерінің зерттеу жұмыстарымен бөліседі.<br>1-топ: Бір қорап сүтті зерттедік. Құрамында тағамдық қоспалар жоқ және жарамдылықмерзімі өткен жоқ. Бұл пайдалы өнім.<br>2-топ: Шаян еті. Біз одан зиянды E120, E160c бояғыштарын, E621, E631 хош иістендіргіштерін таптық. Олар теріге зиянды және ішектің бұзылуын тудырады. Бұл қауіпті өнім.<br>3-топ: «Кириешки» крекер. Дәмді күшейткіштер E627, E631 анықталды. Олар ішектің бұзылуын тудырады. Қауіпті өнім, бірақ көптеген оқушылар оларды жиі пайдаланады. Бұл туралы ойлануға тұрарлық.<br>4-топ: Газдалған сусын «Эстрагон». Бұл ең қауіпті өнім. Оның құрамында қатерлі ісік тудыратын антиоксидант E330, тәттілендіргіштер E954 - қатерлі ісік, E952 - | Тақырыптық термин сөздерді дәптерлеріне түсіреді, оның ұғымын біледі.<br><br>Сілтеме бойынша видеороликпен танысып, өз ойларымен бөліседі.<br><br>Оқушылар шұғыл қызмет номерлерімен танысып, дәптерлеріне түсіреді<br><br>Денсаулық сақтайтын әдеттерді жазып, есте сақтайды | презентация, парақтар, қаламдар, проектор, компьютер.<br><br>Пайдалы сілтемелер<br><br>https://youtu.be/sXN8vhXzEz8?si=Vc_teoFhifClwsCc |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | тыйымсалынған, E102 бояуы қауіпті. Бұл өнімді жеуге БОЛМАЙДЫ! Денсаулықтың мықты болуы үшін дұрыстамақтану аса маңызды!!!<br>**Денсаулықты сақтайтындар:**<br>**Тамақтану:** Күнделікті тамаққа пайдалы, жеміс қосу.<br>**Дене белсенділігі:** Күнделікті жаттығулар жасау.<br>**Тазалық:** Қолды жиі жуу, тазарту.<br>**Дұрыс дұрыс:** Күніне 8 сағат ұйықтау.<br>**2. Талқылау**<br>Оқушылардың денсаулығын сақтау әдеттері туралы айтып береді.<br>**3. Қорытынды (2 минут)**<br>Денсаулық сақтау — әр адамның өз қалпына. Жақсы әдеттерді қазірден бастап қалыптастыру керек. | | |
| **Сынып сағатының соңы**<br>*5 мин* | «Буллинг — бұл күрделі мәселе, оны шешу біздің қолымызда. Біз бір-бірімізге қолдау көрсету, құрметпен қарасақ, қауіпсіз және достық орта орнатуға аламыз».<br>**Сұрақ-жауап:**<br>• Бұллингтің қандай түрлері бар?<br>• Құрбан болған адамға қалай көмектесуге болады?<br>• Сіз бұллингке қалай қарсы тұра аласыз?<br>**Оқушыларға тапсырма:**<br>«Сыныптастарым үшін не істей аламын?» тақырыпта бір сөйлем жазыңыз. | Сөйлемді жазып, оқып береді | Стикерлер |

| | | |
|---|---|---|
| **Сынып сағаты** | №30 | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып жетекші:** | | |
| **Сынып:** | Қатысқаны: | Қатыспағаны: |
| **Сынып сағатының тақырыбы:** | **Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы**<br>«Атадан-өсиет, анадан қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сынып<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*<br>**№ 30-САБАҚ**<br>«Бейтаныс адамның шақыруынан қалай сенімді және қауіпсіз бас тартуға | |

| | |
|---|---|
| | болады?» |
| **Сынып сағатының мақсаты:** | Ата-аналарға баланың дұрыс тәрбие алуына қажетті құндылықтарды ұғындыру.<br>Ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынас құру жолдарын үйрету.<br>Оқушыларға бейтаныс адамның шақыруынан бас тартудың сенімді және қауіпсіз жолдарын үйрету. |
| **Қауіпсіздік сабағының мақсаты:** | Балаларды бейтаныс адамдар әртүрлі амалдар арқылы алдауға немесе қауіпсіз мінез-құлық негіздеріне үйрету. |
| **Қауіпсіздік сабағының міндеті:** | 1. Балаларды бейтаныс адамдармен қарым-қатынас ережелерімен таныстыру.<br>2. Балаларды бейтаныс адамдарға сенбеуге үйрету.<br>3. Көшеде бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасауда әртүрлі айлатәсілдерді қолдана білу дағдыларын дамыту. |
| **Құндылықтарды дарыту:** | ***БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ*:** тек өзі үшін ғана емес, жалпы ұжым үшін де жауапты болуға дайын болу;<br>бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу; |
| **Апта дәйексөзі:** | ***Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар*** |
| **Сынып сағатының барысы:** | |

| **Сынып сағатының уақыты \ кезеңі** | **Сынып жетекшінің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары** |
|---|---|---|---|
| **Сынып сағатының басы**<br>*10 мин* | • Сәлемдесу.<br>• Кіріспе (Тақырыпты таныстыру)<br><br>Тақырыпты ашу, қатысушыларды қарсы алу | Тақырып бойынша өз ойларымен бөліседі | Слайд, кітаптар, бейнемазмұн |
| **Сынып сағатының ортасы**<br>*20 мин* | «Атадан-өсиет» түсінігі қазақ халқының рухани және мәдени байлығының бір бөлігі болып табылады. Бұл ұғым негізінде ата-бабалардан кейінгі ұрпаққа берілетін ақыл-кеңес, өсиет, ғибрат және тәрбие болып табылады. Қазақ халқының салт-дәстүрлерінде өсиет ерекше орын алады, өйткені ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ұлттың рухани дәстүрлерін сақтап, оның бойында адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады.<br>«Атадан-өсиет» түсінігінің мәні:<br>1. Адамгершілік құндылықтар:<br>Атадан-өсиет – ең алдымен адамгершілікті, имандылықты, адалдықты және еңбекқорлықты насихаттайтын ережелер мен | Мұғалім түсіндірмесін тыңдайды<br><br>Сұрақтар ға жауап береді | Презентация<br><br>Қазақ өсиеттерінен мысалдар<br><br>Презентация |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ұстанымдардан тұрады. Бұл өсиеттер ұрпақтың мінез-құлқының негізін қалайды, олардың дұрыс жолмен жүруіне бағыт береді.<br>2. Тәжірибеден алынған білім: Ата-ана мен үлкендердің өмірлік тәжірибесі, олардың өз өмірлерінде алған сабақтары мен қиыншылықтарын жеңу жолдары – өсиеттің маңызды бөлігі. «Атадан-өсиет» ұғымы тек теориялық білім ғана емес, өмірлік тәжірибені де қамтиды.<br>3. Дәстүрлер мен ғұрыптар: Атадан қалған өсиеттер арқылы халықтың дәстүрлері мен ғұрыптары сақталады. Әрбір ата-ана өз балаларына тек өмір сүру тәсілін ғана емес, сонымен қатар мәдени және рухани құндылықтарды да үйретеді.<br>4. Ұрпақ сабақтастығы: Қазақ халқында өсиет – ұрпақтардың арасындағы сабақтастықты білдіреді. Бұл өсиеттер баланы ғана емес, бүкіл қоғамды тәрбиелеуге бағытталған. Әрбір сөз, әрбір кеңес ұрпақтың болашағына әсер етеді, олардың рухани әрі әлеуметтік дамуына ықпал етеді.<br>«Атадан-өсиет» мазмұны:<br>1. Тәлім-тәрбие туралы өсиеттер: Ата-бабаларымыз ұрпақтарына ізгілік пен адалдықты үйреткен. Әрбір өсиетте балаға дұрыс жолды таңдауға, өмірде ешқашан қиянат жасамауға және ақылға салынған шешімдер қабылдауға мән берілген.<br>2. Табиғатқа, жан-жануарға деген құрмет: Ата-ана балаларын табиғатты сүюге, жан-жануарларға қамқор болуға, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеген.<br>3. Әдептілік пен әдемілік: Қазақ халқының өсиеттерінде әдептілік, сыпайылық, көргенділік, сөзге бай болу сияқты моральдық құндылықтар ерекше орын алады. Бұл өсиеттер | Бірлесіп жұмыс жасайды<br><br>Тақырып бойынша ой-пікірлерін ортаға салу. | Тәлім-тәрбие өсиеттері бейнеленген суреттер<br><br>Тақырыптық нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | баланы қоғамның толыққанды мүшесі болуға тәрбиелейді.<br>4. Қарым-қатынас мәдениеті: Қазақтың өсиеттері қарым-қатынастың тәртіптері мен әдебін үйретеді. Ата-ана өз балаларын үлкендерге құрмет көрсетуге, сәлемдесуге, кішілерге қамқорлық көрсетуге тәрбиелейді.<br>Атадан-өсиет өсиеттерінің маңыздылығы:<br>1. Ұрпаққа тәрбие беру: Ата-бабаларымыздың өмірлік тәжірибесі мен кеңестерін балаларға беру арқылы ұрпақ тәрбиеленеді. Өсиет – бала үшін жақсы мінез-құлықтың негізі болып табылады.<br>2. Қоғамның рухани байлығы: Өсиеттер халықтың рухани құндылықтарын сақтап, мәдени мұраны ұрпақтан ұрпаққа жеткізу құралы болып табылады.<br>3. Әлеуметтік тәрбиелеу: Өсиет арқылы ата-аналар балаларын қоғамда дұрыс, әділетті және жауапкершілікті болуға тәрбиелейді. Бұл олардың тұлға ретінде қалыптасуына, қоғамда өз орнын табуына көмектеседі.<br>4. Өмірлік дағдылар: Ата-бабалардан қалған өсиеттер баланың тек рухани дамуына ғана емес, өмірде кездесетін түрлі қиындықтарға төтеп беру дағдыларын қалыптастыруға да ықпал етеді.<br>5.<br>Қазақ өсиеттерінен мысалдар:<br>• «Ақыретке сенімен бірге бармайды, алдыңда екі ғана нәрсе – ісің мен сөзің».<br>• «Ер жігіттің белгісі – адалдық пен ақиқат».<br>• «Тілдің алдында – алты жасар бала, артыңда – алпыс жасар қария тұр».<br>• «Жақсы адам – қиыншылықты бірге көтере алатын адам».<br><br>**«Анадан қасиет»** — бұл ұғым қазақ халқының рухани дүниесінде | .<br><br>Қазақтың өсиет мысалдары туралы ойларын | Тақырыптық суреттер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ерекше орын алады. Ол ана тәрбиесінің, ананың үлгісі мен оның балаға берген рухани күшінің маңызды екенін білдіреді. Ана — тек биологиялық емес, рухани да күшті тұлға. Ата-ана арасындағы ең бірінші тәрбиелік рөлді атқаратын, баланың бойындағы алғашқы адамгершілік қасиеттер мен құндылықтарды қалыптастыратын адам — ана.<br>**«Анадан қасиет» ұғымының мәні:**<br>1. **Анаға деген құрмет пен махаббат**:<br>Қазақ халқының дәстүрінде анаға құрмет көрсету, оның еңбегін бағалау, оған мейіріммен қарау маңызды. Ана – ұрпақтың мінез-құлқын, ішкі жан дүниесін қалыптастыратын, тәрбие беретін бірінші мұғалім.<br>2. **Ана тәрбиесінің әсері**: Анадан алған тәрбиенің баланың тұлғалық дамуына әсері орасан зор. Анасының мейірімділігі, ақылдылығы, парасаттылығы баланың бойында құрмет, ізгілік, адамгершілік қасиеттерді дамытады.<br>3. **Жігер мен күш-қуат көзі**: Ана – ұрпақтың тірегі. Оның өмірге деген сүйіспеншілігі, баласын өсіруге деген талпынысы баланың бойында қуат пен сенімділік туғызады.<br>4. **Құндылықтарды насихаттау**: Анадан балаларға рухани құндылықтар, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар беріледі. Ана — балаға өмірде дұрыс таңдау жасауға көмектесетін, терең ойлы, парасатты адам.<br>**«Қасиет пен өсиет» ойыны:** Бұл ойын ата-аналарға өз балаларына беретін өсиет пен қасиеттерді анықтауға көмектеседі. Карточкаларда түрлі өсиеттер мен қасиеттер жазылған, әр қатысушы өз ойымен бөліседі және бұл өсиет/қасиет ата-ананың өмірінде қандай рөл атқаратынын талқылайды. | білдіреді<br><br>Анадан қасиет ұғымы туралы пікір білдіреді<br><br>Ойындар мен тапсырмаларға белсенді қатысу.<br><br>Топтарда жұмыс істеп, құндылықтарды тәрбиеде қалай қолдануға болатыны туралы пікірлесу | Нақыл-сөздер, мақал мәтелдер бейнеленген плакаттар<br><br>Қасиеттер мен өсиеттер жазылған карточкалар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Топтық жұмыс:** Ата-аналарға құндылықтарды тәрбиеде қолданудың әдістерін табуға арналған тапсырма беріледі. Олар әртүрлі тәрбиелік жағдайлар туралы пікір алмасып, шешімдер ұсынады. | Ойларымен бөліседі | |
| **Қауіпсізді к сабағы** 10 мин | **Мұғалім:** «Бейтаныс адамның шақыруынан қалай сенімді және қауіпсіз бас тартуға болады?»<br>**Кіріспе сөз (2 минут)**<br>Бейтаныс адамдардан қандай жағдайда көмек немесе шақыру алуға болмайтынын түсіндіру.<br>Бейтаныс адаммен байланыс жасау қауіп тудыруы мүмкін екенін айту.<br>Қауіпсіздік ережелері мен принциптерін қысқаша таныстыру: «Егер сен біреуді танымайтын болсаң, оның шақыруына жауап бермеңіз». «Телефонды немесе интернеттегі бейнеқоңырауларға бейжай қарамаңыз».<br>**3. Мазмұнды бөлім (5 минут)**<br>**Жаттығу 1: Рөлдік ойын**<br>• Оқушыларға бейтаныс адаммен кездескен кездегі сценарий беріледі (мысалы, көшеде бөтен адам көмек сұрайды немесе танымайтын адам хабарлама жібереді).<br>• Оқушылар бұл жағдайда қалай әрекет ету керектігін көрсетуі керек. Қалай бас тартуға болатыны жайлы ойлану керек.<br>**Жаттығу 2: Сенімді бас тарту техникасы**<br>• «Мен сенің ұсынысыңды қабылдамаймын», «Мен қазір кездесу жасағым келмейді» деген сөздер арқылы сенімді бас тартудың мысалдарын көрсету.<br>• Сенімді түрде бас тартудың маңызы туралы пікірталас.<br>**4. Қорытынды (2 минут)**<br>• Бейтаныс адамның шақыруынан бас тартудың маңыздылығын қорытындылау.<br>• Қауіпсіздік шараларын еске түсіру. | Тақырыптық термин сөздерді дәптерлеріне түсіреді, оның ұғымын біледі.<br><br>Сілтеме бойынша видеороликпен танысып, өз ойларымен бөліседі.<br><br>Оқушылар шұғыл қызмет номерлерімен танысып, дәптерлеріне түсіреді<br><br>Оқушылар рөлдік ойын ойнайды | Тақырыптық презентация |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | • Оқушыларға осы дағдыларды күнделікті өмірде қолдануға шақыру. | | |
| **Сынып сағатының соңы**<br>*5 мин* | «Атадан-өсиет» ұғымы – тек өсиет сөздер ғана емес, ол ата-ананың өз баласына өмірлік жол көрсетуші, оның жақсы адам болып қалыптасуына бағыт беруші маңызды құрал. Бұл өсиеттердің терең мәні бар, себебі олар ұрпақтың болашағын, мәдениетін және ұлттық бірегейлігін сақтауға қызмет етеді.<br>**«Анадан қасиет»** ұғымы — ана тарапынан баланың мінез-құлқына, рухани өсуіне, адамгершілік қағидаттарын бойына сіңіруіне ықпал ететін қасиеттердің жиынтығы. Ана — ең алдымен мейірімділік, сабырлылық, қамқорлық пен сүйіспеншіліктің қайнар көзі болып табылады<br><br>«Тілек ағашы» сабақ соңында оқушылар қағазға өз тілектерін немесе ұсыныстарын жазып, ағашқа жапсырады. | Оқушылар тілектері мен ұсыныстарын білдіреді | Стикерлер |

| | | |
|---|---|---|
| **Сынып сағаты** | №31 | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып жетекші:** | | |
| **Сынып:** | Қатысқаны: | Қатыспағаны: |
| **Сынып сағатының тақырыбы:** | «Біз әртүрліміз, бір теңбіз»<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*<br>**№ 31-САБАҚ:**<br>«Төтенше нөмірлер» | |
| **Сынып сағатының мақсаты:** | Оқушыларға адам құқықтары мен теңдік ұғымдарын түсіндіру.<br>Әртүрлілікті қабылдап, өзара құрмет көрсету және теңдік қағидаттарын үйрету.<br>Оқушылардың тұлғалық дамуын, төзімділік пен ынтымақтастықты қалыптастыру. | |
| **Қауіпсіздік сабағының мақсаты:** | Оқушыларға төтенше жағдайлар қызметі не үшін арналғанын және олардыңжұмыс істеу тәртібімен таныстыру. | |
| **Қауіпсіздік сабағының міндеті:** | 1) Оқушыларды жедел қызмет түрлерімен таныстыру, балаларға өрт қауіпсіздігі ережелерін, жол жүру ережелерін сақтаудың маңыздылығын және өз денсаулығын сақтау жайлы түсіндіру.<br>2) Зейінін, есте сақтауын, ойлауын дамытуға ықпал ету.<br>3) Оқушыларды өмірлік қиын жағдайда үлкендермен қарым-қатынас жасау қажеттілігіне тәрбиелеу; төтенше жағдайларда баланың мінез-құлқының | |

| | |
|---|---|
| | қауіпсіз үлгісін қалыптастыру. |
| **Құндылықтарды дарыту:** | ***ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК*: берілген ортақ іс үшін ұжым алдындағы жауапкершілікті түсіну;<br>басқаға көмектесуге, мейірімділік танытуға дайын болу; |
| **Апта дәйексөзі:** | ***Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер*** |
| **Сынып сағатының барысы:** | |

| **Сынып сағатының уақыты \ кезеңі** | **Сынып жетекшінің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары** |
|---|---|---|---|
| **Сынып сағатының басы**<br>*10 мин* | Оқушылармен сәлемдесу, сынып сағатының тақырыбын таныстыру. Сабақтың мақсатын түсіндіру: «Біз әртүрліміз, бір теңбіз». Әр адам бір-бірінен ерекшеленеді, бірақ бәріміздің құқықтарымыз тең. | Тақырып бойынша өз ойларымен бөліседі | Тақырыптық суреттер |
| **Сынып сағатының ортасы**<br>*20 мин* | «Әрбір адам әртүрлі: жасы, мінезі, мәдениеті, тілі, нәсілі мен діні бойынша. Бірақ біз бәріміз адам құқықтарына бірдей ие боламыз, сондықтан да теңбіз» деген негізгі идеяны айту.<br>Әртүрлілік – бұл қоғамның ең басты байлығы. Әрбір адамның ерекшелігі мен айырмашылығы – жасының, мінезінің, мәдениетінің, тілінің, нәсілінің немесе дінінің әртүрлілігі арқылы көрінеді. Бірақ осы айырмашылықтарға қарамастан, бәріміз тең құқылы болып табыламыз. Себебі, адам құқығы – бәріне ортақ және оны ешкімнен тартып алуға болмайды.<br>Әртүрлілік – қоғамның дамуы мен гүлденуінің маңызды факторы. Әртүрлі мәдениеттердің, идеялардың және көзқарастардың тоғысуы арқылы біз жаңа шешімдер, шығармашылық идеялар және жаңа мүмкіндіктер табамыз. Әртүрлілік – толеранттылық пен өзара құрметке негізделген қоғам құрудың негізі.<br>Басқаларды қабылдау және олардың айырмашылықтарын құрметтеу – бұл адамның ізгілігі мен дамуына әкелетін маңызды қасиет. | Сұрақтар ға жауап береді<br><br>Бірлесіп жұмыс жасайды | Презентация<br><br>Тақырыптық нақыл сөздер жазылған қағаздар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Әртүрлілікке ашық болу бізге өзіміздің түсініктерімізді кеңейтіп, стереотиптер мен алалаушылықтардан арылуға көмектеседі. Бұл бейбіт, әділетті және тең қоғам құру жолындағы маңызды қадам болып табылады.<br>Әртүрлілікті қабылдау – бұл тек басқаларды құрметтеу ғана емес, сонымен қатар өзімізді жақсырақ түсінуге жол ашады. Біз басқа мәдениеттер мен дәстүрлерді үйрене отырып, өзіміздің жеке ерекшеліктерімізді бағалаймыз. Осылайша, әрбір адамның қоғамда маңызды рөл атқаратынын және баршамыздың өз орнымыз бар екенін түсінеміз.<br>Қоғам үшін әртүрлілікті қабылдау – өзара байытудың, ынтымақтастықтың және бірліктің кепілі. Бұл барлығымызға ашық, толерантты, әрі әділетті әлем құруға мүмкіндік береді.<br><br>**Жаттығу 1**: «Әр адам ерекше» (5 минут)<br>• Оқушыларға әртүрлісипаттама бар карточкалар беріледі (мысалы: «Менің тілім қазақша», «Менің көзім көк», «Мен ұлтым бойынша қазақпын» және т.б.).<br>• Оқушылар бір-біріне өз карталары туралы айтып, бір-бірінің ерекшеліктерін тыңдайды. Бұл жаттығу барысында, әр адамның өзіндік қасиеттері мен ерекшеліктері маңызды екенін түсіну маңызды.<br>**Жаттығу 2:** «Теңдік – біздің құқығымыз» (5 минут)<br>- Оқушыларға теңдік пен әртүрлілік туралы сұрақтар беріледі:<br>- «Қалай ойлайсыңдар, барлық адамдар бірдей болуы керек пе?»<br>- «Әр адам өзін қандай жағдайда тең сезінеді?»<br>- «Теңдік дегеніміз не?» | Топтық жұмыстың нәтижесі:<br>Әр топ өз шешімдерін ұсынады.<br><br>Мұғалімдерді талдап, дұрыс басқаруға назар аударады.<br><br>Ойларынмен бөліседі<br><br>Жаттығу орындайды | Топтық тапсырмалар жазылған карточкалар<br><br>Әртүрлі сипаттамадағы карточкалар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Талқылау арқылы, оқушылар өз пікірлерін білдіріп, бір-бірінің көзқарасымен танысады. | | |
| **Қауіпсіздік сабағы**<br>10 мин | Сабақ барысы<br>3. Кіріспе (2 минут) Сәлемдесу:<br>Педагог сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлайды.<br>Төтенше жағдайлар қызметінің маңыздылығын талқылаңыз.<br>4. Негізгі бөлім(6 минут)<br>Ұғымдарды түсіндіру:<br>Жедел қызметшақырған кезде диспетчерге не айту керек? Мекенжайды, нысанды, жағдайды көрсету, қажет болған жағдайда фамилияңызды және телефон нөміріңізді көрсету қажет. Төтенше жағдайлар қызметінің негізгі түрлерінің иллюстрацияларын көрсетіңіз. Төтенше жағдай туралы хабарлау неліктен маңызды? Оқушыларға жалған қоңырау ойыншық емес екенін, оның салдары өте ауыр болатынын түсіндіру. Сақтық шараларының қарапайым мысалдарын келтіріңіз. Қазақстанда кез келген ұялы байланыс операторының пайдалы жедел қызмет нөмірлері мен қала нөмірлері тегін беріледі:<br>*«Есте сақта!»*<br>*Өрт күзеті*<br>*Полиция*<br>*Жедел жәрдем*<br>*Төтенше газ қызметі*<br>*Бірыңғай құтқару қызметі*<br>*«111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен*<br>*ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұр*<br>*зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылу*<br>*баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны турал*<br>*және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін аш*<br>*- «111» нөмірі – 24/7 байланыста*<br>*- «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды* | Тақырыптық термин сөздерді дәптерлеріне түсіреді, оның ұғымын біледі.<br><br>Сілтеме бойынша видеороликпен танысып, өз ойларымен бөліседі.<br><br>Оқушылар шұғыл қызмет номерлерімен танысып, дәптерлеріне түсіреді | Материалдар: осы тақырып бойынша иллюстрациялар, жедел телефондар туралы еске салғыштары бар үлестірмелі материалдар, рольдік ойындарға арналған телефон аппараттарының түрлерінің макеттері.<br>Пайдалы сілтемелер<br><br>https://www.youtube.com/watch?v=fyfkEuHSiIc&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=5 |
| **Сынып сағатының соңы**<br>*5 мин* | **Рефлексия: «Мен түсіндім, мен сезіндім»**<br>Оқушыларға сабақ барысында қандай жаңа нәрсе үйренгенін және қандай сезімде болғанын қысқаша айтып беру ұсынылады.<br><br>«Мен түсіндім, мен сезіндім» деген сөйлемдерді аяқтау арқылы | Оқушылар сабақтан алған әсерлері мен білімдерін қорытындылайды. | Стикер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ойларын білдіреді.<br><br>**Мысал:**<br>✅ *«Мен түсіндім, әр адамның өзіндік ерекшелігі бар және оны құрметтеу керек».*<br>✅ *«Мен сезіндім, барлығымыз тең құқыққа иеміз және бір-бірімізді қолдау маңызды».* | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Сынып сағаты** | №32 | | |
| **Күні:** | | | |
| **Сынып жетекші:** | | | |
| **Сынып:** | Қатысқаны: | Қатыспағаны: | |
| **Сынып сағатының тақырыбы:** | «Буллингтен қорған!»<br>«Жарақаттанғанда, жаралап алғанда алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағдылану» ЖЖЕ №9<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*<br>**№ 32-САБАҚ**<br>«Мектептегі қауіпсіздік ережелері» | | |
| **Сынып сағатының мақсаты:** | Оқушыларды буллингке қарсы тұру дағдыларымен таныстыру, өздерін және өзгелерді қорғау әдістерін үйрету.<br>Жарақат алу жағдайында алғашқы медициналық көмек көрсетудің негізгі ережелерін меңгерту.<br>Қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және оқушылардың жауапкершілік сезімін дамыту. | | |
| **Қауіпсіздік сабағының мақсаты:** | Мектептегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. | | |
| **Қауіпсіздік сабағының міндеті:** | - Күнделікті өмір мектепте балаларды қандай қауіптер күтіп тұрғанын айтыңыз.<br>- Қауіпті және қауіпсіз жағдайларды талқылау.<br>- Жағдаяттарды жылдам басқаруға және ұтымды шешім қабылдауға үйрету. | | |
| **Құндылықтарды дарыту:** | ***ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК:*** сенімді қарым-қатынас орнату және сыныпта жағымды ахуалды сақтай білу; басқалармен жағымды қарым-қатынас орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосу. | | |
| **Апта дәйексөзі:** | ***Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ*** | | |
| **Сынып сағатының барысы:** | | | |
| **Сынып сағатының уақыты \ кезеңі** | **Сынып жетекшінің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары** |
| **Сынып** | **Сәлемдесу, сабақтың** | Тақырып | Тақырып |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **сағатының басы** *10* | **тақырыбы мен мақсатымен таныстыру.**<br>- Мұғалім: «Бүгін біз екі маңызды тақырыпты қозғаймыз: буллингке қарсы тұру және алғашқы медициналық көмек көрсету. Бұл дағдылар күнделікті өмірде өздеріңді және жақындарыңды қорғауға көмектеседі».<br>- «Біздің құқықтарымыз бен міндеттеріміз» атты шағын пікірталас:<br>- Оқушылар адам құқықтары және бір-бірін құрметтеу туралы өз ойларымен бөліседі. | бойынша өз ойларымен бөліседі | тық суреттер |
| **Сынып сағатының ортасы** | Буллингке қарсы тұру (15 минут):<br>- Буллинг дегеніміз не?<br>Презентация арқылы буллингтің түрлері (физикалық, вербалды, кибербуллинг) және оның салдары түсіндіріледі.<br>- Буллингтің алдын алу әдістері:<br>- Қиын жағдайларда өзін қалай ұстау керектігі туралы практикалық ұсыныстар.<br>- «Сенімді адам» рөлі (кімнен көмек сұрау, мектеп психологына жүгіну).<br>**Рөлдік ойын:**<br>Оқушылар буллинг жағдайындағы мінез-құлық үлгілерін ойнап, талдайды.<br>**«Сенімді адам» ойыны**<br>Мақсаты: Оқушыларды буллинг жағдайында дұрыс шешім қабылдауға, өзіне немесе өзгелерге көмек сұрауға үйрету.<br><br>**Ойынның барысы:**<br>Сынып 3 топқа бөлінеді:<br>Бірінші топ – «буллинг жасайтындар» (булли).<br>Екінші топ – «құрбан» (буллингке ұшыраған оқушы)<br>Үшінші топ – «көмекшілер» (достар, мұғалім, психолог, ата-аналар).<br>Әр топқа сценарий беріледі:<br>Ситуация: Бір оқушыны (құрбанды) үзіліс кезінде өзгелер келемеждеп, мазақ етіп жатыр. Құрбан өзін қалай қорғап, кімнен көмек сұрай алады? | Сұрақтар ға жауап береді<br><br>Рөлдік ойын ойнайды<br><br>Бірлесіп жұмыс жасайды | Презентация (буллинг және алғашқы медициналық көмек туралы). |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Рөлдерді ойнау: Әр топ өз рөлін ойнап шығады.<br>**Талқылау:**<br>Буллингке тап болған оқушының сезімі қандай болды?<br>Көмекшілер қандай әрекет жасады?<br>Буллинг жасағандарға қандай шара қолдану керек?<br>Нәтижесі: Оқушылар буллинг жағдайында өзін қорғау және көмекке жүгіну әдістерін үйренеді.<br><br>2. Алғашқы медициналық көмек көрсету дағдылары (15 минут):<br>- Алғашқы медициналық көмек дегеніміз не?<br>- Жарақаттанғанда немесе жара алып қалғанда көмек көрсетудің негізгі қағидалары: қан тоқтату, жараны тазарту, таңғыш салу.<br>- Тәжірибелік жұмыс:<br>- Оқушылар бинт байлау, жгут салу, антисептик қолдану сияқты әрекеттерді үйренеді.<br>- Мұғалімнің көмегімен оқушылар медицина қобдишасымен жұмыс істеп, әр құралдың қолдану әдістерін көреді.<br><br>**«Не істейсің?» диалог ойыны**<br>**Мақсаты:** Қиын жағдайларда дұрыс шешім қабылдауды үйрету және сыныптағы достық қарым-қатынасты нығайту.<br><br>**Ойынның барысы:**<br>Мұғалім оқушыларға әртүрлі жағдаяттарды сипаттайды. Мысалы:<br>**Жағдай 1:** Сыныпта бір оқушыны киіміне немесе сыртқы түріне бола мазақтайды. Сен бұл жағдайды көріп тұрсың. Не істейсің?<br><br>**Жағдай 2**: Саған біреу кибербуллинг жасап, хабарламалар арқылы қорқытты. Не істейсің?<br><br>**Жағдай 3:** Сыныптастардың бірі жаңа оқушыны әдейі ойынға | Алғашқы мед көмек көрсету дағдыларын үйренеді<br><br>Жағдаяттар бойынша ойларымен бөліседі | Медицинаға арналған алғашқы көмек қобдишасы (бинт, пластырь, антисептик, жгут және т.б.).<br><br>Постерлер мен маркерлер<br><br>Видеороликтер (тақырып бойынша) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қатыстырмай қойды. Сен мұны байқап қалдың. Не істейсің?<br><br>Әр оқушы өз шешімін айтып, рөлдік диалог ойнайды.<br>**Талқылау:** Мұғалім әрбір жағдайға дұрыс әрекет нұсқаларын талдайды және оқушыларды қолдайды.<br>**Нәтижесі:** Балалар буллингке араласудың немесе сырттан бақылаудың нәтижесін түсініп, дұрыс шешім қабылдауды үйренеді. | | |
| **Қауіпсізді к сабағы**<br>10 мин | **Сабақ барысы**<br>**Кіріспе (2 минут)**<br>Педагог сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлайды.<br>Жаңа тақырыпты түсіндіру.<br>**Негізгі бөлім (6 минут)**<br>Мектептегі мінез-құлықтың негізгі ережелерін түсіндіру: «Оқушыларға арналған ішкі ережелер» туралы айтып беріңіз. Неліктен мінез-құлық ережелерін сақтау керек?<br><br>Жағдайларды талдау.<br>Асханадағы өзін-өзі ұстау.<br>Үзіліс кезіндегі мінез-құлық.<br>Дене шынықтыру сабағында өзін-өзі ұстау. Оқушылар мінез-құлық ережесі жайлы өз ойларын білдіреді.<br><br>**Қорытынды (2 минут)** Сабақты қорытындылау.<br>Есіңізде болсын, мектепте қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау арқылы сіз өзіңізді ғана емес, сонымен қатар құрбыларыңызды да қорғайсыз! | Тақырыптық термин сөздерді дәптерлеріне түсіреді, оның ұғымын біледі.<br><br>Сілтеме бойынша видеороликпен танысып, өз ойларымен бөліседі.<br><br>Оқушылар шұғыл қызмет номерлерімен танысып, дәптерлеріне түсіреді | Пайдалы сілтемелер<br><br>https://youtu.be/sb6wy5WkKcs?si=eDPexZWNZedi9Avk |
| **Сынып сағатыны ң соңы**<br>*5 мин* | **Рефлексия:**<br>• «Маған қандай ақпарат пайдалы болды?» сұрағына жауап алу.<br>• «Мен енді буллингтен қалай қорғанамын?» және «Алғашқы көмек көрсету барысында не үйрендім?» деген сұрақтарға пікір білдіру.<br>**Қорытынды сөз:**<br>• Мұғалім: «Буллингтен қорғау – тек өзіңді қорғау емес, өзгелерге | Оқушылар сабақтан алған әсерлері мен білімдерін қорытындылайд ы. | Стикер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | көмектесу. Алғашқы көмек көрсету – бұл тек білім емес, жауапкершілік. Біз бәріміз бірге қауіпсіз және мейірімді қоғам құруымыз керек» | | |

<table>
<tr><td>Сынып сағаты</td><td colspan="3">№33</td></tr>
<tr><td>Күні:</td><td colspan="3"></td></tr>
<tr><td>Сынып жетекші:</td><td colspan="3"></td></tr>
<tr><td>Сынып:</td><td>Қатысқаны:</td><td colspan="2">Қатыспағаны:</td></tr>
<tr><td>Сынып сағатының тақырыбы:</td><td colspan="3">Қауіпсіз қоғам<br>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)<br>№ 33-САБАҚ<br>«Үйге қауіпсіз оралу: қолайсыз ауа- райында не істек керек?</td></tr>
<tr><td>Сынып сағатының мақсаты:</td><td colspan="3">Оқушыларға қауіпсіз қоғамның маңыздылығын түсіндіру және қауіпсіздік ережелерін сақтаудың жолдарын үйрету.<br>Қоғамдағы тәртіп пен ережелерді сақтау арқылы ортақ жауапкершілікті қалыптастыру.<br>Оқушыларды қоғамға жауапкершілікпен карауға және қауіпсіздік мәдениетін дамытуға баулу.</td></tr>
<tr><td>Қауіпсіздік сабағының мақсаты:</td><td colspan="3">Оқушыларға қолайсыз ауа-райында қауіпсіздік шараларын түсіндіру және жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.</td></tr>
<tr><td>Қауіпсіздік сабағының міндеті:</td><td colspan="3">1. Берілген тұрғылықты жеріне тән ауа райы құбылыстарының терминологиясыменжәне сипаттамасымен танысу.<br>2. Найзағай, көктайғақ, бұрқасын кезінде қауіпсіздік ережелерін білу.<br>3. Табысты әлеуметтік бейімделу үшін қауіпсіз тұлға түрін дамыту</td></tr>
<tr><td>Құндылықтарды дарыту:</td><td colspan="3">ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП : қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу.</td></tr>
<tr><td>Апта дәйексөзі:</td><td colspan="3">Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ</td></tr>
<tr><td colspan="4">Сынып сағатының барысы:</td></tr>
<tr><td>Сынып сағатының уақыты \ кезеңі</td><td>Сынып жетекшінің әрекеті</td><td>Оқушының әрекеті</td><td>Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары</td></tr>
<tr><td>Сынып сағатының басы<br>10 мин</td><td>Сәлемдесу, оқушылардың назарын сабаққа аудару.<br>Сабақтың тақырыбын таныстыру:<br>- «Бүгін біз қауіпсіз қоғамның негізгі қағидаларын және өзіміздің оған қосатын үлесімізді талқылаймыз».</td><td>Тақырып бойынша өз ойларымен бөліседі</td><td>Тақырып тық суреттер</td></tr>
<tr><td>Сынып сағатының ортасы<br>20 мин</td><td>Қауіпсіз қоғам дегеніміз не?<br>Қауіпсіз қоғам – бұл әрбір адамның құқығы қорғалған, ережелер сақталатын, әр адамның қауіпсіздігі</td><td>Сұрақтар ға жауап береді</td><td>Презентация</td></tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қамтамасыз етілген орта.<br>**Қоғамдық қауіпсіздік ережелері:**<br>1. Жеке қауіпсіздік:<br>- Көшеде жүргенде абай болу, бөтен адамдармен қарым-қатынаста сақтық таныту.<br>- Жеке мәліметтерді құпия сақтау.<br>2. Қоғамдық орындардағы тәртіп:<br>- Жолда жүру ережелерін сақтау.<br>- Қоғамдық көліктерде сыйластық таныту.<br>3. Цифрлық қауіпсіздік:<br>- Әлеуметтік желілерде ақпаратты мұқият бөлісу.<br>- Құпиясөздерді сақтау.<br>**Қауіпсіздіктің маңыздылығы:**<br>• Ережелерді сақтау арқылы әрбір адам тек өзіне ғана емес, басқаларға да қауіпсіз орта қалыптастыруға көмектеседі.<br>Қауіпсіз қоғам – адамзаттың жарқын өмірінің кепілі. Қауіпсіз қоғамда адамдардың өмір сүруге деген құштарлығы артады. Бір-біріне деген мейірімділігі күшейеді. Қауіпсіз қоғам жастардың да болашаққа деген, жарқын өмірге деген сенімін нығайтады. Билікке деген патриоттық сезімдерін оятады. Қауіпсіз қоғам заң арқылы нақтыланады. Заңы берік елдің қоғамы да қауіпсіз! Адамдары да еркін. Жастары да белсенді.<br>Ел Президенті Мәжілісте заң үстемдігін жоққа шығаруға жол берілмейтінін, заңға деген құрмет әрбір азаматқа ортақ міндет ретінде дәріптелуі қажет екенін шегелеп тапсырды. Соған орай бұл мемлекеттік органдарға ғана емес, барша халыққа ортақ міндет деп санайтынын жеткізді. Сондай-ақ қылмыспен күресу және қоғамдық тәртіпті сақтауда заң мен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз ету Әділетті Қазақстанды құрудың басты шарты екенін айтып, құқық қорғау органдарына құқықбұзушылықтың алдын алу мәселесіне баса мән беруді міндеттеді. | Сабаққа белсенді қатысады, сұрақтарға жауап береді | Презентация |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **3. Топтық жұмыс (15 минут)**<br>**Тапсырма:**<br>Оқушыларды 3 топқа бөліп, әр топқа жағдаяттар беріледі:<br>1. **Топ 1:** Көшеде қауіпсіздікті сақтау ережелерін ұсынады.<br>- Мысал: «Сіз жолда бағдаршам жұмыс істемей тұрғанын байқадыңыз. Не істейсіз?»<br>2. **Топ 2:** Қоғамдық көліктегі тәртіпті талқылайды.<br>- Мысал: «Қоғамдық көлікте біреу рұқсатсыз сіздің заттарыңызды ұстап жатыр. Қалай әрекет етесіз?»<br>3. **Топ 3:** Цифрлық қауіпсіздік бойынша ұсыныстар береді.<br>- Мысал: «Әлеуметтік желіде бейтаныс адам сізден жеке мәлімет сұрады. Не істейсіз?»<br>**Нәтиже:**<br>Әр топ өз ұсыныстарын сынып алдында таныстырады. Мұғалім талдау жасайды және дұрыс әрекеттерді көрсетеді. | Топтық немесе жұптық жұмыс арқылы тапсырмаларды орындайды.<br><br>Қауіпсіздік ережелері туралы өз ойларын ортаға салады | Плакаттар, маркерлер (топтық жұмыс үшін). |
| **Қауіпсізді к сабағы**<br>10 мин | **Тақырыбы:** Үйге қауіпсіз оралу: қолайсыз ауа-райында не істеу керек?<br>**Сабақтың мақсаты:**<br>Сабақ барысы<br>1. Ұйымдастыру кезеңі (1 минут) оқушылардың назарын сабаққа аудару.<br>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын қысқаша таныстыру:<br>«Бүгін біз қолайсыз ауа-райында үйге қалай қауіпсіз жетуге болатынын талқылаймыз».<br>**2. Түсіндіру кезеңі (5 минут)**<br>**Мұғалімнің түсіндірмесі:**<br>**Қолайсыз ауа-райы дегеніміз не?**<br>• Бұл тұман, қатты жаңбыр, боран, қарлы боран, көктайғақ сияқты қауіпті табиғи құбылыстар.<br>**Қауіпсіздік шаралары:**<br>1. **Үйден шығар алдында:**<br>- Ауа-райы болжамын тексеру.<br>- Жылы киіну және қажет заттарды (шарф, қолғап, бас киім) дайындау.<br>- Телефонды зарядтап алу және | Тақырыптық термин сөздерді дәптерлеріне түсіреді, оның ұғымын біледі.<br><br>Сілтеме бойынша видеороликпен танысып, өз ойларымен бөліседі. | Қауіпсіздік ережелері жазылған плакаттар немесе үлестірмелі материалдар. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ата-анаға қайда баратыныңызды айту.<br>2. **Жолда:**<br>- Қауіпсіз және таныс жолдарды таңдау.<br>- Жаяу жүргіншілер жолын пайдалану.<br>- Көктайғақ болған жағдайда асықпай жүру.<br>3. **Төтенше жағдайларда:**<br>- Телефон арқылы ата-анаға хабарласу.<br>- Баспананы (дүкен, аялдама) паналау.<br>- Қауіпті жерлерге (мұз басқан өзен, қар басқан көшелер) бармау.<br><br>**3. Жағдаяттық тапсырма (3 минут)**<br>**Тапсырма:**<br>Оқушыларға жағдаяттар ұсынылады, олар өз шешімдерін айтады.<br>1. **Жағдаят:** Сіз қатты боран кезінде мектептен үйге барасыз, бірақ жолды қар жауып тастаған. Қалай әрекет етесіз?<br>- **Дұрыс жауап:** Ата-анаңызға хабарласып, қауіпсіз жолды таңдауға кеңес сұрау. Жақын жердегі қауіпсіз орынды паналау.<br>2. **Жағдаят:** Көктайғақта автобус аялдамасына жету керек. Қалай жүру керек?<br>- **Дұрыс жауап:** Асықпай, аяқтың ұшына салмақ түсіре жүріп, айналаға мұқият қарау.<br><br>3. **Қорытынды (1 минут)**<br>**Мұғалімнің сөзі:**<br>«Қолайсыз ауа-райында әрқашан өз қауіпсіздігіңізді ойлаңыз. Ата-анаңызбен байланыста болыңыз, қауіпсіз жолдарды таңдаңыз, төтенше жағдайда сабыр сақтаңыз». | Оқушылар шұғыл қызмет номерлерімен танысып, дәптерлеріне түсіреді<br><br>Оқушылар жағдаяттық тапсырмалар орындайды | Пайдалы сілтемелер<br><br>https://www.youtube.com/watch?v=Ke3ICTXRCqA&ab_channel=ElordaAqparat |
| **Сынып сағатының соңы**<br>*5 мин* | «Қауіпсіз қоғам құру — әрқайсымыздың ортақ міндетіміз. Егер ережелерді сақтап, өзіміздің және басқалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етсек, қоғамымыз жақсара түседі».<br>**Рефлексия:**<br>• «Бүгінгі сабақтан қандай жаңа | Сұрақтарға жауап береді | Стикерлер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | мәлімет алдыңыз?»<br>• «Қауіпсіз қоғам үшін сіз қандай үлес қоса аласыз? | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Сынып сағаты** | №34 | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып жетекші:** | | |
| **Сынып:** | Қатысқаны: | Қатыспағаны: |
| **Сынып сағатының тақырыбы:** | **Білімім – Отаныма!» /Велосипедте жүру. ЖЖЕ №10**<br>*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*<br>**№ 34-САБАҚ**<br>«Қақтығыс жағдайындағы қарапайым қадамдар | |
| **Сынып сағатының мақсаты:** | Оқушыларды білімнің қоғамға, мемлекетке пайдасын тигізу жолдары туралы ойлануға ынталандыру.<br>Велосипедпен жүру кезінде жол қозғалысы ережелерін сақтау қажеттілігін түсіндіру.<br>Қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыра отырып, патриотизм мен жауапкершілікке баулу. | |
| **Қауіпсіздік сабағының мақсаты:** | Оқушыларды қақтығыс кезіндегі қарым-қатынас негіздерімен таныстыру. | |
| **Қауіпсіздік сабағының міндеті:** | 1. Өз көзқарасын білдіру қабілетін дамыту.<br>2. Адамгершілік қасиеттерді дамыту: адамдарға төзімділік, мейірімділік, жанашырлық құндылықты үйрету.<br>3. Оқушылардың өзара сыйластық, өзін-өзі бағалауды дамыту. | |
| **Құндылықтарды дарыту:** | ***ОТАНШЫЛДЫҚ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК*:** Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну; | |
| **Апта дәйексөзі:** | ***Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек. (Төле би)*** | |

**Сынып сағатының барысы:**

| **Сынып сағатының уақыты \ кезеңі** | **Сынып жетекшінің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары** |
|---|---|---|---|
| **Сынып сағатының басы**<br>*10 мин* | **Ұйымдастыру кезеңі**<br>Сәлемдесу, оқушылардың назарын сабаққа аудару.<br>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстыру:<br>«Бүгін біз білімнің Отан үшін маңызын талқылаймыз және велосипедпен жүру кезінде қауіпсіздікті сақтау ережелерін үйренеміз». | Тақырып бойынша өз ойларымен бөліседі | Тақырыптық суреттер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Сынып сағатының ортасы** *20 мин* | **1**. Білім – Отанға қызмет етудің негізі:<br>• Білім – елдің болашағының негізі.<br>• Әр адам алған білімін өз Отанының дамуына қолдана алады. Мысалы, жаңа технологиялар ойлап табу, қоғамдағы мәселелерді шешу, еліне көмектесу.<br>• Сұрақ: «Сіз өз біліміңіз арқылы Отаныңызға қандай үлес қосқыңыз келеді?»<br><br>**Білімнің маңызы:**<br>• Білім – бұл адамның қоғамдағы орнын айқындайтын ең құнды құрал.<br>• Елдің экономикалық, әлеуметтік, және мәдени дамуы білімді азаматтарға тікелей байланысты.<br>• Білімді азаматтар ғылым мен технологияны дамытып, жаңа идеяларды жүзеге асыру арқылы мемлекетке үлес қосады.<br>• Қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды меңгерген жастар – болашақтың тірегі.<br>**Білім арқылы Отанға қызмет ету жолдары:**<br>**1. Ғылым мен инновация:**<br>- Ғылыми жаңалықтар мен технологиялық жетістіктерді ойлап тауып, оларды елдің игілігіне қолдану.<br>2. **Әлеуметтік даму:**<br>- Білімді қолдану арқылы әлеуметтік теңсіздікті азайту және қоғамның әл-ауқатын жақсартуға үлес қосу.<br>- Ерікті түрде білім беру жобаларына қатысып, басқа адамдарға көмектесу.<br>3. **Экономикалық өсу:**<br>- Кәсіп ашу немесе кәсіпорында жұмыс істеп, мемлекеттің экономикалық дамуына үлес қосу.<br>- Экспортқа шығатын өнімдерді жасау үшін бәсекеге қабілетті | Сұрақтар ға жауап береді<br><br>Бірлесіп жұмыс жасайды<br><br>Оқушылар білімдегі инновациялық жаңалықтармен бөліседі | Презентация<br><br>Тақырыптық нақыл-сөздер, мақал-мәтелдер<br><br>Тақырыптық презентация |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | маман болу.<br>2. **Велосипедпен жүру ережелері:**<br>- Жол жүру ережелерін сақтау:<br>- Велосипед жолымен немесе жаяу жүргіншілер жолағымен жүру.<br>- Жолда бағдаршам мен жол белгілеріне назар аудару.<br>- Жолдың сол жағымен немесе арнайы белгіленген жолмен жүру.<br>• **Қауіпсіздік құралдары:**<br>- Дулыға, тізеқап, жарық шағылыстырғыш киім кию.<br>- Велосипедте алдыңғы және артқы шамдардың дұрыс жұмыс істеуі.<br>• **Балаларға арналған ережелер:**<br>- 14 жасқа дейінгі балалар тек арнайы аймақта немесе ата-анасының бақылауымен жүруі керек.<br>- Қолайсыз ауа-райында велосипед қолданбау.<br>**Топтық жұмыс**<br>**Тапсырма:**<br>Оқушыларды 2 топқа бөліп, әр топқа жеке тапсырмалар беріледі.<br>Топ 1: «Білімім – Отаныма!»<br>**Мақсаты:** Әр оқушы өз білімін қолдана отырып, қоғамға қандай пайда тигізе алатынын ойлап, шағын постер дайындайды.<br>**Мысал:** «Білімді болу арқылы мен қандай өзгеріс енгізе аламын?»<br>Топ 2: «Велосипедте қауіпсіз жүру.»<br>**Мақсаты:** Велосипедпен жүру ережелері бойынша 3-4 нақты ұсыныс жазу.<br>**Мысал:** «Қауіпсіз болу үшін велосипедпен жүргенде қандай ережелерді ұстану керек?»<br>**Нәтиже:** Әр топ өз жұмыстарын таныстырады. Мұғалім жауаптарға толықтырулар енгізіп, пікір білдіреді.<br>Әртүрлі салаларда (медицина, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп) білімді қолдана отырып, қоғамның мәселелерін шешуге атсалысу. | Велосипедпен жүру ережелерін мұқият тыңдайды<br><br>Топпен жұмыс жасайды<br><br>Топтық тапсырмаларды орындайды<br><br>Сұрақтарға жауап береді<br><br>Әр топ өз жұмыстарын таныстырады. | Велосипедпен жүру ережелеріне арналған плакаттар<br><br>Плакаттар, маркерлер<br><br>Топтық тапсырма жазылған қима қағаздар |
| **Қауіпсізді** | **Сабақ барысы** | Тақырыптық | Интерактивті тақта |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **к сабағы**<br>10 мин | **1. Ұйымдастыру кезеңі (1 минут)**<br>Сабақтың мақсаты мен тақырыбын қысқаша таныстыру:<br>«Бүгін біз қақтығыстарды қалай шешуге болатынын және олардың алдын алу үшін қандай қадамдар жасау керектігін талқылаймыз».<br>**Қақтығыстар дегеніміз не?**<br>Қақтығыс – бұл адамдар арасындағы қарама-қайшылық немесе түсініспеушілік. Ол әртүрлі жағдайларда туындауы мүмкін (мектепте, үйде, достар арасында).<br>**Қақтығысты шешудің қарапайым қадамдары:**<br>**Сабыр сақтау:**<br>Қарсыласыңыздың айтқанына дереу жауап қайтармаңыз, алдымен тыныштапып, ойланыңыз.<br>Ашуды бақылау – қақтығысты шешудің маңызды бөлігі.<br>**Түсінісуге тырысу:**<br>Қарсыластың пікірін тыңдап, оның көзқарасын түсінуге тырысыңыз.<br>«Мен сені түсінемін» немесе «Сенің ойыңды қабылдаймын» деген сөздер жағдайды жеңілдетеді.<br>**Дұрыс сөйлесу:**<br>Ренжіту сөздерден аулақ болыңыз.<br>Мәселені шешуге бағытталған нақты ұсыныстар айтыңыз.<br>**Көмек сұрау:**<br>Егер мәселені өз бетіңізбен шеше алмасаңыз, мұғалімге, ата-анаға немесе достарыңызға жүгініңіз.<br>**Мысал:**<br>Екі оқушы арасындағы түсініспеушілік (мысалы, біреуі екіншісінің затын рұқсатсыз алған).<br>Қадамдар:<br>Сабыр сақтау.<br>Бір-бірін тыңдау.<br>Өзара шешімге келу (затты | термин сөздерді дәптерлеріне түсіреді, оның ұғымын біледі.<br><br>Сілтеме бойынша видеороликпен танысып, өз ойларымен бөліседі.<br><br>Оқушылар шұғыл қызмет номерлерімен танысып, дәптерлеріне түсіреді | (қадамдар мен ережелерді көрсету үшін).<br><br>Пайдалы сілтемелер<br><br>https://youtu.be/RCA_wFW-mSo?si=DXWSuNziKmMzDjaq<br><br>Тақырыпқа сәйкес |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қайтарып, кешірім сұрау).<br>**3. Топтық жұмыс (5 минут)**<br>**Жағдаяттық тапсырма:**<br>Оқушыларды екі топқа бөлу:<br>**Жағдаят 1:**<br>Мектепте үзіліс кезінде екі оқушы бір орындыққа таласып қалды. Қалай әрекет ету керек?<br>Әр топ өз шешімін ұсынады.<br>**Жағдаят 2:**<br>Бір оқушы екіншісінің қателігін бетіне басып, ұялтып қойды. Қақтығысты қалай шешуге болады?<br>Әр топ осы мәселені шешу бойынша қадамдарды жазып, талқылайды.<br>**Талқылау:**<br>Әр топ өз шешімдерін қысқаша таныстырады.<br>Мұғалім оқушылардың жауаптарына кері байланыс береді, дұрыс қадамдарды атап өтеді.<br>**4. Қорытынды (1 минут)**<br>**Мұғалімнің сөзі:** «Қақтығыс – бұл кез келген қарым-қатынаста болатын жағдай. Оны дұрыс шешу – біздің мәдениетіміз бен тәрбиемізді көрсетеді. Сабыр сақтау, бір-бірімізді тыңдау, және сыйластық – қақтығысты шешудің ең тиімді жолдары». | Топтық тапсырманы орындайды.<br><br>Жағдаяттар бойынша пікір білдіреді | жағдаяттық сұрақтар. |
| **Сынып сағатының соңы**<br>*5 мин* | «Білім – бұл сіздің ең үлкен қаруыңыз. Оны өзіңізге, қоғамға, Отаныңызға пайда әкелу үшін қолдана біліңіз. Велосипедке мінгенде де ережелерді сақтауды ұмытпаңыз. Қауіпсіздік – барлығымыздың ортақ жауапкершілігіміз».<br>**Рефлексия:**<br>• «Бүгінгі сабақтан не үйрендіңіз?»<br>• «Білім арқылы қоғамға қандай үлес қосқыңыз келеді?» | Оқушылар сабақтан алған әсерлері мен білімдерін қорытындылайды. | Стикер |

СЫНЫП САҒАТЫН БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ *(Үлгі ретінді ұсынылады)*

| № | **Бағалау критерийлері** | **Иә** | **Жоқ** | **Ескертулер** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Сынып сағатының тақырыбы мен мақсаты нақтылығы | | | |
| 2 | Сынып сағатының тақырыбы мақсатына сәйкес анықталған ба? | | | |
| 3 | Сынып сағатының мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келе ме? | | | |
| 4 | Сынып сағатының құрылымы жүйелі және логикалық тұрғыда дұрыс ұйымдастырылған ба? | | | |
| 5 | Оқушылардың сабаққа қызығушылығы мен белсенділігі байқала ма? | | | |
| 6 | Интерактивті әдістер қолданылды ма? | | | |
| 7 | Сыныптағы тәртіп пен ұйымдастырушылық деңгейі қандай? | | | |
| 8 | Тәрбие құндылықтары мен моральдық-этикалық аспектілер қамтылды ма? | | | |
| 9 | Сынып сағаты барысында оқушылардың сыни ойлау дағдылары дамытылды ма? | | | |
| 10 | Оқушылар өз ойларын еркін жеткізе алды ма? | | | |
| 11 | Сынып сағатына қорытынды жасалды ма? | | | |

**Жалпы бағалау:**

________________________________________

________________________________________

________________________________________

________________________________________

**Ұсыныстар:**

________________________________________

________________________________________

________________________________________

________________________________________

________________________________________

________________________________________

**Бақылаушының аты-жөні:** ____________________________

**Күні:** ____________________________________________

***Астана қаласы әкімдігінің №8 мектеп-лицейі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бортанова Динара Мухтаровнаның тәжірибесінен***

## СЫНЫП САҒАТЫН БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ (Үлгі)

**Бағалау мақсаты:** Сынып жетекшісінің құндылықтарға сәйкес сынып сағатын ұйымдастыруы, сынып жетекші мен оқушылардың қарым-қатынасы және оқушылардың сынып сағатына қатысу белсенділігін анықтау.

**Сынып:**

**Сынып жетекшісі:**

| № | **Сынып сағатын талдау критерийлері** | **Сынып сағатына талдау** |
|---|---|---|
| *1* | Сынып сағатының тақырыбы<br>*Тақырыптың ашылуы* | |
| *2* | Сынып сағатының мақсаты:<br>*Сынып сағатының мақсатына жету жолдары* | |
| *3* | Құндылық: З*аң және тәртіп*<br>*Заң және тәртіп айы- қаңтар айы*<br>*Ай атауына берілген дәйексөздің сәйкестігі;*<br>*Дәйексөздің талдануы* | |
| *4* | Сынып жетекшінің сабаққа дайындық деңгейі | |
| *5* | Сынып сағатында құндылықтарды кіріктіру деңгейі | |
| *6* | Сынып сағатын өткізу барысында қолданылған әдістер, көрнекіліктер, техникалық құралдар, оларды қолдануда сынып жетекшінің шеберлігі | |
| *7* | Сынып жетекшісі мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті | |
| *8* | Сынып сағатының тақырыбы мен мазмұны, оның мақсатына сәйкестігі | |
| *9* | Сынып сағатындағы құндылықтың көрінісі, Құндылықтардың ашылуы | |
| *10* | Сынып сағаттарының оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкестігі | |
| *11* | Оқушылардың қызығушылығы мен белсенділік деңгейлері | |
| *12* | Сынып сағатын дайындау, өткізу барысындағы кемшіліктер мен ұсыныстар | |
| *13* | Қорытынды талдау | |
| *14* | Жалпы ұсыныстар | |

**Бақылаушының аты-жөні:** ___________________________

**Күні:** ___________________________________________

# ҚОРЫТЫНДЫ

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі сынып жетекшілерінің ғылыми-әдістемелік және ұйымдастырушылық жұмысын үйлестіретін тәрбие процесін басқарудағы мектепішілік жүйесінің құрылымдық бөлімшесі.

Әдістемелік бірлестік қызметі әр сынып жетекшісінің құзыреттілігі мен кәсіби шеберлігін жан-жақты арттыру, педагогикалық ұжымның шығармашылық әлеуетін арттыру, сынып жетекшілерінің тәжірибесін жинақтау және тарату, мектептің тәрбие жұмысы жүйесінің сапасы мен тиімділігін арттыру мақсатында жүзеге асырылады.

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі қызметі: аналитикалық-болжамдық, ұйымдастырушылық-үйлестіру, ақпараттық және әдістемелік функцияларын атқарады.

Әдістемелік бірлестік өз жұмысын білім беру ұйымының жылдық және перспективалық жоспарлары негізінде мектептің жарғысымен айқындалатын стратегиялық Даму бағдарламасының талаптарына сәйкес құрады.

Әдістемелік бірлестік жұмысының нысандары мен әдістері дәстүрлі және инновациялық бағытта жүргізіледі. Дәстүрлі: семинарлар, кеңестер, дәрістер, кеңестер; Инновациялық: дөңгелек үстелдер, іскерлік ойындар, тренингтер, шеберлік сыныптары, сынып сағаттары, портфолио жинақтаудан тұрады.

Әдістемелік бірлестіктің құжаттары:Әдістемелік бірлестік жұмысын ұйымдастыру туралы бұйрық (мектеп ішілік); Мектеп директоры бекіткен әдістемелік бірлестік туралы ереже; Әдістемелік бірлестіктің жылдық жұмыс жоспары; Оқу жылындағы жұмыс нәтижелері бойынша аналитикалық материалдар; Әдістемелік бірлестік хаттамалары; Әдістемелік бірлестік жетекшісі және мүшелері туралы статистикалық мәліметтер.

Сонымен қатар оқу жылында қойылған міндеттердің орындалуы, және отырыста қандай мәселелер қаралды, сынып жетекшілерінің жұмыс бағыты (аналитикалық, ақпараттық әдістемелік кеңес беру қызметі) қалай талданды, сынып жетекшілерінің өзін-өзі тәрбиелеу жұмысы, сынып жетекшісінің, оқушының жетістіктері туралы есебі мен келесі оқу жылына болжамды ұсыныстар мен пікірлер және т.б.

Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің жұмысы дұрыс ұйымдастырылған жағдайда, мектептегі тәрбие процесі жүйеленіп, білім алушылардың бойында құндылықтарды сіңіруге тиімді ықпал етеді.

Қорытындылай келе, сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмысының тиімділігін арттыру және оның жұмысын «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының құндылықтарына негіздеу – тәрбие сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі, 2024 жылғы 15 наурыз.

2. Кузнецов Н.А., Яковлев Д.Е. Управление методической работой в учреждении дополнительного образования детей: Пособие для руководителей и педагогов/ Н.А. Кузнецов, Д.Е. Яковлев.-М.: «Айрис и Пресса».-2004.-94 с

3. Макарова Т.Н. Планирование и организация методической работы в школе: Часть-2/ Т.Н. Макарова.-М.: «Педагогический поиск».-2002.-160 с

4. Рожков М.И., Байбородов Л.В. Организация воспитательного процесса в школе: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений/ М.И. Рожков, Л.В. Байбородов .-М.: Гуманит. Изд. Центр ВЛАДОС.-2000-256 с

5. Черевко Е.Н. Положение о МО классных руководителей / Е.Н. Черевко // Классный руководитель .-2005.-№6.-С. 37-39

6. https://o-buddizme.ru/obraz-zhizni/vospitanie-detey-v-yaponii

7. Bandura, A. 2012. «On the Functional Properties of Perceived Self-Efficacy Revisited» Journal of Management 38 (1): 9-44

8. Chan, Y. 2016. «Investigating the Relationship among Extracurricular Activities, Learning Approach and Academic Outcomes: A Case Study» Active Learning in Higher Education 17 (3): 223–233

9. Okullarda Değerler Eğitimi Ve Türkiye'deki Uygulamaya Bir Bakış Nazlı CİHAN DOI:http://dx.doi.org/10.7827/TurkishStudies.6402 Sayfa Sayısı:429-436 lize Giriş. Çeviren: Dinçer, S., Anı Yayıncılık, Ankara. Bulach, C. R. (2002)

10. Erziehung, Hamburg: Kovac Milli Eğitim Bakanlığı İstanbul Milli Eğitim Müdürlüğü, Değerler Eğitimi Kılavuzu, 2012. http://mebk12.meb.gov.tr/meb_iys_dosyalar/34/36/974348/dosyalar/2013_03/01051825_deerlereitimiklavuzu.pdf (20.12.2013)Milli Eğitim

11. King, A.E., F.A.E. McQuarrie, and S.M. Brigham. 2020. «Exploring the Relationship between Student Success and Participation in Extracurricular Activities» SCHOLE: A Journal of Leisure Studies and Recreation Education 1–17

12. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Білім беру ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығы

13. Щуркова Н.Е. Классное руководство: теория, методика, технология/ Н.Е. Щуркова.-М.: Педагогическое общество России.-2000.-256с.

14. Мельникова Р.П. Критерии и показатели оценки деятельности классного руководителя / Р.П. Мельникова // Классный руководитель .-2005.-№5.-С. 64-65

15. Колесник В.А. Положение о классном руководителе и МО классных руководителей/ В.А. Колесник// Классный руководитель .-2004.-№4.-С. 40-45

16. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы Ережені бекіту туралы» № 18 бұйрығы

17. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері орындауға міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы

18. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы

19. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығы

ҚОСЫМША

Қосымша 1

## СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІНІҢ ЖҰМЫСЫН ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

**Сынып жетекшісі**
**БІЛУІ КЕРЕК:**

Қазақстан Республикасының Конституциясы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293 бұйрығымен бекітілген Заңы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414 бұйрығымен бекітілген Еңбек Кодексі

Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы.

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңы

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235 Кодексі

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231 бұйрығымен бекітілген Қылмыстық-процестік Кодексі

**Білім беру саласындағы нормативтік құжаттар:**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2017 жылғы 30 қаңтардағы № 36 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығы

**Сынып жетекшісінің лауазымдық міндеттері бойынша:**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы

**Балалардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін нормативтік актілер:**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы» 2001 жылғы 11 маусым N 789 Қаулысы

Қазақстан Республикасының «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI ҚРЗ Заңы

Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы» 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығы

Қазақстан Республикасының «Төтенше жағдай туралы» 2003 жылғы 8 ақпандағы N 387 Заңы

**Санитарлық-гигиеналық және қауіпсіздік нормалар:**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидаларын, көлемі мен мерзімділігін бекіту туралы» 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-264/2020 бұйрығы.

## 1) ЖОСПАР ҚҰРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Жоспар – бұл тәрбие процесінің жүйелілігі мен нәтижелілігін қамтамасыз ететін негізгі құрал.

**<u>Жүйелі, дұрыс құрылған жоспар:</u>**

- Тәрбиелік жұмыстың мақсаттары мен міндеттерін нақты анықтауға көмектеседі
- Уақыт пен ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді
- Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай бағыт-бағдар беруге ықпал етеді

- Ата-аналармен, мектеп әкімшілігімен және қоғаммен үйлесімді байланыс орнатуға көмектеседі

- Тәрбиелік іс-шараларды бірізділікпен және жүйелілікпен жүзеге асыруға негіз болады.

**Жоспар құрудың қадамдары** *( Нені? Неге? Не үшін? Кім үшін?)*

**1-қадам: Талдау жасау**

- Өткен оқу жылының тәрбие жұмысының нәтижелерін саралау
- Сынып ұжымының ерекшеліктерін ескеру (жас ерекшелігі, психологиялық ахуалы, тәрбиелік жағдайы)
- Білім алушылардың қажеттіліктері мен мәселелерін анықтау

**2-қадам: Негізгі мақсаттар мен міндеттерді анықтау**

- Білім алушылардың тұлғалық дамуына бағытталған **негізгі құндылықтарды** айқындау
- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде тәрбие жұмысының басым бағыттарын белгілеу

**3-қадам: Жоспар құрылымын жасау**

- Сынып сағаттарының тақырыптарын белгілеу
- Мектепішілік және сыныпішілік іс-шараларды жоспарлау
- Білім алушылармен жеке жұмысты ұйымдастыру
- Ата-аналармен жұмысты жоспарлау

**4-қадам: Жоспарды нақтылау және кезеңдерге бөлу**

- Әр тоқсанда және әр айда атқарылатын іс-шаралар жоспарын нақтылау
- Әр шараның мазмұнын, форматын және күтілетін нәтижелерін анықтау

**5-қадам: Жоспарды бекіту және іске асыру**

- Жоспарды мектеп әкімшілігімен келісу, бекіту
- Тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру
- Қажет жағдайда жоспарға өзгерістер енгізу

**6-қадам: Нәтижені бағалау және талдау**

- Тәрбие жұмысының тиімділігін анықтау
- Білім алушылардың дамуындағы өзгерістерді бақылау
- Келесі жылға қажетті түзетулер енгізу

**Сынып жетекшісі нені, неге, не үшін және кім үшін жоспарлайды?**

**Нені жоспарлайды?**

- Білім алушылардың тәрбиелік және әлеуметтік дамуын
- Сыныптағы тәртіп пен моральдық ахуалды нығайтуды
- Құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды
- Ата-аналармен өзара іс-қимыл стратегиясын

**Неге жоспарлайды?**

- Тәрбие жұмысын жүйелі, мақсатты және нәтижелі жүргізу үшін

- Білім алушыларға қажетті құндылықтар мен өмірлік дағдыларды үйрету үшін
- Сынып ұжымының ынтымақтастығы мен бірлігін арттыру үшін
- Білім алушылардың жеке тұлғалық дамуын бақылау үшін

**Не үшін жоспарлайды?**

- Білім алушыларды саналы, тәртіпті, жауапты тұлға ретінде қалыптастыру үшін
- Қоғамдық ортаға бейімдеу және өмірге қажетті дағдыларды үйрету үшін
- Ата-аналармен және әріптестермен бірлесе жұмыс жүргізу үшін
- Педагогикалық қызметті тиімді ұйымдастыру үшін

**Кім үшін жоспарлайды?**

- *Білім алушы үшін* – оларды тәрбиелеу, дамыту, саналы азамат ретінде қалыптастыру үшін;
- *Ата-аналар үшін* – бала тәрбиесіне бағыт-бағдар беру үшін;
- *Мектеп үшін* – жалпы тәрбие жүйесін үйлестіру үшін;
- *Қоғам үшін* – болашақ ұрпақты ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға тәрбиелеу үшін жоспарлайды.

**Тиімді жоспар – жүйелі жұмыстың, уақытты тиімді пайдаланудың, мақсатқа жетудің кілті.**

**Сынып жетекшісі жұмысын жоспарлау формасы (үлгі)**

| **№** | **Құндылықтар атауы** | **Мақсаты** | **Іс-шаралар атауы** | **Өткізу мерзімі** | **Жауапты тұлға** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

## 2) СЫНЫП САҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Сынып жетекшісінің сынып сағатын жүйелі, қызықты әрі тәрбиелік мәні жоғары деңгейде ұйымдастыруы

Ол үшін:

***<u>1. Сынып сағатын өткізудің негізгі талаптарын білу ұсынылады:</u>***

***- Мақсат нақты болу үшін:***

Сынып сағаты білім алушылардың бойында белгілі бір құндылықтарды қалыптастыруға бағытталады

Мақсат түсінікті, анық және практикалық тұрғыда қолданылды

***- Жас ерекшелігіне сай болуы:***

Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ақпарат түсінікті және қызықты етіп беріледі

Бастауыш сыныптар үшін – ойын элементтері қолданылады

Жоғары сынып оқушылары үшін – пікірталас, өмірлік мысалдар, кейстік тапсырмалардың енгізілуі

- ***Белсенділік пен қызығушылықты арттыру үшін:***

Сұрақ-жауап, рөлдік ойындар, дебаттар, ситуациялық тапсырмалардың қолданылады

- Өмірмен байланыстылығы

Білім алушыларға өмірлік тәжірибеге сүйене отырып, өздеріне қатысты, маңызды мәселелерді талқылауға мүмкіндік беріледі

Нақты мысалдар мен фактілер, бейнероликтер, интерактивті материалдар және т.б. пайдаланылады

**2. Сынып сағатын өткізу құрылымы**

**1. Кіріспе бөлігі (5-7 минут)**

Тақырыпты таныстыру

Мақсатын түсіндіру

Білім алушылардың назарын сабаққа аудару (қызықты сұрақ, көрнекіліктер, бейне материалдар)

**2. Негізгі бөлім (20-30 минут)**

Негізгі ақпаратты түсіндіру

Тақырыпқа қатысты әңгіме, көрініс немесе презентация

Білім алушылармен диалог жүргізу (сұрақ-жауап, талқылау, кейстер, дебаттар)

Тақырыпты кеңінен ашу үшін өмірлік мысалдар келтіру

**3. Қорытынды бөлім (5-10 минут)**

Негізгі түйіндерді бекіту

Білім алушылардың пікірін тыңдау

«Бүгінгі сабақтан түйген ойым» рефлексия жасау

Білім алушыларды дұрыс әрекеттерге ынталандыру және оны өмірде қолдануды үйрету үшін әдіс-тәсіл түрлерін немесе әдетке айналдыру мақсатымен бір-екі тапсырма керек

Мысалы: «Жақсылық күнделігі» арқылы жақсы әдеттерді қалыптастыру.

«Мейірімді сөздер шеңбері» арқылы қарым-қатынас мәдениетін дамытуға болады. Жағымды әдеттер қалыптасу үшін осындай тапсырмаларды үнемі қайталау арқылы тұрақты дағдыға айналдыруға болады

**3. Сынып сағатын өткізу әдістері**

- *Талқылау әдісі:* Білім алушыларды белгілі бір мәселе немесе тақырып бойынша пікірлерін ортаға салу арқылы олардың жеке пікірлерін қалыптастыруға бағыттау

- *Рөлдік ойындар:* Рөлдік ойындар арқылы білім алушыларға белгілі бір жағдайды сахналауға және соңында өздерінің қорытынды ойларын айтуға мүмкіндік жасау

- *Дебат:* арнайы тақырыптар арқылы білім алушыларды өз көзқарастарын дәлелдеуге жетелеу.

- Кейс әдісі: Нақты өмірлік жағдайларды талдау арқылы шешу жолдарын

табуға үйрету

- Шығармашылық тапсырмалар: Эссе жазу, сурет салу, жоба жасау.
- Бейнефильмдер мен презентациялар: Білім алушылардың қызығушылығын арттыру үшін көрнекі материалдарды қолдану.
- Рефлексия: Сынып сағатының соңында білім алушылардың алған әсерлері мен түйген ойларын талқылайды.

**4. Сынып жетекшісінің мына лайфхактарды ескере отырып, әзірлеген сынып сағаты тиімді өтеді:**

* Тақырып білім алушылар үшін маңыздылығы
* Қызықты әдістер қолданылуы
* Әр білім алушының белсенді қатысуы
* Өмірмен байланысы болуы
* Тәрбиелік мәнінің жоғары болуы
* Қорытынды жасалып, білім алушылар өзіндік ой түйіндеуі.

**Сынып жетекшісі сынып сағаттарын жүйелі, мазмұнды және қызықты етіп өткізсе, білім алушылардың өмірге деген көзқарасы, қарым-қатынас мәдениеті, жауапкершілігі мен құндылықтары дамиды.**

## 3) СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

Сыныптан тыс іс-шаралар – білім алушылардың интеллектуалдық, шығармашылық, спорттық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған тәрбие жұмысының маңызды бөлігі. Бұл іс-шаралар балалардың тұлғалық дамуын, қарым-қатынас дағдыларын, ынтымақтастық пен көшбасшылық қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

***Сыныптан тыс іс-шаралардың мақсаты***

- Білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытады
- Қоғамдық ортада өзін-өзі ұстауға үйретеді
- Құндылықтарға негізделген тәрбие береді
- Достық қарым-қатынасты нығайтады
- Отаншылдық қасиетін арттырады
- Тұлғалық және көшбасшылық қабілеттерді дамытады және т.б.

**Сыныптан тыс іс-шаралардың формалары**

Сынып жетекшісі сыныптан тыс іс-шараларды түрлі форматта ұйымдастырады.

- ***Интеллектуалды шаралар:***

Дебаттар

Викториналар

Интеллектуалды ойындар

- ***Шығармашылық іс-шаралар:***

Театр қойылымдары

Ән-би фестивальдері

Сурет көрмелері

- Қолөнер, көңіл көтеру кештері

- ***Спорттық іс-шаралар:***

Жарыстар (футбол, волейбол, шахмат)

Жаппай жаттығу күндері

Туристік жорықтар

- ***Тәрбиелік және патриоттық шаралар:***

Ұлттық мерекелерге арналған іс-шаралар

Кездесулер

- ***Қоғамдық және еріктілік шаралар:***

Қайырымдылық акциялары

Эко-жобалар (ағаш отырғызу, мектеп ауласын көгалдандыру)

Қарттар үйіне немесе балалар үйіне бару

- ***Экскурсиялар мен саяхаттар:***

Мұражайларға, көрмелерге, театрларға саяхат

Өндірістік орындарға, ғылыми орталықтарға экскурсия

**Сынып жетекшісі іс-шараны ұйымдастыруда нені ескеруі керек?**

***Білім алушылардың жас ерекшелігін ескеру***

Іс-шара білім алушылардың қызығушылықтарына сай болуын;

Мектепке дейінгі және бастауыш сыныптарға ойын элементтерін,

Орта және жоғары сыныптарға пікірталас, тәжірибелік тапсырмалар енгізуін ескереді

***Қауіпсіздік шараларын сақтау***

Әр іс-шараның қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Туристік жорықтар мен спорттық жарыстарда денсаулыққа қауіп төндірмеу;

Қоғамдық орындардағы шараларда балаларды бақылауда ұстау

***Ата-аналармен ынтымақтастық орнату***

Кейбір іс-шараларды ата-аналармен бірге өткізу балалардың әлеуметтік ортада өзін еркін сезінуіне ықпал етеді

***Мектеп әкімшілігімен келісу***

Іс-шара жоспарын мектеп басшылығымен келісу

Іс-шараның мерзімі, орны, жауапты тұлғаларды анықтау

***Мотивация және марапаттау жүйесін қарастыру***

Білім алушыларды ынталандыру мақсатында грамоталар, сертификаттар, шағын сыйлықтар әзірлеу

Жарыс немесе байқау нәтижелері бойынша үздіктерді анықтап, марапаттау

**Іс-шараны жоспарлау кезеңдері**

***1-қадам: Мақсат қою***

Іс-шараның нақты мақсаты мен міндеттерін анықтау

Кімге арналған? Қандай құндылықтарды қалыптастырады?

***2-қадам: Форматын таңдау***

Іс-шараның қатысушыларын (білім алушылар, ата-аналар, мұғалімдер) анықтау

Өткізу орнын, уақытын және әдістерін белгілеу

***3-қадам: Бағдарлама дайындау***

Сценарий немесе іс-шара жоспарын әзірлеу

Қандай іс-әрекеттер болады? Кім жауапты?

***4-қадам: Қауіпсіздік ережелерін қарастыру***

Егер іс-шара далада немесе саяхат форматында өтсе, алғашқы көмек көрсету шараларын қарастыру

Балалардың ата-аналарының келісімін алу

Қауіпсіздік шараларын сақтау

***5-қадам: Өткізу және бақылау***

Іс-шара барысында білім алушылардың белсенділігіне назар аудару.

Жағымды психологиялық орта қалыптастыру.

***6-қадам: Қорытынды жасау***

Білім алушылардан кері байланыс алу (саған не ұнады, қандай әсер алдың?)

Болашақ іс-шараларға қатысты ұсыныстар жинау

**Креативтілік пен қызығушылықты арттыру жолдары**

- Ойын форматтарын пайдалану
- Интеллектуалды ойындар, брейн-рингтер, викториналар.
- Өнегелі тұлғаларды қонаққа шақыру
- Өнер адамдары, спортшылар, ғалымдармен кездесулер.
- Заманауи технологияларды қолдану (бейнероликтер, презентациялар, VR және AR технологиялары)
- Квест ойындары

Белгілі бір тақырып бойынша шығармашылық ойындарды ұйымдастыру.

Эмоционалды интеллектті дамытуға арналған жаттығулар

Театрландырылған қойылымдар

**Қауіпсіздік талаптары:**

⚠ Іс-шара өткізілетін орынның қауіпсіздігін тексеру

⚠ Балаларға төтенше жағдайларда әрекет ету нұсқаулығын беру

⚠ Мектеп әкімшілігімен, медициналық қызметкерлермен алдын ала келісу

⚠ Ата-аналардың рұқсатын алу (экскурсия, жорық, суға түсу сияқты іс-шараларда)

⚠ Жас ерекшеліктеріне байланысты психологиялық қауіпсіздік қамтамасыз ету

5) **ҮЛГІ БОЛУ**

**Сынып жетекшісінің білім алушыларға үлгі болу үшін ұстануы тиіс қағидалар**

***Өзіңді құрметте, басқаларды құрметте!***

Білім алушыларға әдептілік, сыпайылық, үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық көрсету арқылы үлгі болу

Әрбір білім алушының жеке пікірін тыңдап, олардың тұлғалық ерекшеліктерін құрметтеу

***Жауапкершілік пен адалдық таныту***

Өз уәдесін орындау, жалған сөйлемеу, әділ болу

Білім алушылардан талап еткен жауапкершілікті алдымен өзінен талап етіп, орындауы

***Өмір бойы оқып-үйрену***

Кітап оқу, өзін-өзі жетілдіру, біліктілікті арттыру арқылы оқушыларға «өмір бойы оқу», «үздіксіз даму» деген ойды жеткізу

Жаңашыл болу, заман ағымына сай өзгеруге дайын болу

***Ұстамдылық пен сабырлылық сақтау***

Қиындықтарда эмоцияға берілмеу, ақылмен шешім қабылдау

Білім алушылармен дауыс көтермей сөйлесу, өз сезімін бақылай білу.

***Денсаулықты күту және салауатты өмір салтын насихаттау***

Темекі шекпеу, артық агрессияға бармау, дұрыс тамақтану арқылы үлгі болу

Денсаулықты күту қажеттілігін өз іс-әрекеті арқылы көрсету

***Уақытты дұрыс басқару***

Дәлдікке, уақытты тиімді пайдалануға дағдылану

Кешікпеу, сабақ пен іс-шараларға уақытылы дайындалу

***Ұжымшылдық пен ынтымақтастық таныту***

Білім алушылармен және әріптестермен ашық қарым-қатынас орнату

Әрқашан командада жұмыс істеуге дайын болу

***Әділдік пен объективтілік сақтау***

Білім алушылар арасында біреуге ерекше қарым-қатынас жасамау

Әр білім алушыны тең дәрежеде қабылдау және бағалау

***Мәдениетті болу***

Тіл мәдениетін сақтау, әдепсіз сөздерді қолданбау

Дұрыс сөйлеу, әдемі киіну, өзін-өзі ұстау арқылы үлгі болу

***Құндылықтарға негізделген тәрбие беру***

Адалдық, шынайылық, қамқорлық, еңбексүйгіштік, отаншылдық және т.б. құндылықтарды бойына сіңіру.

Құндылықтарды тек сөзбен емес, іс-әрекетпен көрсету

**Сынып жетекшісі білім алушыларға үлгі болу үшін:**

***«Сөз бен іс үйлесуі керек»***

Егер педагог өзі айтқан ережелерді сақтамаса, білім алушы да оны сақтамайды

Балалар тек айтқан сөздерге емес, жасаған іс-әрекетке қарайды

Білім алушылармен сенімді қарым-қатынас орнату

Сенім қалыптастыруда үнемі ашық және әділ болу

Білім алушыларға мейірімділік пен қамқорлық таныту

***Білім алушылардың тұлғалық ерекшеліктерін құрметтеу***

Әр білім алушы өзін жеке тұлға ретінде сезінуі;

Білім алушылардың қабілеттерін дамытуды қолдау және ынталандыру маңызды

***Өз эмоцияларыңды бақылау***

Эмоцияға берілмеу, білім алушылармен сабырлы қарым-қатынас орнату

Стресс жағдайында ақылмен шешім қабылдау

Туындаған қиын жағдайды шешу үшін тиісті тұлғалармен/мамандармен ақылдасу

Егер мұғалім мектепте бір, мектептен тыс жерде мүлде басқаша болса, білім алушы оған сенбейді.

Қоғамда, отбасында, ортада үлгі болуы маңызды.

**Сынып жетекшісі – тек тәрбиеші емес, білім алушылардың өмірлік бағдарын айқындайтын тұлға.**

## 6) ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

**Жағымды қарым-қатынас – табысты тәрбиенің көзі!**

Сынып жетекшісі мен білім алушылар арасындағы қарым-қатынас – оқу-тәрбие процесінің негізі. Жақсы қарым-қатынас оқушының өзін еркін сезінуіне, өз пікірін ашық айтуына, сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыруға ықпал етеді.

**Білім алушылармен қарым-қатынас орнатудың негізгі қағидалары**

**1. Ынтымақтастық пен сенімді қарым-қатынас қалай қалыптастырады?**

Білім алушыларға сенім арту және олардың пікірін тыңдау:

Білім алушылармен жеке қарым-қатынас орнату

*Мысалы:* Егер білім алушы өзінің ойын айтуға қорқатын болса, оны қолдап, пікірін еркін білдіруге мүмкіндік беру.

**Сынып жетекшісі өзін білім алушыға қолдаушы, бағыт беруші тұлға ретінде қабылдату:**

Ол үшін:

Сынып жетекші өзін «мен бәрін білемін» деп көрсетпей, керісінше білім алушылармен бірге үйренуге дайын екенін көрсетуі маңызды.

*Мысалы:* Білім алушыларға сұрақ қойып, олардың жауабын талқылау, қолдау арқылы өзара сенім қалыптастыруға болады.

**Барлық білім алушыларға тең дәрежеде қарау:**

Әр білім алушыны ерекше тұлға ретінде қабылдау және ешкімді алаламау

*Мысалы:* Егер бір білім алушы сабақты жақсы оқыса, ал екіншісі қиындық көрсе, олардың екеуін де ынталандырып, қолдау көрсету

**2. Қарым-қатынаста ашықтық пен әділдік қалай сақталады?**

Әділ болу – сынып жетекшісінің басты қағидасы:

Тәртіп бұзған жағдайда бір білім алушыға қатаң шара қолдану, ал екіншісіне жеңілдік жасау әділетсіздік

*Мысалы:* Егер білім алушы ережені бұзса, оның әлеуметтік жағдайына немесе үлгеріміне қарамастан, барлық сыныптағы білім алушыларға бірдей талаптың қойылуы

*Мақтау мен ескертуді объективті түрде жасау:*

Тек жақсы оқитын білім алушыларды ғана мақтап, басқаларды ескерусіз қалдырмау

*Мысалы:* Егер білім алушы белсенділік танытса, оның әрекетін бағалау керек: «Сен бүгін өте жақсы пікір айттың, басқа достарыңа да ой тастай алдың!»

**3. Білім алушылардың пікірін қалай құрметтеу керек?**

*Әр білім алушының ойын еркін білдіруіне мүмкіндік беру:*

Білім алушылардың өз пікірін, ойын еркін айтуына уақыт беру

*Мысалы:* Егер білім алушы белгілі бір тақырыпқа қатысты өз ойын білдірсе, оны тыңдап, пікірін жоққа шығармау

*Білім алушылардың көзқарасын сыпайы түрде түсіндіру:*

Егер білім алушы қате пікір айтса, оған «сенікі дұрыс емес» деп бірден түзетпей, сабырлы түрде дұрыс бағыт беру

*Мысалы:* «Сен қызықты ой айттың, бірақ мына деректерді ескеріп көрсең қалай болар еді?»

**4. Білім алушылармен ынтымақтастықты қалай дамытуға болады?**

*Серіктестік қарым-қатынас орнату:*

Сынып жетекшісінің білім алушылармен бірдей деңгейде сөйлесуі, олардың пікірлерін ескеру.

*Мысалы:* «Бұл мәселені бірге зерттейік, бәріміз бірігіп қандай қызықты мәлімет таба аламыз?»

*Білім алушылардың белсенділігіне мүмкіндік беру:*

Сынып сағаттарының тақырыбын таңдауда білім алушылардың өздерінің шешім қабылдауына жағдай жасау

*Мысалы:* Сыныптан «Қандай тақырыпты талқылаған ұнайды?», «Қандай мәселелерді бірге шеше аламыз?» деп сұрау

*Бірге жобалар жасау, пікірталас ұйымдастыру:*

Топтық жұмыс арқылы білім алушылардың өзара ынтымақтастығын нығайту

Мысалы: «Сынып ережелерін өздерің жасағыларың келе ме?» деген сұрақ қойып, білім алушылармен бірге тәртіп ережелерін белгілеу

**5. Сыныптағы қақтығыстарды қалай шешуге болады?**

*Қақтығыс кезінде эмоцияға берілмей, бейтарап позиция ұстану:*

Егер екі оқушы ұрысып қалса, олардың әрқайсысын тыңдап, әділ шешім қабылдау

Мысалы: «Екеуіңнің де ойларың маңызды, бірақ ортақ шешімге қалай келеміз?»

*Сыныптағы эмоционалдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету:*

Білім алушылардың өздерін еркін сезінуіне жағдай жасау

*Мысалы: «*Бұл жерде әркім өз ойын еркін білдіре алады, бірақ біз бір-бірімізге құрметпен қараймыз» деп айту

*Өзін-өзі басқару және эмоцияны бақылау қалай жүзеге асырылады?*

*Кез келген жағдайда педагогикалық этиканы сақтау:*

Білім алушыға сыпайы сөйлеу, дөрекі сөздерден аулақ болу

*Мысалы:* «Бұл сұрағың дұрыс емес» деудің орнына «Бұл сұрақ өте қызықты, бірақ басқа қырынан қарастырып көрейік» деуге болады

**6. Сынып жетекшісінің сұрақ қою және жауап беру әдебі**

Қойылатын сұрақтың нақты, түсінікті болуы

Қолдау көрсететін сұрақтарды қою («Сенің ойыңша, бұл мәселені қалай шешуге болады?»)

Білім алушының пікірін ескеретін сұрақтар қою («Бұл туралы сен не ойлайсың?»)

Сұрақ қоюды білім алушының жас ерекшеліктеріне қарай бейімдеу

***Жауап беру әдебі***

Білім алушының жауабын соңына дейін тыңдау

Кемшіліктерін бірден сынамай, дұрыс бағыт беру

Көбірек ойлануға мүмкіндік беру

## 7) ӘРІПТЕСТЕРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

***Сынып жетекшісінің әріптестерімен қарым-қатынасы***

Жақсы қарым-қатынас тәрбиелік жұмыстың тиімділігін арттырып, мектептегі ортақ мақсаттарға жетуге көмектеседі.

**1. Әкімшілікпен қарым-қатынас**

***Негізгі қағидалар:***

Әкімшілікпен ашық, сыпайы және кәсіби қарым-қатынас орнату

Мектептің ішкі ережелерін сақтау және әкімшілік талаптарын орындау

Тәрбие жұмысына қатысты есептер мен құжаттарды уақытылы тапсыру

Мектептің тәрбие жоспарына белсенді атсалысу

***Директор және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен қарым-қатынас:***

Сыныптағы тәрбиелік жұмыстардың жай-күйі туралы ақпарат беру

Қажет жағдайда тәртіп мәселелері бойынша кеңес алу

Мектепішілік іс-шараларды ұйымдастыруда ұсыныстар беру

Тәрбиелік іс-шаралардың есебін тапсыру

***Мектеп әкімшілігімен қарым-қатынас:***

Құжат айналымын дұрыс жүргізу (тәрбие жұмысының есептері, білім алушылардың құжаттары, сынып журналдары)

Әкімшілік талаптарын дұрыс түсініп, қабылдау

Тәртіп бұзушылықтарды шешуде әкімшілікпен бірлесіп жұмыс жасау

***Пән мұғалімдерімен қарым-қатынас***

***Негізгі қағидалар:***

Пән мұғалімдерінің жұмысын құрметтеу, олардың сабақ беру стиліне араласпау

Сыныптағы білім алушылардың оқу үлгерімі туралы пікір алмасу

Пән мұғалімдерімен білім алушылардың тәрбиесі бойынша тығыз байланыста болу

Жеке білім алушылардың оқу үлгерімі мен тәртібіне қатысты ақпарат алмасу

Мұғалімдердің ұсыныстарын тыңдау, олармен бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру

Білім алушылардың сабаққа деген көзқарасын жақсарту үшін мұғалімдермен ынтымақтастық орнату

***Бірлескен іс-шаралар***:

Ғылыми жобалар, пәндік олимпиадалар ұйымдастыру

Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын бірге жоспарлау

Мектепішілік іс-шараларда пән мұғалімдерінің белсенділігін арттыру

***Психологпен қарым-қатынас***

***Негізгі қағидалар:***

Білім алушылардың психологиялық жағдайын бақылау үшін тығыз байланыста болу

Эмоционалды қиындықтарға тап болған білім алушыға көмек көрсету

Тәрбие жұмыстарында психологиялық әдістерді қолдану

***Қандай жағдайларда психологпен байланысу керек?***

Білім алушының эмоционалды тұрақсыздығы байқалса

Білім алушының мінез-құлқында күрт өзгерістер болса (агрессия, тұйықтық, оқшаулану, стресстік жағдайлар)

Сыныптағы қақтығыстарды шешуде кәсіби кеңес қажет болғанда

Білім алушылардың суицидтің алдын алу, буллинг мәселелерін шешу барысында

***Бірлескен жұмыстар:***

Білім алушыларға психологиялық тренингтер ұйымдастыру

Қарым-қатынас мәдениетін дамытуға бағытталған ойындар өткізу

Ата-аналарға психологиялық кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыру

***Әлеуметтік педагогпен қарым-қатынас***

***Негізгі қағидалар:***

Әлеуметтік көмекті қажет ететін білім алушылар туралы ақпарат алмасу

Тәрбие жұмысында әлеуметтік қолдау шараларын ұйымдастыру

Мектептегі инклюзивті білім беруді дамытуға көмектесу

***Қандай жағдайда әлеуметтік педагогпен байланысу керек?***

Материалдық жағдайы төмен отбасылардағы білім алушыларға көмек қажет болғанда

Қиын жағдайға тап болған немесе қараусыз қалған балаларға әлеуметтік көмек көрсету қажет болса

Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған қолдау шараларын ұйымдастыруда

***Бірлескен жұмыстар:***

Білім алушыларға арналған әлеуметтік жобалар ұйымдастыру (қайырымдылық, еріктілік, демеушілік көмектер)

Ата-аналармен кездесулер, әлеуметтік проблемаларды шешу жолдарын қарастыру

Балаларға арналған тегін курстар, бағдарламалар туралы ақпарат беру

***Әріптестермен қарым-қатынасты жақсарту үшін не істеу керек?***

Әріптестерді сыйлау және олардың пікірін ескеру

Мәселелерді ұжыммен талқылап, ортақ шешім қабылдау

Конфликтілерді болдырмау және ұжымдық мәдениетті сақтау

Кәсіби қарым-қатынаста этика қағидаларын ұстану

Мектептің тәрбие жүйесін бірге дамыту үшін ашық жұмыс істеу.

**Сынып жетекшісі мұғалімдермен, психологпен, әлеуметтік педагогпен, әкімшілікпен сенімді, кәсіби қарым-қатынас орнатса, тәрбие жұмысы жүйелі және нәтижелі болады.**

## 8) АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС

Ата-аналармен тиімді жұмыс жасау – тәрбие жұмысының ажырамас бөлігі. Баланың дамуы мен жетістігіне отбасы мен мектептің бірлескен жұмысы үлкен ықпал етеді. Сондықтан сынып жетекшісі ата-аналармен сенімді қарым-қатынас орнатып, ынтымақтастық негізінде жұмыс жасауы қажет.

***Ата-аналармен ынтымақтастық орнатудың маңызы***

Баланың оқу үлгерімі мен тәрбиелік деңгейін жақсартуға көмектеседі

Отбасы мен мектептің арасындағы сенімді байланысты нығайтады

Ата-аналарды мектеп өміріне белсенді тартуға ықпал етеді

Балаға ата-анасының қолдауы мен мектептің көмегі қатар берілгенде, оның ынтасы артады

**Ата-аналармен қарым-қатынас қағидалары**

**1. Сенім мен ашықтық қағидасы**

Ата-аналарға мектеп – серіктес, мұғалім – көмекші тұлға екенін түсіндіру.

Ата-аналар мектепке келгенде өздерін жайлы сезінетіндей орта қалыптастыру

Олардың сұрақтарына ашық, сыпайы, нақты жауап беру

***2. Өзіңізді дұрыс ұстау және сөйлеу әдебі***

Ата-аналармен сабырлы, әдепті және сыпайы түрде сөйлесу

Өткір пікір айтудан аулақ болу, олардың көзқарасын сыйлау

Кері байланыс беру кезінде баланың тек кемшіліктерін емес, алдымен жетістіктерін атап өту

***3. Білім алушының мүддесін басты назарға алу***

Ата-аналармен жұмыс істегенде басты мақсат – баланың дамуы екенін ұмытпау

Баланың тәртібі, оқу үлгерімі туралы айтқанда, сынға емес, шешім табуға басымдық беру

Ата-анамен бірге қолдау көрсету әдістерін қарастыру

***4. Теңдік қағидасы***

Ата-аналарды мәртебесіне, әлеуметтік жағдайына қарай бөлмеу

Әр ата-ананы тең дәрежеде қабылдау

Мектеп ережелерін барлық ата-анаға бірдей қолдану

***5. Ынтымақтастық қағидасы***

Тек мәселе туындағанда емес, үнемі байланыста болу

Ата-аналардың мектеп өміріне қатысуына мүмкіндік беру

Олардың пікірін сұрап, ортақ шешім қабылдау

**Ата-аналармен жұмыс түрлері**

***<u>Ата-аналар жиналыстары</u>***

Белгілі бір тақырыптар бойынша қысқа әрі мазмұнды жиналыстар өткізу. Тек есеп беру емес, пікір алмасу, тәжірибе бөлісу, талқылау форматында өткізу

***<u>Жеке кеңестер мен әңгімелесулер</u>***

Білім алушының жетістіктері, қиындықтары бойынша ата-анамен жеке кездесу ұйымдастыру

Туындаған мәселелерді шешудің жолдарын бірге қарастыру

Ата-аналарға қысым жасамай, олардың пікірін тыңдау

Маңызды ақпараттарды жедел бөлісу

Тек ресми ақпараттарды тарату, қажетсіз хабарламалар жібермеу

***<u>Ата-аналарды мектеп іс-шараларына тарту</u>***

Білім алушыларға қатысты мерекелік, тәрбиелік іс-шараларға ата-аналарды шақыру

Бірлескен жобалар жасау (эко-акциялар, қайырымдылық, спорттық шаралар).

***<u>Ата-аналарға арналған тренингтер мен семинарлар</u>***

«Баламен қалай тиімді қарым-қатынас жасауға болады?»

«Баланың ынта-жігерін қалай арттыруға болады?»

«Баланың оқу үлгерімі төмендегенде не істеу керек?»

«Қазіргі заман балалары: түсіну және қолдау»

**Ата-аналармен сөйлесу әдебі**

***<u>Нені айту керек?</u>***

«Сіздің балаңыз өте қабілетті, бірақ оған көбірек қолдау қажет»

«Балаңыз сабақта белсенді, бірақ кейде көңіл бөлу қиындық тудырады, бұл мәселені бірге шешуге тырысайық»

«Сіздің балаңыз шығармашылыққа жақын. Оған көмектесетін үйірмелер бар, бірге қарастырайық»

**<u>Нені айтуға болмайды?</u>**

«Сіздің балаңыз өте тәртіпсіз, оған ештеңе көмектеспейді»

«Ол сабағын жақсы оқымайды, бұл сіздің кінәңіз»

Бұл жағдайда ата-ананың эмоциясына емес, мәселені шешуге назар аудару маңызды

Сабыр сақтау, дауыс көтермеу

«Мен сізді түсінемін» немесе «Біз бұл мәселені бірге шеше аламыз» деген сөздерді қолдану

***Ата-аналармен жұмыс істеудің тиімді әдістері***

1. «Ашық есік» қағидасы

Ата-аналар кез келген уақытта мұғаліммен еркін байланыса алатындай жағдай жасау.

2. Жағымды кері байланыс беру

«Балаңыздың мына жетістігі өте жақсы!» деп бастау

Балаға қолдау көрсету арқылы ынталандыру

3. Ата-аналарға тек қиындықтар туралы емес, жағымды жаңалықтар туралы айту

Ата-аналар баласы туралы тек шағым естісе, қарым-қатынас нашарлайды. Сондықтан жағымды ақпарат айту маңызды

4. Ата-аналарға нақты ұсыныстар беру

«Балаңызға көмектесіңіз» дегеннен гөрі, «Күніне 10 минут осы жаттығуды бірге орындаңыз» деп нақты кеңес беру тиімді.

5. Қарым-қатынасты жүйелі жүргізу

Тек жиналыстарда ғана емес, жыл бойы байланыста болу.

Ата-ананың мектеппен байланысын жақсартуға позитивті атмосфера қалыптастыру.

**Ата-аналармен ынтымақтастық – баланың табысты білім алуы мен дамуына негіз болады**

## 9) ҚАУІПСІЗ ЖАЙЛЫ ОРТА ҚҰРУ

Сынып жетекшісі білім алушылардың физикалық, психологиялық және цифрлық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Бүгінде буллинг, кибербуллинг, әлеуметтік желілердің теріс әсері, достар арасындағы қақтығыстар – білім алушылардың психологиялық және эмоционалдық жағдайына кері әсер ететін басты факторлар

Сондықтан сынып жетекшісі білім алушылар үшін қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған нақты іс-шаралар жүргізуі маңызды

**1. Қауіпсіз ортаны қалыптастырудағы сынып жетекшісінің әрекеттері**

Білім алушылардың эмоционалдық және психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Сыныпта өзара сыйластық пен сенім орнату

Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу бойынша шаралар ұйымдастыру

Әлеуметтік желіде және цифрлық кеңістікте қауіпсіздікті үйрету

Ата-аналармен және мектеп психологымен тығыз байланыста болу

Білім алушылардың қарым-қатынастарын бақылау және қиындықтарды дер кезінде шешу

**2. Кибербуллинг және цифрлық әлемдегі қауіпсіздік**

Кибербуллинг – әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде, онлайн ойындарда немесе басқа интернет платформаларда адамды қорлау, мазақ ету, қорқыту немесе беделін түсіру

**Сынып жетекшісінің әрекеті:**

Кибербуллингтің не екенін білім алушыларға түсіндіру

Цифрлық мәдениетті қалыптастыру (әдептілік, жауапкершілік, ақпаратты тарату этикасы)

Білім алушылардың интернетте өздерін қалай қорғау керектігін үйрету

Жеке ақпараттарды әлеуметтік желіде бөліспеу туралы ескерту

Кибершабуылға ұшыраған жағдайда психологпен, ата-анамен бірлесіп мәселені шешу

Қауіпсіздік ережелерін ата-аналарға да жеткізу

**Сынып жетекшісінің білім алушыларға кеңес беруі:**

Жеке ақпаратты бөтен адамдармен бөліспеу

Бейтаныс адамдардан келген сілтемелерді ашпау

Интернетте өзің туралы ақпаратты ойланбай жарияламау

Кибербуллингке тап болсаң, ата-анаңа немесе мұғалімге айту

Қорлайтын контенттерге реакция бермеу және блоктау

**3. Әлеуметтік желіде қауіпсіздікті сақтау**

**Сынып жетекшісінің әрекеті:**

Білім алушыларға әлеуметтік желілердегі қауіптер туралы түсіндіру

Білім алушыларды интернеттегі дұрыс ақпаратты таңдауға үйрету

Фейк жаңалықтарды ажырата білуін үйрету

Интернетке тәуелділіктің алдын алу бойынша жұмыстар жүргізу

**Сынып жетекшісінің білім алушыларға кеңес беруі:**

Әлеуметтік желіде бөтен адамдармен сөйлеспеу

Өзің туралы деректерді белгісіз сайттарда қалдырмау

Күдікті хабарламаларға жауап бермеу

Біреуді ренжітуге, қорлауға жол бермеу

Күдікті жағдайда ата-анаға немесе мұғалімге хабарлау

**4. Буллинг және оны болдырмау**

Буллинг – адамды қасақана қорлау, мазақ ету, физикалық немесе психологиялық қысым көрсету

**Сынып жетекшісінің әрекеті:**

Сыныпта достық қарым-қатынас орнату

Әр білім алушыны тең дәрежеде қарау

Буллингке тап болған білім алушыны қолдау және қорғау

Ата-аналармен және психологпен бірлесіп жұмыс жүргізу

Буллингке қатысты арнайы тренингтер ұйымдастыру

Қақтығыстарды бейбіт шешу жолдарын үйрету

**Сынып жетекшісінің білім алушыларға кеңес беруі:**

Ешкімді мазақтап, қорламау

Өзіңді қорғау үшін сенімді адамдардан көмек сұрау

Буллингке қарсы тұру үшін достықты нығайту

Құрдастарға көмектесуге дайын болу

Егер біреуге қысым көрсетіліп жатса, үнсіз қалмау

**5. Достары арасында және сыныпта қауіпсіз орта құру**

**Сынып жетекшісінің әрекеті:**

Сыныпта достық атмосфера қалыптастыру

Топтық жұмыстар арқылы білім алушылар арасындағы қарым-қатынасты жақсарту

Қақтығыстарды шешу мәдениетін үйрету

«Сенім бұрышы» немесе «Сенім жәшігін» ұйымдастыру

«Менің эмоциям» атты сабақтар өткізу (білім алушылар өз сезімдерін ашық жеткізуі үшін)

**Сынып жетекшісінің білім алушыларға кеңес беру:**

Достарыңды сыйлау, қолдау көрсету

Қиындыққа тап болған адамға көмектесу

Біреуді мазақ етпеу, қысым жасамау

Өз эмоцияңды бақылау және құрдастармен жақсы қарым-қатынас орнату

**6. Ата-аналарға кеңес (Сынып жетекшісі ата-аналарға не айтуы**

**керек?)**

**Ата-аналарға кеңес беру:**

Баланың интернетте қанша уақыт өткізетінін бақылау

Оның әлеуметтік желідегі әрекеттерін үнемі тексеріп отыру

Балаңыздың кімдермен араласатынын білу

Қандай сайттарға кіріп жүргенін бақылау

Балаңыздың көңіл-күйіндегі өзгерістерді ескеру

Егер балаңыз буллингке ұшыраса, бірден мектепке хабарлау

**Ата-аналармен байланыс:**

Буллинг пен кибербуллингке қарсы бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру

Қауіпсіздік ережелерін ата-аналарға түсіндіру

Бала тәрбиесіне қатысты тренингтер өткізу

## 10) БІЛІМ АЛУШЫ БУЛЛИНГКЕ ҰШЫРАҒАН ЖАҒДАЙДА СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІНІҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ АЛГОРИТМІ

***1-қадам: Оқиғаны анықтау***

Білім алушының немесе куәгерлердің шағымын мұқият тыңдау

Буллингтің қай жерде, қанша рет, кім тарапынан болғанын нақтылау

Эмоцияға берілмей, білім алушыны қолдау

***2-қадам: Қауіпсіз орта қалыптастыру***

Жәбірленушіні буллинг жасаушылардан оқшаулау

Білім алушыны  мектеп психологына бағыттау

Буллингке қатысы бар басқа білім алушыларды жеке сөйлесуге шақыру

***3-қадам: Әкімшілікке хабарлау***

Оқиға туралы мектеп әкімшілігіне (директор, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары) баяндау

Барлық фактілерді құжаттау (уақыты, орны, қатысушылар).

Ата-аналарға хабарлау

***4-қадам: Шара қолдану***

Мектеп психологы, әлеуметтік педагог және әкімшілікпен бірлесе отырып, буллингке қатысты шешім қабылдау

Білім алушыларға буллингтің салдары туралы түсіндіру жұмыстары жүргізу

Қайталанбау үшін сыныпта достық атмосферасын қалыптастыру

***5-қадам: Қайталанбау үшін алдын алу шараларын жүргізу***

Буллингтің алдын алу мақсатында сынып сағаттары өткізу

Білім алушылармен психологиялық тренингтер ұйымдастыру

«Сенім жәшігі» немесе анонимді шағым қабылдау жүйесін орнату

Сынып жетекшісі білім алушылардың тек білім алуын ғана емес, олардың қауіпсіз ортада өмір сүруін де қамтамасыз етеді.

Мазмұны

| | | |
|---|---|---|
| | Кіріспе.......................................................................................................... | 3 |
| 1 | Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің жұмысын ұйымдастырудағы халықаралық және отандық тәжірибе | 4 |
| 2 | Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің жұмысындағы әдістемелік негіздер мен ұйымдастырушылық аспектілер | 11 |
| 3 | «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру аясында сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар | 21 |
| | Қорытынды.......................................................................................... | 202 |
| | Пайдаланған әдебиеттер тізімі............................................. | 203 |
| | Қосымша........................................................................................... | 205 |

Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар

Басуға 06. 03.2025. ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 10.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
«Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы»
010000, Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Алтын Орда»
БО, 16-қабат